

Ш. Ә. Рамазанова

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

*Оқу құралы*

Екінші басылым

УДК 811.512.122 (075)

ББК 81.2 Қаз – 923

Р 19

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
филология факультетінің Ғылыми кеңесі және  
Редакциялық-баспа кеңесі ұсынған  
(№3 хаттама 7 желтоқсан 2017 жыл)*

**Пікір жазғандар:**

филология ғылымдарының докторы, профессор *Л.С. Дүйсембекова*

филология ғылымдарының докторы, профессор *А.О. Тымболова*

филология ғылымдарының кандидаты, доцент *Н.Ж. Егізбаева*

**Рамазанова Ш.Ә.**

Р 19 Қазақ тілі: оқу құралы. – 2-бас. / Ш.Ә. Рамазанова.

– Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 222 б.

**ISBN 978-601-04-3131-7**

Бұл оқу құралы тілді үйретудің халықаралық стандарттарына сай белгіленген В2, С1 деңгейі бойынша жоғары оқу орнының орыс бөлімі студенттеріне қазақ тілін меңгертуге бағытталған.

Негізгі мақсат – орыс тілді аудиторияда отырған ұлты қазақ немесе қазақ тілін екінші тіл дәрежесінде меңгерген студенттерге пәнді тереңдетіп, кәсіптік деңгейде оқыту. Сонымен қатар тіл үйренушілердің сөйлеу біліктілігін арттырып, лексикалық қорын молайту және грамматикалық білік-дағдыларын қалыптастыру.

**УДК 811.512.122 (075)**

**ББК 81.2 Қаз – 923**

ISBN 978-601-04-3131-7

© Рамазанова Ш.Ә., 2017

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тілін деңгейлік жүйеде аз уақыт ішінде оқып-үйрету – бүгінгі күннің басты талабы. Оқытудың мәні мен мазмұны үйренушінің тіл үйренуге деген талпынысынан, мақсат-мұратынан, ниет-пиғылынан туындары сөзсіз. Тілді оқыту әдіс-тәсілі мен әдістемесі үнемі бір қалыпта қатып қалмайды, заман талабына сай өзгеріп, жаңартылып-жаңғырып, дамып отырады. Бұл мәселеге қатысты Білім және ғылым министрлігінің Тіл комитеті тарапынан қазақ тілін оқытудың стандарты, тұжырымдамасы, әдістемесі және бағдарламасы қайта қаралып, бекітілді. Осы атқарылған жұмыстардың негізінде тілді оқытып-үйретудің халықаралық стандарты бойынша белгіленген алты деңгейлік оқыту жүйесі қалыптасты (A1, A2, B1, B2, C1, C2).

Жоғары оқу орнының орыс бөлімі студенттеріне ұсынылып отырған бұл оқу құралы Республикалық оқу-әдістемелік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кеңесінің 2016 жылғы 30 маусымдағы мәжіліс хаттамасының шешімімен бекітіліп, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім және халықаралық ынтымақтастық департаментінің (2016 жылғы 7 шілдедегі №14-4/1134) типтік оқу бағдарламасы негізінде жасалды.

Оқу құралы жоғары оқу орнының орыс бөліміндегі қазақ тілін тереңдетіп оқитын студенттерге арналған. Негізгі мақсат – орыс тілді аудиторияда отырған ұлты қазақ немесе қазақ тілін екінші тіл дәрежесінде меңгерген студенттерге пәнді тереңдетіп, кәсіптік деңгейде оқыту. Сонымен қатар тіл үйренушілердің сөйлеу біліктілігін арттырып, лексикалық қорын молайту және грамматикалық білік-дағдыларын қалыптастыру.

Бұл оқу құралы деңгейлік оқытудың B2, C1 деңгейіне арналып жасалған. Бұл деңгейде тіл үйренушілер өз мамандығына қатысты тілдік бірліктерді орынды қолдана алатындай дәрежеде болады. Оқу құралы 30 сабақтан тұрады және оның құрылысы төмендегідей: мәтіндер, мәтінге дейінгі тапсырмалар (жаңа сөздермен жұмыс, ойталқы), мәтіннен кейінгі тапсырмалар (сұрақтарға жауап беру, мәтінді пысықтау) мен тілдік жаттығулар жүйесі тілді үйретудің төрт аспектісі арқылы (жазылым, оқылым, тыңдалым, айтылым) жүйелі түрде беріліп отырды. Мәтін-

дердің құрылысы мен стилі оқып-түсінуге еш қиындық тудырмайды, үлкен тақырыптар өз ішінде бөлек-бөлек тақырыпшаларға бөлінген. Сондай-ақ оқу құралындағы мақал-мәтелдермен жұмыс, жұмбақтар шешу, өлең оқыту, тақырыптық-танымдық түрғыдағы тапсырмалар тыңғылықты таңдалып алынған.


Әр сабақтың соңында бағалау кестесі берілген, ол арқылы студент сол сабақтағы өзінің білетін немесе өзіне керекті жаңа ақпараттарды қалай қабылдағанын қорытындылап, есеп беріп отырады. Өз бетінше жұмыс істеуге арналған аталмыш тапсырмалар жүйесі студенттердің іздену қабілетін арттыруға бағытталған. Міне, осы түрғыдан алғанда аталмыш оқу құралының берері де, үйретері де көп.

*Автор*

## 1-САБАҚ

### МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТ НЕГІЗІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ, ОРФОЭПИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**1-тапсырма.** Берілген тақырып бойынша кластерді толықтырыңыз, әр бөлікке түсіндірме беріңіз.



**2-тапсырма.** Оқыңыз. Талдаңыз.

Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау.

*А. Байтұрсынұлы*

Кімде-кім ана тілін, әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды.

*М. Әуезов*

Тіл – тек адамға ғана тән, аса күдіретті құрал. Сондықтан тілді қадірлеудің, әрбір сөздің мағынасын, мәнін ұғып, оны орынды пайдалана білудің мәні зор.

*М. Шоқай*

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

*Ғ. Мүсірепов*

### **3-тапсырма. Сұхбат құрыңыз.**

Ахмет Байтұрсынұлы тілдің сақталу себебін қалай түсіндірді? Мұхтар Әуезов өз тілін бағаламағандарға қандай баға берді? Мұстафа Шоқай тілді қадірлеп, оны орынды пайдалануды қалай түсіндірді? Ғабит Мүсіреповтің ойынша ана тілін ұмыту дегеніміз не? Ана тілін ұмытқан адам нені ұмытады?

### **4-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Талдаңыз.**



Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Ол қазақ елінде тұратын қазақтардан басқа, Қытай, Монғолия, Иран, Ауғанстан, Түркия мемлекеттері мен ТМД-ның Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстанда тұратын қазақтардың да ана тілі. Қазақ тілі батыс түркі тілінің қыпшақ тобына жатады. Бұл топқа:

карақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қырғыз, қырым татары, карашай-балқар, құмық және тағы басқа тілдер кіреді. Қазақ тілі өзіндік әдеби, ғылыми және саяси жазу нормасы қалыптасқан бай тіл. Қазақ тілінің тарихы түрлі кезеңдерді бастан кешкен қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты. Оның қалыптасуы XI-XII ғасырлардағы Түрік қағанатының пайда болу кезеңінен басталып, XV ғасырдағы қазақ хандығы тұсында қалыптасып болған еді. Басқа түркі тілдерімен сөздік қоры жағынан салыстырғанда, қазақ тілі – ежелгі таза қалпын сақтап келе жатқан тілдердің бірі. Ғалымдардың пайымдауынша, қазақ тілінің ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті деген екі қайнар көзі бар. Ана тілімізде әдеби шығармалар, ғылыми-бұқаралық, тех-

никалық, құқықтық, педагогикалық, саяси, өнертанушылық әдебиеттер жарияланады. Тіліміз еліміздегі азаматтардың өзара қарым-қатынас тілі болумен ғана шектеліп қалмайды. Қазақ тілі – бай да құнарлы тілдердің қатарына жатады. Бабаларымыздың тарихы, шежіресі және әдеби мұралары бүгінгі ұрпаққа өзіміздің осы ана тіліміз арқылы жетіп отыр. Тіл тарихы халық тарихына ұқсас. Қоғамның өзгеруіне байланысты тіл де дамып, өзгеріп отырады.

1989 жылы 11 қыркүйекте қабылданған «Тіл туралы» Заңда «Тіл – халықтың ұлы жетістігі, әрі оның ажырамайтын және бөлінбейтін белгісі» делінген. Ал бірінші баптың бірінші тармақшасында «Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады» деп жазылған. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген тұжырымдаманы үнемі айтып келеді. Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан кез келген мемлекет өзінің аумақтық салт-дәстүрін, ана тілін ерекше қорғайды. Ана тілін дамыту, қорғау дегеніміз – өз ана тілінде таза сөйлеу және оны жақсы біліп, туған анасындай сүю. Ана тілінің күші мен күдіретін туған халқымыз бағалап, сөз өнерін бар өнердің басы деп санаған. Мысалы, «Өнер алды – қызыл тіл», «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» деген сөздер халқымыздың орынды сөзге қандай мән бергенін көрсетеді.

*(«Қазақ тілі» энциклопедиясы)*

**5-тапсырма.** Сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап беріп, топ болып талқылаңыз.

1. Қазақ тілі қандай тілдер тобына жатады?
2. Бұл тілдердің туыстығын неден байқауға болады?
3. Қазақ тілінің өзге түркі тілдерінен басты айырмашылықтары қандай?
4. «Тіл туралы» Заңда Мемлекеттік тілдің орнын қалай белгілеп көрсеткен?

5. Елбасының қазақ тіліне жасаған қандай тұжырымдама-сын білесіз?

**6-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының ... . 2. Қазақ тілі – батыс түркі тілінің ... . 3. Қазақ тілі – өзіндік әдеби, ғылыми және саяси жазу нормасы ... . 4. Қазақ тілінің тарихы әртүрлі кезеңдерді бастан кешкен ... . 5. Басқа түркі тілдерімен салыстырғанда, сөздік қоры жағынан ... . 6. Бабаларымыздың тарихы, шежіресі және әдеби мұралары ... . 7. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» ... . 8. Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – ... .

**7-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінен бір-неше сөйлем құраңыз.**

Туыстық тегі, ұлттық негіз, туыстық қатынас, түркі тілдер, тарихи кезеңдер, түрік қағанаты, қазақ хандығы, ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті, қайнар көзі, пайда болуы, мұрағаттық, ұлттық тіл, әдеби мұралар, ұлттық мәдениеті, халық тәуелсіздігі, ұлттық қадір-қасиет, мәдениеті, ана тілінің құдіреті.

### **ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ, ОРФОЭПИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Орфоэпия дегеніміз – сөздердің жалпыға бірдей қалыпта айтылу нормасы.** Сөздерді әдеби тілдегі жалпыға ортақ нормада айтып, сөйлеу – кісінің тіл мәдениетінің жоғары екендігінің белгісі. Сөздер мен сөз тіркесінің айтылуы мен жазылуы әрдайым бірдей бола бермейді. Мысалы, *барған, балалар, алтын сағат* сияқты сөздер мен сөз тіркестері бірдей айтылады және жазылады. Ал *ішсе, сенбе, ақ ешкі, сақ бол, құлын, өрік, көз салды* сияқты сөздер мен тіркестер осылай жазылса да, *іш-ше, сем-бе, ағ ешкі, сақ пол, құлун, өрүк, көс салды* болып айтылады.

**Орфография дегеніміз – белгілі бір тілдегі сөздердің дұрыс жазылуы туралы ережелердің жиынтығы.** Орфография тілдегі сөздердің, олардың грамматикалық формаларының біркелкі жазылу нормасын белгілейді. Кейде дұрыс жазу ережелерін **емле** деп те атайды.

*Тілде жазу үш принципке сүйенеді.*

**1. Морфологиялық принцип.** Бұл принцип бойынша, сөздер айтылуынша емес, бастапқы түбір тұлғасы сақталып жазылады. Мысалы, *бас-шы* (айтылуындай башшы емес), *түн-гі* (түңгі емес), *Жан-пейіс* (Жәмпейіс емес) болып сөздің түбірі де, қосымша да өз тұлғаларын сақтап жазылады.



**2. Дәстүрлі (тарихи) принцип** бойынша сөздер әуелгі тұлғасында емес, тілдің қалыптасқан тұлғасы бойынша жазылады. Мысалы, хал, хат, хабар, т.б. сөздер қал, кат, қабар болып жазылмайды, дәстүр бойынша қалыптасқан тұлғасында жазылады.

**3. Фонетикалық принцип** бойынша сөздер дыбыстық заңдарға сүйеніп, айтылуы және естілуі бойынша жазылады. Мысалы, *жаздыгүні, сексен, бүгін, жауып қойды, белбеу* сияқты сөздер осылай айтылуынша, естілуінше жазылады, ал бұл сөздердің тарихи тұлғалары – *жаздың күні, сегіз он, бұл күн, жап+ып қойды, белбау*.

Қазақ тіліндегі сөздер бір ғана принцип бойынша жазылмайды. Сөздердің көпшілігі морфологиялық принцип бойынша жазылса да, фонетикалық және дәстүрлі принциптер бойынша да жазылатын сөздер аз емес. Оны қазақ тілінің ресми бекітілген «Орфографиялық (емле) ережелері» мен орфографиялық сөздіктері белгілеп отырады. Орфографиялық ережелерді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бекітеді.

**8-тапсырма. Сөздердің мағынасын түсініп, жазылуы мен айтылуындағы ерекшеліктерге назар аударыңыз.**

Өзіндік [өзүндүк], тұсында [түсүнда], күқықтық [күкүктүк], өзгеру [өзгөрүү], өзекті [өзөктү], тармақ [тармақ], құнарлы [құнарлы], пайымды [пайымды], түркі [түркү], бұқара [бұқара], аумақтық [аумақтық].

*Қазақ тілінде сөздің бірінші буынында еріндік о, ө, ұ, ү дыбыстары айтылса, келесі буындардағы ы, і, е дыбыстарына әсер етіп, бірыңғай еріндік дыбыстармен айтылады: о → ы; ө → і, е; ұ → ы; ү → і.*

**9-тапсырма. Берілген сөздердің орфоэпиялық нормасын сақтап жазыңыз.**

Ұлттық, ұлы, түркі, түрік қағанаты, қазақ хандығы, қайнар көзі, тұжырымдама, үнемі, өзінің, өмір, сөздік, күші, күдіретін, сөз өнерін, түйіні.

**10-тапсырма. Мына төмендегі сөздерден «тіл» сөзімен тіркесетін сөздерді тауып, көшіріп жазыңыз.**

Атақ, даму, қазақ, дүние, ана, мал, ресми, өнер, мемлекеттік, ақылды, саяси, әдеби, публицистикалық, ащы, тәтті, ұлтаралық, халықаралық, дербес, ұлы, ғылым, ұлт, күдіретті, мәдениетті, тәуелсіз.

**11-тапсырма.** Төменде берілген ойға пікір білдіріңіз (қолдау, қарсылық білдіру, дәлелдеу).

Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса сөз болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше. Міне, осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлану әрқайсымыз үшін парыз. Жыл өткен сайын ана тіліміздің мәртебесі өсіп, абыройы арта түсуде. Тіл – халықтың жаны. Тілі құрыса, халық та жер бетінен жоғалады.

**12-тапсырма.** Төмендегі сұрақтар төңірегінде пікір алмасыңыз.

1. Жер бетінде неше тіл бар?
2. Тілді сақтау үшін не керек?
3. Өлі тілдер дегенге қандай тілдер жатады?
4. Жер бетіндегі тілін жоғалтқан ұлттар туралы не білесіз?
5. Ана тіліміздің өткені мен болашағы жайлы не айта аласыз?
6. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы үшін не қажет деп ойлайсыз?
7. Жастар арасында қазақ тілінің қолданылу аясы қандай?
8. Ол үшін не істеуіміз керек? Қандай жоба ұсынар едіңіз?
9. Қазақ тілін нағыз мемлекет тіліне айналдыру жолдары бар ма?

**13-тапсырма.** Төменде берілген ойды дамытып баяндаңыз.

- 1) Тәуелсіздіктің басты белгісі ...
- 2) Қазақ тілінің байлығы ...
- 3) Қазақ тілінің тарихы ...
- 4) Қазақ тілінің болашағы ...
- 5) Қазақ тілінің қайнар көзі ...
- 6) Рухани өмір азығы ...
- 7) Ана тілін сақтап қалу ...

**14-тапсырма.** Берілген мақал-мәтелдерді толықтырыңыз. Мағынасын түсіндіріңіз.

1. Өнер алды – ... .

2. Тіл буынсыз, ... .
3. Қаһарлы сөз ... .
4. Дәлелсіз сөз ... .
5. Сөз тапқанға ... .
6. Тіл тас жарады, ... .
7. Піл көтермегенді, ... .
8. Бас кеспек болса да, ... .
9. Ине көзінен сынады, ... .
10. Шебердің қолы ортақ, ... .
11. Жеті жұрттың тілін біл, ... .
12. Айтылған сөз, атылған ... .

**15-тапсырма.** «Қазақ тілі: бүгін мен ертең» тақырыбына эссе жазыңыз.

**16-тапсырма.** Төмендегі өлеңді мәнерлеп оқып, жазылуы мен айтылуындағы ерекшеліктерге назар аударыңыз.

### **Үш бақытым**

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,  
Соған берем ойымның алтын кенін.  
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,  
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.  
Ал екінші бақытым – Тілім менің,  
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.  
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,  
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші – Отан деген,  
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!  
... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?  
Ойланбай-ақ кел дағы от ал менен.

Түтін түтет,  
Өс, өрбі, көгере бер,  
Немерелер көбейсін, шөберелер.

Жадында ұста:  
 Жақсылық күтпегейсің!  
 От емес, оқ сұрасаң менен егер!

Үш бірдей бақытым бар алақанда,  
 (Мені мұндай бақытты жаратар ма?!)  
 Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,  
 Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!

*(М. Мақатаев)*


**17-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.**

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жана ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»
Мұнда студенттер сабақта өтілген бұрыннан білетін мәліметтерді келтіреді.	Бұл бағанға студенттер осы сабақта жаңадан білгенін жазады.	Бұл бағанға студенттер өздерін таңғалдырған немесе өздеріне ерекше әсер еткен ақпарат болса жазады.	Бұл бағанда студенттер өздері келіспейтін немесе түсініксіз болған, тағы да білгісі келетін сабақтың тұстарын жазады.

## 2-САБАҚ

### ҚОҒАМ ТАЛАБЫ – БІЛІКТІ МАМАН СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛДЕРІ

**1-тапсырма.** Мына төмендегі кластерді толтырып, өз ойыңызды дамытып айтыңыз.



**2-тапсырма.** Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.

Мамандық, болашақ, қадам, асқақ арман, мақсат, тартымды, ерекше, шешім, сынақ, қателік, адасу, қуаныш, қызығушылық, қабілет, қажеттілік, өмірлік жоспар, жастық шақ, сабыр, ауыз-бірлік.

**3-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз. Талдаңыз.

Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Себебі адам тағдырының бір бөлігі таңдаған маманды-



ғымен байланысты. Адам асқақ арманға, биік мақсатқа ұмтылады. Осы кез ұлы Абай атамыздың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген сөзін қалайша естен шығарамыз?

Әр мамандық өзінше ерекше, қажетті болып саналады. Бірақ сол мамандықтардың ішінен жастардың өзіне сай мамандықты дұрыс таңдауына ықпал ететін – ең бірінші отбасы, яғни ата-анасы. Мамандық таңдау – белгілі бір дайындықты қажет ететін жасөспірімдік кезеңде қабылданатын жауапты шешімдердің бірі. *Мамандық таңдаудың екі әдіс-тәсілі бар. Бірінші әдіс* – сынақ және қателік, адам нағыз қажетті мамандықты таппайынша адаса жүріп, әртүрлі салаларда жұмыс істеуіне болады. Бұл оған жақсы өмір сыйлаумен қатар, еңбектің қуанышын да сыйлайды. Бірақ бұған адам өмірінің жартысы кетуі мүмкін. *Екінші әдіс* – қандай мамандық таңдаса да, әрбір адамның өзінің қажеттілігін, қызығушылығын, қабілетін, ойын, қабылдауын, жүйке жүйесінің қалыбын білу. Сондықтан мамандық таңдауда қателеспеген дұрыс. Мысалы, дүниежүзінде екі мыңнан астам мамандық бар екен. Бірақ заман талабына сай, сол мамандықтардың бірі жойылып, бірі жаңадан пайда болып жатады. Мамандық қажеттілігі заман талабына сәйкес өзгеріп отырады. Елімізге қандай мамандық қажет? Осыған бір көңіл бөлген дұрыс.

Қазіргі жастарға ең керек нәрсе – жастық шақты барынша өзіне ыңғайлы, қолайлы болған бір өнердің үстінде еңбектену арқылы өткізу. Мысалы, ол айтыс болсын, спорт болсын, инженерлік мамандық немесе есепшілік болсын – қазақ мұны бір ауыз сөзбен «өнер» деген. Өмірлік жоспарың қандай болмасын, шет тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істеуді игерген аса пайдалы. Заманның ағымына қарай кейбір мамандықтар тез ескіріп, оның орнын жаңа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез келген жағдайда қосалқы меңгерген мамандық болу керек.

Ал жастық шағын өкінбестей өткізген жан қартайған сайын тұлғалана береді екен. Қазақта «отызында орда бұзған жігіт, қырықта қамал алады». Елуде ел ағасына айналады. Алпыста ақсақалдық абыройға ие болып, берісі – әулетінің, арысы – алаштың абызына айналады. Жас кезінде жүйелі білім алып, ел қамындағы азаматтармен үзеңгілес болған, көпті көрген адам ғана жасы ұлғайғанда да аяулы адам болады. Жемісті болу үшін – сабыр, жету үшін – уақыт, жеңіс үшін – ауызбірлік керек... Біз ата-әжелеріміздің аузынан «Бала болып жарытпадық, балалық шағымызды соғыс ұрлап кетті» дегенді жиі естіп өстік. Ал менің замандастарымда алаңсыз балалық шақ болды. Тұрмыс төмендігі, отбасы қиындықтары кездескен шығар. Бірақ тыныш заманда бала болып асыр салуымызға ешкім кедергі жасаған жоқ. Мұны бағалай білгеніміз жөн. Сондықтан бейбіт аспан астында ғұмыр кешіп жатқан бүгінгі жастар, мектеп түлектері білімге ұмтылса, өнерге, спортқа, пайдалы нәрсеге талпынса, ата дінге сіңген тәрбиені терең меңгергені жөн.

*(М. Тазабеков)*

**4-тапсырма. Сұрақтарды топ болып талқылаңыз.**

1. Сен болашақ мамандығыңды қалай таңдадың?
2. Таңдаған мамандығың туралы не білесің?
3. Мамандығыңның өзіндік ерекшелігі бар ма?
4. Бұл мамандық заман талабына сай ма?
5. Бұл мамандықтың еңбек нарығындағы қажеттілігі қанша?

**5-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. Мамандық таңдау – адам өміріндегі ... . 2. Мамандықтардың ішінен жастардың өзіне сай мамандықты дұрыс таңдауына ... . 3. Мамандық таңдау – белгілі бір дайындықты қажет ететін ... . 4. Жастарға ең керек нәрсе – ... . 5. Өмірлік жоспарың қандай болмасын, ... . 6. Жас кезінде жүйелі білім алып, ел қамындағы азаматтармен үзеңгілес болған, ... . 7. Жемісті болу үшін – сабыр, жету үшін – уақыт, жеңіс үшін – ... . 8. Бейбіт аспан астында ғұмыр кешіп жатқан бүгінгі жастар, ... .

## СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛДЕРІ

Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен грамматикалық байланыста қолданылады, сөйтіп барып белгілі бір ойды білдіре алады. Кез келген қатар тұрған сөздер бір-бірімен байланыса бермейді. Бір-бірімен грамматикалық байланысқа түспеген сөздер бір-бірімен тіркеспейді де, сөз тіркесін де құрай алмайды. Сөздердің сөйлемде байланысуының белгілі бір заңдылығы бар, сөздер бір-бірімен белгілі бір тәсілдер арқылы байланысады.

Қазақ тілінде сөйлемдегі сөздер төрт түрлі тәсіл арқылы байланысады:

- 1) жалғау арқылы;
- 2) шылау арқылы;
- 3) сөздердің орын тәртібі арқылы;
- 4) интонация арқылы.

✓ Сөздер септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары арқылы бір-бірімен байланысқа түседі. Осы жалғаулардың қатысуымен сөздің өзара байланысынан белгілі бір синтаксистік қатынас түзіліп, грамматикалық мағына беріледі. Мысалы, *Мен өз тілімді құрметтеймін.*

✓ Сөздер сөйлемде шылаулар арқылы да байланысады.

Мысалы, *Қазақ халқы мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін күреседі.*

Сөздерді байланыстыратын шылаулар:

сайын, үшін, жөнінде, туралы, дейін,  
шейін, тарта, таман, соң, кейін, бірге, қатар

✓ Сөздер орын тәртібі арқылы да байланысады. Ұлттық тіл, әдеби шығарма, халық тарихы, ауыз әдебиеті, тіл тарихы, т.б.

**6-тапсырма. Кестені сөздердің байланысу тәсілдеріне қарай сәйкестендіріңіз.**

Жалғау	Асқардың мамандығы
Шылау	Рухани өмірімізге азық етеміз
Орын тәртібі	Өмірлік жоспарың туралы
Интонация арқылы	Бұл – үлкен сенім

**7-тапсырма. Төменде берілген сөздерді шылаулар арқылы байланыстырып, сөйлем құраңыз.**

Мамандық, болашақ, арман, мақсат, шешім, сынақ, қателік, адасу, қуаныш, қабілет, өмірлік жоспар, жастық шақ, сабыр, ауызбірлік, замандастарым, балалық шақ, отбасы, заман.



**8-тапсырма.** Мақал-мәтелдерді толықтырып, сөздердің байланысу тәсілдерін анықтаңыз. Мағынасын түсіндіріңіз.

1. Көз қорқақ, ... .
2. Өрге жүзген өнегелі ісімен, ... .
3. Байлық – ... .
4. Аз жұмыс қиынсынсаң – ... .
5. Азға қанағат қылмасаң – ... .
6. Еңбекпен табылған тамақ ... .

**9-тапсырма.** Төмендегі кестені досыңызбен кеңесе отырып толтырыңыз.

Мамандықты дұрыс таңдау дегеніміз не?	Өзінді болашақ мамандығына қалай дайындауға болады?	Білім деңгейінің мамандық таңдаудағы әсері қандай?	Нарық жағдайында мамандықты қалай таңдау керек?

**10-тапсырма.** Мына сұрақтар төңірегінде өзара сұхбат құрыңыз.

- 1) Ата-анаңның мамандығы ұнай ма?
- 2) Ата-анаң туралы әріптестері не айтады?
- 3) Сен ата-анаңның жұмыс орнында болдың ба?
- 4) Ата-анаң өз мамандықтары туралы не айтады?
- 5) Олардың мамандығы үшін қандай сипаттама қажет?
- 6) Ата-анаң мамандығын жалғастыруыңды қалай ма?
- 7) Ата-анаңның жұмыс орнына өзінді қоя алар ма едің?
- 8) Туыстарыңның арасында саған ұнайтын мамандық иесі бар ма?
- 9) Ата-анаңның мамандығының қандай қажеттілігі бар деп ойлайсың?
- 10) Олардың ісін жалғастыру үшін сенде қандай мінез-құлық қалыптасу керек?

**11-тапсырма.** «Бәсекеге қабілеттілік – білімнен» тақырыбына эссе жазыңыз.

**12-тапсырма. Мәтінді оқып, түсінгеніңізді баяндаңыз. Сөздердің байланысу тәсілдерін анықтаңыз.**

Баяғыда таудың қиясын мекендеген бір ерекше қасиетті қыран өмір сүріпті. Өзгелерге өнеге болған әлгі бүркіт бір жылы өмірінде бірінші рет үш балапан басып шығарыпты. Балапандардың қанаттары қатайып, ұясынан ұшып шығуына аз уақыт қалғанда бүркіт үш балапанын уысына қысып, теңіз төсіне алып шығыпты. Ұшып келе жатып, ол өзіндік өмірге қанат қаққалы тұрған балапандарынан соңғы рет сынақ алып, былай деп сұрапты:

– Қанаттыға қақтырмай, түмсықтыға шоқтырмай, мәпелеп бағып-қаққанымды жақсы білесіңдер. Ертең өскесін, осының өтеуі ретінде маған қандай жақсылық жасайсындар?

Біріншісі айтыпты:

– Анашым, сенің ақ сүтінді ақтау үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын. Мен сені өмір бойы қанатыма мінгізіп алып жүремін. Дүниенің төрт бұрышын түгел аралатам, таңғажайып тамашаларды көзіңмен көретін боласың. Бүркіт басын шайқап, уысындағы балапанын теңізге тастап жіберіпті. Бірінші балапан теңіз тұңғиығына батып кете барыпты. Сосын екіншісіне бұрылып:

– Ал сен не айтасың, – депті. Екіншісі айтыпты:

– Анашым, мен сені ел аралатып, босқа әуре қылмаймын. Ғаламның барлық кереметтері мен қызықтарын алдыңа әкеліп берем, ішкенің алдында, ішпегенің артында болады.

Бүркіт тағы да басын шайқап, уысын жазып жібергенде, екінші балапан да біріншінің соңынан кете барыпты. Бүркіт үшінші балапанына бұрылып, жарықшаққа толы дауыспен былай депті:

– Ал, сен мені қалай жарылқамақсың? Сонда үшінші балапан былай деп үн қатыпты:

– Анашым, өтірік қанша тәтті болса да, саған ащы ақиқатты ақтармасқа амалым жоқ. Маған жасаған жақсылықтарыңның шеті де, шегі жоқ екенін, оны өтеуге менің барлық ғұмырым жетпейтінін жақсы білемін. Дегенмен менің өмірім сені әлемді аралатуға да, сан түрлі ғаламаттарды алдыңа алып келуге де арналмайтынын айтқым келеді. Мен сенің маған жасаған жақсылықтарыңның барлығын өз балапандарыма жасау үшін өмір сүретін боламын.

Кәрі бүркіт сонда ғана көкірек кере, терең дем алып:

– Біздің әулет аманатын алға апарар, қыран деген атқа лайық бола алар ұрпақ туылғанына көзім енді жетті, – деген екен.

**13-тапсырма.** Аңыз туралы досыңызбен сұхбат құрыңыз. Осы аңызға ұқсас қандай әңгіме, ертегі білесіз?

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

**14-тапсырма.** Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

### 3-САБАҚ

## ҚАЗҰУ – ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ МЕН БІЛІМІНІҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТҮРЛЕРІ



#### ***1-тапсырма. Оқыңыз. Талдаңыз.***

«Адамзаттың әрбір ісі тек ақылмен және білімге негізделіп істелсе ғана алға басады. Ақыл оқу арқылы өседі және білім де оқу арқылы беріледі. Тек сауатты халық қана табысқа жетуі мүмкін».

*Н.Г. Чернышевский*

«Болашаққа жарамды адамды тәрбиелеу үшін, оларды тамаша жетілген азамат етіп тәрбиелеу қажет. Тек сонда ғана тәрбиеленуші өз ортасында өмір сүретін ұрпақтың лайықты мүшесі бола алады».

*Л.Н. Толстой*

#### ***2-тапсырма. Сұхбат құрыңыз.***

1. Екі ғұламаның айтар ойы не?
2. Ғұламалардың ойынша сауатты халық қандай болуы керек?
3. Білім, ғылым туралы білетін нақыл сөздеріңізді жазыңыз.

#### ***3-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.***

Білім ордасы, әлемдік деңгей, жетекші оқу орны, дербес, ғылыми орталық, өзін-өзі басқару, мәртебесі, қазақ зиялылары,

оқу ғимараты, бағыт, мерейтой, университет қалашығы, оқу жүйесі, ұлттық оқу орны.

#### ***4-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Талданыз.***

Әлемдік деңгейдегі білім ордаларының бірі саналатын қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихы бай. Қазақ мемлекеттік университеті 1934 жылдың 15 қаңтары күні ашылған болатын. Қазіргі таңда университет – Республикадағы жетекші оқу орны. 1991 жылы университетке шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың есімі берілді. 1993 жылы Президент Жарлығымен дербес, өзін-өзі басқаратын мемлекеттік жоғары оқу орны мәртебесін иеленіп, Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті болып аталды.

Қазір университеттің 15 факультетінде 20 мыңнан аса студент оқиды. Студенттер үшін 2 млн кітап қоры бар ірі кітапхана, асхана, спорт кешені, дүкен, кинотеатр жұмыс істейді. Бірнеше оқу ғимараты бар. Негізгі оқу ғимараттары орналасқан жер «университет қалашығы» деп аталады. Қалашықта Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы бар.

ҚазҰУ – еліміздің ең ірі ғылыми орталығы. Бүгінгі таңда университетте 2000-нан аса білікті оқытушы жұмыс істейді, олардың ішінде 1000-нан аса ғылым докторы мен кандидаты, 100-ден аса академик пен ғылым докторлары бар.

Университетте өткен жылдарда Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан секілді алыптар дәріс оқыған.

Қазір әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті нағыз элиталық жоғары оқу орнына айналды. Ол көптеген қазақстандық интеллектуалдық, саяси және экономикалық элитаны даярлап шығарды.

Елбасымыздың «ҚазҰУ – бұл Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің іргетасы» деуі тегін емес.

ҚазҰУ – Халықаралық университеттер ассоциациясына мүше. Университет Американың, Еуропаның, Азияның, Африканың 415 университетімен байланыс жасайды. Жыл сайын 70-тен аса студент шетелдің жоғары оқу орындарында білім алады.

Университетте оқу жүйесі үш сатылы: бакалавриат, магистратура, PhD. 2008 жылдың мамыр айындағы Ғылыми кеңесте 2009-2011 жылдарға арналған университеттің жаңа даму стратегиясы қабылданды. Ол үш бағыттан тұрады. Біріншісі – менеджменттің барлық деңгейін түбегейлі жетілдіру, екіншісі – мамандарды халықаралық талаптарға сай даярлау, үшіншісі – ғылыми-инновациялық инфрақұрылымды жетілдіру. Университет аталған стратегияны біртіндеп жүзеге асыра бастады.

*(Б.Т. Жұмағұлов)*

**5-тапсырма. Сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап беріп, топ болып талқылаңыз.**

1. Университет қай жылы ашылған?
2. Елбасының берген бағасы қандай?
3. Әл-Фараби есімі қай жылы берілді?
4. Университетте қанша факультет бар?
5. Университетте қанша студент оқиды?
6. Университетте қандай факультеттер бар?
8. Университеттегі оқыту жүйесі туралы не білесіз?
9. Университетте білім беру сапасы қандай деңгейде?
10. Студенттер жатақханамен толық қамтамасыз етіле ме?

**6-тапсырма. Мәтінге сүйене отырып, сөйлемді толықтырыңыз.**

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ... .
2. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – ... .
3. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ... .
4. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ... .
5. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ... .
6. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – ... .
7. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ... .

**7-тапсырма. Төменде берілген ойды дамытып баяндаңыз.**

1. Бүгінде ҚазҰУ тек республикалық жоғары оқу орны ғана емес, ... .
2. Әрбір студент өзін болашақ маман ретінде іштей қалыптастырып, ... .

3. Кредиттік технологияның мәні – академиялық бағдарламалардың икемділігі мен әрбір студент үшін ... .
4. 2008 жылы университетте бірінші рет бакалавриаттағы 2726 пән қамтылатын 60 мамандық үшін ... .

### СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТҮРЛЕРІ

**Қазақ тіліндегі сөздердің өзара байланысуының бес түрі бар:**

- 1) қиысу;
- 2) матасу;
- 3) меңгеру;
- 4) қабысу;
- 5) жанасу.

**Қиысу.** Бастауыш пен баяндауыштың жіктік жалғауы арқылы бір жақта және 1, 3-жақтарда жекеше, көпше түрде байланысуын **қиысу** дейміз. Мысалы, *мен студентпін, сен оқытушысың, ол университеттен шықты.*

**Матасу.** Ілік септік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздердің байланысу түрін **матасу** деп атайды. Мысалы, *білімнің ордасы, Шығыстың ұлы ойшылы, еліміздің ең ірі ғылыми орталығы.*

**Меңгеру.** Басыңқы сыңар мен бағыныңқы сыңардағы сөздің атау мен іліктен басқа септік жалғауларының біреуі жалғану не шылау арқылы байланысу түрін **меңгеру** деп атайды. Мысалы, *университетке қарай кетіп еді, табысқа жет, орталықтан шық, кітапханашымен сөйлес, оқытушыны тыңда.*

**Қабысу.** Сөздердің қатаң орын тәртібі нәтижесінде қатар тұру арқылы байланысу түрін **қабысу** деп атайды. Мысалы, *оқыған адам, үлкен ғимарат, қызық кітап, жақсы сөз, алтын белгі.*

**Жанасу.** Сөз бен сөздің орын таңдамай, жақын да, қашық та тұруы арқылы байланысу түрін **жанасу** деп атайды. Мысалы: *Студенттер сарайға қарай кетіп барады. Күн сайын кітапханада кездесеміз. Жаңалықты галамтор арқылы біліп отырамыз.*

**8-тапсырма.** Кестені сөздердің байланысу түрлеріне қарай толтырыңыз.

№	Мысалдар	Қиысу	Матасу	Меңгеру	Жанасу	Қабысу
1.	Жасыл көпір					
2.	Алтын медаль					
3.	28 қаңтарда «Алау» эстафетасы өтті.					
4.	ҚазҰУ әр жыл сайын тоқтаусыз дамып келеді.					
5.	Қолданысқа берілді					


6.	Жұмысқа тартылғандар					
7.	Әл-Фараби кітапханасы					
8.	Университет қалашығы					
9.	Студенттер сарайы бар					
10.	Мен сенемін					

**9-тапсырма.** Сөздерді байланысу мағынасына қарай сәйкестендіріңіз және мәнін түсіндіріңіз.

теңдессіз жұмысқа ол даярлап алыптар ҚазҰУ – ірі еліміздің ҚазҰУ-дың қолданысқа тиімділігін	тамыры оқыған орталығы берілді арттыру тартылғандар көшбасшы шығарды ғылыми орталық
---	---

**10-тапсырма.** Мына сөзжұмбақты шешеңіз.

- 1) Баланың әкесі. Қандай тіркес?
- 2) Меңгерудегі жоқ септік.
- 3) Пысықтауыштық және толықтауыштық қатынас ұқсастығы.
- 4) Бағыныңқы сыңарға сұрақ қой: менде бар?
- 5) Сөздің мағынасын зерттейтін сала.
- 6) Жіктік жалғауының 2-жағы.



**11-тапсырма.** Мына мақал-мәтелдерді толықтырып, мағынасын түсіндіріңіз.

Білекті бірді жығар, ... .., білім – ырыс қазығы. Білімді өлсе, қағазда аты қалар, ... .., білім – өмір шырағы. Оқу –



білім бұлағы, ... .. , білімсіз күнің жоқ. Біліміден ақыл шығар, ... ..

**12-тапсырма. Мына мәтін бойынша жұмыс жасаңыз:**

- Мәтінді түсініп оқыңыз.
- Мәтінге жоспар құрыңыз.
- Мәтіннен тірек сөздерді табыңыз.
- Мәтіннің әр бөліміне сұрақ дайындаңыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Cambridge, Oxford, Harvard, Stanford және басқа да шетелдік жетекші ЖОО-лардың оқу бағдарламаларымен деңгейлес 230 бағдарлама енгізілген. Университет әлемнің ең үздік университеттерімен қос дипломдық білім берудің 50-ден аса бағдарламасы бойынша жұмыс жасайды. Университет ғалымдары 2015 жылы жалпы қаржы көлемі 4,4 млрд теңге болатын 500 ғылыми жобаны жүзеге асырды. 2015 жылы университет ғалымдары мен оқытушылары 200 патент алды, соның ішінде 3 халықаралық құжат бар. «Thomson Reuters» пен «Scopus» қорына енетін рейтингтік ғылыми басылымдардағы әрбір үшінші қазақстандық мақала ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі.

Университетте 75 студенттік инновациялық жоба жүзеге асырылатын 14 студенттік бизнес-инкубатор жұмыс жасауда. ҚазҰУ қалашығында әл-Фараби кітапханасы, «Жас ғалымдар үйі», «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы мен Олимпиада чемпионы Д. Баландин атындағы жүзу бассейні бар. ҚазҰУ-да студенттермен жұмыс жасаудың клубтық жүйесі дамып келеді. Бүгінде 100-ден аса жастар ұйымы мен бірлестіктер ашылған.

«Айналаңды нұрландыр!», «100 кітап», «ҚазҰУ – Гринкампус», «Саламатты дене мәдениеті», «Мен жастарға сенемін!», «Жасыл көпір – ұрпақтан-ұрпаққа» атты инновациялық тәрбие жобалары жүзеге асуда.

ҚазҰУ студенттері – спорт әлемінде де теңдессіз көшбасшы. Рио-де-Жанейрода өткен 2016 жылғы Олимпиада ойындарына ҚазҰУ-дың 17 студенті қатысып, студент Дмитрий Баландин қазақ спорты тарихындағы Олимпиада ойындарында жүзуден алғашқы алтын медальді қанжығасына байлады. Сонымен қатар Елдос Сметов күміс және Эльмира Сыздықова қола жүлдегері атанды.

Университетіміз әлемнің 46 елінің ғылыми орталықтарымен және 400 жетекші университеттерімен жемісті еңбек етуде.

*(Ф. Мұтанов)*


**13-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.**

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

#### 4-САБАҚ

### ҚАЗАҚСТАН – ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ СУБЪЕКТІЛІК-ПРЕДИКАТТЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ БЕРІЛУІ

**1-тапсырма.** Берілген тақырып бойынша кластерді толықтырыңыз, әр бөлікке түсіндірме беріңіз.



**2-тапсырма.** Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлемдер құраңыз.

Егемендік, тәуелсіздік, тарихи, аумақ, халықаралық құқық, қол сұғу, келісім, қарулы күш, әуе кеңістігі, өлке, табиғат, құрлық, аумағы, шектеседі, қазына, өсімдік, дәрілік қасиеті бар, қоңыржай, шөл, шөлейт, шұрайлы, шүйгін, суармалы, климаттық белдеу.

### **3-тапсырма. Оқыңыз. Талдаңыз.**



Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетіміздің егемендігі мен тәуелсіздігін баянды етті. Қазақстан мемлекетінің егемендігі

мына белгілермен сипатталады: Қазақстан мемлекетінің тарихи қалыптасқан аумағы бар. Қазақстанның аумағы бес мемлекетпен: Ресеймен, Қытаймен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен және Түркіменстанмен шектес. Мемлекетіміздің аумағы біртұтас және оған қол сұғуға болмайды. Мемлекетіміздің аумағына басқа мемлекеттің қол сұғуы агрессия деп аталады. Агрессияны халықаралық құқық айыптайды. Конституцияда жарияланғандай, Қазақстан басқа мемлекеттермен тату көрші, олардың ішкі ісіне араласпау, дауларды келісім арқылы шешу, қарулы күштерді қолданбау саясатын жүргізеді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы заң бойынша біздің мемлекет өз аумағын құрлықта, теңізде, әуе кеңістігінде өз қарулы күштерімен қорғайды. Республика шекарасын Қазақстанның шекара әскері күзетеді.

Қазақстан аумағы жағынан Еуразия құрлығында Ресей, Қытай, Үндістан мемлекеттерінен кейін төртінші орынды иеленеді. Жалпы жер көлемі 2 717,3 мың шаршы шақырым. Бұл бүкіл Еуропа жеріне тең келеді.

Қазақстан – қазынаға бай ел. Табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөп-мөлдiр бұлақтар, көлдер, сан алуан өсімдіктер мен дәрілік қасиеті бар шөптер өседі. Қазақстан жерінде неше түрлі аңдар мен құстар, жануарлар өмір сүреді. Еліміздің батысы мен шығыс аймағының табиғаты да ұқсай бермейді. Қазақстан қоңыржай климаттық белдеуде орналасқан. Табиғат зоналары (орманды дала, дала, шөлейт, шөл) негізінен ендік бағытта созылып жатыр. Дүниежүзілік мұхиттардан қашық жатқандықтан, жерінің көбі шөл және шөлейт болып келеді. Оңтүстік-шығыс және шығыс бөлігіндегі биік тау бөктерлерін суармалы жерлер алып жатыр. Сол қазақ жерінде біздің

ата-бабаларымыз, батырларымыз, ақындарымыз, ғалымдарымыз туып өскен.

Қазақстан жері – шұрайлы, шөбі шүйгін өлке. Қазақстанның кең даласындай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. «Отаның – алтын бесігін», «Отаны жоқтық – нағыз жоқтық» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Өз Отанын сүю, өз ана тілін ардақтау – әрбір азаматтың міндеті.

Ал халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең. Халқымыздың басынан қандай қиын кезеңдер өткенде де ата-бабаларымыз елімізді сыртқы жаудан қорғай білген. Өз елі үшін жанын да, барын да аямаған. Халқымыздың осы бір қасиеті жанымызға ана сүтімен тарап, ана тілімен дарып, ақ наныммен бекуі тиіс. Өйткені, Отан біз үшін оттан да ыстық.

*(Баспасөз материалдарынан ықшамдылып алынды)*

**4-тапсырма. Сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап беріп, топ болып талқылаңыз.**

1. Астанасы мен мемлекеттік құрылымы қандай?
2. Табиғат жағдайы, табиғат байлықтары туралы не білесіз?
3. Экономикалық даму дәрежесі қандай?
4. Халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы не білесіз?
5. Елімізде қанша пайызы жергілікті қазақтар?
6. Қазақстанның географиялық ерекшеліктерін атаңдар.

**5-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемді аяқтаңыз.**

1. Қазақстан мемлекетінің егемендігі мына белгілермен сипатталады: ... .
2. Мемлекетіміздің аумағы біртұтас ... .
3. Мемлекетіміздің аумағына басқа мемлекеттің ... .
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шегарасы туралы заң бойынша ... .
5. Қазақстан аумағы жағынан Еуразия құрлығында ... .
6. Қазақстан қоңыржай ... .
7. Қазақ жерінде біздің ... .
8. Қазақстан жері – шұрайлы, ... .

### ЗАТ (ҰҒЫМ) АТАУЫНЫҢ БЕРІЛУІ

Қазақ тілінде зат, ұғымның атауы деп (атайды, санайды, аталады), болып (саналады, табылады) байланыстырушы етістіктері арқылы беріледі.

Субъектілік сипат	Субъект	Предикат	Мысал
Ненің несің	не?	деп атайды деп аталды деп аталады	Мемлекетіміздің аумағына басқа мемлекеттің қол сұғуы агрессия деп аталады.
Ненің несің	қандай?	деп санайды?	<i>Қазақстанды</i> Орталық Азиядағы инвестицияға ең қолайлы ел деп санайды.
Ненің	несі? кімі?	боп/болып саналады/табылады	Тарихи ескерткіштер халқымыздың асыл мұрасы болып саналады.

**6-тапсырма.** Төмендегі сөйлемдерді *деп аталады, болып табылады, деп санайды* байланыстырушы сөздерін пайдаланып, өзгертіңіз.

**Үлгі:** *Қазақстанның* елордасы – Астана қаласы.

*Қазақстанның* елордасы Астана қаласы *болып табылады.*

1. *Қазақстанның* Тәуелсіздігі Қазақстан халқының ортақ жетістігі.
2. Сауд Арабиясы Таяу Шығыстағы *Қазақстанның* маңызды серіктесі.
3. Қазақстан көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі.
4. Өсімдігі жағынан бай өлке *Қазақстанның* таулы аймақтары.
5. Қазақстанның ең бай жануарлар әлемі таулы өлкелер.
6. Депутаттар халықтың биліктегі өкілдері.
7. Қашаған – *Қазақстанның* мұнайгаз саласын дамытудың символы.

**7-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша «Қазақстан қандай мемлекет?» деген сұраққа жауап беріңіз. Сөйлемдердегі субъектілік-предикаттық қатынасты анықтаңыз.

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_  
3. \_\_\_\_\_

**8-тапсырма. Оқыңыз. Нақылды бүгінгі өмірмен байланыстырып талдаңыз.**

I. Алтын ұяң – Отан қымбат,  
Құт-берекең – атаң қымбат,  
Аймалайтын – анаң қымбат,  
Асқар тауың – әкең қымбат

*(Қазыбек би)*

II. «Егер әрбір адам өзіне тиесілі аядай жерде қолынан келгенінің бәрін жасаса ғой, онда біздің жеріміз қандай құлпырып, жайнап кеткен болар еді».

*(А.П. Чехов)*

**9-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Сөйлемдерді (болып табылады, деп саналады, деп қабылданады) байланыстырушы етістіктермен берілген құрылымдарды пайдаланып өзгертіңіз.**

Жер – адамның күнкөріс көзі. Бірақ оны адамдардың есепсіз пайдалануына болмайды. Жер – келер ұрпақтың мекені, несібесі, көңіл қуанышы.

Қазақ халқында халықтық табиғат қорғау дәстүрі ертеден бері сақталған. «Елім бай болсын десең, жеріңнің бабын тап» деген халық мақалын есте ұстаған ата-бабамыз күздеуге, көктеуге, жайлауға және қыстауға көшіп, қонысын ауыстырып отырған. Мұның түбірі жердің шөбін қалпында сақтап, қорын азайтпауда жатыр. Қорқыт бабаның жерді бүлдіріп қаза беруден сақтандырып, *«ушығып кетеді»* деп бәйек болуы, ел шетіне жау тиіп, ауыл үдере көшкенде, шаңырағына қарлығаш ұя салып, балапан шығарып жатқандықтан, Төле би бабамыз үйін жыға алмай, жұртта қалғаны, Асан қайғының халқына жайлы қоныс іздеп, желмаясымен жеті жыл кезуі тегін емес қой. Қазақта «үш сауап» деген бар. Ол не? Үлкендер айтатын тыйым сөздер де бар, «құдыққа түкірме», «жалғыз ағашты кеспе», «кұстың ұясын бұзба». Осының бәрі табиғатты қорғау екенін түсінеміз.

**10-тапсырма.** Сұрақты топ болып талқылап, тапсырмаларды орындаңыз.

1. Асан қайғының халқына жайлы қоныс іздеп, желмаясымен жеті жыл кезуінің себебі не?
2. Төле бидің «Қарлығаш әулие» аталуы туралы не білесіз?
3. Өздеріңіздің туған жерлеріңіз туралы әңгімелеп беріңіз.
4. Туған жеріңіз туралы қандай аңыз, әңгімелер білесіз?
5. Туған жер, табиғат туралы өлең жолдарын оқып немесе ән айтып беріңіз.

**11-тапсырма.** Өлеңнің соңғы ұйқастарына өлең құрастырыңыз.

- |   |   |
|---|---|
| 1. Туған жерім жайнаған,<br>Қызу еңбек қайнаған.<br>Бақытты елдің ұланы<br>Мен асыр салып ойнаған.<br>..... қайнаған,<br>..... ойлаған. | 2. Мен елімді сүйемін,<br>Елім үшін күйемін.<br>Бабалардың рухына<br>Тағзым етіп, бас ием.<br>..... нар тұлға,<br>..... жайнаған. |
|---|---|

**12-тапсырма.** Берілген ой-пікірлерге қарсылық білдіріңіз немесе қолдаңыз.

	Иә	Жоқ
Қазақстан аумағы кіші елдерге жатады.		
Ақ аю Қазақстанда тіршілік етеді.		
Қазақстанды екі дүние бөлігіне бөліп тұрған өзен – Жайық.		
Аласа тау – Алтай.		
Жыртқыш аң – бөкен.		
Қазақстандағы жазық – Шығыс Еуропа.		
Қоянның жүні қыста өзгермейді.		
Қысқа өзен – Сарысу.		
Піл Қазақстанда тіршілік етеді.		
Балқаш көлінің суы түгелдей тұщы.		
Кеңес дәуіріндегі зерттеуші – Ш. Уәлиханов.		



**13-тапсырма.** Мақал-мәтелдерді толықтырып, жаттап алыңыз. Субъектілік-предикаттық қатынасты анықтаңыз.

1. Жақсы адам – елдің ырысы,  
... – жанның тынысы.
2. Туған жердей жер болмас,  
... ел болмас.
3. Туған жердің күні де ыстық, ... .
4. ... – тұғырың,  
Туған ел – қыдырың.
5. Малды қорлама – залалы бар,  
Жер мен ... қорлама – азабы бар.
6. Жер – қазына, су – ... .
7. Өсімдік шанды жұтады, ... тазартады.
8. Заманына қарай заңы, ... қарай аңы.

**14-тапсырма.** Төменде берілген жұмбақтарды оқып, жауабын табыңыз.

Қаласы бар, үйі жоқ,                      Теңіз, тауларды, халықты,  
Өзені бар, суы жоқ.                      Ойлап тап, көтерген алыпты. (...)  
Орманы бар, түбі жоқ,                      Жан-жағы су болып жатқан,  
Бақшасы бар, гүлі жоқ. (...)              Ортасы ну болып жатқан. (...)  
Бар ма, жоқ па –  
Оны анық білмейміз.  
Ол жоқ жерде  
Өмір сүріп жүрмейміз. (...)

**15-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыз.

Тағдырыңды тамырсыздың індетінен қалқала!  
Әр адамда өз анасынан басқа.  
Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада,  
Болу керек күдіретті төрт ана:  
Туған жері – түп қазығы, айбыны,  
Туған тілі – сатылмайтын байлығы.  
Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,  
Қадамына шуақ шашар үнемі  
Және туған тарихы, еске алуға қаншама,  
Ауыр әрі қасіретті болса да.  
Төрт анаға өңін жалғай алмаған,

Пенделердің басы қайда қалмаған?  
 Төрт анасын қорғамаған халықтың,  
 Ешқашанда бақ жұлдызы жанбаған.  
 Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,  
 Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің күресі.  
 (М. Шаханов)

**16-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.**

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 5-САБАҚ

### АСТАНА – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЛОРДАСЫ АНЫҚТАУЫШТЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ БЕРІЛУІ

**1-тапсырма. Мына сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.**

Қазақ тарихы, ұлы өзгеріс, ақ күмбезді бейіт, киелі орын, аттылы-жаяу, босаға, айшықты орындар, бәйтерек, кешен, асқақ армандар, боран, үштастыру.

**2-тапсырма. Оқыңыз. Талдаңыз.**

1992 жылы Қазақ тарихында ұлы өзгеріс болды. Ол астананың Сарыарқаға көшірілуі еді. Сарыарқа қазақтары Есіл өзенінің қазіргі Астана қаласы орналасқан тұсын ежелден Қараөткел деп атаған. Ақмола атауы XIII-XIV ғасырларда тұрғызылған ақ күмбезді бейітке байланысты туған.



Қаланың қазіргі атауы қазақ тіліне парсы тілінен ауысқан. Қазақша елдің бас қаласы дегенді білдіреді. Ол «киелі орын», «босаға» деген мағыналарға ие. Қазір Астанада шетелдерден келген туристер тамашалайтын көрікті жерлер көп. Оған – «Астана-Бәйтерек», «Атамекен», «Қазақстан картасы: этнонемориалдық кешені», «Ханшатыр» сауда орталығы, «Думан» ойын-сауық орталығы, «Астаналық цирк», «Нұр-Астана» мешіті және т.б. орталықтар жатады.

«Астана-Бәйтеректің» биіктігі – 97 метр, аумағы – 22 метр. Темірден, шыныдан, бетоннан орнатылған алып бәйтерек. Металл конструкцияның биіктігі – 105 метр, салмағы 1000 тоннадан асады. Ол жерге қадалған 500 қадаға орнатылған. Салмағы 300 тонналық «хамелеон» әйнегінен жасалған шар Астананың көркін келтіріп тұрған ең әдемі кешен. Бұл орталықты тамаша-



лаған адамдар асқақ армандарын осы алып бәйтерекпен ұштастырады. Қаланың рухани байлығын, өнерге деген талғам биігін көрсететін бұдан басқа, Қазақстан Президенті Мәдени орталығы, Қ. Қуанышбаев атындағы қазақ сазды-драмалық театры, Конгрес-

реес-холл, «Жастар» сарайы, ҚР бірінші Президентінің мұражайы, «Самұрық» және «Арсенал» кинотеатры, С. Сейфуллин мұражайы, К. Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театры, М. Горький атындағы орыс драма театры бар.

Елорданың қысы қатал, боранды, күрткі қар. Қыстың бар кереметі осында. Мұнда қыс уақытында келген адам аппақ қарға оранған Астана келбетін көріп, таңданады. Есілдегі шаңғы серуені, Ақбұлақтағы мұз айдыны, Мұз қалашығы – өз алдына бір ерекше дүние. Тынысыңды ашсын таза ауа! Бұл жерде климат континентті. Күзі – жаңбырлы, көктемі – салқын, жазы – шуақты. Астана қаласы Орта Азиядағы туризмнің ең ыстық нүктесіне айналары сөзсіз. Оған Астананың қарымы да, күш-қуаты да, сұлулығы да жетеді.

*(Баспасөз материалдарынан ықшамдалып алынды)*

### **3-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. 1992 жылы Қазақ тарихында ... . 2. Сарыарқа қазақтары Есіл өзенінің ... . 3. Ақмола атауы ... . 4. XIII-XIV ғасырларда тұрғызылған ... . 5. Қаланың қазіргі атауы ... . 6. Қазақша елдің ... . 7. Астанада шетелдерден келген туристерді жалықтырмайтындай ... . 8. Елорданың қысы қатал ... . 9. Қыс уақытында келген адам ... . 10. Күзі – жаңбырлы, көктемі – салқын, ... .

### **4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Астана қандай қала?
2. Ақмола деген атау қайдан шыққан?
3. Астанада қандай мәдени орталықтар бар?

4. Елорда қай өзеннің бойында орналасқан?
5. Астана қаласының табиғаты қандай?

### **АНЫҚТАУЫШТЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ БЕРІЛУІ**

Анықтауыштық қатынас матаса, қабыса байланысқан есімді тіркестерге тән. Мысалы, *бесінші сынып, алтын сақина, менің інім, біздің қала, орындалған арман*.

Анықтауыштық қатынас басынқы сөзден бағыныңқы сөзге *қандай? қай? кімнің? ненің? қандай? қанша? неше? нешінші?* деген сұрақтар қою арқылы анықталады.

Анықтауыштық қатынастағы лексика-грамматикалық мағына бағыныңқы сөз бен басынқы сөздің лексикалық ерекшеліктеріне сәйкес даралық, нақтылық сипат алады.

Матасу байланысындағы сөз тіркесі мынадай лексика-грамматикалық мағыналарға ие. Мысалы, *менің киімім* – затқа меншіктілік, *Тілектің әпкесі* – туыстық, *үйдің терезесі* – бүтіннің бөлшекке қатынасы.

Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің беретін лексика-грамматикалық мағыналары: *салқын жел* – табиғи күй, *ақ қар, көк шөп, қызыл гүл* – заттың түсі, *тәтті тамақ, ащы сорпа* – тамақтың дәмі.

Бұл тіркестегі сөздердің бәрі сын есім болып, заттың әртүрлі сынын білдіруі олардың грамматикалық мағынасы болса, әр сөздің өзіне тән мағынасы лексикалық мағына болады. Сол лексикалық мағыналары арқылы бағыныңқы сөз басынқы сөздің белгілерін, қасиеттерін даралайды, нақты сипат береді.

### **5-тапсырма. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесін анықтаңыз.**

Күрткі қар, суық жел, жаңбырлы күз, шуақты күн, әдемі кешен, көрікті қыз, күзгі суық, асыл тас, зергерлік бұйым, қоғамдық қатынас, алтын сырға, күміс білезік, биік ғимарат, мыс құман, жез сағат, қазба жұмысы, археологиялық заттар, асыл металдар, асыл бұйымдар, алтын адам, зергерлік өнер, алтын алқа, күміс түйме, темірдей берік, майысқақ металл, жұмсақ темір, сәндік бұйым, зергерлік бұйым, әшекей бұйым, күміс қасық.

### **6-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен анықтауыштық құрылымдарды пайдалана отырып, бірнеше сөйлем құраңыз.**

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- 3) \_\_\_\_\_

**7-тапсырма. Көршіңіздің ойын біліңіз.**

1. Егер мен **Президент** болсам, \_\_\_\_\_
2. Егер мен **Министр** болсам, \_\_\_\_\_
3. Егер мен **Депутат** болсам, \_\_\_\_\_
4. Егер мен **Миллионер** болсам, \_\_\_\_\_
5. Егер мен **Әкім** болсам, \_\_\_\_\_

**8-тапсырма. Төмендегі кестені толтырыңыз.**

Не білдім?	Не білемін?	Не білгім келеді?

**9-тапсырма. «Астана – Отанымыздың жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі» тақырыбына эссе жазыңыз.**

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

**10-тапсырма. Мына тіркестердің мағынасын түсініп, анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесін көшіріп жазыңыз.**

Жібек жолы, ежелгі тәсіл, сауда-сағтық, керуен, күре жол, тауар, адамзат өркениеті, көне орта ғасырда, сапар шеккен, саудагерлер, бағалы тастар, бояулар, құл саудасы, табыну, кесе-не, түйістіруде, ат жабдықтау, ауыз әдебиеті, көпір.

**11-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, анықтауыштық құрылымды табыңыз да, оларға сұрақ қойыңыз. Қандай тұлғада тұрғанын анықтаңыз.**

Ұлы Жібек жолы – адамзат өркениеті жасаған тарихи ескерткіштердің бірі. Біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырдан басталған бұл жол Еуропа мен Азияның – Батыс пен Шығыстың

арасын жалғастырған көпір болған. Оның Қазақстан жерін кесіп өтетін тұсында 6-ғасырдан бастап екі бағыт кең өрістеген: Сырдария және Тянь-Шань керуен бағыттары. Бірінші жол Қытайдан басталып, Шығыс Түркістан арқылы Жетісуға және әрі қарай өткен. Бұл бағыттағы Батыс пен Шығысты жалғастырған өзен Сырдария болған. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы сауда қалалары – Суяб, Навокент, Құлан, Тараз, Испиджаб, Отырар, Шавгар, Янгикент. Екінші жол Шығыс Түркістаннан басталып, Жетісуды жағалап, Шашқа (Ташкентке) өткен. Одан Азиямен, Византиямен жалғасқан. Бұл жолдағы қалалар – Суяб, Баласағұн, Тальхир, Тараз, Газгирд (Қазығұрт). Бұл қалалар көне орта ғасырларда Жапониядан, Корея мен Қытайдан Орталық Азияға, содан Ресей мен Византияға сапар шеккен саудагерлер жолының орталықтары болған.

Бұл жолмен әртүрлі тауарлар – жібектер, бағалы тастар мен күмістер, дәрілер мен бояулар тасымалданған. Құл саудасы да өркендеген. Жібек жолы бойында өнер (би, музыка, сурет, сәулет өнерлері) мен дін (ислам, христиан, будда, манихей) дамыған.

Қазақстандық археологтар ортағасырлық қалаларға қазба жұмыстарын жүргізу барысында тауып алған металл ақшалар алыстағы Қытай мен Византияда, Иран мен Үндістанда соғылған. Сонымен қатар сол елдерден керуендер арқылы жеткізілген басқа заттарды да кездестірді.

Жібек жолын зерттеудің әрі маңызды, әрі сирек олжасы – Отырардан табылған күміс ақша мен заттар көмбесі. Көмбедегі тиындардың жиыны таңғаларлық. Ол жерде Шығыс Түркістан қалалары – Алмалық, Пулад, Эмиль (Еміл), Орда әл-Азамның; еуропалық Қырымның; малайзиялық Сива, Кони, Тебриздің; қазақстандық Жент қалаларының ақшалары жинақталған. Ақшалардың соғылған уақыты – XIII ғасырдың 40-60 жылдары. Заттардың ішінен, әсіресе, күмістен жасалған ұйғыр жазуы бар құрама белдік жапсырмалар, ортаазиялық бұрама білезіктер, поволжиялық өрме білезіктер, Кіші Азия қалалары шеберханаларының бірінде жасалған белдік айылбастар – теңдесі жоқ жәдігерлер. Көмбе Моңғол империясы кезіндегі Жібек жолы бойында орналасқан қалалардың айғағындай. 14-15 ғасырларда

Түркістанда түркі халықтары табынатын атақты ғұлама ақын Қожа Ахмет Йасауиге үлкен кесене – кешен орнатылған.

Жібек жолы – әлемдік өркениеттің Азиядан Еуропаға шексіз дала, асқар тау арқылы жол салған жарқын көрінісі.

***12-тапсырма. Төменде берілген ойды дамытып баяндаңыз.***

1. Қытайдың торғын-торқасы осы жолмен ... .
2. Жібек жолы арқылы жан-жаққа діни ... .
3. Жібек жолы буддизммен қоса Батыстан Шығысқа қарай христиан және ислам діндерінің ... .
4. Сол кездегі сауданың басты тауары Қытайда өндірілетін ... .
5. Ұлы Жібек жолының бір тармағы – ... .
6. Египет пен Вавилонда, Иранда өте қымбат бағаланатын, әдемі көк тас – лазурит тасымалданған – ... .
7. Қытайдағы императорлар мен ақсүйектердің сүйікті заты болған әшекейлер жасау үшін әдемі нефрит тасын тасымалдайтын – ... .
8. Ал үшінші «бұлғын жолымен» қымбат бағалы ... .
9. Ғалымдардың анықтағанындай бұл б.з.б. ... .

***13-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыз.***

Астанам! Ару қалам, асқақ ордам,  
Қалың жұрт, қазағыма қақпа болған.  
Ту ұстап, тұлпар мінген бабаларым,  
Бермеген ел намысын жатқа қолдан.  
Бозоғым, бозбеткейлім, баққа оранған,  
Тарихтың қойнауынан тапқан олжам.  
Баянды бақытымның бастауындай,  
Айналдың Астанаға аппақ арман...  
Жар болып Жаббар Ие жалғыз ғана,  
Ғасырға аяқ бастық ал біз жаңа.  
Сұрланып, сырт айналған суық көздер  
Қарайды әлі саған сәл қызғана.  
Көш келді Қараөткелге өр тұлғалы,  
Кеңесін ерлерімнің ел тыңдады.  
Тұлғасы бой көтерді Хан Кененің  
Жарасып жарқ-жүрк еткен ер-тұрманы.



Ертеңің ұлтын сүйген ұлыңа сын,  
 Қашанда еркіндіктің құны басым.  
 Керіліп кербез далам көсіледі,  
 Сезініп бостандықтың шұғыласын!  
 Сан ғасыр армандаған Алаш бабам,  
 Жалғанды жалт қаратты жаңа Астанам.  
 Бірлікті байрақ етіп болашаққа,  
 Барайын, уа, Жаратқан, жол аш маған.

*(Қ. Сарин)*


**14-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.**

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 6-САБАҚ

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ СӘУЛЕТ ӨНЕРІ ЖӘНЕ КИІЗ ҮЙ СҰРАУ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

**1-тапсырма.** Берілген тақырып бойынша кластерді толықтырыңыз, әр бөлікке түсіндірме беріңіз.



**2-тапсырма.** Мына сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлемдер құраңыз.

Сәулет өнері, көркемдік бейне, тұрғын үй, қоғамдық ғимараттар, өнеркәсіптік кешендер, құрылысты жобалау, сөз өнері, сәулет өнері, мүсін өнері, би өнері, ою-өрнектер, мәдени орталық, қамыс, тал, балшық, қола дәуірі, қолөнер, киелі, жәдігер, шаңырақ, уық, кереге, босаға.

**3-тапсырма.** Оқыңыз. Талдаңыз.

Архитектура, сәулет өнері – құрылысты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері. Архитектура туындылары адамның

күнбе-күнгі тіршілік ортасын қалыптастырады. Олар: әртүрлі қажеттіліктерді атқаруға арналған және адамның эстетикалық талғамына жауап бере алатындай болып салынған тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, өнеркәсіптік кешендер. Сәулет өнері – техниканың, ғылымның және өнердің тоғысқан жері. Қазақстан жерінде Тараз, Құлан, Сайрам, Отырар, Созақ, Түркістан, Алматы сияқты ірі қалаларда архитектуралық ескерткіштер көптеп салынған.



А. Байтұрсынов адамзат тарихындағы бес өнерді атап көрсеткен. Оның біріншісі – сөз өнері, екіншісі – сәулет өнері, үшіншісі – мүсін өнері, төртіншісі – сурет, бесіншісі – би, саз өнері деп бөлген екен.

Тамыры тереңде жатқан сәулет өнерінің орта ғасырларда Орта Азия мен Қазақстан жерінде де пайда болуы мәдениетіміздің озық үлгісі болып танылды. Орта ғасырда сәулет өнері дамыды. Төрт қабырғалы болып, өзіне тән ою-өрнектерімен безендірілді. Мысалы, Бабаджа хатун кесенесі («Айша Бибі» кесенесі, Тараз қаласы маңында). Көшпенді халық өзіндік сәулет ағымын өмірге әкелген. IX-XIV ғасырда ғажайып қала құрылысы жаппай өркендеді. Кезінде шартарапқа әйгілі болған Сауран, Отырар, Тараз, Баласағұн қалалары Жібек жолының бойында бой көтеріп, талай ел саяхатшыларының таңдайын қақтырған. Ірі мәдени орталықтары болған қазақ жері сәулет өнерімен де әлемге белгілі болып отыр.

Адамдар неолит кезінде үйді ағаштан, қамыстан, талдан және балшықтан салды. Қазақстан аумағында қола дәуіріндегі ғимараттар тік бұрышты пішінде жасалды. Олар тұрғын және ша-

руашылық бөлімдерінен тұрды. Кейінірек дөңгелек пішіндегі үйлер мен киіз үйлер пайда болды.

Киіз үй – ата-бабаларымыздың басты баспанасы. Киіз үй тек қазақ халқының ғана емес, түркілердің және көптеген көрші елдердің киелі тұрақ-мекені болғаны мәлім.

Фасырлар бойы көшпелі тұрмыс тәжірибесінен туған қазақтың киіз үйі – оның қастерлеп ұстаған, киелі тұтқан тұрағы, мекені, баспанасы, мақтанышы болған. Киіз үй баспана ғана емес, сәулет, құрылыс, қолөнер жетістігінің тамаша үлгісінің туындысы да болып табылады.

Киіз үй біздің заманымыздан 3 мың жыл бұрын қола дәуірінен белгілі. Киіз үй – көшіп-қонуға ең қолайлы жәдігер. Киіз үйдің жалпы салмағы жиһаздарымен қосқанда 300-400 кг-ға жуық. Бұл салмақты бір түйе еркін көтере алады. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын және жер сілкінісіне де ыңғайлы, оңайлықпен бұзылмайды.

Киіз үйдің негізгі бөлшектері: кереге, шаңырақ, уық, сықырлауық.

Кереге – киіз үйдің негізін құрайды. «Керегең кең болсын!» деген тілек осыдан шыққан. Өйткені үйдің берік болуы, кеңдігі осы керегеге байланысты. Кереге санына қарай киіз үй 4, 6, 8, 12 қанат етіп тұрғызылады.

Шаңырақ – уықтардың ұштарын біріктіріп ұстап тұрады, пішіні күмбез тәріздес. Шаңырақ деген сөз «үй, отбасы» деген тұтас ұғымды да бейнелейді. Жаңа үйленгендерді «шаңырақ көтерді» дейді.

Уық – кереге мен шаңырақтың ортасын қосатын негізгі бөліктің бірі. Әр үйде көлеміне қарай 60, 160-тай уық болады.


Киіз үйде есік екеу болады: ішкі есік – сықырлауық, ағаштан жасалады, екіншісі – киіз есік, ол киізден жасалады, сықырлауықтың сыртынан жабылады.

Киіз үйді қазақ халқы қасиетті, киелі қара шаңырағымыз деп дәріптейді. Өйткені киіз үй қазақтың баспанасы, мүлкі, мақтанышы деп бағаланады.

### **Киіз үйдің атаулары:**

- Абылайша – керегесіз, уықты тігінен тұрғызып тіккен шағын киіз үй.

- Ақ шаңқан үй – 18 қанат ақ орда, 12 қанат елбасылылар, бай-билер тұратын киіз үйлер.
- Ақтағыр – екі қанатты, екі үзікпен жабылатын шағын киіз үй.
- Жаппа үй – уыққа киіз жауып, уақытша тігілген шошак үй.
- Қара құрым үй – киізінің тозығы жеткен, ескі үй.
- Қара үй – киіз үйді кейбір жерде осылай атайды.
- Қараша үй – қоңыр түсті, жыртық, тесік, ескі үй.
- Орда – еңселі, салтанатты үй.
- Алтын орда – 30 қанаттан (керегеден) тұратын ханның мәжіліс ордасы.
- Алтын үзік – 24 қанаттан тұратын аса лауазымды хан отбасы тұратын үй.
- Ақ ала орда – 8 қанатты дәулетті бай үйі.
- Боз үй, қоңыр үй – 4-5 қанатты орташалар тұратын қарапайым киіз үй.
- Отау – ұлға енші беріп, бөлек шығаратын киіз үй.
- Күрке, қос – ауылда ас сақтайтын, далада малшылар тұратын немесе кедейлер үйі.



**4-тапсырма.** Сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап беріп, топ болып талқылаңыз.

1. Архитектура деген ұғымды қалай түсінесіз?
2. Сәулет өнерінің кезеңдерін атаңыз.
3. Сәулет өнерінің құрамдас бөліктерін атаңыз.
4. Ортағасырлық сәулет өнерінің ерекшелігі неде?

5. Сәулет өнерінің Қазақстан жеріндегі түрлерін атаңыз.
6. Қазақ жеріндегі архитектуралық ескерткіштерді атаңыз.
7. Қазақстанда іргелі ғимараттық құрылыстар қай жерлерде бой көтере бастады және оған қандай жағдай әсер етті?
8. Архитектуралық ескерткіштердің тарихи маңызы қандай?
9. Әмір Темір Йасауи кесенесін салдырғанда қандай мақсатты көздеген?

**5-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. Архитектура, сәулет өнері – ... . 2. Сәулет өнері – ... .
3. Тамыры тереңде жатқан сәулет өнерінің орта ғасырларда ... .
4. Ірі мәдени орталықтары болған қазақ жері ... . 5. Қазақстан аумағында қола дәуіріндегі ғимараттар ... . 6. Киіз үй ата-бабаларымыздың ... . 7. Киіз үй тек қазақ халқының ғана емес, түркілердің ... . 8. Киіз үй көшіп-қонуға ... . 9. Киіз үйдің жалпы салмағы жиһаздарымен ... .

**СҰРАУ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР**

**Жауап алу мақсатымен сұрай айтылған сөйлемді сұраулы сөйлем дейміз.** Сұраулы сөйлем соңына жазуда сұрау белгісі (?) қойылады.

**Сұраулы сөйлемдер мынадай жолдармен жасалады.**

✓ Сұрау есімдігінің қолданылуы арқылы. Киіз үйге неге от жақпадың?

✓ **-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, -ша, -ше** шылауларының қолданылуы арқылы. Сәулет өнері дегеніміз не?

✓ **-ғой, -қой, -ау, -еу шылауларының, ө, сірә** сияқты сөздердің, **болар, шығар, қайтеді, білемін** деген көмекші сөздердің сұрау мәнінде қолданылуы арқылы. Сен архитектор болам деп едің-ау, ә? Оны өзін тандап көрсен **қайтеді?**

✓ Сұрау интонациясы арқылы. – Киіз? – Иә, киізден жасалған.

**6-тапсырма. Төменде берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырыңыз.**

1. Киіз үй – көшпелі халықтардың баспанасы.
2. Ол өте қолайлы.
3. Киіз үй тез құрылып, тез жиналады.
4. Қыста жылы,

жазда салқын болады. 5. Қазақ халқы киіз үйді әсем безендірген. 6. Киіз үйдің ішінде ағаш төсек, шымылдық, сандық және тағы басқа бұйымдар болады. 7. Туған-туыс, көрші-көлемдер жиналып, киіз үйді құруға көмектесті. 8. Ауылдың ер азаматтары киіз үйді жығып берді. 9. «Сымбат» сән орталығы киіз үй жабдықтарын бір аптада тігіп берді. 10. Бізге сәулетшілер сәулет өнері туралы айтып берді. 11. Бізге «Сәулет өнері және киіз үй жабдықтары» туралы сабақ түсіндірді. 12. Кеше студенттер киіз үйдің құрылысы туралы бейнеролик түсірді.

**7-тапсырма.** «Қазақстанның сәулет өнері және киіз үй» мәтінінен сұрау мәнді құрылымдарды пайдалана отырып, бірнеше сөйлем құраңыз.

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- 3) \_\_\_\_\_
- 4) \_\_\_\_\_
- 5) \_\_\_\_\_

**8-тапсырма.** Берілген сұрақтар бойынша киіз үй жабдықтарын жазып шығыңыз.

1. Киіз үйдің есігі не деп аталады?
2. Шаңырақты жабатын киіз қалай аталады?
3. Киіз үйдің есігі қалай аталады?
4. Ең бірінші киіз үйдің несі құрылады?
5. Керегені жабатын киіз қалай аталады?
6. Уықты жабатын киіз не деп аталады?
7. Киіз үйдің ағаш сүйегіне нелер жатады?
8. Киіз үйдің киіз жабдығының атауларын білесіз бе?
9. Шаңырақ пен керегені бекітетін ағаш қалай аталады?
10. Үйдің уық қадайтын дөңгелек шеңберінің атауы не?

**9-тапсырма.** Төменде берілген ойға пікір білдіріңіз (қолдау, қарсылық білдіру, дәлелдеу).

Киіз үй – қазақтың өз өміріндегі ұстанар салты мен дәстүрінің де таңбасы, белгісі. Оның дүниетанымының, сан ғасырлық

мәдениетінің жарқын айғағы. Өйткені қазақ халқының салт-дәстүрінің көпшілігі осы киіз үйге байланысты. Киіз үй, ең алдымен, оның иесінің байлығын, тұрмыс жайын білдіреді. Оның екі, үш қанаттан бастап он екі, он сегіз, отыз қанатқа дейін жететін түрлері болған. Ал киіз үйдің керегесінің басы 70-тен 360-қа дейін барады. Ауқатты қазақтардың киіз үйлері үлкен және өте бай жиһазды өрнектермен безендіріледі. Оларды *ақ орда*, *алтын орда*, *алтын үзік* деп атаған. Одан басқа киіз үйлердің *алты қанат ақ боз*, *қоңыр үй*, *қара лашық*, *күрке отау*, *итарқа*, т.б. атаулары бар.

**10-тапсырма.** Кестені пайдаланып, мәтін құрастырыңыз.

<b>Киіз үйдің құрылысы</b>	Ағаш сүйектері: кереге, шаңырақ, уық, сықырлауық. Киіз жабдықтары: туырлық, үзік, түндік, киіз есік.
<b>Ырым-тыйымдар</b>	Шаңырақты еш уақытта төңкеруге және жерге тастауға болмайды. Киіз үйді айналма. Киіз үйге оң аяқпен кіру керек. Табалдырықта тұруға болмайды. Бақанды жерге тастама.
<b>Бата-тілектер</b>	Шаңырағың биік болсын! Шаңырағың тек шаттыққа толсын! Шаңырағың шайқалмасын! Босағасы берік болсын! Керегесі кең болсын!

**11-тапсырма.** Досыңызға қазақтың «киіз үйі» туралы қалай түсіндіресіз?

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_



**12-тапсырма.** «Сәулет өнерінің құндылығы неде?» тақырыбына эссе жазыңыз.

**13-тапсырма.** Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жана ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 7-САБАҚ

### КИНО ӨНЕРІ МЕН ТЕАТР ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫ МЕНШІК МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

**1-тапсырма.** Мына сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлемдер құраңыз.

Көркем фильм, дара өнер, деректі фильм, ғылыми-көпшілік, көрініс, көрермен, жарнамалық кино өндірісі, көпшілік қауым, өнердің бір саласы, әдеби шығарма желісі, шеберлік, қыруар қаржы, мамандар, көркемдеу тәсілдері.

**2-тапсырма.** Оқыңыз. Талдаңыз.



Кино өнері – өнердің бір саласы, кинематографияның техникалық негізде қалыптасқан көркем шығармашылық түрі. Фильмді жасауға әр алуан мамандықтағы шығармашылық қызметкерлер қатысады. Фильм жасауда кинорежиссер жетекші рөл атқарады. Сондай-ақ фильм жасау ісіне техника саласындағы мамандар да өз үлестерін қосады.

Кино өнері – өзіне тән мәнерлеу амалдары, көркемдеу тәсілдері, эстетикалық заңдары мен шығармашылық дәстүрлері бар дара өнер. Көріністі әр тұстан қамти бейнелеу, адам өмірі мен табиғат құбылыстарын нанымды көрсете алу, сондай-ақ кадрларды үйлестіре құрау тәсілінің тиімділігі кино өнерінің ақпараттық мүмкіндігін кеңейте түсуде. Фильмді бірден миллиондаған адамдар көреді. Көрермендер білімін толықтырып,

эстетикалық ләззат алады, тәлім-тәрбие – жақсыдан өнеге, жаманнан сабақ алады.

Кино, негізінен, 4 салаға бөлінеді: көркем фильм, деректі, мультипликациялық және ғылыми-көпшілік кино. Көркем фильм – кино өнерінің негізгі және кең таралған түрі. Ол әдеби шығарма желісі немесе арнайы жазылған сценарий бойынша актерлардың қатысуымен жасалады. Деректі киноға тарихта, өмірде болған мәні зор оқиғаларды баяндайтын фильмдер мен киножурналдар жатады. Мультипликациялық кино суреттер мен қуыршақтарға қимыл бере отырып жасалады. Ғылыми-көпшілік кино – жұртшылыққа жаратылыс пен әлеуметтік құбылыстарды ұғындыратын, өнер сырларымен таныстыратын фильмдер жиынтығы. Қазіргі заманда жарнамалық кино өндірісі кең тарап отыр. Сондай-ақ кино тарихында жалпы халыққа арналған фильмдермен қатар, эксперименттік фильмдер де түсіріледі. Фильм жасау, оны көпшілік қауымға көрсету ісі шебер техниканы, қыруар қаржыны талап етеді. Әсіресе, фильм түсіру, жасау әрі оның көшірмелерін көбейтіп, басып шығару – аса күрделі үрдіс. Монтаждау – шығарманың бар істелген жұмысын тиянақтайтын кезең. Бұл үрдіс кезінде монтаждалатын кадрлардың ұзындығы (метражы) белгіленеді. Соның нәтижесінде фильмдегі оқиғаның логикалық жүйесі анықталады.

Қазақ жерінде алғашқы хроникалық фильмдер 1928 жылдан түсіріле бастады. Сол жылы РСФСР Халық Комиссарлары Советі жанынан «Востокфильм» киноқоғамы құрылды. 1929 жылы Алматыда қоғамның өндірістік бөлімі ашылды да, ол Қазақстанның өмір-тұрмысы туралы «Соңғы хабар» атты киножурнал шығарып тұрды. Режиссер В.А. Турин Түркістан-Сібір Теміржол магистралі жайлы «Турксиб» атты деректі фильм қойды. 1930-32 жылдары қазақ өмірінен «Дала әндері», «Жұт», «Қаратау қазынасы» фильмдері қойылды.

Шәкен Айманов атындағы киностудия Алматы кинохроника студиясы (1934) базасы негізінде құрылды. «Қазақфильм» киностудиясының қалыптасып, өркен жайып, өсуіне Ш. Аймановтың қосқан үлесі мол. Ол осы киностудияның 1953 жылдан 1970 жылға дейін көркемдік жетекшісі болды. Қазақ киностудиясы алғашқы ұйымдасқан кезінен бастап 100-ден астам көр-

кем фильм және 500-дей деректі фильм шығарды. Бұл фильмдер тақырыбы жағынан әр алуан.

Қазақтың кино өнері тарихында Жұмат Шанин, Шәкен Айманов, Әмина Өмірзақова, Асанәлі Әшімов және т.б. кино актерларының есімдері ерекше зор құрметпен аталады.

**3-тапсырма.** Сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап беріп, топ болып талқылаңыз.

1. Кино өнері қандай өнер?
2. Фильмді кімдер жасайды?
3. Кино қанша салаға бөлінеді?
4. Киностудиядан қандай фильмдер жарық көрді?
5. «Қазақфильм» киностудиясы қай жылы құрылды?
6. Қазақтың кино өнері тарихындағы танымал тұлғаларды атаңыз.

**4-тапсырма.** Мәтін бойынша төмендегі сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Кино өнері – ... . 2. Фильм жасауда ... жетекші рөл атқарады. 3. Фильмді бірден миллиондаған ... көреді. 4. Көрермендер білімін толықтырып, эстетикалық ләззат алады, ..., жаманнан сабақ алады. 5. ... негізінен, 4 салаға бөлінеді: көркем фильм, деректі, мультипликациялық және ғылыми-көпшілік кино. 6. ... – кино өнерінің негізгі және кең таралған түрі. 7. Ол ... немесе арнайы жазылған сценарий бойынша актерлардың қатысуымен жасалады. 8. ... тарихта, өмірде болған мәні зор оқиғаларды баяндайтын фильмдер мен киножурналдар жатады. 9. ... суреттер мен қуыршақтарға қимыл бере отырып жасалады. 10. ... – жұртшылыққа жаратылыс пен әлеуметтік құбылыстарды ұғындыратын, өнер сырларымен таныстыратын фильмдер жиынтығы.

**5-тапсырма.** Төменде берілген ойға пікір білдіріңіз (қолдау, қарсылық білдіру, дәлелдеу).

Өнер – көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы. Өнер – өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында алмай, өзгертіп, түр-

лендіріп, көркем образдарды типтендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс. Оны қоғамдық сананың өзге формаларынан даралайтын белгісі де адамның шындыққа деген эстетикалық қатынасы болып табылады. Өнердің мақсаты – дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру. Көркем шығарманың бел ортасында нақты бір тарихи жағдайда алынған жеке адам тағдыры, адамдардың қоғамдық қатынастары мен қызметтері тұрады. Олар суреткер қиялы арқылы өңделіп, көркем образдар түрінде беріледі.

**6-тапсырма.** Төмендегі сұрақтар төңірегінде пікір алма-сыңыз.

1. Кинодан қандай тәлім-тәрбие алуға болады?
2. Саған отандық кино ұнай ма, әлде шетелдік кино ұнай ма?
3. Қазіргі қазақстандық кинолар туралы пікірің қандай?
4. Отандық киноның мәртебесін қалай көтеруге болады?

**7-тапсырма.** Төменде берілген ойды дамытып баяндаңыз.

1. Кинотану – өнертану ғылымының .....
2. Кинотанудың негізгі бөлімдері – .....
3. Кинотанудың ерекше тарауы ретінде .....
4. Кино теориясы киноның негізгі ұстанымын, табиғатын .....
5. Кино теориясы әлем кинематографиясының тәжірибесімен бірге .....

**8-тапсырма.** Өзіңізге ұнаған бір көркем фильмге пікір жазыңыз.

#### МЕНШІК МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

**Ілік септігі** меншіктілікті, иеленуді, қатыстықты білдіреді. Ілік септігінің қосымшасы жалғанғанда пайда болатын меншіктілік мағынаның бірнеше түрі бар:

а) туыстық қарым-қатынас және меншіктілік: *әкемнің үйі, менің Отаным, баланың әкесі, әкенің баласы, т.б.;*

ә) органикалық, табиғи меншіктілік: *сүттің қаймағы, шоқтың шаласы, жусанның иісі, мұнайдың қалдығы, т.б.*;

б) бүтіннің бөлшегі: *екінің бірі, кітаптың жартысы, үйдің жартысы, т.б.*;

в) сапалық меншіктілік, бір қасиетінің ерекшелігі: *қыздың сұлуы, иттің алғыры, жомарттың жомарты, сараңның сараңы, қызықтың қызығы, т.б.* (Исаев, 1998).

Жасырын жалғаулы ілік септікті қатынастағы сөз тіркестері көбінесе терминдерді, тұрақты тіркестерді жасауға қатысады. Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының байланысы нәтижесінде **изафеттік құрылым** жасалады. Ілік септігі де, тәуелділік жалғауы да ашық көрінетін құрылым **ІІ изафеттік конструкция** деп аталады: *даланың ұлы, ауылдың малы*, т.б. Егер ілік септігі тұлғасынсыз құрылым болса, оны **ІІІ изафет** деп атайды: *дала ұлы, ауыл малы*, т.б. Ал ілік және тәуелдік жалғауларының қатысынсыз екі зат есімнің тіркесуі арқылы жасалса, **І изафет конструкциясы** болып табылады: *алтын сағат, қола жұлде, шайы орамал, қол орамал*, т.б.

Ілік септігіндегі сөздерден соң шылау тіркеседі.

**9-тапсырма.** Төменде берілген сөйлемдерді меншік мәнді сөйлемге айналдырыңыз.

1. Кино өнері – өнердің бір саласы, көркем шығармашылық түрі. 2. Фильмді жасауға әр алуан мамандықтағы шығармашылық қызметкерлер қатысады. 3. Фильм жасауда кинорежиссер жетекші рөл атқарады. 4. Фильм жасау ісіне техника саласындағы мамандар өз үлесін қосады. 5. Көрермендер білімін толықтырып, эстетикалық ләззат алады, тәлім-тәрбие – жақсыдан өнеге, жаманнан сабақ алады.

**10-тапсырма.** Көп нүктенің орнына меншік мәнді білдіретін қосымшаны қойыңыз.

1. Бүгін «Алмас қылыш» фильмі... режиссер... мемлекеттік сыйлық алды. 2. Бұл қойылыммен театр... сахна ... ашқан еді. 3. Менің өнер... өмірімнің бір бөлігі. 4. Олар... жатақхана... театр... жан...нда орналасқан. 5. Алғашқы қазақ... өнерпаз... іш...нде өнер майталмандары көп болды. 6. ... шығармаң өз бағасын алды.

**11-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтіннен меншік мәнді құрылымдарды пайдалана отырып, бірнеше сөйлем құраңыз.

1) \_\_\_\_\_

- 2) \_\_\_\_\_  
3) \_\_\_\_\_

**12-тапсырма.** Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазыңыз.

### Қазақ театр өнерінің дамуы

Қазақстан аумағында алғашқы театрлар ХІХ ғасырдың екінші жартысында құрыла бастады. Оралдағы көпестердің орыс труппасы, Тараздағы гарнизон әскерлері мен офицерлер труппасы, Семейдегі музыка мен драматургиялық өнер сүйушілер қоғамы қазақ әуесқой театрының дамуына бастама болды.



Театрлық үрдістің жедел дамуы қазан төңкерісінен кейін ерекше күш алды. 1918-1924 жылдар аралығында Ақмола, Тараз, Көкшетау, Түркістан, Шымкент, Қостанай қалаларында жаңа труппалар құрылып, Ж. Аймауытовтың, М. Әуезовтің, М. Дулатовтың, Б. Майлинның, С. Сейфуллиннің пьесаларын сахнаға шығарды.

Қазақтың М. Әуезов атындағы академиялық драма театры 1925 жылдың аяғында ұйымдасты. 1926 жылы 13 қаңтарда М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясымен тұңғыш театр шымылдығы ашылды.

1928 жылы бұл театр Қызылорда қаласынан жаңа астана – Алматыға қоныс аударып, театрдың шығармашылық құрамында К. Байсейтова, Ж. Елебеков, Ш. Жиенкүлова сияқты өнер майталмандары өнер көрсетті. Қазақ драма театрынан 1934 жылы қазақтың опера және балет театры бөлініп шықты. 1937 жылы театрға «академиялық» атағы берілді.

1960-1990 жылдар қазақ театрындағы шығармашылық ізденістердің жарқын кезеңі болып саналады. М. Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театры сахнасында қойылған

қойылымдар театрдың алтын қорына енді. Олардың ішінде Х. Бөкеева мен Ш. Айманов ойнаған У. Шекспирдің «Асауға тұсауы», Толғанай ролінде С. Майқанова ойнаған Ш. Айтматовтың «Ана – Жер-Анасы», басты рөлдерде А. Әшімов, Ф. Шәріпова және Ы. Ноғайбаев ойнаған Ә. Нүрпейісовтің «Қан мен тері» (реж. А. Мәмбетов) ерекше орын алады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдары театр репертуары жаңа бағытты ұстанды. Сахнада «Абылайхан» (Ә. Кекілбаев, реж. Б. Атабаев), «Абылайханның ақырғы күндері» (автор әрі реж. М. Байсеркенов), «Қилы заман» (М. Әуезов, Н. Оразалин, реж. Ә. Рахимов), «Махаббат дастаны» (Ғ. Мүсірепов, реж. Қ. Сүгірбеков), «Шолпанның күнәсі» (М. Жұмабаев-Ә. Тарази, реж. Қ. Сүгірбеков), «Турандот ханшайым» (К. Гоцци, реж. Т. әл-Тарази) шығармалары қойылды.

### ***13-тапсырма. Сұрақтарды топ болып талқылаңыз.***

1. Театр деген не?
2. Театр ең алғаш қайда ашылған?
3. Қазақ театр өнері неге негізделген?
4. Қазақ драма театры қашан ашылды?
5. Қазақстандағы қандай театрларды білесіз?
6. Театрдағы қандай қойылымды көрдіңіз?
7. Есіңізде қалған қойылымнан үзінді келтіріңіз.

### ***14-тапсырма. Берілген нақыл сөздерді пайдаланып, сұхбат құрыңыз.***

Театр – тірі тарих.

Тарихта ізі қалған дара тұлғалармен кездесудің киелі орны – театр сахнасы.

Театр көрінгеннің ермегі емес – еңбек.

Театр – көңіл көтерудің ғана орны емес, мәдени ошақ.

Театр – талантты тұлғаларды бір арнада тоғыстыратын киелі шаңырақ.

### ***15-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып, меншік мәнді сөйлемге айналдырыңыз.***

Біз театрмен есейдік, студенттік жылдары осы театрға келіп, корифейлердің ойынын көріп, сұхбат құрып, мақала жазуды



бақыт санадық. Әлі де орайы келсе, жаңа қойылымдардан қалмауға тырысамын, әр спектакль – жаңа таным, жаңа резонанс. Театр туралы жиі жазу, актерлармен, суретшілермен, драматургтармен жиі әңгімелесу журналистерді өсіреді. «Алматы ақшамы» газеті театрдың әр жаңалығына атсалысып, жариялап тұрады.

**16-тапсырма.** М. Әуезов атындағы драмалық театрда тамашалаған қойылым сюжетін пайдалана отырып, кестені толтырыңыз.

№	Қойылым аты және авторы	Кейіпкерлері	Оқиғаның өрбуі	Менің көзқарасым
1.	«Жаужүрек» авт. Д. Исабеков			
2.	«Ақтастағы Ахико» авт. М. Омарова			
3.	«Тендерге түскен келіншек» авт. М. Сәрсекке			
4.	«Бейбарыс Сұлтан» авт. Р. Отарбаев			

**17-тапсырма.** «Маған ұнаған сахналық қойылым» тақырыбына эссе жазыңыз.


**18-тапсырма.** Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 8-САБАҚ

### «БАЙҚОҢЫР» ҒАРЫШ АЙЛАҒЫ МЕКЕН МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

**1-тапсырма.** Берілген тақырып бойынша кластерді толықтырыңыз, әр бөлікке түсіндірме беріңіз.



**2-тапсырма. Оқыңыз. Талдаңыз.**

1. «Мен адамға өзіңе сен деймін! Сенің қолыңнан бәрі келеді! Сен тылсым дүниенің бар сырын танып, табиғат байлығының қожасы бола аласың. Сен қырансың, ұша аласың. Самғай бер! Ұша біл! Сен бақытты, қуатты әрі еркін боласың...»

*(К.Э. Циолковский)*

2. «Табиғат пен адам! Өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, олардан құпия не бар? Осы айтылғандарды құрмет тұту адам баласына байлық пен бақыт, құт әкеледі».

*(Шоқан Уәлиханов)*

**3-тапсырма. Сұхбат құрыңыз.**

1. К.Э. Циолковский адамға қандай сенім артады?

2. Шоқан Уәлиханов адам баласына табиғатты құрмет тұту туралы қалай түсіндіреді?

**4-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.**

Ғарыш, ғарыш айлағы, зымыран, ғарышкер, ұшу, ғарыш кемесі, ұшыру кешендері, сынақ, тіршілік иелері, зиянды қалдықтар, ғаламшар, күн жүйесі, улы заттар.

**5-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Талдаңыз.**

«Байқоңыр» – дүниежүзінде тұңғыш рет салынған ірі ғарыш айлағы. «Байқоңыр» ғарыш айлағы Қазақстан Республикасының оңтүстік-батыс бөлігінде, Қызылорда облысында, жалпы көлемі 6,7 мың шаршы шақырым жерді алып жатыр.



«Байқоңыр» құрылысы 1955 жылдан басталды. Кейін айлақ маңында кең көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізуге қажетті көптеген есептеу орталықтары, ұшыру кешендері салынды.

«Байқоңырдан» Күннің, Айдың, Шолпанның алғашқы жасанды серіктері, «Восток», «Восход», «Союз», «Прогресс» ғарыш кемелері ұшырылды. Ғарышқа ұшқан ең алғашқы тіршілік иесі – Лайка атты ит еді. 1957 жылдың 3 қарашасында ғарышқа салмағы алты келі, жасы екі жастан асқан Лайканы Мәскеу уақытымен таңғы алты жарымда Кеңес Одағының «Спутник-2» атты кемесімен ғарышқа аттандырып жіберді. Ғарыш кемесі ұшырылғаннан кейін, шамамен 5-6 сағаттан соң Лайка температураның күрт артуынан өліп қалған. Сынақты ұйымдастырушылар о бастан-ақ Лайканың жерге қайтуын күткен жоқ. Олардың жоспарлауынша, Лайка ғарышта бір аптаға жуық уақыт өмір сүруі керек болатын. Мұнан кейін, 1960 жылдың 20 тамызында Белка және Стрелка атты иттер ұшты. Бұл екеуі ғарыштан жер бетіне аман-есен оралған ең алғашқы тіршілік иелері болып есептеледі. Олар жер бетіне оралған соң, аттары аңызға айналып, сапардан ешқандай жамандық көрмей,

баяғыша өмір сүре берді. Тіпті бірнеше айдан кейін Стрелка дүниеге дені сау алты күшікті алып келді.

1961 жылы 12 сәуірде «Байқоңырдан» Жердің алғашқы жасанды серігі, адамзат тарихындағы тұңғыш ғарышкер Юрий Гагарин «Восток» ғарыш кемесімен ғарышқа ұшты. Ол Жерді айналып ұшып, 1 сағат 48 минуттан кейін Жерге қайта қонды. Сондай-ақ «Байқоңырдан» қазақтың Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов секілді ғарышкерлері ұшып, есімдері Қазақстан тарихы беттеріне алтын әріптермен жазылды. Тоқтар Әубәкіров – қазақтың тұңғыш ғарышкері, Талғат Мұсабаев – Тәуелсіз Қазақстаннан шыққан тұңғыш ғарышкер, ал Айдын Айымбетов – ғарышты бағындырған Қазақстанның тұңғыш азаматы. Күн жүйесіндегі ғаламшарларды зерттеу мақсатында «Байқоңырдан» автоматты ғаламшараралық кемелер ұшырылды. Олар Айдан топырақ алып, Марс пен Шолпан сияқты планеталарды зерттеді.

Ал қазіргі уақытта жерді айнала жүздеген Жердің жасанды серіктері ұшып жүр. Олар арқылы радио мен теледидар хабарлары тез арада дүниежүзіне таратылады. Жердің жасанды серіктері арқылы ауарайын дұрыс және дәл болжауға мүмкіндік туды. Теңізде жүзген кемелер мен ұшақтар бағытын бұрын жұлдыздарға немесе Күн мен Айға қарап болжайтын болса, қазір бұл Жердің жасанды серіктерінің көмегімен жүзеге асады.

*(Баспасөз материалдарынан ықшамдалып алынды)*

**6-тапсырма. Сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап беріп, топ болып талқылаңыз.**

1. «Байқоңыр» айлағы қашан салына бастаған?
2. Ол дүниежүзіндегі тұңғыш айлақ па?
3. Айлақтың маңында қандай құрылыстар салынған?
4. «Байқоңырдан» қандай ғарыш кемелері ұшырылды?
5. Ғарышқа ұшқан тіршілік иесі туралы не білесіз?
6. Ең алғаш болып ұшқан адам баласы кім еді?

**7-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. «Байқоңыр» – дүниежүзінде тұңғыш рет салынған ... .
2. «Байқоңыр» құрылысы ... . 3. «Байқоңырдан» Күннің, Айдың, Шолпанның алғашқы жасанды серіктері, ... . 4. Ғарышқа ұшқан

ең алғашқы тіршілік иесі – ... . 5. Ғарыш кемесі ұшырылғаннан кейін, ... Сынақты ұйымдастырушылар ... . 6. 1960 жылдың 20 тамызында Белка және Стрелка атты ... . 7. Олар жер бетіне оралған соң, аттары аңызға айналып, ... . 8. 1961 жылы 12 сәуірде «Байқоңырдан» Жердің алғашқы жасанды серігі, ... . 9. «Байқоңырдан» қазақтың Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов секілді ғарышкерлері ұшып, ... .

### **8-тапсырма. Төменде берілген ойды дамытып, баяндаңыз.**

1. «Байқоңыр» – дүниежүзінде ... .
2. Ол ғарышта бірінші рет 1994 жылдың ... .
3. «Байқоңырдан» Жердің алғашқы жасанды серігі, ... .
4. Күн жүйесіндегі ғаламшарларды зерттеу мақсатында көптеген ... .
5. Айлақ маңында кең көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізуге қажетті автоматты ... .
6. Ресейде Ю.А. Гагарин атындағы ғарышкерлерді даярлау орталығында ... .

### **МЕКЕН МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР**

Жеке тұрғанда лексикалық мағынасы жоқ, үнемі тәуелдік жалғауында тұрып, ілік септікті сөзбен тіркесіп қана мағына беретін сөздер **көмекші есімдер** деп аталады.

Мысалы, кемеңің **алды**, өзеннің **бойы**, айлақтың **маңы**, саябақтың **жаны**, т.б. Көмекші есімдерге *барыс, жатыс, шығыс септік* жалғаулары жалғанып, олар бағыт, **мекен мәнінде** қолданылады.

- «Байқоңырдың» **маңында** үлкен өзен бар.
  - Бізді Ғарыш айлағының **алдында** күтіп тұрды.
  - Ғарышкерлермен ғарыш айлағының **жанында** кездестік.
  - Қаланың **ішінде** тұрмысқа қажетті заттардың барлығы бар.
- Тәуелдеудің III жағындағы көмекші есімдер:

үсті –	қасы –	сырты –
асты –	арты –	шеті –
алды –	іші –	ортасы –
жағы –	басы –	төбесі –
жаны, маңы –	арасы –	беті –

**Мекен үстеуі**, кимылдың, іс-әрекеттің болу орнын, бағытын білдіріп, қайда? қайдан? деген сұрақтарға жауап береді. Мекен үстеулері де негізінен етістікпен тіркеседі. Мысалы, *ілгері жүр, жоғары тартты, төмен түсті, алды-артынан орады, ары-бері жүрді, жолшыбай ала кетті*, т.б.

Мекен үстеулері де құрамы жағынан негізгі я туынды түбір немесе күрделі түбір бола береді.

**9-тапсырма.** Берілген сөйлемдерден мекен мәнді құрылымды табыңыз.

1. «Байқоңыр» маңында кең көлемді зерттеу жұмыстары жүргізілді. 2. Ғарыш айлағының жанынан есептеу пункттері, ұшыру кешендері салынды. 3. Ғарыш кемесі ішіндегі температура күрт төмендеген. 4. Кеме сыртынан бақылау жүргізіп отырды. 5. Арал аймағы маңында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. 7. Қазіргі уақытта жердің үстін айнала жүздеген Жердің жасанды серіктері ұшып жүр. 8. Ғарыш кемесінің ішінде қазақтың ұлттық киімдері мен тағамдарын дәріптеген.

**10-тапсырма.** Мына сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, мекен мәнді құрылымды білдіретін сөйлемдер құрастырыңыз.

Ғарыш айлағы, ғарыш кемесі, ұшыру кешендері, сынақ, тіршілік иелері, зиянды қалдықтары, ғаламшар, күн жүйесі, улы заттар, жасанды серіктер.

**11-тапсырма.** Мекен мәніндегі көмекші есімдер арқылы «Байқоңыр» ғарыш айлағында орналасқан ғимараттарды таныстырыңыз.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_

**12-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз, мекен мәнді құрылымды табыңыз да, оларға сұрақ қойыңыз. Қандай тұлғада тұрғанын анықтаңыз.

### Қазақтың тұңғыш ғарышкерлері

Үш қыранға да ғарыш кеңістігін игеруге сіңірген аса зор еңбегі, ғарышқа ұшу кезінде көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін «Халық қаһарманы» атағы берілген. Сонымен қатар 1988 жылы 31 қазанда авиация саласындағы ерен еңбегі үшін Тоқтар Әубәкіровке «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілген. Әлемнің 256-ғарышкері Тоқтар Әубәкіров – бірнеше рет рекорд орнатып, Гиннестің рекордтар кітабына да енген тұңғыш қазақ ғарышкері.

**Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров** 1946 жылы Қаранды облысының Қарқаралы ауданында өмірге келген. Ресей Федерациясындағы Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін (1969), авиация институтын бітірген (1979). 1969-1975 жылдары



Әскери-әуе күштерінде ұшқыш, звено командирі, эскадрилья командирінің орынбасары болды. 1976-1992 жылдары Мәскеудегі Тәжірибелік конструкторлық кеңестің ұшқыш-сынақшысы міндеттерін атқарды. Ол реактивті ұшақтың елуден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1991 жылы 2 қазанда «Байқоңырдан» «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Онда ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Тоқтар Әубәкіров ғарышта 7 күн 22 сағат 13 минут, Талғат Мұсабаев 341 күн 9 сағат 48 минут, ал Айдын Айымбетов 9 күн 20 сағат 13 минут болған.

**Талғат Амангелдіұлы Мұсабаев** 1951 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы ауылында дүниеге келген. 1974 жылы Рига азаматтық авиация инженерлері институтын бітірген, инженер. 1984 жылы Алматы әуе клубында оқу бітірген. Ал, 1986 жылы ұшқыш даярлау курсы бітіріп, азаматтық авиациясының пилоты деген куәлігін алған. 1990 жылдан ғарышқа ұшуға дайындалды. 1991 жылы «ғарышкер-сынақшы» біліктілігін алып шығады. Ол ғарышта бірінші рет, 1994 жылдың 1 маусымынан 4 қарашасына дейін «Союз ТМ» ғарыш кемесімен 126 күн болған. 1998 жылы ғарышқа 2-рет ұшқанда («Союз ТМ-27») 208 күнін өткізген. Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұшқыш-ғарышкері. 2000 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап, техника ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды. Ол гимнастика және ұшақ спорты бойынша КСРО спорт шебері, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы.

**Айдын Айымбетов** – ғарышқа ұшқан тұңғыш Қазақстан азаматы. Ол ғарышта жалпы есебі 10 тәулікке жуық уақыт бо-

лып, қазақстандық ғылым үшін бірқатар сынақ жүргізіп, соның ішінде радиацияның миға әсерін зерттеген. Сонымен қатар ғарыш кемесі Жерді қалай тез айналып ұшып бара жатқанын да таспаға түсіріп үлгеріпті. «1 секундта Жердің үстіндегі 1,66 шақырымға шақ келетін қашықтықты ұшып өтемін. Мен оқтан 10 есе жылдам ұшып барамын. Ұшу биіктігі – 402 шақырым», – деп жазған. Айдын Айымбетов – ғарышта қазақтың ұлттық киімдері мен тағамдарын дәріптеген тұлға. Бұған оның ғарышқа сапары барысында Твиттер әлеуметтік желісінде жариялаған жазбалары куә болады. Айдын Ақанұлы Айымбетов – Қазақстан Халық Батыры, Қазақстан ӘӘК (ВВС) полковнигі. Ол 1972 жылы 27 шілдеде Алматы облысының Талдықорған қаласында дүниеге келген. 1993 жылдың мамыр айынан бері Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің қатарында әртүрлі қызметте болды. Ол 470 сағат әуеде ұшып, парашютпен 360 рет секірген. 2003-2009 жылдары Ресейде Ю.А. Гагарин атындағы ғарышкерлерді даярлау орталығында жалпы ғарыштық даярлықтан өткен. 2009-2014 жылдары ғарыш қызметін дамыту бойынша түрлі жұмыстар атқарды. 2015 жылы 2 қыркүйекте бортинженер ретінде «Союз ТМА-18М» кемесінде халықаралық ғарыш станциясына ұшты. Он күнге созылған сапар барысында ол бірқатар физикалық-ғарыштық эксперименттер мен Арал және Каспий теңіздерінің экологиясына мониторинг жүргізіп, шаңды дауылды зерттеді.

### ***13-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.***

1. Ғарышкер қандай болуы керек?
2. Қазақтың тұңғыш ғарышкері кім?
3. Қазақ еліндегі ғарышкерлер мекені қай жер?
4. Ғарышкерлер қандай жұмыстармен айналысады?
5. Ғарышкер мен ұшқыштың айырмашылығы неде?

### ***14-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыз.***

1. ... «Халық қаһарманы» атағы берілген. 2. 1988 жылы 31 қазанда авиация саласындағы ерен еңбегі үшін Тоқтар Әубәкіровка ... атағы берілген. 3. Ресей Федерациясындағы Армавир ... . 4. Ол ... елуден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 4. Талғат



Мұсабаев ғарышта бірінші рет 1994 жылдың 1 маусымынан 4 қарашасына дейін ... 5. 1998 ж. ғарышқа ... 208 күн ғарышта өткізген. 6. Айдын Айымбетов – ғарышқа ұшқан ... 7. Ол ғарышта 10 тәулікке жуық уақыт болып, ... соның ішінде радиацияның миға әсерін зерттеген. 8. ... – ғарышта қазақтың ұлттық киімдері мен тағамдарын дәріптеген тұлға.

**15-тапсырма.** Төменде берілген ойға пікір білдіріңіз (қолдау, қарсылық білдіру, дәлелдеу).

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, «Тұлғатану» қоғамдық жобасының жетекшісі Абай Сейфуллаұлы қазақтың қос мақтанышы Тоқтар Әубәкіров пен Айдын Айымбетовтің өмірі мен ғарышқа сапары барысындағы ерекше ұқсастықтарды тізіп, 5 сәйкестікті анықтап берді:

1) Екі батырымыз да бір айда, бір күнде өмірге келген екен. Туған күндері – 27 шілде. Тоқтар Әубәкіров 1946 жылдың, Айдын Айымбетов 1972 жылдың жазында дүние есігін ашқан.

2) Тоқтар Оңғарбайұлы да, Айдын Ақанұлы да – бір оқу орнының, яғни Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесінің түлектері. Тоқтар Әубәкіров 1969 жылы, ал Айдын Айымбетов 1993 жылы оқуды аяқтаған. Арасы – 24 жыл.

3) Тоқтар Әубәкіров ғарышқа 1991 жылы ұшса, Айдын Айымбетов 2015 жылы көкке көтерілді. Арасы – 24 жыл.

4) Қазақтың тұңғыш ғарышкері 2 қазанда, ал Айдын ағамыз 2 қыркүйекте ғарыш сапарына аттанды. Күнтізбеге қарасаңыз, екеуі де аптаның сәрсенбісіне тура келген екен.

5) Соңғы және ең қызық сәйкестік: Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшқандағы командирі – Александр Волков болатын. Ал Айдын Айымбетовтің командирі Александр Волковтың ұлы – Сергей Волков!

**16-тапсырма.** Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, мекен мәніндегі көмекші есімдер арқылы шағын мәтін құрастырыңыз.

Ғарыш, ғарышкер, ғарыш айлағы, ғарыш кемесі, ғарыш кешені, ғарышқа сапар шегу, Жердің жасанды серігі, зымыран, ғаламшар, ғаламшараралық кемелер, зерттеу мақсатында, бой

көтеру, тегістеу, болжау, Күн жүйесі, парасатты, қайрымды, көріпкел, келешек, төбе, төңірек, топырақ.

**17-тапсырма.** «Ғажайып ғарыш әлемі» тақырыбына эссе жазыңыз.

**18-тапсырма.** Мақал-мәтелдерді оқып, мағынасын түсіндіріңіз.

1. Ай жарқырап күн болмас, өтірік жарқырап шын болмас.
2. Ашылатын күн айқұлақтанып батады.
3. Айдың шалқалап туғаны – боран-шашынның болғаны.
4. Үркер суға түссе – құт, жерге түссе – жүт болады.
5. Жұлдыз жиі болса, күн ашық болады.
6. Адассаң, темірқазыққа қара.
7. Құйрықты жұлдыз көрінсе, құт кетеді.
9. Тірліктің жемісі – күнде, тамыры – жерде.
10. Айдың жарығы төңірегіне түседі, өзіне түспейді.


**19-тапсырма.** Сабак бойынша кестені толтырыңыз.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жана ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 9-САБАҚ

### БІЛІМ КІЛТІ – КІТАПТА МЕЗГІЛ ҰҒЫМДАРЫ

**1-тапсырма.** Берілген тақырып бойынша кластерді толықтырыңыз, әр бөлікке түсіндірме беріңіз.





**2-тапсырма.** Оқыңыз. Талдаңыз.

- Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге (*Абай*).
- Кітаппен дос бол, кітаптың жомарт беттері көзінді ашар, адал дос одан жоқ тегі (*Р. Фамзатов*).
- Кітапсыз өткен бір күн – орны толмас бос өткен күн. Көркем әдебиеттерді таңдап оқи білу де үлкен өнер. Ол үшін оқырмандарды жас күнінен бастап өмір бойы оқи білуге баулу керек (*А.И. Маркулеевич*).
- Кітап маған тақтан да қымбат (*Шекспир*).
- Кітап – асып-таспайтын асыл досымыз (*Гюго*).
- Жаксы кітап – ақылды адамның әңгімесімен бірдей (*Толстой*).
- Кітап – ақылды қуаттандыратын құрал (*Каменский*).

### **3-тапсырма. Сұхбат құрыңыз.**

1. Абай Құнанбаев ғылымның негізі кітапта екенін қалай түсіндірді?
2. А.И. Маркулеевич кітапсыз өткен күнді қалай елестетеді?
3. Расул Ғамзатовтың кітапты адал досқа тенеуін қалай түсіндірер едіңіз?
4. Шекспир кітап туралы қандай ой айтты?
5. Гюгоның пайымдауынша кітаптың орны қандай?
6. Каменский кітапқа қандай баға берді?

### **4-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Талдаңыз.**



Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе әдебиет арқылы да жеткен. Кітап – адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік» – деген еді Ғабит Мүсірепов. Кітап таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерді өмір қажетіне жарата білу – әрбір адамның білімін, парасатын айқындайтын алғышарттардың бірі. «Кітап маған тақтан да қымбат», – деп түйіндеген Шекспир. Сол себепті оның орны тақтан да жоғары. Кітап – сенің асып-таспайтын асыл досың. Себебі кітаппен дос болған адамның ойы кең, сөз мәдениеті жоғары, саналы, жан-жақты болып тәрбиеленері сөзсіз. Білімнің көзін ашып, ең алғаш ғылым саласын танытқан, оқытып-үйреткен – кітап. Әр ұлттың, елдің келешегі мен болашағын баян еткен, тарихы мен өткенін жыр еткен де – кітап болатын.

Бүгінде ұмыт болып бара жатқан кітап оқу дәстүрінің адам санасына ғана емес, денсаулығына тигізер оң әсері көп екен. Кітап – адамзаттың рухани азығы. Сондай-ақ ол біздің миымыз

бен көзіміздің жаттығу алаңы сияқты. Оқыған сайын, мидың жұмысы жақсарады. Ал мидың дұрыс жұмыс істеуі адамның ширақ жүруіне оң ықпал ететіні анық. Көзге тигізер әсері – қырағылық пен байқампаздықты арттырады. Рухани жағын алатын болсақ, адамның көкірек көзі ашылып, қоршаған ортаға басқа көзқараспен қарайтын болады. Тура және ауыспалы мағынасында да адамның көп нәрсеге көзі ашылады. Сондай-ақ оқу адамның ойын жинақтауға көмектеседі. Мәселен, адам жан-жағындағы у-шуға қарамастан кітап оқи алады. Демек, ол қандай да бір қиын сәтте бар ынтасын кітапқа аударып, қызықты әңгіме оқыса, ауыр ойлардан айығып, кәдімгідей демалып қалады. Бір сөзбен айтқанда, көп оқу – адамның өзін-өзі дамытуына жол ашады. Орта есеппен алғанда, адам минутына 200-250 сөз, яғни 2 бет оқып шығады екен. Ал әлемдегі адамдардың 5 пайызы өте баяу оқитындықтан, олар минутына 180-220 сөзді ғана оқып үлгереді. Бір қызығы, асықпай оқу барысында адам кітапта жазылған дүниенің 60 пайызын ғана қабылдай алады екен. Жылдам оқығанда, керісінше, туындының 80 пайызын түсінуге мүмкіндік туады. Жылдамдыққа сай ақпарат тез қабылданатын көрінеді. Сондай-ақ зерттеушілер жылдам оқығаннан гөрі, асықпай оқығанда көздің тез талатынын анықтапты. Қарапайым адам бір нүктеге қарағанда 10 әріптік белгіні көруі мүмкін, яғни көзінің көру аумағы бір мезетте 1-2 сөзді қамти алады. Ал жылдам оқитын адамның мүмкіндіктері жоғары. Ол бір зер салғанда 200-500 белгіні, яғни, 33-83 сөзді бір-ақ көре алады екен. Көпшілік жылдам оқу мен асығыстықты шатастырып алады. Асығып оқығанда, адам мәтінді дұрыс түсінбеуі мүмкін. Ал түсініп, түйсініп оқылмайтын болса, оны ғылымда жылдам оқу емес, «қарап шығу» дейді. Мәні мен мазмұнын түсінбей оқып шыққан жылдам оқуға саналмайды.

*(Баспасөз материалдарынан ықшамдалып алынды)*

**5-тапсырма.** Берілген сұрақтарды топ болып талқылап, сұхбат құрыңыз.

1. Кітап адам өмірінде қандай орын алады деп ойлайсыз?
2. Сіз соңғы рет қандай кітап оқыдыңыз?
3. Сізге ерекше ұнаған кітап бар ма?
4. Ол кітап несімен құнды?
5. Қазір жастар қандай кітап оқиды?

### **6-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – ... . 2. Кітап – адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, ... . 3. Кітап таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну ... – ... . 4. Кітап – сенің асып-таспайтын ... . 5. Білімнің көзін ашып, ең алғаш ғылым саласын танытқан, ... . 6. Ұлттың, елдің келешегі мен болашағын баян еткен, тарихы мен өткенін жыр еткен де – ... . 7. Кітап оқу дәстүрінің адам санасына ғана емес, ... . 8. Көзге тигізер әсері – ... .

### **МЕЗГІЛ ҰҒЫМДАРЫ**

Мезгіл немесе уақыт – бұл сөйлеу кезеңі мен іс-әрекет арасындағы қатынастарды анықтайтын грамматикалық форма.

Тұрақты тіркестер сөйлемнің мезгілдік аясын кеңейтуде, тарылтуда, нақтылауда ерекше қызмет атқарады. Қимыл атаулының шындық өмірде жасалуы белгілі бір мезгілге қатысты болады. Мезгіл ұғымын білдіретін тұрақты тіркестер қимылдың жасалу мезгілін дәлме-дәл де, шамамен де, белгілі уақыт арасында да, әртүрлі мезгілді де білдіре алады.

### **Уақыт өлшемдері**

Қас қағым – бір секунд.

Бір минут – 60 секунд.

Бір сағат – 60 минут.

Сүт пісірім – 15-20 минут.

Шай қайнатым – 10-15 минут.

Ас пісірім – 1,5-2 сағат.

Ет асым – 2-3 сағат.

Бір күн – 12 сағат.

Бір тәулік – 24 сағат.

Бір апта – 7 күн.

Бір ай – 30 күн.

Бір жыл – 365 күн.

### **Күн-түн мезгілдерінің атауы**

Таңсәрі – жерге жаңа жарық түскен мезгіл.

Таңертең – таң атқаннан сәскеге дейінгі мезгіл.

Сәске – күн арқан бойы көтерілген мезгіл.

Түс – сағат тілі 11-12-ні көрсеткен мезгіл.

Тал түс – сағат 12 мезгілі.

Қызыл іңір – күн батқанмен, күннің қызылы батыстан әлі жоғала қоймаған мезгіл.

Кеш – күн толық батқан мезгіл.

Ақшам – қас қарайып, шам жағар мезгіл.

Іңір – алғашқы түн.

Жарым түн – түннің ортасы.

Түн – қас қарайғаннан таң атқанға дейінгі мезгіл.

**7-тапсырма. Мезгіл ұғымдарына сөйлем құраңыз.**

Таңсәріде \_\_\_\_\_

Таңертең \_\_\_\_\_

Түсте \_\_\_\_\_

Түстен кейін \_\_\_\_\_

Сәскеде \_\_\_\_\_

Ымыртта \_\_\_\_\_

Кешке \_\_\_\_\_

Іңірде \_\_\_\_\_

Түн ортасында \_\_\_\_\_

**8-тапсырма. Мәгіннен уақыт, мерзімді білдіретін құрылымдарды табыңыз.**

«Артық білім кітапта», «Жақсы кітап – жан азығы», «Кітап – алтын қазына» деп айтып жатамыз. Онда осы кітаптар біздің заманымызға қалай жетті? Алғашқы кезде осыдан әлдеқашан, мың жылдықтар бұрын кітаптар қыштан жасалған, жұмсақ балшықтарды кептіріп, бетіне үшкір таяқпен таңба түсіріп, отқа күйдіріп, қыш жасаған. Одан келе Қытайда бамбуктың жұқа таяқшаларына жазған. Одан қалса, тастарға қашап таңбалар жазған. Кітап жазуға арналған материалдардың және бір түрі аң, жануарлардың терісінен әзірленіп жасалынған. Оны пергамент деп атаған. Кейіннен кездемелерге жазу жазып, кітаптар ретінде пайдаланған. Жоғарыдағылардың барлығы алып жүруге қолайсыз, көлемі жағынан үлкен болған. XIII ғасырда Еуропада кітап шығарудың негізі – қағаз пайда болды. Кітап қазіргі күйге жету үшін қаншама заман, ғасыр артта қалды. Осындай еңбектің нәтижесінде біздің қолымыздағы кітаптар алып жүруге қолайлы, жеңіл, ықшамды. Сол үшін кітаптардың қадір-қасиетін бағалай білейік, күтіп ұстайық.

Кітапхана – кітаптар қоры. Кітапханадан өзімізге керектің барлығын аламыз. Кітап арқылы адамзат ақыл-ойының інжу-маржанын бойына жинайды да, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Кітапсыз – адам өмірі бос. Кітап біздің досымыз ғана емес, сонымен бірге біздің тұрақты, мәңгілік сенімді серігіміз.

**9-тапсырма. Мына берілген уақыт өлшемдерінің мағынасын ашып, түсіндіріңіз.**

1) Ай туғанда.....

- 2) Алғаш қар жауғанда .....
- 3) Күн батарда.....
- 4) Күн төбеге көтерілгенде.....
- 5) Қансонарда.....
- 6) Таң бозарып атқанда.....

**10-тапсырма.** Қазақша тәулік атауларын пайдаланып, мәтін мазмұны бойынша сөйлемдер құрастырыңыз.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_

**11-тапсырма.** Мына төмендегі мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді оқып, мағынасын түсіндіріңіз.

1. Кітап – алтын қазына.
2. Кітап – білім бұлағы,  
Білім – өнер шырағы.
3. Кітап – ғалым, тілсіз мұғалім.
4. Кітап – қаймақ, білім – оймақ.
5. Күш – білімде, білім – кітапта.
6. Наданмен дос болғанша,  
Кітаппен дос бол.
7. Кітап – оқығандікі, білім – тоқығандікі.
8. Кітап көзі жұмыққа арзан, көзі ашыққа маржан.
9. Кітап – алтын сандық: іші толған қазына, құт, оқы, оқы, ойыңа түт.

**12-тапсырма.** Төменде берілген ойға пікір білдіріңіз (қолдау, қарсылық білдіру, дәлелдеу).

Бірінші күн – дүйсенбі. Қазіргі есеппен алғанда, аптаның басы. Жер мен Көк жаратылған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) дүниеге келген күн.

Екінші күн – сейсенбі. Сәтсіз күн деп саналады. Қазақтар бұл күні іс бастамайды. Жолға шықпайды. Тырнақ алмайды.

Үшінші күн – сәрсенбі. Сәтті күн. Халық өзінің игілікті істерін осы күні бастайды.



Төртінші күн – бейсенбі. Қасиетті күндердің бірі. Бұл күн Ай мен Күн, жұлдыздар жаратылып, жерге жарық түскен екен. Бейсенбі күні аруақтарды еске алып, құран оқиды.

Бесінші күн – жұма. Қасиетті күн. Барша мұсылмандар бұл күні Жұма намазға жамағатпен қатысады. Құран бағыштап, жеті шелпек таратады. Бұл күні көктен Құран Кәрім түскен.

Алтыншы күн – сенбі. Бұл күні Жаратқан адам баласы мен жан-жануарларды жаратқан. Халық ұғымында сәтті, жақсы күн болып есептеледі.

Жетінші күн – жексенбі. Бұл күнге қатысты қағидалар мен ырымдар қазақта көп айтылмайды. Құрылыс бастауға жақсы.

### ***13-тапсырма. Сөйлемді толықтырыңыз.***

1. Ғасырлық тарихы бар бұл кітаптардың қай-қайсысы да ... үшін бағалы һәм маңызды. 2. Өйткені ұсынып отырған әр кітаптың ... қатысы бар. 3. Олар ... , замананың құжаты. 4. Өз кезеңінде ол кітап қандай мақсатпен, ... жазылды, нені көздеді, нені дәлелдегісі келді, оны жиырма бірінші ғасырдың биігінен бірге саралап, ... мүмкіндік туып отыр. 5. Тарихымызды саралауға сіздің де ... бар.

**Керекті сөздер:** қандай көзқараспен, қақыңыз, бірге зерделеуге, халқымыздың тағдырына, қазақ оқырманы, тарихтың куәсі.

***14-тапсырма. «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбына эссе жазыңыз.***

### ***15-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.***

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 10-САБАҚ

### ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА МЕЗГІЛ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

**1-тапсырма.** Мына нақыл сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.

1. Адамға ауа қандай қажет болса, кітапхана да сондай қажет.  
(Оралхан Бөкей)
2. Кітапхана – мәңгілік парасаттың ең киелі ғимараты.  
(Әбіш Кекілбай)

**2-тапсырма.** Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіз.

1. Кітаптың адам өмірінде маңызы қандай?
2. Сіз кітапхана қызметін пайдалана аласыз ба?
3. Қазіргі оқырмандардың ерекшелігі қандай?
4. Кітап оқуға байланысты ең өзекті мәселе қандай?

**3-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз. Талдаңыз.

#### Отырар кітапханасы



Әлемде Мысырдағы Александрия кітапханасы сияқты, көне Отырарда да аса бай кітапхана болған. Бірақ Отырарды жермен-жермен еткен Шыңғыс хан ол кітапхананы түгелдей өртеп жіберген екен. VIII-IX ғасырларда Отырар кітапханасының атағы мен даңқы бүкіл мұсылман әлеміне тараған. Ол туралы көне жазба деректер мен археологиялық материалдар сақталған. Мәселен, Жібек жолы бойымен кіре тартқан көпестер ең құнды сыйлық ретінде Отырар басшысына кітап сыйлауды дәстүрге айналдырыпты. Тіпті бұл мемлекеттік рәсім

ретінде қабылданыпты. Осыдан 30 жыл бұрын, қой бағып жүрген бір шопанның иті үңгірден сырты терімен қапталған, араб тілінде жазылған көне кітап алып шыққан. Кітап Отырар қалашығының қасынан табылған, яғни сол кітапхананың кітабы болуы әбден мүмкін. Отырарда білімге үмтылған қаншама зерек шәкірт осынау кітапханадан сусындап, ғұлама атанған. Отырар кітапханасы 1000-1200 жыл шамасындай уақыт дүниежүзіндегі ең үлкен кітапхана болған.

Бұқаралық ғұлама Рузбиханның: «Отырар кітапханасындағы қолжазба кітаптарды тек қала тұрғындары ғана емес, шалғайдағы Сығанақ қаласының тұрғындары да пайдаланып отырды» деп жазуы осының дәлелі. Отырардағы осындай «Даналық үйінен» Әбу Насыр әл-Фараби де дәріс алғаны, кейін білімін кеңейту үшін Бағдатқа бет бұрып, Дамаскіге тұрақтағаны да анық. Отырар қаласы Фарабиден кейін де білім мен ғылымның қайнаған ошағы болған. Шығыстанушы ғалым Әбсаттар Дербісәлі Отырардан отыздан аса ғалым шыққанын дәлелдеген. Яғни отыз әл-Фараби шыққан. Отырар қаласы Фараб деп аталғандықтан, шаһардан шыққан ғалымдар өздеріне Фараби есімін қосқан. Бұл үрдіс XVI ғасырға дейін жалғасқан.

Қазақстан тәуелсіздігінің он жылдығы қарсаңында Отырар кітапханасын қайтадан жаңғырту мәселесі көтерілді. Осыған орай, Үкімет қаулысымен Астанадағы Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің кітапханасы негізінде құрылған ғылыми орталыққа «Отырар кітапханасы» атағы берілді. Кітапхананың белгілі бір ірі оқу орнының жанынан ашылып отырғандығы да болашағының қамын ойлағандықтан жасалған қадам болды. Әлемдік тәжірибеге назар аударсақ, ғаламдағы көптеген ірі ғылыми кітапханалар аса ірі университеттердің жанынан ашылған екен. Айталық, 1602 жылы әйгілі Оксфорд университетінің құрамында Бодли кітапханасы ашылыпты. Осындай аса ірі кітапханалар Кембридж, Сорбонна, Прага, Гейдельберге университеттерінің жанынан да құрылған. Бүгінде Отырар кітапханасы ғылыми орталығы қордаланған бай кітапханаға айналды. Бұл ғылыми орталықты ашылғаннан бері белгілі жазушы-ғалым, алаштанушы Тұрсын Жұртбай басқарып келеді.

*(Баспасөз материалдарынан ықшамдалып алынды)*

**4-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. Әлемде Мысырдағы Александрия кітапханасы сияқты ... .
2. Еуразия мемлекеттік университетінің кітапханасына ... .
3. Ғылыми кітапханалар ... .
4. Қазақстан тәуелсіздігінің он жылдығында ... .
5. Александрия кітапханасынан соң екінші орынды иеленген ... .
6. Отырар кітапханасының атағы мен даңқы ... .
7. Отырар кітапханасы ғылыми орталығы ... .
8. Отырарда білімге ұмтылған қаншама зерек шәкірт ... .

**5-тапсырма. Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Әлемдегі ең үлкен кітапхананы атаңыз.
2. Отырар кітапханасына ғалымдар қандай баға берген?
3. Қандай құнды сыйлық тартуды дәстүрге айналдырған?
4. Отырар кітапханасын қайтадан жаңғырту мәселесі қалай шешілді?

**6-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінен бірнеше сөйлем құрастырыңыз.**

Көне, жермен-жерсен еткен, түгелдей, атағы, даңқы, кіре тартқан көпестер, құнды сыйлық, дәстүр, мемлекеттік рәсім, үңгір, терімен қапталған, зерек, сусындап, ғұлама, қолжазба, шалғайда, қайнаған ошағы, үрдіс, қайта жаңғырту, қаулы, әйгілі, құрамы.

**МЕЗГІЛ МӘНДІ ҚАТЫНАСТЫҢ БЕРІЛУІ**

Мұнда бағыныңқы компонент басыңқыда хабарланған белгілі бір ойдың қай мезгілде орындалғаны немесе орындалатыны жайындағы уақыт мөлшерін білдіріп тұрады. Мезгіл бағыныңқылы сабақтастың басқа да бағыныңқылардай, әрқайсысының өзіндік дербес грамматикалық бастауыштары болуы қажет. Бұлай болмаған жағдайда ондай сөйлеміміз мезгіл бағыныңқылы сабақтас болып табылмай, жай сөйлемнің күрделенген түрін құрайды. Мысалы: 1) Мен келген сайын ылғи Асанның кітап оқығанын көремін. 2) Мен осында келген сайын, Асан ылғи кітап оқып отырады.

Мезгіл бағыныңқылы сөйлем *қашан? қашаннан бері? Қашанға дейін?* деген сұрақтарға жауап береді. Мезгіл бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

а) жатыс септік тұлғасындағы есімшеден: Сабақ аяқтала бергенде, үш-төрт студент келіп, насихат жұмысын жүргізді.

ә) есімше тұлғалы етістікпен *кезде, күнде, уақытта, шақта* мезгіл мәнді сөздер: Айнұр кітапханаға барған шақта, Қанат кетіп қалған еді.

б) барыс, шығыс септік тұлғасындағы есімше мен *шейін, дейін, кейін, соң, бері, бұрын* шылауларының тіркесінен болады: Семинар аяқтала бере, кітапханашылар кітаптарын жинай бастады.

в) *-ша, -ше* тұлғалы есімшеден: Орталық ашылғанша, бірталай адам жиналып қалды.

г) көсемшенің *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* тұлғасынан: Сабақ басталғалы, мәжіліс залдары босаған емес.

з) етістіктің шартты райынан: Ардақ келсе, қайырымдылық кеші басталып кетіпті.

е) *-ысымен, -ісімен* қосымшалы етістіктен: Студенттер келісімен, олар қатысушыларды түгендеп үлгерді.

**7-тапсырма. Мезгілдік құрылымды табыңыз да, оларға сұрақ қойыңыз. Қандай тұлғада тұрғанын анықтаңыз.**

1. Тәуелсіздік алғаннан кейін, Астана қаласында Отырар ғылыми орталығы ашылды. 2. Отырар кітапханасы 1000-1200 жыл шамасындай уақыт дүниежүзіндегі ең үлкен кітапхана болған. 3. Отырар шамамен V ғасырда белгілі бола бастаған. 4. Отырар кітапханасының атағы мен даңқы бүкіл мұсылман әлеміне тараған шақта, оған келушілер саны арта бастады. 5. Отырар кітапханасы ашылған уақытта, Мырзатай Жолдасбеков үш мың кітапты сыйға тартыпты. 6. Кітапхана ғылыми орталық болып құрылғанға дейін, қазақ тіліндегі кітап қоры төрт пайыздай екен.

**8-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен мезгіл мәнді құрылымдарды пайдалана отырып, бірнеше сөйлем құраңыз.**

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- 3) \_\_\_\_\_
- 4) \_\_\_\_\_

**9-тапсырма. Сұрақтарға мезгілдік құрылымдарды пайдалана отырып, жауап беріңіз.**

1. Отырар кітапханасы қашан ашылды?
2. Қандай негізгі мәселелер көтерілді?
3. Кітапхана қорында қанша кітап сақталған?
4. Кітапхананың ашылуына кімдер қол ұшын берді?

**10-тапсырма. Мәтінді оқып, мезгіл мәнді құрылымдарды табыңыз.**

### **Әл-Фараби кітапханасы**



Әл-Фараби кітапханасы – «ҚазҰУ қалашық» атымен танымал әсем студенттік кампуста орналасқан. Ол 1934 жылы университеттің құрылуымен қатар жұмыс істей бастаған. Кітапхананың барлық қызметі университеттің оқу және ғылыми үдерістеріне сапалы ақпараттық-

кітапханалық қызмет көрсету деңгейіне сәйкес бағытталған.

2004 жылы 8 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Чехия Президенті Вацлав Клаус әл-Фараби кітапханасының жаңа ғимаратының іргетасын қалаған. 2012 жылы әл-Фараби кітапханасы заманауи ғимаратқа көшумен есте қалды.

1934 жылы кітапханада 6194 дана кітап болса, қазір 2 миллионнан аса кітап қоры бар. Жылдан-жылға кітапхана қоры жаңа басылымдармен толықтырылады. Кітапханамыздың ақпараттық инфрақұрылымында университетіміздің оқытушы-профессорларының ғылыми еңбектері бар. Оның ішінде оқулықтар, монографиялар, диссертациялар, көркем әдебиеттер, сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар және 300 мың дана мерзімді басылымдар жинақталған.

Қорда сирек кездесетін әдебиеттер – 14306 дана, соның ішінде ескі орыс тілінде – 11370 дана, шетел тілінде – 2154 дана, ерекше пішіндегі – 782 дана кітап, авторефераттар мен диссертациялар бар. Сонымен қатар мағынасы өте қызық дін туралы Құран мен Библия және т.б. сақталған.

Кітапхананың жалпы аумағы – 17856 шаршы метр. Оның құрылымында 11 абонемент, 780 орынды 1850 шаршы метрлік классикалық оқу залдары, көпшілік шаралар өткізуге арналған (кездесу, диспут, дөңгелек үстел) ғалымдар залы жұмыс істейді.

Ал авторефераттар мен диссертациялық жұмыстар арқылы тұрақты толықтырылып отырылатын *Магистранттар залы* мен мерзімді басылымдар залы оқырмандарға қызмет көрсетеді.

Оқырмандардың тиімді демалуларына арналған 75 орындықты асханасы бар.

Кітапханада *әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығын насихаттайтын мұражай және ұлы ғұламаның ғылыми-ағартушылық мұрасын зерттеумен айналысатын әл-Фараби Орталығы* орналасқан.

Бүгінгі таңда кітапханада ғылыми форумдар, конференциялар, тренингтер, халықаралық және республикалық деңгейдегі іс-шаралар өткізіледі. Күнделікті өмірде де, мереке күндерінде де әл-Фараби кітапханасы «Al-Farabi University Smart city» моделіне лайық болу үшін оқырмандардың мәдени ақпараттық қажеттілігін қолдай отырып, көлемді әрі мәнді ақпараттарға қол жеткізулеріне жағдай жасайды.

([www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz))

**11-тапсырма. Сұрақтарды топ болып талқылаңыз.**

1. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасы қай жылы ашылды?
2. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасы қайда орналасқан?
3. Әл-Фараби кітапханасының жаңа ғимаратының іргетасы қашан қаланды?
4. 2012 жыл Әл-Фараби кітапханасының тарихында қандай ерекшелік болды?
5. Әл-Фараби кітапханасында қанша кітап қоры бар?

**12-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. ҚазҰУ кітапханасының барлық қызметі университеттің оқу .....
2. Кітапханада Шығыстың ұлы ойшылы .....
3. Кітапхана университеттің ғылыми .....
4. Қорда сирек кездесетін әдебиеттер .....

**13-тапсырма. «Әл-Фараби кітапханасы» мәтіні бойынша 10 сұрақтан тұратын тест тапсырмасын жасаңыз.**

**14-тапсырма.** «Кітапхана – білім ордасы» тақырыбына эссе жазыңыз.

**15-тапсырма.** Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»



## 11-САБАҚ

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ ҚАЛАУ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

**1-тапсырма. Мына сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлемдер құраңыз.**

Дамыту, халықаралық деңгей, нысан, оқиға орындары, ғажайып табиғат, әсем мүсіндер, шипалы орындар, үңгірлер, шатқалдар, экологиялық залалдар, экологиялық сана, көгалдандыру, емдік-сауықтыру, өлкетану.

**2-тапсырма. Оқыңыз. Талдаңыз.**

Еліміз егемендік алғаннан бастап туризмді дамыту мәселелері қолға алына бастады. Алдымен, туризм концепциясы, одан кейін 1993 жылы «Туризм Заңы» бекітілді. Міне, содан бері жиырма бес жылдай уақыт болды, туризм біртіндеп дамып келеді.



Халықаралық деңгейге көтерілу үшін, алдымен, мемлекетішілік туризмді көтеріп, туристік инфрақұрылымды алдыңғы қатарлы елдер деңгейіне жеткізу керек.

Мемлекетішілік туризмді дамыту үшін «өлкетану-зерттеу» жұмыстары қолға алынуы тиіс. Туристерді қызықтыратын нысандар, ғажайып табиғат құбылыстары мен әсем мүсіндер, емдік-сауықтыру орталықтары, туристік-спорт кешендері, көлдер мен өзендер, шатқалдар зерттеліп, туристік-экологиялық баға беріледі. Оның құндылығы анықталып, туристік мүмкіндіктері зерттеледі.

Туристік іс-әрекеттер кезінде туристік базалар мен кешендердің сыртқы келбеті, санитарлық жағдайы, көгалдандырулар, экологиялық жағдайы ескерілуі керек. Демалатын жерлерде соқпақтардың болуы, жорықтар кезінде тек құрғақ ағаштарды

отын ретінде пайдалану, қоқыс тасымалдау, табиғатты қорғауға байланысты мәселелер маңызды болып табылады.

Туризм – адамдарға қызмет көрсетумен айналысатын қоғамдық құбылыс. Сондықтан ол қоршаған табиғи ортаға әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты туристік мақсатта тұрақты пайдалану үшін белгілі бір аумақты таңдап алу кезінде, олардың туристік қызмет көрсетуге деген табиғи тұрақтылығын ескеріп отыру керек. Қоғамдық және мемлекеттік дәрежеде өткізетін экологиялық міндетті қоғамдық топтардың бәрінің арасында қалыптастыру мектеп жасындағы, тіпті балабақша жасындағы жасөспірім балалардан бастау керек. Ол үшін туристік қызмет түрлерінің барлығын, олардың ішінде жорықтарды, серуендерді, экскурсияларды, саяхаттарды табиғатты қорғау бойынша тәрбие құралы ретінде пайдалану керек.

Туризм және өлкетану үйірмелерінде, мектептерде берілетін тақырыптарда оқушыларға туристік іс-әрекеттер кезіндегі табиғатты қорғау шараларының маңыздылығын білдіру қажет.

*(О. Мазбаев)*

### **3-тапсырма. Сұрақтарды топ болып талқылаңыз.**

- 1) Туризм заңы қай жылы бекітілді?
- 2) Биылғы Елбасы жолдауында туризмді дамыту туралы не айтылған?
- 3) Халықаралық деңгейге көтерілу үшін қандай шаралар жасалуы керек?
- 4) Мемлекет тарапынан қандай көмек көрсетілуде?
- 5) Экологиялық сана дегенді қалай түсінесіз?
- 6) Туристік қызмет түрлерін қандай сипатта пайдалану керек?

### **4-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. Еліміз егемендік алғаннан бастап ... . 2. Халықаралық деңгейге көтерілу үшін ... . 3. Мемлекетішілік туризмді дамыту үшін ... . 4. Туристік іс-әрекеттер кезінде туристік базалар мен кешендердің сыртқы келбеті, ... . 5. Демалатын жерлерде соқпақтардың болуы, жорықтар кезінде тек құрғақ ағаштарды отын ретінде пайдалану, ... . 6. Туризм адамдарға қызмет көрсетумен ... . 7. Қоғамдық және мемлекеттік дәрежеде өткізетін экологиялық міндеттің ... .

## ҚАЛАУ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

Сөйлеу барысында айтылған ойға сөйлеушінің ниеті түскенін, ынтасы ауғанын білдіруі қалау (ниет) модальдылығы деп аталады. Мысалы: *Оның білгісі келеді. Оның оқысы келеді. Менің оқығым келеді.* Бұл сөйлемдердің алғашқыларында сөйлеуші субъектінің қимылды жасауға ниетті екенін білдірген. Соңғы сөйлемде сөйлеуші өзінің қимылды жасауға ынталы екенін білдірген.

Қалау (ниет) модальдылығы түбір етістіктерге **-ғым кел** аналитикалық форманты қосылу арқылы жасалады. Бұл формант арқылы жасалған қимылдың кімге қатысты екені, яғни жақ мағынасын **-ғы, -гі, -қы, -кі** жұрнағынан кейін жалғанатын тәуелдік жалғауы білдіреді. Мысалы:

Жақ	Жекеше	Көпше
I жақ	Менің айтқым келеді, кеткім келеді.	Біздің оқығымыз келеді, білгіміз келеді.
II жақ	Сенің айтқың келеді, кеткің келеді.	Сендердің оқығыларың келеді, білгілерің келеді.
II жақ (сыпайы)	Сіздің айтқыңыз келеді, кеткіңіз келеді.	Сіздердің оқығыларыңыз келеді, білгілеріңіз келеді.
III жақ	Оның айтқысы келеді, кеткісі келеді.	Олардың оқығылары келеді, білгілері келеді.

Мысалы: «Туризм дамуы» интернет-жобасын қолға алғым келеді. Олар Алақөл жағасында демалғысы келеді. «Шарын» шатқалын көргім келеді.

**Сөйлеушінің қимыл-әрекетті** орындауға яки орындамауға қалау, тілек, ниет, ынтасын білдіретін рай түрі. Қалау райға байланысты мынадай ерекшеліктерді білу керек:

1. Кейде сөйлемде қалау рай конструкциялы тіркестің ілік септігіндегі сөздің септік жалғауы түсіп қалып та жұмсалады, бірақ ілік септік тұлғасындағы сөз логикалық субъект болғанымен, грамматикалық субъект болып таныла бермейді. Бұл – ауызекі сөйлеу тілінің әсері болу керек.

2. Етістік түбіріне **-ғай, -гей, -қай, -кей** қосымшаларының үстелуі арқылы және осы тұлғаға *еді* көмекші етістігі тіркесуі арқылы немесе шартты рай тұлғалы етістікке *игі, екен* сөздерінің тіркесуі арқылы да тілек мәнді қалау рай жасалады. Мен *бар-ғай-мын, бар-ғай едім, бар-сам игі еді.*

**5-тапсырма. Сөйлемді көшіріп жазып, қалау мәнді білдіретін құрылымдарды табыңыз.**

1. Жазда Бурабайдың табиғатын тамашалағым келеді.
2. Олар Балқаш көліне барғылары келеді.
3. Қазақ елінің көрікті

жерлерін аралағысы келеді. 4. Абай еліндегі «Қоңыр әулие» туралы білгісі келеді. 5. Өз еліме еңбек еткім келеді. 6. Осы топты үлгілі еткім келеді. 7. Болашақта жұмысқа барынша күш салып, кәсіби түрде шыңдалғым келеді. 8. Осы табиғат сырын сол қалпында жеткізердей жазғым келеді.

**6-тапсырма.** Сөйлемдерді қалау мәнді білдіретін құрылымдарды пайдаланып аяқтаңыз.

1. Мемлекетішілік туризмді көтеріп, туристік инфрақұрылымды алдыңғы қатарлы елдер деңгейіне ... .. 2. Мемлекетішілік туризмді дамыту үшін «өлкетану-зерттеу» жұмыстары қолға ... .. 3. Туристерді қызықтыратын нысандар мен ғажайып табиғат құбылыстары зерттеп, туристік-экологиялық баға ... .. Оның құндылығы анықталып, туристік мүмкіншіліктерін ... ..

**7-тапсырма.** «Қазақстандағы туризм» мәнінен қалау мәнді білдіретін сөздерді пайдалана отырып, бірнеше сөйлем құраңыз.

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- 3) \_\_\_\_\_
- 4) \_\_\_\_\_

**8-тапсырма.** Жақшаны ашып, қалау мәнді құрылымдарды пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Алакөл жағасында демалыс орнын (*ашу*) келеді. 2. *Туристік* жарнаманы орналастырудың әдістері мен жолдарын (таңдау) келеді. 3. Мемлекетішілік туризмді жандандырып (дамыту) келді. 4. Экологиялық тәрбиені бесіктен белі шыққаннан (бастау) келеді. 5. Халықаралық деңгейге көтерілу үшін алдымен мемлекетішілік туризм (жақсару) келді. 6. Қазақстанда туризмнен түсетін қаржыны халық игілігіне (пайдалану) келеді.

**9-тапсырма.** Шағын мәтінді оқып, өз ойыңызбен толықтырыңыз.

Республикамызда бір-бірімен бәсекелес туристік фирмалар қатары жылдан-жылға көбейіп келе жатыр. Солардың ішінде

50 жылдай тарихы бар, өз ісіне қалыптасып қалған еліміздің қазынасына қажетті үлесін құйып жүрген компания – «Яссауи» компаниясы. «Яссауидің» тарихына, өткеніне үнілер болсақ, ол әріден, Одақ кезіндегі «Интуристпен» байланысты бастады. Ол 1955 жылдың аяғына қарай ашылған болатын. Осы уақыттан бері шетелдіктер Қазақстанның тарихи мекендерімен, ескерткіштерімен, табиғаты тамаша жерлерімен жақын таныса бастады. Жыл сайын мыңдаған турист Қожа Ахмет Йасауи, Айша бибі, Қарахан кесенелерін, Павлодар-Сабындыкөл, Жасыбай көлдерін, Қарқаралының сұлу табиғатын, Шығыс Қазақстандағы Марқакөлді аралап үлгереді. Алматы қаласы өзінің ең алғашқы шетелдік туристерін 1956 жылы қабылдаса, 1974 жылы бұл сан 8 мыңнан асып үлгерді.

1981 жылы Интуристке «Отырар» қонақүйі пайдалануға берілді. Бұл оқиға туристік қарым-қатынастардың одан әрі ұлғая беруіне себепші болды. Шетелдіктердің Қазақстанға көп келген кезі 1985-86 жылдар аралығы болатын. Онда Польша, Германия, Франция, Италия, Ұлыбритания елдерінен 42 мыңдай турист келген еді.

### ***10-тапсырма. Сұрақтарға жазбаша жауап жазыңыз.***

1. Алматыда қандай туристік компаниялар бар?
2. Егер өздеріңіз сондай компанияларда жұмыс істесеңіздер, ең әуелі қандай шараларды жүзеге асырар едіңіздер?
3. Алматы маңында қай жерге шаңғы спорт комплексін салуға болады?
4. Бурабай, Көлсай, Шарын, Үстірт, Алакөл, Қаба, Марқакөл, Қарқаралы туризм аймағына айнала ала ма?
5. Елбасының жолдауында туризмді дамыту туралы не айтылады?

### ***11-тапсырма. Досыңызбен сұқбат құрыңыз.***

1. Қазақстанға шетелден досыңыз (туысыңыз, танысыңыз) келді. Қайда апарар едіңіз?
2. Алматыға ауылдан досыңыз келді. Саяхатты неден бастайсыз? Сұқбат құрастырыңыз.

**12-тапсырма.** «Қазақстандағы туризм ошағы» тақырыбына эссе жазыңыз.

**13-тапсырма.** Мәтінді оқып, түсінгеніңізді баяндаңыз.

Ең сұмдығы, пирамида қуыстарының, бөлмелерінің құпиясын ашқан ғалымдар, зерттеушілер, археологтар бірінен соң бірі қайтыс бола берген. Әуелде тас мүсінде вирус бар деп саналғанмен, соңынан эпидемиологтар, дәрігерлер ешқандай вирус таба алмаған. Сөйтіп, түсініксіз опатқа «перғауынның қарғысы, кегі» деген ат берілген. Ежелгі перғауындар жайлы сөз болғанда, Тутанхамон қабірінің құпиясын ашқан Говард Картердің экспедициясына тоқталмай өту мүмкін емес. Ұзыннан-ұзақ созылған дәліз, көп есіктер. Говард ең негізгі есікті ашып, бөлмеге енгенше көп сандалды. Қолындағы шырақпен ары-бері ұзақ жүрді. Әрбір есікті ашқан сайын көзге түсетіні тас еден, тас қабырға, бос бөлме... Кенет ауыр есікті күшпен итеріп ашқан Говард табалдырықта тұрып қалды. Сөйтті де тез ішке еніп кетті. Баспалдақтан түсіп келе жатқан Лорд Карнарвон мен Эвелин Герберт «Сіз бір нәрсе көрдіңіз бе? Неге үнсіз қалдыңыз?» деп жарыса сұрады.

– Иә, – деп жауап берді Говард қуанышпен, – шынында да ғажайып дүниелерге тап болдым.

Картер тапқан саф алтыннан жасалынған дүниелер, бастан-аяқ алтынмен апталған Тутанхамон мен оның әйелі Анхесепнепамонның және балаларының денесі табылған бұл қабір 3300 жыл бойы жұмбақ болып келген. Осынау ұшан-теңіз байлық келе-келе ұлы өнер туындысына айналды. Картер сол кезде өзінің үлкен жаңалық ашқанын білмеді. Бұл оның ең соңғы экспедициясы еді және аталған сапар оны шексіз атақ-даңққа бөлеп кетті. Алайда Тутанхамон қабірін қазып, ондағы мол қазынаны мұрағатқа өткізіп, абыройы асқақтаған Говард Картер екі аяғынан бірдей айрылып, мүгедектер арбасына таңылып қалды. Терісі түгелдей зақымданып, шашы мен тырнақтары да өз-өзінен түсе бастады. Ағзасы жартылай уланған Говард тек дәрі-дәрмектің көмегімен ғана тірі жүрді. Қалған өмірі нақ тамұқтың өзіне айналғандай еді... Ежелгі перғауындардан қалған мына бір сөз кімнің де болсын үрейін ұшырары

сөзсіз: «Кімде-кім мәңгілік тыныштығымызды бұзар болса, оның жазасы тек өлім!»

*(Айгүл Әжібаева)*

**14-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.**

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 12-САБАҚ

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕРІ БОЛЖАМ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

**1-тапсырма.** Мына сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.

Шипалы су, емдік балшық, ғажап, емдеу-сауықтыру, ем қабылдау, көрікті жерлер, күн сәулесі, емдеу әдістері, күш-қуатты, бұлақ көздері, емдік қасиеті бар.

**2-тапсырма.** Оқыңыз. Талдаңыз.



Қазақстанда шипалы су шығатын әрі емдік балшығы бар табиғаты ғажап әдемі жерлер көп. Мұндай шипалы су, емдік балшығы бар, табиғаты көрікті жерлерде емдеу-сауықтыру, демалыс үйлері салынған.

Демалыс үйлері, туристік базалар, санаторийлер орналасқан жерлерді география тілінде рекреациялық аудандар деп атайды. Рекреация – күш жинау, яғни еңбек етіп шаршаған немесе денсаулығы нашарлаған кісілердің тынығып, ем қабылдап, күш-қуатын қалпына келтіру деген сөз.

Қазақ жерінде табиғи емдік қасиеті бар жерлер туралы алғашқы мәліметтер XIX ғасырдың орта кезінде мәлім бола бастайды. 1834-1880 жылдар аралығында Шығыс Қазақстандағы Рахман бұлағы, Қапал Арасан, Бурабай көлінің, Барлық-Арасан бұлағының шипалы қасиеттері туралы белгілі болды. 1920-1925 жылдар аралығында Бурабай, Мойылды, Ауыл, Сер, Рахман бұлақтары, Шымған, Жаңақорған курорттары ашылды.

Қазақстанның химиялық құрамы әр алуан минералды бұлақ көздері, шипалы балшығы бар көлдері, тынығуға әдемі көрікті жерлері курорт-санаторий жүйелерін дамытуға өте қолайлы. Қазір Республикамызда 120-дан астам курорт, санаторий, демалыс



үйлері бар. Санаторийлер емдеу түріне қарай минералды сумен (Жаңақорған, т.б.) және климатпен емдейтін болып бөлінеді.

Минералды сумен емдейтін санаторийлерге «Түрксіб», «Сарыағаш», «Алма-Арасан», «Барлық-Арасанды» жатқызуға болады. Шипалы балшықпен емдейтін санаторийлерге «Шортанды», «Мойылды», «Атырау», «Жаңақорған» санаторийлері жатады. Қазақстанның санаторий-курорттарында климатпен емдеудің бірнеше түрлері: гелиотерапия – күн сәулесімен емдеу, аэротерапия – ауамен емдеу, мезгіл-мезгіл таза ауада болу (терренкур), жаяу туризмге шығу, т.б. емдеу әдістері қолданылады.

### **3-тапсырма. Мына сұрақтарды топ болып талқылаңыз.**

1. Қандай емдеу-сауықтыру орталықтарын білесіз?
2. Алматыда қандай емдеу-сауықтыру орталықтары бар?
3. Өздерің тұрған жерде емдеу-сауықтыру, демалыс орындары бар ма?
4. Емдеу-сауықтыру орындарында ем қабылдап көрдіңіз бе?
5. Емдеу шаралары көңіліңізден шыға ма?

### **4-тапсырма. Сөйлемді жалғастырыңыз.**

1. Шипалы су, емдік балшығы бар, табиғаты көрікті жерлерде .....
2. Қазақ жерінде табиғи емдік қасиеті бар жерлер туралы.....
3. 1920-1925 жылдар аралығында.....
4. Қазір Республикамызда 120-дан астам.....
5. Минералды сумен емдейтін санаторийлерге.....

### **БОЛЖАМ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР**

Сөйлеушінің субъектінің қимылды жасау-жасамауын күдікті деп санауы болжал модальдылық деп аталады.

Қазақ тілінде сан жағынан ең көбі – болжал мәнділер. Жалпы басқа да түркі тілдеріндегі сияқты, қазақ тіліндегі модаль сөздердің денін осылар құрайды: *сияқты, сыңайлы, сынды, әлпетті, мүмкін, шамасы, сыңайы, аңғары, әлпеті, жобасы, қисыны, тәрізі, сиқы, бәлки (бәлкім, бәлкі), ықтималы, кәдік, болар, шығар, білем, -ды білем, -қан (-ген) білем, -са (-се) керек, -у керек, -ға (-ге) ұқсайды, -уы (-уі) мүмкін, тәрізді* лексемалары жатады.

**Сияқты, сықылды, секілді, іспетті, тәрізді** модаль сөздері бастапқы лексикалық мағыналарында белгілі бір ұқсастықтарды салыстыру үшін қолданылады. Бұл сөздер сөйлеушінің айтылған ой жөніндегі пікіріне болжал модальділігін білдіруде, есім сөз таптарымен де кез келген шақтағы етістіктермен де тіркесе береді. Мысалы: Ертең осы мәселені талқылағысы келетін тәрізді. Ол бұл жерді білетін тәрізді. Көкше жерінің табиғаты туралы естіген көрінеді.

**Болар, шығар** модаль сөздері есім баяндауышпен де, етістік баяндауышпен де тіркесе алады. Болар модаль сөзі кейде белгісіз келер шақ етістіктен соң да тұра береді. Мысалы: Емдеу-сауықтыру орталығына келген шығар. Демалушылар қалашық ғимараттарына қызығатын болар.

**Мүмкін** модаль сөзі қазақ тілінде сөйлемде әрі синтаксистік қыстырма мүше позициясында, әрі қимыл есімді баяндауыштың шылауында көмекші қызметінде қолданылады. *Мүмкін* сөзінің құрамы күрделенген сайын ондағы мағына да күрделене түседі. Өйткені түйық етістік пен *мүмкін (ықтимал)* модаль сөзінің тіркесі арқылы субъекті сөйлемдегі қимыл-әрекеттің іске асу мүмкіндігін, құбылыстың өз ойымен сәйкес келу мүмкінділігі жөніндегі көзқарасын білдірмейді, керісінше, сол мүмкіндіктің ақиқат-шындыққа айналуы жөніндегі болжалды көзқарасын білдіреді. Мысалы: Олар келген кезде менің жұмыста болуым мүмкін. Қазір ескертпей кетуі де мүмкін.

### **5-тапсырма. Сөйлемдерден болжал мәнді құрылымды тауып, астын сызыңыз.**

1. Шамасы қаланың сыртында емдік балшығы бар жерлер болған көрінеді. 2. Табиғаты көрікті жерлерде емдеу-сауықтыру орындары салынған сияқты. 3. Қаланың шегінде демалыс үйлер, туристік базалар салатын тәрізді. 4. Бүгін емделушілер тынығып, ем қабылдап, күш-қуатын қалпына келтірген сияқты. 5. Ата-бабаларымыз ерте кезден табиғи емдік қасиеті бар жерлер туралы білген сияқты. 6. Олар Шығыс Қазақстандағы Рахман бұлағына баратын шығар. 7. Ол жолдаманы кешелі-бүгін алған сияқты.

### **6-тапсырма. Сөйлемдерді болжал мәнде аяқтаңыз.**

1. Қазақстанның шипалы балшығы бар көлдері, тынығуға әдемі көрікті жерлері курорт-санаторий жүйелерін дамытуға өте ... . 2. Шамасы Республикамызда 120-дан астам курорт, санаторий, демалыс үйлері ... . Санаторийлер емдеу түріне қарай ми-

нералды сумен, климатпен емдейтін болып үшке ... . 3. Күміс көл айнала сұлулыққа әсем жарасып, сылқ-сылқ ... . 4. Жұмбақ тас көл бетінде жеңіл жүзгендей ... . 5. Ғасырларды, дәуірлерді тамсандырған ерекше ... . 6. Көкшенің көркіне, хор қызындай жасанған келбетіне қарап ... . 7. Бізге кең көрінген жер баламызға тар ... .

**7-тапсырма.** Берілген сөздерге *-уі мүмкін, -се керек, -ған болар, -ген көрінеді, -ғанға ұқсайды, -уы ықтимал* модаль сөздерін қатыстырып, сөйлем құраңыз.

Көкшенің табиғаты, емдік балшық, емдеу-сауықтыру, ем қабылдау, көрікті жерлер, күн сәулесі, емдеу әдістері, бұлақ көздері, жасыл желек, емдік қасиеті бар.

**8-тапсырма.** а) Мәтінді оқып шығып, мәтін бойынша сұрақтар әзірлеңіз, өз көзқарасыңызды білдіріңіз, ә) мәтіннен болжал мәнді сөйлемдерді табыңыз.

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы. Иісі қазақтың жер жәннаты десе де болады. Көкшенің табиғатын екінші Швейцарияға теңейді. Осынау кербез өңірдің әр тасы киелі, әр жері қымбат. Аты аңызға айналған, талай ақын таңқалып, жыр арнаған Оқжетпеске қиялың жетсе де, жанарың жетпейді. Қараған көз қанша қараса да, көз тоймастай Мағжан ақын мен кестелі сөздің зергері Сәкен айтып тауыса алмаған көріктің, міне, осы.



Сол биікке көк аспан іңкәр болса, тәкәппар Оқжетпес етегіндегі Айнакөлге қарап, өз көркіне өзі құмартады. Күміс көл айнала сұлулыққа әсем жарасып тұр. Мөлдіреген жанары, періште көңілі кіршіксіз.

Сарыарқа даласында отау тіккен Бурабай қазаққа туған топырағынан табылған жерұйық сияқты. Жасыл желек, кербез тау қам көңілдің жұбанышы, сұлулыққа іңкәр жүректің сезім тербер бесігі.

«Шеш көңілімнің жұмбағын» деп қылықты назданған Жұмбақ тас көл бетінде жеңіл жүзгендей. Ғасырларды сұқтандырған, дәуірлерді тамсандырған ерекше көрініс, өз алдына құпия әлем. Сол әлемге атам қазақтың ұлы тарихы тұнған. Көкшенің көрікіне, хор қызындай жасанған келбетіне қарап аршылғың келеді, көлеңке атаулыдан арылғың келеді. Судан сапырылысқан заманның аласапыранында бір сәт дамылдағың келеді. Көкшені берген, көріктіңді берген жаратқанға мың да бір алғысыңды ағыңнан жарыла айтқың келеді. Ару Көкшедей ажарлы болғың келеді.

**9-тапсырма. Көршіңізбен сұхбат құрыңыз.**

- 1) «Жұмбақтас» туралы әңгімелеп беріңіз.
- 2) «Оқжетпес» шыңы туралы айтыңыз.
- 3) Бурабайдың табиғатын суреттеп беріңіз.
- 4) Ондағы сауықтыру орындарындағы емдеу тәсілдерін атаңыз.

**10-тапсырма. Болжам модальдығын пайдалана отырып, қазақ елі табиғатының болашағына болжам жасаңыз.**

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

**11-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, қалай түсінгеніңізді баяндаңыз.**

Бүлт басса Бурабайды шудаланып,  
Шуылы төңіректің тына қалып.  
Көк бояу қоюланып қорғасындай  
Мүлгиді тау мен орман мұнарланып.  
Күлімдер көлдің беті, жердің жүзі,  
Жарқ етсе күннің көзі, шуақ алып,  
Қарғыса қарағайдан көк қаршыға  
Теңбіл тас еліктей боп бұғары анық.  
Тұмсығы түнжыр ойға батқан піл тас  
Қалайша қона қалған шыңға барып,  
Сақалы желп-желп еткен Жеке батыр

Көсілген көк найзасын суға малып.  
Бауырына тарта түсіп ақ қайыңды  
Қарағай бойын созған құмарланып,  
Тамсанып талай ақын толғасақ та,  
Жұмбағын жаратқанның ұға алмадық!!!

(Б. Әлімжанов)

**12-тапсырма. Мәтінді оқып, түсінгеніңізді баяндаңыз.**

«Алла тағала әлемді жаратқанда әр халыққа қалың ормандарды, шұрайлы егістік алқаптары мен кең ағысты өзендерді, басқаларына аспанмен теңескен таулар мен көгілдір тұнық көлдерді бөліп берген» делінген ескі аңызда. Қазаққа кең жайсаң жазира далалы жазық жерлер берілген екен. Оған ренжіген қазақ Жаратушыдан таңғажайып табиғаттың азғантай бөлігін беруін сұрайды. Алла өз қоржынынан әсем тауларды, шатқалдар мен түп-тұнық суы бар көлдерді, гүлге толы көгалы жайылымдар мен мұздай суымен сылдырлап аққан бұлақтарды алақанын кеңге жайып, төгіп берген. Тауларды түрлі түсті ағаштар мен жыңғылдармен көркемдеп, ормандарды жануарлар және құстармен, көлдерді балықпен, шалғын жерлерді жәндіктер мен сирек кездесетін көбелектермен толтырып қояды.

\*\*\*

Табиғаттың осы бір көркем де сұлу таңғажайып бұрышын орыс тілінде «Боровое» деп, ал қазақтар ежелден-ақ Бурабай деп атаған. «Бура» деген сөзден шыққан, түйе деген мағынаны береді. Халық аузында Көкшетау өңірінде өмір сүрген түйе туралы да аңыз бар. Ол тау етегінде жайылып жүріп жау әскерінің жақындағанын сезіп, халықтың басына төніп тұрған қауіпті өзінің түйеге тән даусымен халыққа ескертіп отырған. Осы аңызға сәйкес Көкшетау тауларының бірінде екі өркешті түйенің бейнесі сақталған.

**13-тапсырма. Болжал модальдылығын пайдалана отырып, «Туған өлкемнің табиғаты» тақырыбына эссе жазыңыз.**

**14-тапсырма. Кестені толтырыңыз.**

<b>V</b>	<b>+</b>	<b>!</b>	<b>?</b>
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 13-САБАҚ

### ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ТАРИХИ ОРЫНДАРЫ ӨТІНШІ, ТІЛЕК МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

**1-тапсырма.** Мына сөздердің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.

Ежелгі, аймақ, тас дәуірі, билеуші, жаулаушылық, атақ-даңқ, өркендеу, ұлан-байтақ, алғашқы, дәреже, даму, өлке, ұлан-ғайыр, басқарушы, бөлу, шапқыншылық.

**2-тапсырма.** Жоғарыдағы сөздермен сөз тіркестерін құраңыз.

Үлгі: ұлан-байтақ жер, жоңғар шапқыншылығы, ...

**3-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз. Талдаңыз.

#### Түркістан

Түркістан, Йасы – Қазақстан Республикасындағы қала, Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан ауданының орталығы. Сырдарияның оң жақ жағалауында, Қаратау жотасының етегінде орналасқан. Қаланың іргетасы б.з. 1-мыңжылдықтың орта шенінде қаланған. Археологтар Түркістан қаласының тарихы тереңде жатқанын дәлелдеп отыр. Түркістан қаласының айналасындағы тас дәуірі ескерткіштері – Шоқтас, Қосқорған бұл өңірде әуелгі адам кем дегенде 550 мың жыл бұрын мекен еткенін көрсетеді. Б.з.б. 2-мыңжылдықтан бастап Түркістан қаласы төңірегінде Қазақстанның басқа да өңіріндегідей Андронов мәдениетін жасаушылар тұрған. Түркістанның ежелгі аты – Йасы. Археологтар ертедегі Йасының орны қазіргі Күлтөбеге сәйкес келетінін дәлелдеп отыр. VII–XII ғасырларда Түркістан төңірегі Шауғар өңірі атанған. Бұл өңір Түрік қағанатына қарады. IX ғасырда қарлұқтар мен оғыздардың қол астында болды. Бұл өңірге 809-819 жылдар аралығында Хорасан билеушісі әл-Манун, X ғасырдың соңында саманилік билеуші Насыр жаулаушылық жорықтар жасаған. XII ғасырдың бірінші ширегінде қидандар

шабуылынан Шауғар құлағаннан кейін, Йасы өлкенің орталығына айналды. Қожа Ахмет Йасауи осында келіп қоныс тепкен кезде атақ-даңққа бөленді. Қожа Ахмет Йасауи қайтыс болған кезде оның қабіріне мазар тұрғызылды. Ол қасиетті орын деген атқа ие болды. Қаланың Ұлы Жібек жолының бойында, Дешті Қыпшақ пен Орта Азияның аралығында болуы адамдардың мазарға тәуәп етуі, сауданың қызу жүруі елді мекеннің өркендеуіне ықпал етті. XV-XVII ғасырларда зираттың төңірегінде ақсүйектер күмбездері салынып, олардың ішінде Рабиға сұлтан Бегім (XV ғ.), Есім хан (XVII ғ.) күмбездері ерекше маңызды болды. Түркістан Есім ханнан бастап Қазақ хандығының орталығы болды. Сол кезден бастап Йасы қаласы Түркістан деп атала бастады. XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылықтары қаланы құлдыратып жіберді. 1819-1864 жылдары Түркістан Қоқан хандығының қол астына қарады. 1864 жылы 11 маусымда Түркістанды Ресей әскерлері жаулап алды. 1903 жылы Түркістанда темір жол вокзалы салынды. 1918 жылы 6-9 қаңтар аралығында Түркістанда Сырдария облысы қазақтарының құрылтайы өтті. Құрылтайда Сырдария облысының Алаш автономиясына қосылған жағдайда Түркістан қаласы Алаш астанасы болады деген шешім қабылданды. Түркістан қаласы – 1928 жылдан Түркістан ауданының әкімшілік орталығы. Түркістанда орта білім беретін мектептерден басқа арнаулы білім беретін оқу орындары бар. 1991 жылы Түркістанда Қожа Ахмет Йасауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің негізі қаланып, қазіргі кезде еліміздегі жетекші білім беру ордасына айналды. Юнеско шешімімен Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып өтілді.

*(Ұлттық энциклопедия)*

#### **4-тапсырма. Тапсырмаларды орындаңыз.**

1. Мәтінді мағынасына қарай бөлімдерге бөліп, тақырыпша қойыңыз, жоспар құрыңыз.
2. Жоспар бойынша мәтінді әңгімелеңіз.

#### **5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Түркі өркениеті дегеніміз не?
2. Жалпы түркі өркениетіне қызмет жасаған қандай ойшыл ғалымдар мен жазушыларды білесіз?



3. Тәңірлік наным-сенімді қалай түсінесіз?
4. Тәңіршілдік пен ислам дінін қалай байланыстыруға болады?

**6-тапсырма.** Сөз тіркестерінің көмегімен бірнеше сөйлем құрастырыңыз.

Кең байтақ, дербес мемлекет, қастерлі мекен, түркі жұрты, түркі тайпалары, түркі өркениеті, күдіретті күш, тұтас ұлыс, ортақ діл мен дін, шежірелі аймақ, әлемнің төрт қиыры, түркілік тәңіршілдік, ислам діні, бірыңғай дүниетаным, шығыстық мәдениет, батыс мәдениеті, түркі ойшылдары, Шығыс Түркістан, Батыс Түркістан.

**7-тапсырма.** Берілген сөйлемдердің мағынасын талдаңыз.

1. Барлық түркі жұртының әрбір баласы үшін ыстық та қастерлі мекен – Түркістан.
2. Түркістан қаласын алыс-жақын түркі халықтарының бәрі «кіші Меккеге» балайды.
3. Түркістан – екі дүние есігі ғой.

### ӨТІНІШ, ТІЛЕК МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

Сөйлеу барысында айтылатын ойға сөйлеушінің ықыласын, ойын, тілегін, өтінішін білдіруі **тілек модальдылығы** деп аталады.

Өтініш, тілек мәнді модальдылықты жасайтын көрсеткіштер:

1. **-са, -се екен, -са, -се дейм, деймін** аналитикалық форманттар арқылы беріледі: *айт-са екен, көр-се екен, демал-са-м деймін, жүр-се деймін.*

2. **-ғай, -гей, -қай, -кей** жұрнағы: *барғайсың, білгейсіз, көрсеткейсіздер*, т.б.

3. **-ғай еді (-қай еді, -гей еді, -кей еді)** аналитикалық форманты: *қайтқай еді, көрсеткей еді, алғай еді, біткей еді.*

4. **-са игі** форманты: *сұраса игі еді, білсе игі еді, кешірсе игі еді, келсе игі еді, бітірсе игі еді.*

5. **-са еді** форманты: *бұйырса еді, білсем еді, ұмытпасаң еді, көрсең еді, қонсаң еді, шыдасаңыз еді, ұнасаңыз еді.*

6. **-са/се екен** форманты: *өтсеңіз екен, келсе екен, ұтсам екен, озсаң екен, қалса екен.*

7. **-са ғой** форманты: *бар-са-ңыз ғой, кел-се ғой, жаз-са ғой.*

Мысалы: *Ойтыр-ай, осының бәрі түсім болып шықса игі еді. Олар келісімшартқа кешікпей қол қойса екен.*

**8-тапсырма.** Сөйлемнен өтініш, тілек мәнді құрылымдарды табыңыз.

1. Шіркін, осы жылы Бурабай көліне барсам! 2. Сен машинамен келсең, біз бәріміз есік алдына шығып тосып тұрсақ! 4. Ол ертең кездесуге келсе екен. 6. Ойпыр-ай, осының бәрі түсім болып шықса *игі еді*. 7. Археологтар Түркістан қаласының тарихы тереңде жатқанын дәлелдесе ғой. 8. Ғалымдар бұл өңірде әуелгі адам кем дегенде 550 мың жыл бұрын мекен еткенін көрсетсе ғой. 9. Археологтар ертедегі Йасының орны қазіргі Күлтөбеге сәйкес келетінін дәлелдесе деймін.

**9-тапсырма.** Сөйлемдерді тілек мәнді құрылымдарды пайдаланып аяқтаңыз.

1. Түркістан қаласы төңірегінде Қазақстанның басқа да өңіріндегідей ... .. 2. VII–XII ғасырларда Түркістан төңірегі Шауғар өңірі ... .. 3. Бұл өңір Түрік қағанатына ... .. IX ғасырда қарлұқтар мен оғыздардың қол астында ... .. 4. Хорасан билеушісі әл-Манун жаулаушылық жорықтар ... .. 5. Қожа Ахмет Йасауи осында келіп қоныс тепкен кезде атақ-даңққа ... .. 6. Қожа Ахмет Йасауи қайтыс болған кезде оның кабіріне мазар ... ..

**10-тапсырма.** Берілген сөздерге *-се екен, -са деймін, -ғай еді, -са игі, -са еді, -са/се екен, -са ғой* тілек мәнді құрылымдарды қатыстырып, сөйлем құраңыз.

Өлке, қоныс, мазар, түрік қағанаты, билеуші, жорық, орталық, шабуыл, мекен ету.

**11-тапсырма.** а) шағын мәтіннің идеясын айтыңыз; ө) мәтіндегі сөйлемдерді тілек мәнді құрылымдарға өзгертіңіз.

Түркістан жай қала ғана емес, Еуразияның орталығындағы кең-байтақ аймақта ежелден қоныс тепкен, бүгіндері өз алдарына халық болып, дербес мемлекеттерін құрып отырған тұтас ұлыстың бүкіл болмысының баламасы екен.

Содан да болар, түркі жұртының өздері де, алыс-жақын көршілері де сол жұрт қоныстанған ұлан-байтақ аймақты «Түркістан» деген бір ауыз сөзбен бір-ақ атаған. Кейін бұл атау географиялық ұғымға айналып, Шығыс Түркістан, Батыс Түркістан деген сияқты жіктеулерге ұшыраған. Тұтас ұлысты жік-жікке бөлу, бір-бірінен оқшаулау іргеден көз алартқан жат жұрттардың ежелден үйреншікті әрекеті болғаны белгілі. Мұндай әрекеттердің зардапты жарасы әлі де жазыла қойған жоқ.

**12-тапсырма.** «Қазақстанның киелі жерлері» тақырыбына эссе жазыңыз.

**13-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқып, қалай түсінгеніңізді баяндаңыз.

Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған  
Түріктің тәңір берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып-өскен.  
Тұранның тағдыры бар толқымалы,  
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,  
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.  
Тұранның жері менен суы да жат,  
Теңіздей терең ауыр ой бергендей.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?  
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?  
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,  
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?

Шер батса, кім іздемес туған елін?  
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?

Арқаның ардагері қалың алаш  
Тұран да, біле берсең, сенің жерің!

(М. Жұмабаев)

#### **14-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**

Ахмет Йасауи – білімпаз ғалым, ақын, ойшыл, бүкіл түрік жұртының рухани атасы. Ол қазіргі Шымкент облысындағы Сайрамда туып, қазақ жерін Үнді, Қытай, Еуропамен байланыстырған Түркістан қаласында тұрды.



Йасауи жеті жасында

ата-анасынан жетім қалып, Түркістанда апасының қолында тәрбиеленді. Екі ұстазы болған. Бірі – Арыстан баб, екіншісі – Бұқарадағы Қожа Йусуф Хамадани.

Екеуі де дүниеге қызықпайтын, дін тазалығын, адамдық жолын ұстаған кісілер еді. Қожа Ахмет Йасауидың өзі де осы жолды таңдады.

Йасауи – сопылық әдебиеттің өкілі. Ол бүкіл өмірін исламды уағыздауға, шәкірт тәрбиелеуге арнады. Ол алпыс үш жасында жер астынан бір кісілік жертөле-қылуат жасатып, «Мұхаммед пайғамбар жасынан асып кеттім, бұдан әрі өмір сүруім күпірлік болады» деп қалған өмірін сол жер астында өткізген. 73 жасында қайтыс болған. Ибраһим, Гауһар есімді ұлы-қызы бар екен, ұлы жастайынан қайтыс болыпты. Қызынан тараған ұрпақтары ішінен шығысқа аты мәлім ғалым, жазушылар шыққан.

Йасауи жер астында отырып, соңғы он жылында «Хикметтер» атты кітабын жазған. Кітабы адамдық, ізгілік жолына үндейді. Адамдардың пейілі бұзылып, заманның азғанына қиналады.

Йасауидың даналық ойлары Баласағұни мен Абайдың пәлсапасының орта тұсында жатыр. Сондықтан да осы үш ойшылдың көзқарастары өте ұқсас. Үшеуі де бір арнадан бастау алып, бір дәстүрден сусындаған. Ол – қазақ әдебиетінің терең

тамырлары. Мысалы, Йасауи де, Баласағұни де, Абай да бес нәрседен қашық болуды айтқан.

Йасауи сақтандырған бес нәрсе – мыналар:  
Алланың ақ жолын мойындамаудан қашық бол;  
Менмен, тәкаппар болма;  
Дүние-мүлік үшін арынды сатпа;  
Арамдықтан аулақ бол;  
Еріншек болма.

Йасауи «Хикметтер» кітабында өмірде не нәрсе құнды, неден қашу керек, неге асығу керек деген мәселелерге жауап береді. Кітаптың соңында өмірдің ақыры таяу екендігін, енді о дүниеге пейіл беру керектігін жазады.

Түрік жұртында Ахмет Йасауиды құрметтеп, пір тұтқаны соншалық: «Мәдинеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет» деген.

**15-тапсырма. Берілген сөздермен тілек мәнді құрылымдарды пайдаланып, сөйлем құраңыз.**

Хикмет, жұрт, рухани ой санасы, жетім қалу, қызығу, дін тазалығы, сопылық, өкіл, уағыздау, шәкірт, жертөле-қылуат, күпірлік, аты мәлім, ұрпақ, ізгілік, үндеу, пейілі бұзылу, азу, қиналу, орта тұсы, ұқсас, арна, сусындау, қашық болу, мойындау, менмен, ар, арамдық, өмірдің ақыры, таяу, пейіл беру, пір тұту.

**16-тапсырма. Мына сұрақтарды топ болып талқылаңыз.**

1. Қожа Ахмет Йасауи қай жерде дүниеге келген?
2. Кім тәрбиелеген?
3. Оның ұстазы кім болған?
4. Өмірінің соңғы жылдарын не себепті жер астында өткізген?
5. Ахмет Йасауидің ұрпағы жайлы не білесіз?

**17-тапсырма. Досыңызбен сұхбат құрыңыз.**

Ахмет Йасауи сақтандырған бес нәрсе не? Оның «Хикметтер» кітабы не жайында? Йасауи, Абай, Баласағұни көзқарастарында қандай ұқсастықтар бар? Йасауи неден сақтандырған? Түрік елі Йасауиді қалай құрметтейді?

**18-тапсырма.** Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің салынуы туралы халық арасына тараған қандай аңыз, әңгімелерді білесіз?

**19-тапсырма.** Кестені толтырыңыз.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 14-САБАҚ

### КӨНЕ ҚАЛАЛАР СЫРЫ МІНДЕТТІЛІКТІ БІЛДІРЕТІН ҚҰРЫЛЫМДАР

**1-тапсырма.** Берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.

Көне қаланың орны, көне түрік руна жазбалары, Фараб аймағы, Монғол шапқыншылығы, қырғынға ұшырау, Жошы ұлысы құлағаннан кейін, күрес барысында, бесбұрыш тәріздес.

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Орта Азияда орналасқан қандай көне қалаларды білесіз?
2. Түркі өркениетінің дамуында бұл қалалардың рөлі қандай?
3. Отырар туралы не білесіз?
4. Отырар туралы жазылған қандай шығармаларды білесіз?

**3-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз.

#### Отырар

Отырар – аты аңызға айналған ортағасырлық қала болған. Ол ұлылар дүниеге келген қасиетті мекен, тарихта Тұрарбанд, Тұрар, Тарбанд, Фараб деп те аталып келген. Кейбір деректерге қарағанда осыдан екі жарым мың жыл бұрын оның орнында алғашқы қоныстар болған.



ҮІ-ҮІІІ ғасырларда Отырар Сырдария өзенінің орта ағысындағы саяси орталық болды. Кейін ІХ-ХІІ ғ. сол аймақтың

басты қалаларының біріне айналады. Отырар Қазақ хандығы заманында мәдениеті мен экономикасы жақсы дамыған орталықтардың бірі болған.

Отырар қаласының гүлденіп, орта ғасырдағы ірі қала орталығына айналуына оның орналасқан орны үлкен әсер етті. Бұл қаланың тез өсуіне қолайлы жағдай жасаған Ұлы Жібек жолы болды. V-XV ғ. Отырар қаласы Арал бойындағы көшпелі тайпалармен сауда жасайтын орталыққа айналды. Иран мен Орта Азиядан Сібірге, Монғолияға және Қытайға қатынайтын сауда жолындағы маңызды қала болды. Отырарға жан-жақтан көпестер келіп-кетіп жатты. Мұнда медреселер, базарлар, ұстаханалар, тіпті қонақүйлер мен мешіттер, монша, сауда дүкендері жұмыс істеген. Мықты дуалмен қоршалған қалаға кіретін бес қақпа болған. Қала билеушілері, байлар, ірі саудагерлер қаланың орталық бөлігінде тұрды. Ал сыртында қарапайым халық қоныстанды. Қала екі дуалмен қоршалған. Біріншісі қаланың бүкіл аумағын қоршай салынды. Екінші дуал қаланың ауқатты адамдары тұратын орталық бөлігін басқалардан бөліп тұратын. Отырар қаласы өз заманында небір қырғын шайқасты басынан кешірген. 1218 жылы Шыңғысхан басқарған Монғолдың қалың қолы Қазақстанның Жетісу өңіріне аттанды. Бірнеше қала, мыңдаған халық, мал-мүлік монғолдардың олжасына айналды. Оңтүстік Қазақстан қалалары ішіндегі Отырар сол кездегі ең мықты қалалардың бірі саналды. Оның билеушісі Қайырхан есімді әскербасы еді. Отырар қаласын басып алуға монғолдар 1219 жылы 150 мыңға жуық әскерін аттандырады. Отырарлықтар өз қаласын қасық қандары қалғанша қорғап, беріспеді. Қатты қарсылыққа ұшыраймыз деп ойламаған Шыңғысхан ашуланып, қаланың бекініс орнын жермен-жексен етіндер деген бұйрық береді. Бес ай бойы жауға берілмей шайқасқан отырарлықтардың арасынан Қараша атты сатқын шықты. Ол қаланың дарбазасын жауға ашып береді. Соның опасыздығынан қаланы 1220 жылы ақпанда монғолдар басып алды. Аңыздарға қарағанда, монғолдар Қайырханның тамағына қорғасын күйып өлтіреді. Қаланы бірнеше күн бойы тонап, қира-тады.

Отырар – бесбұрыш тәріздес төбе. Қала дуалмен қоршалған. Қаланың үш қақпасы болған. Орталық қақпа оңтүстік жағына



орналасқан. Әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби осы Отырарда дүниеге келген.

*(Баспасөз материалдарынан ықшамдалып алынды)*

**4-тапсырма. Топ болып талқылаңыз.**

1. Отырар қаласының тағы қандай атаулары бар?
2. Отырар қаласы қай ғасырда саяси орталыққа айналды?
3. Отырар қай елдерге қатынайтын сауда жолындағы маңызды қала болды?
4. Қаланың орталық бөлігінде кімдер тұрды?
5. Қарапайым халық қайда тұрды?
6. Монғолдар Отырарды қай жылы басып алды?
7. Бұл қырғын қалай аталады?

**5-тапсырма. Мәгінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. Отырар – аты аңызға айналған ... . 2. Ежелгі қала Оңтүстік Қазақстан облысындағы ... . 3. XI-XII ғасырдағы мәдени қабатқа жататын ... . 4. Қазақстандағы Қарахан феодалдық ... . 5. Тарихи әдебиеттерде бұл қырғын ... . 6. Монғол шапқыншылығы салдарынан Отырар қиратылып, ... . 7. 1255 жылы армян саяхатшысы Отырарды ... .

**6-тапсырма. Мына сөздерді пайдаланып, бірнеше сөйлем құраңыз.**

Билеуші, қолөнер, ежелгі, шапқыншылық, қасиетті мекен, ежелгі, тарихи әдебиет.

**7-тапсырма. Мына сұрақтар бойынша ой алмасыңыз.**

1. Отырар қаласы қанша жыл өмір сүрген?
2. «Отырар апаты» туралы не білесіз?
3. Отырардың қайта жандануы қалай жүзеге асты?
4. Отырар қаласы қазақтардың билігіне қашан көшті?

**Отырар дастаны  
(үзінді)**

– Даңқың қайда төске өрлеген?

Екі жүз мың әскерменен

Алты ай бойы кіп-кішкентай  
 Отырарды ала алмау,  
 Алты ай бойы  
 Отырардың осал тұсын таба алмау  
 Ойы – дауыл,  
 Сезімі – аспан,  
 Тек жеңіспен көзін ашқан  
 Менің алғыр ұрпағымның сүйегіне зор таңба,  
 Намысыма сызат түсті мына сенің арқанда, –

деп Шыңғысхан Шағатайға оқты көзін қадады.

– Осы өкініш мені де өртеп барады.  
 Отырардың бақытына орнаған  
 Болар, бәлкім,  
 Алдырмай тұр зор қамал.  
 Бірақ, әке, жүргенім жоқ аянып,  
 Қанша үмітім желге ұшты.  
 Қанша әскерім жер құшты.  
 Дала жатыр қызыл қанға боялып,  
 Егер бүкпей баяндасам шындықты  
 Рухы – өр,  
 Тәні – бекем  
 Бұл бір қайсар халық екен,  
 Тірліктен де артық қойған бірлікті.

*М. Шаханов*

**8-тапсырма. Кестені толтырыңыз.**

Не білемін?	Не білгім келеді?	Нені білу керек?
Қазақстанның қандай ежелгі қалаларын білеміз?	1. Отырар қаласының ерлігін жырлаған кім? 2. Мұхтар Шахановтың осы поэманы жазуына не себеп болды?	1. Отырар қаласының ерлігі туралы. 2. Мұхтар Шаханов ұлтжанды ақын екенін.

## МІНДЕТТІЛІКТІ БІЛДІРЕТІН ҚҰРЫЛЫМДАР

**Міндеттілік** модальдылығы қимылды жасауға субъектінің міндетті екенін білдіреді. Тілде міндеттілік мағынаны білдіретін мынадай аналирикалық форманттар арқылы бар: **-у қажет, -у керек, -(уға) міндетті, -уы/-уы тиіс**. Мысалы, *Отырар апаты туралы білуі керек. Тарихты білуге, бағалауға міндетті.*

**Керек** сөзінің екі түрлі модаль мағынасы бар: міндеттілік, болжал мағынасы. Міндеттілік мағынасында **керек** модаль сөзі түйық етістікпен, **-мақ\ -мек** формасымен де тіркесе жұмсалады. Түйық етістік бұл ретте септеліп те, кейде тәуелдік жалғауын қабылдап та айтыла береді. Мысалы, *Отырар қаласы туралы естелік қалдыруың керек. Кейінгі ұрпаққа Отырар тарихы жайлы айтуың керек.*

Қазіргі әдеби тілімізде **қажет** және **тиіс** сөздері осы керек модаль сөзімен синонимдес мәнде жұмсалады. Бұлар бір-ақ модальдық мағынада ғана қолданылады. Ол – міндеттілік мағына. **Тиіс, қажет** модаль сөздері бұл мағынаны түйық рай етістікпен тіркесе айтылғанда ғана білдіреді. **Тиіс** сөзі барыс жалғаулы түйық етістіктен кейін тұрады. Мысалы, *Қалаға кіретін есік бес қақпадан кем болмауға тиіс.*

Міндеттілік мағына болымсыз түрде де айтылады, ол үшін **емес, жоқ** көмекшілері форманттарға тіркеседі. Мысалы, *Онымен Ұлы Жібек жолы туралы ақылдасудың керегі жоқ. Оған қала қақпасы туралы ескерту керек емес.*

### **9-тапсырма. Сөйлемдерден міндеттілік мәнді құрылымдарды табыңыз.**

1. Отырар қаласының гүлденуіне оның орналасқан орны үлкен әсер етуі керек. 2. Бұл қаланың тез өсуіне қолайлы жағдай жасаған Ұлы Жібек жолы болуы керек. 3. Отырар қаласы Арал бойындағы көшпелі тайпалармен сауда жасайтын орталыққа айналуы тиіс. 4. Иран мен Орта Азиядан Сібірге, Монғолияға және Қытайға қатынайтын сауда жолындағы маңызды қала болуы тиіс. 5. Отырарға жан-жақтан көпестер келуі тиіс. 6. Мықты дуалмен қоршалған қалаға кіретін бес қақпа болуы қажет.

### **10-тапсырма. Сөйлемдерді міндеттілік мәнді құрылымдармен аяқтаңыз.**

1. Қала билеушілері, байлар, ірі саудагерлер қаланың орталық бөлігінде тұруға ... . 2. Ал сыртында қарапайым халық қо-

ныстануға ... . 3. Қаланы екі дуалмен қоршауға ... . 4. Отырарлықтар өз қаласын қасық қандары қалғанша қорғап, беріспеуге ... . 5. Ол қаланың дарбазасын жауға ашуға ... .

***II-тапсырма.*** Мәтінді оқыңыз. Мәтіннен модальдылық мағынадағы сөйлемдерді тауып, оларды мағынасына қарай анықтаңыз.

### **Әбу Насыр әл-Фараби**

Әбу Насыр әл-Фараби дүниежүзіне белгілі ғалым, асқан ойшыл, замандастары құрметтеп «екінші Аристотель» деп атаған. Әбу Насыр әл-Фараби қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар өңірінде орта ғасырда (870 ж.) дүниеге келген. Балалық шағы Арыс пен Сырдария өзендері бойында өткен.

Білімге құмар жас Отырар медресесін бітірген соң, ондағы аса бай кітапханада өз бетінше білімін одан әрі толықтырады. Барлық қолжазба қорын оқып бітіргеннен кейін сол кездегі аса ірі мәдениет ошағы Бағдад қаласына барады. Онда Аристотель, Евклид, Птолемей еңбектерін оқып үйренеді. Әл-Фараби математиканың, сәулет өнерінің және музыканың негізін қалаушы деп саналады. Әбу Насыр – ғылым мен өнердің барлық саласында еңбек еткен ғұлама. 150-ден астам ғылыми еңбек жазған, сонымен қатар ол әртүрлі аспаптарда тамаша орындаушы, ақын болған. Ұлы ғұлама ұзақ уақыт шетелде жүрсе де, өзінің туған жері Отырарды есінен шығармаған. Кей аңыздарда оны жеті тіл, тіпті жетпіс жеті тіл білген деп айтады.

Әл-Фарабидің ғылым саласында жазған еңбегінің қолжазбасы Өзбекстан Республикасы Шығыстану институтының қолжазба қорында сақталған. Оның «Ғылымдардың шығуы», «Ғылымдар тізбегі» атты еңбектерінде табиғаттану мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген. Географиялық құбылыстарды математикалық жолмен түсіндіріп, күн сағатын жасаған. Күн мен Айдың тұтылу ұзақтығын есептеп шығарған. Ерте кезден қазақ елі Жетіқарақшы, Темірқазық, Үркер атты жұлдыздар тобын «түн са-

ғаты» ретінде пайдаланса, күндізгі уақытты «күн сағаты» арқылы айыратын болған.

Әл-Фарабидің «Күн сағатында» күн сәулесін сызық, ал жер шарын сфера ретінде алып, сол арқылы шеңберлік градусты өлшеп, сағат мезгілін дәл есептеп шығарған.

Әл-Фараби есімі дүниежүзі мәдениеті мен ғылымы тарихынан берік орын алады. Фарабидің Каир, Бейрут, Хайдарабад, Анкара, Берлин, Лондон қалаларында араб тілінде басылып шыққан қолжазба еңбектері Братислав мұражайында сақтаулы. Фарабидің еңбектерінің 7 томы қазақшаға аударылып басылып шықты.

Ғұлама ғалым еңбектерінде адамдардың бақытқа, молшылыққа жету үшін бір-біріне әділетті дос болуын насихаттап жазды.

Фарабидің «Бақытқа жету жолында барлық халық бір-біріне көмектесетін болса, жер беті түгелімен берекеге толады» деген сөзі бүгінгі өмірге бағыштап айтқан сияқты.

### ***12-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.***

1. Әл-Фараби қай жерде дүниеге келген?
2. Бағдатта немен айналысты?
3. Ол нені зерттеді?
4. Қандай еңбек жазды?
5. Батыс ғалымдары әл-Фарабиді кім деп атаған?
6. Геометрия, астрономия ғылымдары саласында ашқан жаңалықтары қандай?

### ***13-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.***

1. Білімге құмар жас Отырар медресесін бітірген соң, ... .
2. Әл-Фарабидің «Күн сағатында» күн сәулесін сызық, ал жер шарын сфера ретінде алып, сол арқылы шеңберлік градусты өлшеп, ... .
3. Ғұлама ғалым еңбектерінде адамдардың бақытқа, ... .
4. Әл-Фараби есімі дүниежүзі мәдениеті мен ... .

**14-тапсырма.** Берілген сөздерге -у қажет, -у керек, -у (-уға) міндетті, -уы / -уы тиіс модаль сөздерін қатыстырып, сөйлем құраңыз.

Ғұлама ғалым, керуенге ілесу, қолжазба табу, молшылыққа жету, берекеге толы, ерте кезде, мәдениет ошағы.

**15-тапсырма.** «Даңқы асқақ Отырар» тақырыбына эссе жазыңыз.


**16-тапсырма.** Кестені толтырыңыз.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жана ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 15-САБАҚ

### ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР: ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР МҮМКІНДІЛІК МОДАЛЬДЫЛЫҒЫ

**1-тапсырма.** Берілген тақырып бойынша кластерді толықтырыңыз, әр бөлікке түсіндірме беріңіз.



**2-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз. Талдаңыз.

Керей мен Жәнібек сұлтандар қазақ тайпаларын бастап, Қазақ хандығының болашақ негізін салуға Батыс Жетісуға көш бастады. Сұлтандардың Жетісуға қарай ойысудағы басты мақсаты – Орталық және Оңтүстік Қазақстанның қазақтарын Ұлы жүз тайпаларымен біріктіру еді.



Қазақ хандығының алғашқы қарым-қатынас жасаған елі Моғолстан ханы Есен-бұға болды. ХҮ ғ. басында Есен-бұға хан Жетісу мен Моғолстанның басқа да аудандарын маза-лай бастаған ойраттардың шабуылына тойтарыс беру үшін қазақтардың күшін пайдаланбақ болды. Сондықтан ол Моғолстанның батыс аймағы – Шу бойынан қоныс бөліп береді. Керей мен Жәнібек сұлтандар Есен-бұға берген Батыс Жетісуды құтты мекен ете отырып, Қозыбасыға Қазақ хандығының ұлттық туын тігіп, 1465-1466 жылдары Қазақ хандығын құрды.

XIV-XV ғғ. Қазақстан жерін мекендейтін қазақ тайпалары Ертістен Жайыққа, Алтайдан Каспий мен Аралға, Қараталдан Сырдарияға, Тянь-Шаньнан Қаратауға дейінгі кең байтақ, жазық даланы қоныстанған еді. Әбілқайыр хандығынан, Моғолстан хандығынан, Ноғай Ордасынан және Сібір хандығынан Қазақ хандығының құрамына ағылып келіп қосылушы қазақ тайпаларының саны өте көп болған. Бұл Қазақ хандығының нығаюына және хандықтың жер көлемінің кеңейіп, ұлғаюына ықпал етті.

Қазақ даласының негізгі тұрғындары үйсін, қаңлы, қоңырат, қыпшақ, найман, керей, маңғыт, т.б. көптеген тайпалар болды. Олар қазақ халқының біртұтас мемлекет болып құрылуына, оның ұлттық этникалық құрамына үлкен үлес қосты.

Жәнібек пен Керей хандар қырғыз халқымен де өзара тату қарым-қатынас орнатты. Тарихи аңыздарда қырғыздар өздеріне хан болу үшін Жәнібек ханның бір баласын сұрағаны айтылады.

Жанадан құрылған Қазақ хандығының тағына Шыңғысханның ұрпағы болғандықтан, Керей, Жәнібек сұлтандардың екеуі де отыруға құқылы болды. Бірақ сол кездегі орныққан тәртіп бойынша, хан тағына отырғызарда мұрагерлікпен қатар, жасының үлкендігі де ескерілген. Сондықтан хан тағына Керей отырып, билік тізгінін қолға алады. Ақылдасар тірегі Жәнібек болды. Жәнібек хан – Барақ ханның бел баласы, Керей хан болса Барақ ханның ағасы Болат сұлтанның баласы, яғни екеуі немере еді. Керей хан мен Жәнібек ханның Шудағы Қозыбасыға Орда тігуі ең алдымен, көшпелі қазақтардың ел бо-



лып, еңсе көтерсек деген ынта-үмітін жүзеге асырды. Керей хан хандықтың басқару ісін Жәнібекпен келісе отырып, ойдағыдай жүргізген.

Қазақ халқының тарихында Қазақ ұлттық мемлекеті құрылуының орасан зор маңызы болды. Әр хандықтың билігінде ел болуды аңсап жүрген ру-тайпалардың қазақ ұлты болып қалыптасуы аяқталды. Ұлтты басқару, оны сырт жаудан қорғау үшін Қазақ мемлекетінің біртұтас ұлттық саяси-әкімшілік жүйесі құрылды. Мемлекетіміз бүгінгі таңдағы шекарамызға дейін жер аумағымызды кеңейтіп, үлкенді-кішілі мемлекеттермен терезесі тең дәрежеде қарым-қатынас орнатты. Әлеуметтік экономикалық және мәдени жағынан өзіндік салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, ділі, діні бар ел санатында даму жолына түскен азат, еркін елге айналды.

**3-тапсырма.** Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Қазақ хандығының алғашқы қарым-қатынас жасаған елі \_\_\_\_\_ . 2. Моғолстанның батыс аймағы – \_\_\_\_\_ . 3. Керей мен Жәнібек сұлтандар \_\_\_\_\_ . 4. Есен-бұға берген \_\_\_\_\_ . 5. 1465–1466 жылдары \_\_\_\_\_ . 6. Қазақ даласының негізгі тұрғындары \_\_\_\_\_ . 7. Қазақ хандығының тағына \_\_\_\_\_ . 8. Шыңғысханның ұрпағы болғандықтан, \_\_\_\_\_ . 9. Жәнібек хан – \_\_\_\_\_ . 10. Керей хан болса Барақ ханның ағасы \_\_\_\_\_ .

**4-тапсырма.** Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақ хандығы құрылуының қандай тарихи қажеттілігі болды?
2. Қазақ хандығы алғашында Қазақстанның қай аумағында құрылды?
3. Керей, Жәнібек хандармен бірігіп көшкен ру-тайпалардың алғашқы атауы?
4. Қазақстандағы ру-тайпалар қандай басты үш аймаққа шоғырланды?

## МҮМКІНДІЛІК МОДАЛЬДЫЛЫҒЫ

Мүмкіндік модальдылығы қимылды жасауға субъектінің мүмкіндігі бар, жоғын білдіреді. Тілімізде мүмкінділік мағынаны білдіретін мынадай аналитикалық форманттар бар : **-а ал, -а біл, -уға бол, -уға кел**. Мысалы, *Олар қазақ халқының біртұтас мемлекет болып құрылуына үлес қоса алады. Жәнібек пен Керей хандар қырғыз халқымен де өзара тату қарым-қатынас орната біледі. Қазақ хандығының тағына Шыңғысханның ұрпағы болғандықтан, Керей, Жәнібек сұлтандардың екеуі де отыра алады*. Бұл мысалдарда сөйлемдегі істі орындау субъектінің қолынан келетіні, субъектінің оған мүмкіндігі бары айтылған (*орната біледі, қоса алады*) және істі орындау мүмкіндігі жоғы да айтылған (*келе алмайды*).

**-а алма** форманты **-а ал** формантының болымсыз түрі. **-а алма** форманты сөйлеушінің анықтауынша субъектінің қимылды жасауға мүмкіндігінің жоқ екенін білдіреді.

**-а біл** форманты мен **-уға бол, -уға кел** форманттары да сөйлеушінің субъектінің қимылды жасай алады деген пікірін білдіреді. Мысалы, *Еңбек ете білген, өмір сүре біледі. Хан тағына Керей отырып, билік тізгінін қолға ала біледі. Ақылдасар тірегі Жәнібек бола білді*. Осы сөйлемдердегі *бола білді, сүре біледі, ала білді* деген етістікте субъектінің қолынан қимылды жасау келетінін білдірген. Сондықтан да бұл форманттар – мүмкіндік модальдық форманттары.

Мүмкіндік модальдық мағынасын білдіретін бұл форманттар түбір етістікке жалғанып, өздерінен соң шақ көрсеткіштерін қабылдап түрлене алады. Әсіресе, міндеттілік модальдық формантымен қолданылған етістіктер ауыспалы шақта қолданылады. Мысалы, *айта алады, айта алмайды, жаза біледі, ұсынуға болады, ұсынуға болмайды, өзгертуге келеді т.б.*

**5-тапсырма. Сөйлемдерден мүмкіндік модальдылық мағынасын білдіретін сөздерді табыңыз.**

1. Қазақ хандығы Моғолстан ханы Есен-бұғамен келісімге келе алды. 2. Есен-бұға хан Жетісу аудандарын мазалай бастаған ойраттардың шабуылына тойтарыс беру үшін қазақтардың күшін пайдалана алды. 3. Сондықтан ол Моғолстанның батыс аймағы – Шу бойынан қоныс бөліп береді. 4. Ол Қазақ хандығының нығаяуына және хандықтың жер көлемінің кеңейіп ұлғаяуына ықпал ете алады.

**6-тапсырма. Сөйлемдерді мүмкіндік модальдылық құрылымы бойынша аяқтаңыз.**

1. Олар қазақ халқының біртұтас мемлекет болып құрылуына, оның ұлттық этникалық құрамына үлкен үлес ... ..

2. Тарихи аңыздарда қырғыздар өздеріне хан болу үшін ханның бір баласын сұрауы ... . 3. Қазақ хандығының тағына Керей, Жәнібек сұлтандардың екеуінің де отыруы ... . 4. Жасының үлкендігі де ескерілуі ... . 5. Көшпелі қазақтардың ел болып, еңсе көтерсек деген ынта-үмітін жүзеге асыруы ... . 6. Керей хан хандықтың басқару ісін Жәнібекпен келісе отырып, ойдағыдай жүргізуі ... .

**7-тапсырма.** Сөйлемдерді мүмкіндік модальдылық құрылымды білдіретін сөйлемдерге өзгертіңіз.

1. Керей хан мен Жәнібек ханның Шудағы Қозыбасыға Орда тігуі ең алдымен, көшпелі қазақтардың ел болып, еңсе көтерсек деген ынта-үмітін жүзеге асырды. 2. Хан тағына отырғыздарда мұрагерлікпен қатар, жасының үлкендігі де ескерілді. 3. Керей хан хандықтың басқару ісін Жәнібекпен келісе отырып, ойдағыдай жүргізді. 4. Қазақ халқының тарихында Қазақ ұлттық мемлекеті құрылуының орасан зор маңызы болды. 5. Мемлекетіміз бүгінгі таңдағы шегарамызға дейін жер аумағымызды кеңейтіп, үлкенді-кішілі мемлекеттермен терезесі тең дәрежеде қарым-қатынас орнатты. 6. Әлеуметтік экономикалық және мәдени жағынан өзіндік салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, ділі, діні бар ел санатында даму жолына түскен азат, еркін елге айналды.

**8-тапсырма.** Берілген сөздер мен сөз тіркестерінен мүмкіндік модальдылық құрылымды сөйлем құраңыз.

Қазақ хандығы, көш бастау, біріктіру, тойтарыс беру, қоныс, құтты мекен, ұлттық ту, кең байтақ, хан тағы, мұрагерлік, бел баласы, немере, көшпелі қазақтар, ұлтты басқару.

**9-тапсырма.** Төменде берілген ойға пікір білдіріңіз (қолдау, қарсылық білдіру, дәлелдеу).

1. Халық бұқарасының Әбілқайыр ханға наразылығының күшеюі. 2. Жәнібек пен Керейдің Қазақ хандығын құруға үмтылуы. 3. Алым-салықтың көбеюі. 4. Моғолстан билеушісі мен Қазақ сұлтандарының келісімге келуі. 5. Әбілқайырдың ойраттардан соғыста жеңілуі. 6. Моғолстан билеушісі мен Қазақ сұлтандарының келісімге келуі. 7. Әбілқайыр хандығындағы ру-тайпаларының саяси жағдайы.

**10-тапсырма. Көршіңізбен сұхбат құрыңыз.**

1. Қазақстанда қазақ хандығының құрылуы қарсаңындағы жағдай қандай дәрежеде болды?
2. Қазақ хандығының құрылу қарсаңында Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығы арасында талас-тартыс неден туды?
3. Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылу қарсаңындағы этникалық жағдай қандай болды?
4. Қазақ хандығының құрылуына экономиканың дамуы қалай әсер етті?

**11-тапсырма. «Қазақ хандығы. Алмас қылыш» фильміне пікір жазыңыз.**



**12-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Талдаңыз.**

**Абылай хан**

Абылай хан Уәлиұлы (1711-1781) – қазақ халқының әйгілі ханы. Шыңғысханның тікелей ұрпағы, төре. Абылай хан, әкесі Көркем Уәли Түркістанға сұлтан болып тұрған кезде дүниеге келген. Бұл кезең қазақ халқы үшін жойылып кету қаупі төніп тұрған, өлім мен өмірдің арасында күн кешкендей алмағайып заман болатын. Батысында отаршылдық дәмін татып, тәсілін меңгеріп үлгерген Ресей империясы кеуделеп келе жатты. Шығысында өзін аспан әміршісіне балайтын Қытай империясы айдаһардай ысқырып



тұрған кез. Оңтүстігіндегі елдерді ислам фанатизмі тұтастандырып, тәңірлік наным-сенімді өмір салты еткен қазақ даласына олар да ит көрген ешкідей ажырайып қарайтын. Әсіресе, көшпелі өмір салты ұқсас, мекен тұрағы жапсарлас Жоңғар хандығы деп аталатын ойраттардың саяси бірлестігі (1635-1758) аш бүйірден шаншудай қадалады. Абылай хан көзін ашар-ашпастан тағдырдың осындай зұлмат тауқыметімен беттесті. Жастайынан жетім қалған Абылай Төле би сияқты ақылгөй абыздың, Әбілмәмбет сияқты ханның, Бөгенбай сияқты батырдың тәрбиесін көріп, ел-жұрттың саяси-әлеуметтік өміріне қоса жорық жортуылдардың да қыр-сырына көз қанықтырып, көңіл зерделетіп, бой үйретіп өседі. Абылай ханның бүкіл өмірі бір ғана мақсатқа бағынды. Ол ең далада еркін өскен қазақ халқын аман сақтап қалу үшін барлық ақыл-ойы мен қажыр қайратын сарқа жұмсады. Осынау ұлы мұрат жолында Абылай хан пендешіліктің бәрін тәрік етіп, шын мәнінде иісі қазақтың біртуар көсемі бола білді. Ол он бес жасынан бастап қан майданды көзімен көріп, кейін небір қырғын шайқастарда жеке басының ерлік-тапқырлықтарымен жеңіс туын желбіретті. Талай рет жекпе-жекке тіленіп түсіп, Қалдан Сереннің сүйікті жиені Шарышты бір шайқаста өз қолымен өлтірді.

Абылай хан өзінен бұрынғы Мүде, Бумын, Күлтегін, Шыңғысхан, Ақсақ Темір, Едіге, Тоқтамыс, Әз Жәнібек, Керей, Бабыр, Есімхан, Қасымхан сияқты өмірдің барлық сәтінде жеке басымен үлгі-өнеге бола білген көшпелілер көсемінің соңғы тұяғы еді. Ел камы, халық тағдырына қатысты істе Абылай хан ештеңеден тартынған жоқ. Ол елі мен жеріне қауіп төндірген Ресей мен Қытайға тосқауыл болу үшін күші жетпей, сөзі өтпей қиналған сәттерде ең сүйікті бел балаларын кепілдікке берді. Рухы осындай мықты Абылай хан ардақты батырлары қан майданда қаза тапқанда көзінің жасын сығып тастайтын кездері болған.

Абылай хан қазақ халқының тарих сынынан аман өтуі үшін ең алдымен, елдік тұтастық пен дербестіктің қажет екенін терең түсінді. Ол бүкіл қажыр-қайраты мен ақыл-айласын тек қана осы мүддеге бағындыра білді. Бұл мүддені жүзеге асыру жолында ол ерлік ісімен де, шешендік тапқырлығымен де, көреген ақылымен де, шебер ұйымдастырушылығымен де төңірегін таңғалдырып, өз замандастарының бәрінен де бір бас жоғары

тұрды. Абылай хан қазақтың айыр көмей, жез таңдай ақын жырауларын, абыз билерін ғана аузына қаратып қойған жоқ. Ол Қытай мен қалмақ тілдерінде еркін сөйлеп, олардың да ықпалды адамдарын ұтқыр сөздерімен тосылтып отырды. Абылай хан қазақтың дәстүрлі мәдениетіне де жүйрік болды. Ол өз жанынан тамаша күйлер шығарып, Шоқан айтқандай, сол заманның эпикалық қарымдағы ерлік істерін күй тілінде бейнелей білді.

Абылай хан қазақ халқының саяси-әлеуметтік өміріне қырық жылдан астам уақыт ықпал етіп, билігін жүргізді. Абылай ханның ордасы Көкшетауда болғанмен, оның ықпалының үш жүзге де жүріп тұрғаны тарихи ақиқат. Бұл ретте, ең беделді айғақ Абылай ханның саяси, әскери, әлеуметтік көреген де тегеурінді қимылдары болса керек. Жоңғарлардан азат болған шығыстағы байтақ алапқа Алтай асырып қазақ ауылдарын қоныстандыруы, елдің батыс шегарасының сыртындағы Пугачев дүбірін қолдап, үш мың жан кешті сарбаздарының орыс бекіністеріне шабуыл жасауы, оңтүстікте қырғыздарға қарсы жорық ашып, Іленің сол жағасы мен Шу бойындағы шұрайлы қоныстарды қазақтардың өзіне қайтарып беруі, жай қайтарып қоймай, осы жолы әйгілі Жайыл қырғынында ел рухын аспандатып, жеңіс туын желбіретуі, сөйтіп қазақ пен қырғыз арасына Нарынқолдан Қордайға дейін шегара тартып беруі, бұл шегараның күні бүгінге дейін сақталып отыруы, міне, осынау, ел тағдырының шешуші сәттері Абылай ханның бүкіл халықтық ұлы хан болғанына бұлтартпас айғақ. Мұның сыртында Ресей патшалығымен және Қытай Боғды ханымен жүргізген икемді саясаты өз алдына...

Абылай хан туралы әйгілі тарихшы А.И. Левшин былай деп жазды: «Ол ақыл парасаты жағынан болсын, қол астындағы халқының күші мен санының басымдылығы жағынан болсын сол кездегі қазақ даласын билеген замандастарының бәрінен де басым еді».

*(Баспасөз материалдарынан ықшамдалып алынды)*

**13-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді мүмкіндік модальды құрылымы бойынша аяқтаңыз.**

1. Шыңғысханның тікелей ұрпағы ..... . 2. Бұл кезең қазақ халқы үшін ..... . 3. Батысында Ресей дәмін

татып, тәсілін меңгеріп үлгерген ..... . 4. Шығысында өзін аспан әміршісіне балайтын ..... . 5. Абылай хан көзін ашар-ашпастан тағдырдың..... . 6. Жастайынан жетім қалған Абылай ..... . 7. Абылай ханның бүкіл өмірі ..... . 8. Ол он бес жасынан бастап қан майданды көзімен көріп, .....

**14-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Еңсесі биік ел болашағы кімнің қолында?
2. Абылай хан ел бірлігін сақтап қалу үшін не істеді?
3. Көршілес елдермен қандай саясат жүргізіп отырды?
4. Абылай ханның ордасы қай жерде болды?
5. Қазақтың қандай шұрайлы жерлері қайтарылып берілді?
6. Абылай ханның қандай ерекше қасиеттері болды?

**15-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінен мүмкіндік модальды құрылымы бойынша сөйлем құраңыз.**

Халық тағдыры, зұлмат тауқымет, ақылгөй абыз, жорық жортуылдар, қажыр қайраты, көшпелілер көсемі, тосқауыл болу, бел балалары, кепілдікке беру, тұтастық, дербестік, ақыл-айла, шешен.

**16-тапсырма. Ой бөлісіңіз.**

1. Абылайдың жиырма жасы 1733 жылға сәйкес келеді. Дәл сол жылы қазақ пен қалмақ арасында үлкен майдан болғаны қытай деректерінде атап көрсетілген.
2. Абылайдың әскери қайраткерлігі, қолбасылық қабілеті жоғары деңгейде еді. Бұл қабілеті 30-40 жылдардағы шайқастарда ерекше көрінді.
3. Абылай хан – Қазақ ордасының ханы. Қазақ мемлекетінің тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткері.
4. Абылай бала күнінде Үйсін Төле бидің қолына келеді. «Ақтабан шұбырынды» жылдарында Абылай жетім қалған.

5. Аш-жалаңаштықтан өңі жүдеп, шашы өсіп кетеді. Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады.

**17-тапсырма.** Төменде берілген ойға пікір білдіріңіз (қолдау, қарсылық білдіру, дәлелдеу).

Абылай іс жүзінде жалғыз Орта жүздің ғана емес, бүкіл Қазақ ордасының ұлы ханы болды. Абылай Ресей мен Қытай империяларының арасында орналасқан қазақ елінің геосаяси жағдайына икемделген саясат жүргізді. Қытай әскерлері жоңғарларды жойып, Орта Азия мен Қазақстанға ене бастаған кезде мұсылман елдерінің басын қосуға ұмтылып, Ауған шаһы Ахмад Дурранимен келіссөз жүргізді. Түркияға елшілік жіберу ниеті де болды. Қытаймен қатынас жақсара бастаған кезде орыс бодандығынан бойын тартып, патша әкімшілігінің шақыруымен хандық белгілерді қабылдау үшін 1779 жылы қазан айында Петропавл бекінісіне барудан бас тартты. Пугачев соғысы кезінде 3 мың әскерімен «Қасірет белдеуі» бойындағы орыс бекіністерін шапты. Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани қасиетінен еркін сусындаған дарынды күйші ретінде де белгілі. Ол – «Ақ толқын», «Қайран елім», «Қара жорға», «Майда жел», «Сары бура», «Шаңды жорық» т.б. күйлердің авторы. Абылай өмір жолын ат үстінде, жорықтарда өткізіп, Арыс өзені жағасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің ішінде Қабырхана мен Ақсарай арасындағы дәлізде жерленген. Абылайдың артында 12 әйелінен 30 ұл, 40 қызы қалды. Қазақ халқының жадына Абылай қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып келді. Оның есімі тәуелсіздік символында жауынгерлік ұранға айналды.

**18-тапсырма.** Сұрақтарды топ болып талқылаңыз.

1. Абылай қазақ тарихындағы нешінші хан?
2. Абылай қай жүздің ханы?
3. Төле би не себепті Абылай ханға «Сабалақ» деп ат қойған?
4. Абылай хан қай жылдары хандық құрды?
5. Абылай хан қай жерге жерленген?
6. Абылай хан қай жылы дүниесін салды?



**19-тапсырма. Сұхбат құрыңыз.**

1. Егер сен ел билеуші хан болсаң, қазақ елінің туы ешқашан жығылмасын десең, елің үшін қандай қызмет атқарар едің?

---

---

---

**20-тапсырма. «Қазақ хандары» деген тақырыпқа эссе жазыңыз.**

**21-тапсырма. Кестені толтырыңыз.**

<b>V</b>	<b>+</b>	<b>!</b>	<b>?</b>
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 16-САБАҚ

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫ ШАРТТЫ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

**1-тапсырма.** Мына сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлемдер құраңыз.

Табиғат байлығы, сарқылатын, сарқылмайтын, пайдалы қазбалар, оқшау, өндіру, мұхит қайраңдары, қарқынды, сақтау, нығайту, қарым-қатынас, жеуге жарамды, қуаңшылық, суландыру, өзен арналары.

**2-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз. Талдаңыз.

Бүгінгі таңда адамзаттың табиғат байлықтарына деген сұранысы артып келеді. Адамдар табиғаттан және табиғат байлықтарынан оқшау тіршілік ете алмайды.

Табиғаттың адам қажетіне жарайтын барлық мүмкіндігін табиғат байлығы деп атайды. Табиғат байлықтарының *минералдық, климаттық, су, жер және биологиялық* деп аталатын негізгі бес түрге ажыратылады. Олар *сарқылатын және сарқылмайтын* байлықтар тобына бөлінеді.

Дүниежүзі елдерінде пайдалы қазбалар өндіру жылдан-жылға артып келеді. Соңғы кезде мұхит қайраңдары мен суларынан да түрлі пайдалы қазбалар өндіріледі. Мамандардың есептеуінше, пайдалы қазбаларды өндіру қарқынды жүргізіле беретін болса, ХХІ ғасырдың ортасына қарай адамзат олардың барлық қорын тауысады. Әсіресе металдардың ең көп пайдаланылатын кейбір түрлері жақын жылдарда-ақ сарқылуы мүмкін.

Адам тіршілік ететін географиялық орта адам денсаулығын *сақтау* мен *нығайтуға* жағдай жасайды, адамның шаруашылық әрекетінің сипатын анықтайды. Сондықтан адам үшін өзі өмір сүретін табиғи ортасының жай күйі, яғни ауа мен суының тазалығы, климаттық жағдайының қолайлы болуы аса маңызды.

Табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынас адамдардың шаруашылық әрекетінен неғұрлым айқын көрінеді. Алғашқы

адамдар табиғаттың дайын «сыйын» ғана пайдаланды, яғни жеуге жарамды өсімдіктерді жинады, аң және балық аулаумен күнелтті. Сондықтан олардың тіршілік әрекеті табиғатқа айтарлықтай нұқсан келтірген жоқ. Біртіндеп неғұрлым жетілдірілген еңбек құралдарын пайдалану нәтижесінде адам табиғи ортаға белсендірек ықпал ете бастады. Ормандар кесіліп, мәдени дақылдар егілді, қуаңшылық аудандарда суландыру жүйесі тартылды. Кеме қатынасына жарамды болу үшін өзен арналары тереңдетілді.

Шаруашылықты ұйымдастыру барысында табиғатты қорғау, қалпына келтіру және табиғат байлығын мүмкіндігінше сақтау кезек күттірмейтін мәселе болып отыр. Табиғат байлығын қорғап, қамқорлыққа алу – біздің міндетіміз болуы тиіс.

*(Баспасөз материалдарынан ықшамдалып алынды)*

### **3-тапсырма. Мәтін бойынша жұмыс жасаңыз.**

1. Мәтінді оқып, түсініңіз.
2. Мәтінге жопар құрыңыз.
3. Мәтінді әңгімеленіңіз.
4. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.
  - 1) Табиғат байлықтарының қандай түрлерін білесіз?
  - 2) Өзіңіз тұратын жерде қандай табиғат байлықтары бар және олар қалай пайдаланылады?
  - 3) Адамның шаруашылық әрекеті мен тұрмыс-тіршілігіне табиғат жағдайларының әсері қандай?
  - 4) Табиғи ортаға адамның шаруашылық әрекеті қалай әсер етеді? Өзіңіз тұратын жердегі адам әрекеті өзгерткен табиғат жағдайларына мысал келтіріңіз.

### **4-тапсырма. Мәтін бойынша сөйлемдерді аяқтаңыз.**

Табиғаттың адам қажетіне жарайтын барлық мүмкіндігін ... . Табиғат байлықтарының ... . Адам тіршілік ететін орта ... . Мамандардың есептеуінше, ... . Табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынас ... . Еңбек құралдарын пайдалану нәтижесінде ... . Табиғатты қорғау, қалпына келтіру ... .

## ШАРТТЫ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

Шартты модальдылық сөйлемде баяндалған оқиға, әрекеттердің мағыналық жақтан өзара бір-бірімен шарттаса байланысуы негізінде құрылады. Шартты райлы етістік бар сөйлемде екі етістік болады да, бірі екінші қимылдың шарты болады. Бұл шартты райлы етістіктің шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемде қолданылуын қалыптастырған.

Шартты бағыныңқының баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

а) етістіктің шартты рай түрінен болады: *Сөз жүйесін тапса, мал иесін табар.*

ә) болымсыз етістік пен **-й** тұлғалы көсемше түрінен: *Жан қиналмай, жұмыс бітпес.*

б) етістіктің болымсыз түрінен **-йынша, -йінше** жалғану арқылы: *Сапалы өнім шығармайынша, кәсіпорын беделі артпайды.*

в) жатыс септік тұлғасындағы есімшеден: *Пайдалы қазбаларды толық игергенде, оның сапасы толық анықталады.*

### **5-тапсырма. Берілген сөйлемдерден шартты мәнді құрылымды табыңыз.**

1. Пайдалы қазбаларды өндіруді толық игермей, сапасын анықтай алмайды. 2. Мамандардың есептеуінше, пайдалы қазбаларды өндіру қарқынды жүргізіле беретін болса, онда барлық қор таусылады. 3. Кейбір металдар көп пайдаланылатын болса, онда жақын жылдарда-ақ сарқылуы мүмкін. 4. Адам денсаулығын сақтау мен нығайтуға жағдай жасалса, адамның шаруашылық әрекетінің сипаты анықталар. 5. Адам өзі өмір сүретін табиғи ортасының жай күйін білмей, жақсы өмір сүре алмайды. 6. Алғашқы адамдар табиғаттың дайын «сыйын» ғана пайдаланса, қазір еңбек күштерін пайдаланады.

### **6-тапсырма. Сөйлемдерден шартты мәнді құрылымды табыңыз.**

1. Осы пайдалы қазбаларды үнемдесең, тиімді болады. 2. Еліміздің экономикасы өрлесе, халықтың жағдайы жақсарды. 3. Мұнай мен газ улы болса, табиғатқа зиянын тигізеді. 4. Қазақстанның мысы, қорғасыны бағаланса, оған деген сұраныс ұлғая түсер еді. 5. Еліміз мұнайлы аймақ болып табылса, жанармай өнімдері жеткілікті болады.

**7-тапсырма.** Сөйлемдерді шартты мәнді құрылым бойынша өзгертіңіз.

1. Табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынас адамдардың шаруашылық әрекетінен неғұрлым айқын көрінеді. 2. Алғашқы адамдар табиғаттың дайын «сыйын» ғана пайдаланды, яғни жеуге жарамды өсімдіктерді жинады, аң және балық аулаумен күнелтті. 3. Сондықтан олардың тіршілік әрекеті табиғатқа айтарлықтай нұқсан келтірген жоқ. 4. Ормандар кесіліп, мәдени дақылдар егілді, қуаңшылық аудандарда суландыру жүйесі тартылды. 5. Кеме қатынасына жарамды болу үшін өзен арналары тереңдетілді.

**8-тапсырма.** Төменде берілген сөйлемдерге сұрақтар қойып, баяндауыштарының жасалу жолдарын кестеге қарап түсіндіріңіз.

1. Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғаның қайсы? (*М.Ә.*) 2. Мұны қабыл көрсең, сонда сен де түзелерсің (*Шәкәрім*). 3. Бұл – қазақша күрес, екі жауырынның арасын жерге тигізбейінше, жыққанға есептелмейді. 4. Алдына бір қарасаң, артына бес қара. 5. Тапсырманың берілуін түсіндіріп алмайынша, сауатты орындау мүмкін емес. 6. Ереуіл атқа ер салмай, ерлердің ісі бітер ме? (*Махамбет*)

**9-тапсырма.** «Қазақстанның табиғат байлығы» мәтінінен шартты мәнді құрылымдарды пайдалана отырып, бірнеше сөйлем құраңыз.

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- 3) \_\_\_\_\_
- 4) \_\_\_\_\_

**10-тапсырма.** Мына мақал-мәтелдерді толықтырып, мағынасын түсіндіріңіз.

Арпа, бидай ас екен, ..., ... тас екен. Дүниеде ... қатты, ... еріткен ас тәтті. Асы жоқ ... аяқтың, ... ал да отқа жақ. Өтпейтін өмір жоқ, сынбайтын ... жоқ. Кішкентай ..., қауақтай бас жарылады. Көп сөз – ..., Аз сөз – ...

**11-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз.**

Қазақстанда кездесетін қазба байлықтар туралы халық арасында тараған қандай аңыз, әңгімелерді білесіз?

**12-тапсырма. «Табиғат байлығы – халық байлығы» тақырыбына эссе жазыңыз.**

**13-тапсырма. Кестені толтырыңыз.**

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 17-САБАҚ

### БАҒАЛЫ МЕТАЛДАР МЕН АСЫЛ ТАСТАР МАҚСАТ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

**1-тапсырма.** Мына сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.

Бағалы металл, асыл тас, өндіру, шикізат, қоғамдық қатынас, жетік меңгерген, тот баспайтын, майысқақ, жұмсақ, сәндік үшін, қолданыс заттары, шоғырланған, кен орындары, зергерлік өнер, асыл бұйымдар.

**2-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 1389 Қаулысы бойынша «Бағалы металдар мен асыл тастар» туралы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Бұл Заң Қазақстан аумағындағы бағалы



металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдар өндірісін әрі оны әкелу және әкету саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін болады.

Қазақстанда бағалы асыл металдардан алтын және күміс өндіріледі. Олардың көп бөлігі табиғи таза түрде емес, қоспа түрінде кездеседі. Мысалы: алтын, мыс және жез. Асыл металдар кені Алтай өңіріндегі Қалбек тауларының батысында бар. Сондай-ақ солтүстік және оңтүстік өңірлердің кейбір жерлерінде кездеседі. Мұғалжар және Сарыарқа жоталары қойнауында асыл металдар жатыр.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы асыл металл орындарының 195-сіндегі металл қоры барланып, 77 % алтын кен орындары Бестөбе, Васильков, Жолымбет, Арқалы, Мезек кен орындарында шоғырланған.

Қазақ халқының тарихына, қазбалы археологиялық заттарға шолу жасасақ, біздің арғы бабаларымыз асыл металдарды ежелден білген. Мысалы: қазақ елінің әр өңірінен табылған асыл бұйымдар, «Алтын адам» соған дәлел. Олар осы асыл металдарды өндіріп, балқытып, теңдессіз зергерлік өнер үлгісін көрсеткен. Асыл бұйымдардағы алтын мөлшері 97-ден 99 % (пайызға жетеді), яғни олар кен ішінен асыл металды басқа қоспалардан айыратын технологияны жетік меңгерген. Қазақ халқы он бесінші ғасырдан бастап алтыннан гөрі күміс бұйымдарды көп пайдалана бастады. Алтын және күміс – тот (коррозия) баспайтын металдар. Түстері ашық, жағымды, сирек кездеседі. Алайда олар темірдей берік емес. Майысқақ, жұмсақ келеді. Сондықтан оларды көбінесе сәндік үшін, зергерлік бұйым жасауға пайдаланған. Сондай-ақ күміс қасық сияқты күнделікті қолданыс заттары құйылған.

**3-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыз.**

1. Қазақстанда бағалы асыл металдардан \_\_\_\_\_ өндіріледі. 2. Олардың көп бөлігі табиғи таза \_\_\_\_\_ кездеседі. 3. Мұғалжар және Сарыарқа жоталарында \_\_\_\_\_ жатыр. 4. Қазақстандағы асыл металл орындарының \_\_\_\_\_ шоғырланған. 5. Қазақ халқының тарихына \_\_\_\_\_ ежелден білген. 6. Олар осы асыл металдарды өндіріп, \_\_\_\_\_ көрсеткен.

**4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақ дайындаңыз.**

1. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**5-тапсырма. Мәтіннен төменде берілген ақпараттарды кеңейтіп толықтыратын үзінділерді табыңыз.**

- Қазақ халқы ежелден білген.
- Асыл металдарды жетік меңгерген.
- Қазақстанда кен орындары шоғырланған.



- Қазақ халқы зергерлік бұйым жасауға пайдаланған.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің Заңы қабылданды.

### МАҚСАТ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

**Мақсат, себеп мағынасында көп жұмсалатын септеуліктің бірі – үшін.**

а) Тұйық етістікпен тіркесіп, «үшін» істің мақсатын білдіреді. **Үшін** зат есім, есімдік, есімше сөзге жалғасып істің, заттың арналу объектісін білдіреді. **Үшін** өткен шақ есімшеге жалғасқанда барыс септік немесе -**дықтан** формаларының себеп мағынасында жұмсалуына жақын боп танылады. Бірақ септеулік өзіне тән арнау мағынасын білдіруін жоғалтпайтын сияқты.

ә) **Деп** – мағына жағынан **үшін**-ге жуық септеулік. **Деп** -сын\-сін формалы бұйрық рай етістік сөзге тіркесіп, істің мақсатын білдіреді. Зат есім сөзге тіркесіп «деп» арналу объектісін білдіреді.

Мысалы: *Аналарымыз өшекей-бұйымдарды сәндік үшін тағатын. Ұсталардың қолынан шыққан әсем бұйымдардың көпшілігі халықтікі деп аталған. Осы асыл металдарды өндіру үшін зауыттарымыз іске қосылды. Қазба жұмысы жүргізілсін деп археологтар бір ай зерттеді.*

**Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем** – бағыныңқы сөйлем басынқы сөйлемдегі ойдың болу мақсатын білдіріп тұратын сабақтастың түрі. Мақсат бағыныңқылы сөйлем *не мақсатпен? не етпек болып? не үшін? неге?* деген сұрақтардың біріне жауап береді.

Мақсат бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай жолдармен жасалады:

а) мақсатты келер шақ (-*мақ*, -*мек*, -*пақ*, -*пек*, -*бақ*, -*бек*) етістік + «болып» көмекші етістігі тіркесінен: *Олар мәжілістің артынан зауытқа бармақ болып, әріптестерін күтіп тұрды.*

ә) тұйық етістік +«үшін» шылауы тіркесінен: *Зергерлік бұйым жасау үшін зергерлер бағалы металдарды пайдаланған.*

б) шартты, бұйрық және қалау райлы етістік +«деп» көмекші етістігі тіркесінен: *Қызметкерлердің есебін аяғына дейін тыңдайын деп, ол қозғалмас-тан отыруға тырысты.*

**6-тапсырма. Мына сөздер мен сөз тіркестерінен мақсат мәнді құрылымдарды пайдаланып, сөйлем құраңыз.**

Бағалы металл, асыл тас, зергерлік бұйым, қоғамдық қатынас, алтын сырға, күміс білезік, мыс құман, жез сағат, қазба жұмысы, археологиялық заттар, асыл металдар, асыл бұйымдар, Алтын адам, зергерлік өнер, алтын алқа, күміс түйме,

темірдей берік, майысқақ металл, жұмсақ темір, сәндік бұйым, зергерлік бұйым, әшекей бұйым, күміс қасық.

**7-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтіннен мақсат мәнді құрылымдарды пайдалана отырып, бірнеше сөйлем құраңыз.

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- 3) \_\_\_\_\_
- 4) \_\_\_\_\_

**8-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз, мақсат мәнді құрылымды табыңыз да, оларға сұрақ қойыңыз. Қандай тұлғада тұрғанын анықтаңыз.

### Зергерлік өнер



Қазақтың халықтық зергерлік өнері ұлттық мәдениет тарихынан ерекше орын алады. Өнердің бұл түрінің түп төркіні мыңдаған жыл әріде жатыр. Археология деректеріне қарағанда, Қазақстанда мыс, алтын, тағы басқа асыл және түсті металдарға бай кен орындарын игеру ісінің ежелгі замандардақ қолға алынғандығын айғақтайды. Зергерлік өнердің өзіндік жасалу ерекшелігіне тән кәсіптік мінездемесі бар. Қазақ зергерлері көбіне жеке-дара жұмыс істеп, өз өнерінің қыр-сырын

ұрпақтан-ұрпаққа үйретіп отырған. Зергерлердің басты жұмысы – қоғамның барлық әлеуметтік топтарының сұранысына ие болған алтын, күміс, асыл тас және сүйекті пайдаланып, сән-салтанат әшекейлі жиһаз, қыз-келіншектердің сәндік бұйымдары мен қару-жарак, сауыт-сайман, ер-тұрман зергерлеу өнері болған.

Зергерлік өнерді халық өнері деудің мәнісіне келсек, жасалынған сәнді бұйымды баяғыда бір ұста жасап, безендірген, өз заманында оның аты-жөнін халық білген, бірақ көп ғасырдан кейін оның аты ұмытылып, жасалған бұйымы халықтікі болып кеткен. Ғасырдан ғасырға жалғасып, жекелеген ұсталардың қолынан шыққан әсем бұйымдардың халықтікі деп аталуы осыдан.

Шебер түрлі материалдарын өңдеу үшін құрал-саймандарды пайдаланып, өз қол күшімен көп еңбек етіп, сәнді бұйымдар жасаған. Қолөнермен айналысқан ұсталар, көшпелі елмен бірге көшіп, қонып жүріп, шебер ісімен өз өнерлерін ілгері дамытып отырған. Қазақ зергерлері негізінен әйелдердің сәнді әшекейлі заттарын (білезік, жүзік, алқа), ұсталары қару-жарақтарын (айбалта, алдаспан, дулыға, садақ, шоқпар), шеберлері үй іші мүліктерін (кебеже, жүк аяқ, ағаш төсек, адалбақан, зерлі аяқ) жасаған. Зергерлік өнердің туындылары жауға – айбар, жақынға – мақтаныш, аруға – ажар, жігітке – жігер беретін болғандықтан, батырлардың ерлігіне, ақындардың тапқырлығына, жүйріктердің бәйгесіне сыйға тартылатын болған. Ұзатылатын қыздың сән-салтанаты, жасауы ретінде берілген.

Қазақтың қыз-келіншектерін ажарландыра түсу үшін оларға әшекейлі бұйымдар жасаған. Олардың ішіндегі ең көрнекті де қымбаттысы – сәукеле. Сымбатты сәукеленің бағасы XX ғасырдың бас кезінде 1–2 мың сом күміс ақша немесе жүз жылқының құнымен бағаланған.

Қазақ әйелдерінің ең көп әсем бұйымының бірі – білезік. Ол көбінесе жұмыр, төрт қырлы және ширатпалы болып келеді. Білезіктің ашылып-жабылатын түрі де бар. Қазақ әйелдеріне арналған әсемдік бұйымының тағы бір түрі – сырға. Сырғаны көбінесе бойжеткен қыздар құлаққа тағады, сондықтан сырғалар әсем де жеңіл жасалады.

Қазақ бойжеткендері шолпы таққан. Шолпыны кестелі бауға тағып, шашпен бірге өріп қойған. Қазақ оюмен ой айтқан ел. «Өнер – таусылмас азық, таптырмас байлық» дейді халық даналығы. Қазақтың қолөнері де өзінің төлтума бітім-қасиетімен, көркемдік мән-мағынасымен ерекшеленеді. Қолөнер үлгілері, ұлттық өнеріміздің аса бір құнарлы да қызықты саласы ретінде

бүгінгі рухани сұранысымызға да қызмет етіп, мәдениетіміздің бір қырына айналып отыр.

Қолөнер үлгілері тек қана эстетикалық мұра ғана емес. Ол сонымен бірге халықтың белгілі бір тарихи кезеңдегі таным-түсінігінен сұлулық туралы түйсік-талғамнан хабар береді. Әсіресе қолөнер түрлеріне, оның жасалуына, тұтынуларына қатысты атау сөздерінің мәні айрықша. «Өнерлінің қолы алтын» демекші, өнерлінің қолынан шыққан бұйымдар тұрмыстық тұтыну, безендіруі әшекейлеу үшін қажет болғаны, әрі көшпелі өмірдің салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан, халықтың дүниетанымынан сыр шертетіні даусыз. Тек оны ұғып, сезіп, түсіне білу қажет. Осы өнер, салт-дәстүрімізді жоғалтпай, кейінгі ұрпағымызға жеткізу қажет!

**9-тапсырма. Сұрақтарды топ болып талқылаңыз.**

1. Сіз зергерлік бұйымдарды жақсы көресіз бе?
2. Олардың қайсысын пайдаланасыз?
3. Олар не үшін керек?
4. Сіз зергерлік бұйымдар жасағыңыз келе ме?

**10-тапсырма. Мына сөз тіркестерінен мақсат мәнді құрылымдарды пайдалана отырып, бірнеше сөйлем құраңыз.**

Әшекей бұйымдар, сыйға тарту, кестелі бау, ұрпаққа жеткізу, таптырмас байлық, ажарландыра түсу, сыйға тарту, қолөнермен айналысу, ұрпаққа жеткізу.

**11-тапсырма. Мәтінде берілген ақпаратты пайдалана отырып, зергердің тағы қандай бұйымдар жасағанын еске түсіріңіз.**

Қазақтың халықтық зергерлік өнері ұлттық мәдениет тарихынан ерекше орын алады. Өнердің бұл түрінің түп төркіні мыңдаған жыл әріде жатыр. Қазба жұмыстары кезінде табылған бұйымдардағы қолтаңбалар ежелгі өнердің көркемдік деңгейінің биік болғанын байқатады. Зергерлер көбінесе бағалы металдардың ішіндегі ең қолайлысы күмісті пайдаланған. Қазақ зергерлері күмістің жалтыраған түсін, әртүрлі формалар жасауға қолайлылығын шебер пайдаланған. Сауда дамуына байланысты қазақ

зергерлері Ресейдің күміс және алтын ақшасы, Қытайдың қойтұяқ, тайтұяқ жамбыларынан сәндік бұйымдар жасады. Күмісті, алтынды, асыл тастарды сәндік бұйым жасатушылар өздері тауып берді. Кейбір зергерлер өз күмісінен де сәндік бұйымдар жасап сататын болған.

**12-тапсырма.** Төменде берілген ойға пікір білдіріңіз (қолдау, қарсылық білдіру, дәлелдеу).

Алтыннан, күмістен, мыстан және басқа түрлі асыл тастардан сәнді бұйым жасайтын өнер иесін зергер деп атайды. Қазір ұл балалардың да арасында сақина, алқа, тіпті сырға тағатындарын да кездестіруге болады. Қазақ халқында ер адамдардың да өзінше сәндік бұйымдары болған. Бірақ бүгінгідей алқа, сырға тақпағаны айдан анық. Жалпы, мұсылманда жігіттер алтын тақпаған, өйткені ер адамның алтын тағуы шарифатқа қайшы. Ер адамдар тек күміс таққан. Тіпті ұлдардың неке жүзігі де күмістен жасалған. Ежелден-ақ адамзат баласы табиғи тастарды тек сәндік үшін ғана емес, түрлі ауруларды емдеу үшін де пайдаланған. Олар адамға күш-қуат береді, тіл мен көзден сақтайды. Күміс – киелі нәрсе. Ол жүрген жерге жамандық жоламайды. Жаңа туған нәрестенің дені сау, жаны таза болуы үшін күміс жүзік немесе күміс теңге салып шомылдырған.

**13-тапсырма.** Мына өлең жолдарын түсініп оқыңыз.

Білесің бе бұл істі,  
Көрсен қайран боларсың –  
Зергерлікке кім дайын?  
Мақтанышы ол бір елдің.  
Балқытып ап күмісті,  
Күмістейді тағасын,  
Сапырады судайын.  
Таралғы мен жүгенін.  
Осы жұмыс ырғағы,  
Деменіздер бұл қалай,  
Білезік пен алқаны,  
Күмісті де илеген.  
Сақинаны, сырғаны,  
Осы өнерді мұрадай,

Күміс сымнан тартады.  
Зергерлерден үйренем!

(Ф. Оңғарсынова)

**14-тапсырма. Кестені толтырыңыз.**

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 18-САБАҚ

### ҚАЗАҚСТАН ДЕМОГРАФИЯСЫ ҚАРСЫЛЫҚТЫ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

**1-тапсырма.** Мына сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.

Халықтық билеу, халықтың орналасуы, үрдіс, табиғи өсу, ұлы көш, атамекенге ат басын тіреу, игі істер, тиімді жол, айықпас дерт, түйыққа тірелу, азшылыққа ұрыну.

**2-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз.

«Демократия» мен «демография» сөзі аударғанда «халықтық билеу» және «халықтың орналасуы» ұғымын білдіреді. Күнделікті өмірімізде осы екі ұғымның мән-мағынасы бір-бірімен үштасып жатады. Демографиялық үрдіске нысаналы түрде талдау жасамайынша Қазақстанның сан қилы тарихын қайта жазып шығу мүмкін емес. Ал қазіргі уақытта қазақ халқының демографиялық даму мүмкіндігі зор. Тәуелсіздік алған елімізде халықтың табиғи өсуіне оң ықпал тигізетін әлеуметтік іс-шаралар, мысалы, жас отбасына материалдық көмек беру, оларды үймен, жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, әлеуметтік қолдаулар көрсету және т.б. жүргізілуде. Қазіргі уақытта елімізге шет елден ағылған ұлы көштің атамекенге ат басын тіреп жатқаны да демографияның өсуіне өзіндік үлесі мол.

Қазіргі кезде демографиялық жағдайдың жақсаруына еліміздің экономикалық тұрғыдан дамуы, Қазақстан Республикасының «Көші-қон саясаты туралы» заңы қабылданып, жүзеге асырыла бастауы да оң ықпал етіп отыр.

Алайда, осындай жүргізіліп жатқан игі істер оң нәтиже беруі үшін біз қазіргі кездегі демографиялық мәселелердің ең басты бағыттарын дәл анықтап, оны шешудің тиімді жолдарын таба білуіміз керек. Болжам бойынша, демографиялық жағдай 2018–2019 жылдары елдегі қазақтардың саны 80 пайызға жетеді. Оған себеп – соңғы жылдары бала туу деңгейі де өсіп келеді, елге келетін оралмандар саны да артты. Қазақстандағы ерлер мен әйелдердің пайыздық көрсеткіші 45 те 55, ал жиырма бес жастан

асқаннан кейін, үйлену, тұрмыс құру жасында бұл көрсеткіш 43 те 57 құрайды. Әрбір ересек 43 ер адамға 57 әйелден келеді. Қазақстанда күнделікті тіршіліктен де байқалады: көрі қыздар және жалғызбасты аналар тым көбейіп кетті.

Бұл ретте әлемде өтіп жатқан индустриализация мен урбанизацияның жоғары қарқынды жүруінен туындап жатқан ғаламдық сипатқа ие мәселелер бар екені ескерілуі тиіс. Ондай мәселелер қатарына «өркениет ауруы» атанып отырған туудың азаюы, өлімнің өсуі, жанұялардың көп ажырасуы, қазіргі экологиямызға байланысты ауру балалардың туылуы немесе әйелдердің мүлде бала көтере алмауы, айықпас дерттердің көбеюі және олардан айығудың тұйыққа тірелуі секілді жағдайлар жатады. Осындай әлемдік мәселелердің Қазақстан демографиясына әсерін, оның шешімін табудың жолдарын Үкіметтік деңгейде қарастырған дұрыс.

*(Баспасөз материалдарынан ықшамдалып алынды)*

### **3-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. Демографиялық жағдайдың жақсаруына ... . 2. «Өркениет ауруы» дегеніміз ... . 3. Әлемдік мәселелердің Қазақстан демографиясына әсерін ... . 4. Демографиялық жағдай 2018-2019 жылдары ... . 5. Елімізде халықтың табиғи өсуіне оң ықпал тигізетін әлеуметтік іс-шаралар ... .

### **4-тапсырма. Мына сұрақтар төңірегінде пікір алмасыңыз.**

1. Демографиялық саясат дегеніміз не?
2. Қазақ отбасы үшін қанша бала тиімді?
3. «Отбасын жоспарлау саясаты» туралы не білесіз?
4. Шетелдерде қандай бағдарламалар жүзеге асырылуда?
5. Табиғи немесе жасанды өсу дегенді қалай түсінесіз?
6. «Бір отбасына бір бала» дегенді қалай түсінесіз?
7. «Бір нәресте дүниеге келсе, бір түп жусан артық өседі» қалай түсінесіз?

### **5-тапсырма. Берілген атаулардың мағынасын түсініп, жаттап алыңыз.**

– *Демография* – халықтың ұдайы өсуінің заңдылықтары туралы ғылым.



– *Демографиялық жарылыс* – халық санының артуы зор жылдамдықпен жүру үрдісі.

– *Демографиялық дағдарыс* – әлеуметтік, экономикалық, табиғи ықпалдардың әсерінен белгілі бір аймақтағы халықтың ұдайы өсуінің тежелуі.

– *Демографиялық саясат* – мемлекет тарапынан жүргізілетін, халық санын реттеуге немесе халық санын өсіруге бағытталған шаралар жиынтығы.

### ҚАРСЫЛЫҚТЫ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

Қарсылықты мәнді құрылымдар жай сөйлемдер арқылы да, құрмалас сөйлемдер арқылы да беріледі. Қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің бірінде айтылған ойға екінші жай сөйлемдегі ой қарсы мәнде келіп отырады. Қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдер **бірақ, алайда, дегенмен, сонда да, әйтсе де** деген шылаулар арқылы байланысса, *жалғаулықты қарсылықты салалас* деп аталады. Жалғаулықсыз салаластардың арасына үтір қойылады.

**Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем** – басынқы сөйлем білдіретін ой бағыныңқыда айтылған ойға немесе бағаныңқыдағы ой басынқыдағы ойға қарсы қойылатын сабақтастың түрі. Қарсылықты бағыныңқылы сөйлем **қайтсе де? не істесе де? қайткенмен? не еткенмен? қайтпесе?** деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *Жетпіс жыл өмір сүрсем де, аз секілді көргенім.* (О. Ш.)

Қарсылықты бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

а) шартты райлы етістікке **да, де** шылауы тіркесінен: *Мырза болмасаң да, мейірімді бол.*

ә) болымсыз тұлғадағы етістіктің шартты райынан: *Балғын демесең, бұлар да балуан.*

б) көмектес септік тұлғадағы есімшеден: *Өзеннің суы тайыз болғанмен, жағасы тік.*

в) **-ша, -ше** тұлғалы есімшеден болады: *Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл.*

г) көсемше тұлғалы күрделі етістіктен болып, көмекші етістік **тұра, тұрып** сөзі болады: *Оның қателігін көре тұра, ештеңе айтпады.*

ғ) шығыс септік тұлғасындағы болымсыз есімшеден: *Ол тұрмысының төмендігіне қарамастан, демографиялық саясатқа өз үлесін қосты.*

**6-тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, қарсылық мәнді сөйлемдерді тауып, олардың құрылымына назар аударыңыз.

1. Қазақстанда халық саны көбейді, алайда демографиялық ахуал нашарлап отыр. 2. Мемлекетіміздің ең басты міндеті бол-

са да, өз шешімін таппады. 3. Отбасы жағдайы жақсарғанымен, бала туу деңгейі төмен. 4. Республика бойынша оңтүстік облыстарда бала туу деңгейі өте жақсы, алайда солтүстікте өте төмен. 5. Кейбір жас отбасылар батыстың сәнімен некеге отырмайды да, тіркеусіз тұра береді. 6. Қазақстан тұрғындарының сандық өсуінің бір-ақ негізгі жолы болғандықтан, бала тууды төмендетпеу.

**7-тапсырма. Қарсылық мәнді құрылымдарды пайдалана отырып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. Демографиялық жағдай жақсарса, \_\_\_\_\_.
2. Еліміз экономикалық тұрғыдан дамыса, \_\_\_\_\_.
3. Ол осындай жүргізіліп жатқан игі істерді біле тұра, \_\_\_\_\_.
4. Бала туу деңгейі өскенше, \_\_\_\_\_.
5. Демографиялық дағдарысқа қарамастан, \_\_\_\_\_.

**8-тапсырма. «Қазақстан демографиясы» мәтінінен қарсылық мәнді құрылымдарды пайдалана отырып, бірнеше сөйлем құраңыз.**

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- 3) \_\_\_\_\_
- 4) \_\_\_\_\_

**9-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, қарсылық мәнді құрылымды табыңыз да, оларға сұрақ қойыңыз. Қандай тұлғада тұрғанын анықтаңыз.**

Демографиялық жарылыс – дүниежүзіндегі халық санының күрт өсуі.

XX ғасырдың бас кезінде халық саны тез қарқынмен өсе бастаса да, екінші жартысында күрт азайды. XX ғасырдағы адамзаттың санының жылдам артуын демографиялық жарылыс деп атайды. Демографиялық дағдарыс – әлеуметтік, экономикалық, табиғи ықпалдардың әсерінен белгілі бір аймақтағы халықтың ұдайы өсуінің тежелуі. Қазақ халқы 20 ғасырда (1916-22) бірінші Демографиялық дағдарысқа ұшырағандықтан,

халық саны кеміді. Жер шары халқы алғашында өте баяу өскен. Мұны адамның табиғат апаттарына тәуелділігімен, жиі болған соғыстармен және жұқпалы аурулардың кең таралуымен түсіндіруге болады. Дамыған елдердің көпшілігінде халық санының өсуі тұрақтанса да, кейбір елдерде табиғи өсу мүлде тоқтады. Туу мен өлім көрсеткіштері мемлекеттің демографиялық саясатына тікелей байланысты, дегенмен халықтың экономикалық және саяси ахуалына себепші болды.

**10-тапсырма.** Тірек сөздерді пайдаланып, мақал-мәтелдерді толықтырыңыз.

1. Елдің ертеңі – \_\_\_\_\_.
2. Бала – адамның \_\_\_\_\_.
1. Әкесіне қарап ұлын, \_\_\_\_\_.
2. Ата-ананың қадірін \_\_\_\_\_.
3. Бір бала, әкесіне \_\_\_\_\_,  
Бір бала, әкесінен \_\_\_\_\_,  
Бір бала, әкесінен \_\_\_\_\_.
4. Бала – көңілдің гүлі, \_\_\_\_\_.
5. Бала өз нәпақасын \_\_\_\_\_.

**Керекті сөздер:** көздің нұры, өзі ала туады, жете туатын, бауыр еті, өте туатын, кете туатын, анасына қарап қызын таны, бүгінгі нәресте, балалы болғанда білерсің.

**11-тапсырма.** Төменде берілген қанатты сөздерді оқып, мағынасын түсіндіріңіз.

Бала нені білсе жастан, ұядан –  
Өле өлгенше соны таныр қиядан.

*(Жүсіп Баласағұни)*

Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік.

*(Абай Құнанбаев)*

Бала сіздің ғана қуанышыңыз ғана емес екендігін, сол үшін еліміздің алдында жауап беретінін аздайым естен шығармауыңыз керек.

*(А. Макаренко)*

Әр баланың өз несібесі өзімен.

Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар.

**12-тапсырма.** «Неке және отбасы» тақырыбына эссе жазыңыз.

**13-тапсырма.** Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 19-САБАҚ

### ЭКОЛОГИЯ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

**1-тапсырма.** Мына сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.

Ұғым, қасірет, тартылу, ауызға алу, айдынды теңіз, зиянын тигізу, айқындала түсу, баурайы, шөгу, қалқан, көшірілу, қолайсыз, улы заттар, шоғырлануы, ластаушы қосылыстар.

**2-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқыңыз.



Табиғат дегеніміз – ел, отан, халық. Халқымыз табиғатты анаға теңеген. Жерге деген сүйіспеншіліктері зор болған, оны аялай білген. Өйткені табиғатта тіршілік өсіп-өнеді. Өзіндегі барды адамға, жан-жануарға, өсімдікке берген. Табиғатта басы артық ештеңе жоқ. Табиғат сырын терең білмей, оған немқұрайлы қарау үлкен апатқа соқтырады. Бір кездерде табиғатты бағындыруды мақсат тұтып, ормандар аяусыз балталанды, аңқұстар шамадан тыс ауланды, жер жөн-жосықсыз жыртылып, топырақта эрозия пайда болды. Соның салдарынан бүгінгі таңда адам баласына ядролық апаттан гөрі экологиялық апат аса үлкен қауіп төндіріп отыр.

Экология деген сөз «тіршілік ету мекені, өмір сүретін орта» туралы ғылым дегенді білдіреді. Алғаш рет 1886 жылы «экология» терминін атақты неміс биологы Эрнест Геккель ғылымға енгізген және «Экология – табиғат пен тірі ағзалардың өзара қарым-қатынасын зерттейтін ғылым» деген анықтама берген.

Қазіргі кезде экология ғылымы – табиғи байлықтарды үнемді пайдалану, қоршаған ортаның ластануы және оны қорғау, сақтау мәселелерін жан-жақты қарастыратын ғылым.

Бүгінде тәуелсіз Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлем алдында экология мәселелері түр. Адам ақыл-ойының нәтижесі алып зымырандар, атом станциялары, зауыттар т.б. ғылыми озық жетістіктер өмірімізді байыта, жеңілдете түсумен қатар қауіп-қатер туғызуда. Осының бәрі экологиялық сананың жеткіліксіздігінен, адамдардың болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін жете сезінбеуінен. Адам өміріне экологиялық зардаптардың әсер ете бастауы олардың қоршаған ортаға жыртқыштықпен қарауының салдары.

Бүгінде санасында сәулесі бар әрбір адамды туған жердің табиғатының тағдыры толғандыруы керек. Ауылдық жерлердегі экологиялық, санитарлық, эпидемиялық жағдайдың нашарлауы салдарынан жұқпалы аурулар көбейіп отыр. Адамдар ядролық жарылыстардың зардабын әлі де тартуда, рак, өкпе, қан аздығы, қант диабеті, қан қысымының жоғары болуы, жүрек, психикалық аурумен ауыратындар көп. Дүниежүзіндегі ең биік 430 метрлік мұржадан шыққан көмір түтіні Алтай тауының ғана емес, Гималай тауларының мұздықтарына дейін жетіп, тозаңы шөгеді екен. Бұл мұздың бетіне қонған қара тозаңның қабаты қалындаған сайын өзіне күн жылуын көбірек сіңіріп, тұщы су қоры мұздықтардың шамадан тыс көп еріп, бірте-бірте азаюына әкеліп соғады. Бұл – құрлықтағы тұщы су қоры азаяды деген сөз. Жер бетіндегі ауа үнемі қозғалыста болады да, белгілі бір ауданда пайда болған улы заттарды басқа бір жерлерге таратады. Мысалы, Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан биік таулы аймақтардың экологиялық жағдайы нашар. Биік тау баурайында орналасқан қалалардың ауасы басқа жерлерге қарағанда ластау келеді. Оңтүстік жағында Іле Алатауы қалқан болып тұрған табиғи ауа ағыны нашар Алматы қаласының экологиялық жағдайы тіпті қиын. Оның басты себебі ауыр өнеркәсіп орындарының табиғат жағдайларын ескермей салынғандығынан. Қазір Алматы кәсіпорындары жылына атмосфераға 47 мың тонна зиянды қалдықтар шығарса, ал Өскемен қаласында орналасқан кәсіпорындар 107 мың тонна зиянды қалдықтар бөледі екен. Алматының экологиялық

жағдайын жақсарту үшін қоғамдық көліктер газбен жұмыс істеуге көшірілуде.

Республикамызда экология және табиғатты пайдалану жөніндегі министрлік құрылды. Ол экологиялық жағдайларға жан-жақты талдау жасап, әрбір кәсіпорынның табиғатқа тигізіп жатқан зиянын анықтап, еліміздің топырағы, суы, ауасының тазалығына бақылауды жақсарту ісін қолға алуда.

### **3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Табиғат дегеніміз не?
2. «Экология» деген ұғым нені білдіреді?
3. «Экология» терминін ғылымға енгізген кім?
4. Э. Геккель қандай анықтама берді?
5. Сіз табиғатты қорғау үшін не істедіңіз?

### **4-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

Табиғат дегеніміз \_\_\_\_\_. Табиғат сырын терең білмей, \_\_\_\_\_. Экология деген сөз \_\_\_\_\_ . «Экология – табиғат пен тірі ағзалардың өзара қарым-қатынасын зерттейтін ғылым» \_\_\_\_\_. Экология ғылымы табиғи байлықтарды үнемді пайдалану, \_\_\_\_\_. Адам өміріне экологиялық зардаптардың әсер ете бастауы \_\_\_\_\_. Әрбір адамды туған жердің табиғатының \_\_\_\_\_. Ауылдық жерлердегі экологиялық, \_\_\_\_\_ .

### **5-тапсырма. Өздеріңіз тұратын жердің экологиялық жағдайы туралы сұхбат құрыңыз.**

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_

### **САЛЫСТЫРМАЛЫ МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР**

Жалпы тілімізде салыстырудың екі түрі бар: біріншісі – екі заттың сапасының салыстырылуы (Бетегеден биік, жусаннан аласа және т.б.); екіншісі – зат сапасын белгілі бір қалыптасқан сапа дәрежесімен салыстыру (көкшіл, жастау және т.б.). Ғалымдар оның алғашқысын **нақты компаративтер** деп, ал екіншісін **интенсивтер** деп атайды. Құрмалас сөйлемдегі салыстыру мәнінің өзіндік ерекшеліктері бар.

Салыстырмалы мәндегі құрмаластарда бір-біріне антитеза немесе аналогия ретінде алынған екі түрлі субъектінің қасиеті, іс-әрекеті, жай-күйі суреттеледі. Мысалы: *Құлаққа жағар дәмді сөз бар да, құлақты сарсытар, татымсыз сөз бар* (М. Иманжанов).

Мұндайда салыстыру заты ортақ болуы мүмкін немесе салыстыру заты ретінде екі басқа зат алынуы мүмкін: *Қарағайға қарап тал өсер, ал қатарына қарап бала өсер.*

**6-тапсырма.** Сөйлемдерді оқыңыз, салыстырмалы құрылымды сөйлемдерге және олардың құрылымына назар аударыңыз.

Астана қаласына қарағанда Алматы қаласының экологиялық жағдайы нашарлау. Олардың жерге деген сүйіспеншіліктері жоғарырақ. Өйткені табиғатта тіршілік өсіп-өнеді. Өзіндегі барды адамға, жан-жануарға, өсімдікке берген тиімдірек. Бүгінгі таңда адам баласына ядролық апаттан гөрі экологиялық апат аса қауіптірек. Қазақстанның солтүстігіне қарағанда оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан биік таулы аймақтардың экологиялық жағдайы нашарлау. Биік тау баурайында орналасқан қалалардың ауасы басқа жерлерге қарағанда ластау.

**7-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтіннен салыстырмалы мәнді құрылымдарды пайдалана отырып, бірнеше сөйлем құраңыз.

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- 3) \_\_\_\_\_

**8-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз, салыстырмалы мәнді құрылымды табыңыз да, оларға сұрақ қойыңыз. Қандай тұлғада тұрғанын анықтаңыз.

Қазіргі әлемде экологиялық мәселелер өзінің қоғамдық мәні жағынан ең алдыңғы қатардағы мәселелердің біріне айналды, тіпті, ядролық соғыс қаупі оның көлеңкесінде қалып қойды деуге болады.

Экология – тірі ағзалар, оны қоршаған орта, оның ең негізгі бөлшегі адамзаттың өмірін сақтау болып табылатын қазіргі заман ең маңызды ғылым. Сондықтан бүгінгі күнде ең қажетті



пән ретінде экология негіздерін оқытудың маңызы зор. Адамды құтқару – ең алдымен табиғатты сақтау. Адамның шаруашылық іс-әрекетінің қауырт дамуы, айналадағы ортаға көбіне бүлдіргіштік сипатта әсер етті. Адамның табиғатқа әсері мыңдаған жылдар бойында қалыптасқан табиғи жүйелерді өзгерту арқылы жүзеге асырылуда. Бұл табиғат ахуалының күрт төмендеуіне әкеліп соқты, орны толмас зардаптар қалдырды. Экологиялық дағдарысқа ұшырадық. Бұл дағдарыстан шығу үшін табиғи зақымдалған экосистемалердің даму жолдарын қайыра зерттеп білу, көбейту, оны қорғау қызметімен айналысу керек.

**9-тапсырма. Кестені толтырыңыз. Қарсылық білдіріңіз немесе келісіңіз.**

**Адам табиғаттың досы ма? «Иә» – «Жоқ».**

<i>Ағаш егеді</i>	<i>Ағаштарды кеседі</i>
<i>Гүл отырғызады</i>	<i>Қоқыс төгеді</i>
<i>Батпақты құрғатады</i>	<i>Топырақты ұсатады</i>
<i>Бұлақ көзін ашады</i>	<i>Суды ластайды</i>
<i>Қорықтар ұйымдастырады</i>	<i>Ауланы ластайды</i>

**10-тапсырма. «Егер табиғатқа тіл бітсе, онда...» деген тақырыпта сұхбат құрыңыз.**

**1. Егер сен ақын болсаң, онда ...**

Егер мен ақын болсам, табиғат сұлулығын түсіне білуге, қорғай білуге үйрететін, табиғат ананы қорғауға шақырған өлеңдер жазар едім.

**2. Егер сен қалалық «Экологиялық комитеттің» бастығы болсаң, онда ...**

Онда мен көшеге қоқыс төккендерге айыппұл салар едім. Ағаштарды отын ретінде кесіп алғандарды заң түрінде қатаң жазалауға тартар едім. Қоқыс салатын орындарды көбейтер едім.

**3. Егер сен суретші болсаң, онда...**

Егер мен суретші болсам, жиі өртеніп, құрып бара жатқан орман, даламды, ластанған ауа, бүлінген жеріміздің кескінін суреттер едім. Адамдарға ой салып, табиғатты қорғауға шақырар едім.

#### **4. Егер табиғатқа тіл бітсе, онда...**

«Ей, адамдар мен сендерсіз де өмір сүре аламын. Сендер менсіз өмір сүре алмайсыңдар. Сендер қажет нәрсенің бәрін менен аласыңдар. Мені қорғап күткенің, өзіңді күткенің» дер еді.

**11-тапсырма.** Төмендегі нақыл сөздің мағынасын түсініп, сұқбат құрыңыз.

1. Біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Жер, су, ауа – адам баласының ұрпағынан ұрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына. Оны сақтау, қамқор болу – біздің басты міндетіміз (*Ы. Жақаев*).

2. Адам баласының алдында бүгінде екі мәселе тұр: бейбітшілікті қорғау және табиғатты қорғау. Екеуі де болашақ өмір сүрудің шарты (*Л. Леонов*).

**12-тапсырма.** Мына төменде берілген түсінікке назар аударып, сөйлемдер құрастырыңыз.

**Д** – дұрыс дем алу

**Е** – ерінбеу керек

**Н** – ниеттену

**С** – спортпен айналысу

**А** – ағзаны шынықтыру

**У** – уақытты дұрыс пайдалану

**Л** – лайықты өмір сүру

**Ы** – ынта-ықылас алға жетелейді

**Қ** – қозғалыс ағзаны шынықтырады

**13-тапсырма.** Келісіңіз немесе қарсылық білдіріңіз.

Табиғат дегеніміз не? – Бізді қоршаған орта, тіршілік етер мекеніміз. Табиғат жыл өткен сайын құрып бара жатыр. Не себептен? Тың 1954 жылдан игеріліп, иесіз жатқан дала көкорай шалғынға айналдырылды, бірақ иесіз жатқан қу дала төрт түлік малдың өрісі екені ұмытылған еді. Қазір сол тың өлкенің біраз жері егін егуге, не мал жаюға келмейді.

**14-тапсырма.** Төмендегі мақал-мәтелдерді оқып, мағынасын түсіндіріңіз.

1. Ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ.

2. Қыстағы қар – жер ырысы.
3. Нөсер алдында найзағай ойнайды.
4. Қыстың қамын жаз ойла.
5. Жаз сайға қонба, Қыс қырға қонба.
6. Қылышын сүйретіп қыс келер.

**15-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқып, мағынасын түсіндіріңіз.

Ей, табиғат, шеберсің-ау, шеберсің,  
 Көрмегенді көрсетерсің, берерсің.  
 Ұланғайыр байлығыңды місе етпей,  
 Ашкөзденген адамдарға не дерсің.

Айың анау, күнің анау, жер, міне,  
 Ау, адамдар! Жетпей жатыр енді не?  
 Табиғатқа таласпаңдар, ағайын,  
 Асырайды ол сені, мені, елді де.

(М. Мақатаев)

**16-тапсырма.** Мына мақал-мәтелдерді кірістіре отырып, «Табиғат тағдыры – ұрпақ тағдыры» тақырыбына эссе жазыңыз.

1. Бұлақ көрсең, көзін аш.
2. Бір тал кесең, он тал ек.
3. Судың да сұрауы бар.

**17-тапсырма.** Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 20-САБАҚ

### ҰЛТ БОЛАШАҒЫ – ҰРПАҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ СЕБЕП-САЛДАР МӘНДІ ҚҰРЫЛЫМДАР

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін анықтаңыз. Мазмұнын баяндаңыз.

#### Семей сынақ алаңы



Міне, биыл Семей сынақ алаңының жабылғанына да отыз жыл болды. Семей сынақ алаңы КСРО Министрлер Кеңесінің шешімімен 1947 жылы 21 тамызда ашылды. Алғаш мұнда әскери бөлімдер, құрылысшылар келді. Мұнан кейін жасырын түрде «Москва – 400» шағын қалашығы, лабораториялық-эксперименталдық, өндірістік базалар бой көтере бастады. Ядролық тәжірибе жасау үшін халық шаруашылығына арналған 18500 шаршы шақырым жер алынды. Бұл аумақ Қазақстандағы Павлодар, Қарағанды, Семей облыстарының кейбір аудандарының жерін қамтыды. Тәжірибе жасау үшін қойлар, шошқалар, иттер, атжалмандар, азық-түлік салынған жәшіктер, адам кейпіндегі заттар алынды. Мұның бәрі сынақ күшінің қуатын зерттеу үшін алынды. Ал жергілікті халық бұл тәжірибеден бейхабар болды.

1949 жылы 29 тамызда бірінші сынақ жасалды. Сынақ жер астында да, жер үстінде де жасалды. Жер астында жасалған сынақтардың қуатының күштілігі соншалық, радиоактивті газдар бірнеше рет жер бетіне жарып шықты. Семей ғалымдары мен дәрігерлердің пікірінше, сәуле алған ата-анадан туған екінші ұрпақ денсаулығы, бірінші ұрпақтың, яғни тікелей сәуле алған балалардың денсаулығынан едәуір төмен, бұл сәуле алудың генетикалық зардаптары. Сонымен қатар Семей

өңірінде лейкоз – қан рагы, лимфоцит – ақ қан ауруымен ауыратындар саны көбейген. Әсіресе, әйелдер арасындағы анемия ауруы, уақытына жетпей босану, салмағы аз, әлсіз, балалардың тууы, туа біткен анемия және мезгілінен ерте қартаю көрсеткіштері өсіп, әйелдердің бедеулігі республикалық көрсеткіштен екі есе жоғарлады. Бірақ жергілікті халық бұны кеш түсінді.

1989 жылы 13 ақпанда кезекті жарылыстан кейін радиациялық тұман бірнеше елді мекендерді және Шағандағы әскери ұшқыштар қалашығын басып қалды. Осы жағдайдан кейін әскери ұшқыштар сол кезде Семей облысынан КСРО Жоғары Кеңесіне депутаттыққа түсіп жатқан ақын Олжас Сүлейменовтен көмек сұрады. Ол республикалық телеарналардан сөйлеп, осы қасіреттің бетін ашты. Ақынның бұл жанайқайы 1991 жылы 29 тамызда Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен полигонның жабылуына жәрдемдесті.

Біз дүниежүзінде ядролық қарудың аз болуы, ал алдағы уақытта мүлдем болмауы үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тиіспіз. Адам қорқынышсыз, жақсы, еркін өмір сүргісі келеді. Ондай өмір үшін ядролық, бактериологиялық, химиялық қарудың қажеті жоқ. Адамдар қару-жарақсыз, еркін өмірде де Әлемді, Табиғатты, заттар мен құбылыстарды танып-білуге деген күштарлығы қалады.

Денсаулық – мемлекет байлығы. Оның иесі де өзімізбіз. Ұлт болашағы – дені сау ұрпақ. Ендеше, қолда бар алтынның қадірін ұғынып, қазынамызды далаға шашпайық.

*(Баспасөз материалдарынан ықшамдалып алынды)*

## **2-тапсырма. Сұрақтарды топ болып талқылаңыз.**

1. Семей сынақ алаңы туралы не білесіз?
2. Сынақ алаңының зардабын (қасіретін) қалай түсіндіресіз?
3. Абай, Шәкерім, Әміре, Мұхтардай ұлыларымызды дүниеге әкелген қасиетті Семей жерінің сынақ алаңына айналуына қандай жағдай себеп болды?
4. Атом бомбасының адамзатқа келтіретін зияны қандай болмақ?

### **3-тапсырма. Сөйлемдерді мәтінге сәйкес аяқтаңыз.**

Дүниежүзінде ядролық қарудың аз болуы, \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_. Адам қорқынышсыз, жақсы, \_\_\_\_\_.  
Адамдар қару-жараксыз, еркін өмірде де \_\_\_\_\_.  
Ұлт болашағы – \_\_\_\_\_. «Москва-400» шағын қалашығы,  
\_\_\_\_\_. Сынақ жер астында да, \_\_\_\_\_.  
Жер астында жасалған сынақтардың қуатының күштілігі сон-  
шалық, \_\_\_\_\_. Семей ғалымдары мен дәрігерлер-  
дің пікірінше, \_\_\_\_\_. Семей өңірінде лейкоз – қан  
рагы, лимфоцит – \_\_\_\_\_.

#### **СЕБЕП-САЛДАРЛЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ БЕРІЛУІ**

Қимылдың, іс-әрекеттің себебін білдіретін пысықтауыштарды себеп пысықтауыш деп атаймыз.

Себеп пысықтауыштар мына сөздерден жасалады.

1. Өткен шақ есімшелер *-дықтан, -діктен* қосымшаларын жалғап себеп пысықтауыш ретінде жұмсалады. *Олар кешіккендіктен жолыға алмады.*

2. Өткен шақ есімшелер шығыс жалғауын жалғап себеп пысықтауыш ретінде жұмсалады. *Ол құрығырдың атын қай жетіскеннен айтады дейсің.*

3. *Кесір, ыза, суық, қуаныш, жел, көңіліктектік, жалқаулық* тәрізді зат есім сөздер шығыс септікте тұрып себеп пысықтауыш жұмсалады. *Осы зардаптың бәрі сол Семей сынағының кесірінен болғалы отыр. Жаңбырдан соң ой-шұңқыр түгел суға толды.*

4. Өткен шақ есімшелер *соң, кейін* шылауларымен тіркесіп (*келген соң, айтқан соң*) себеп пысықтауыш ретінде жұмсалады. *Досың болған соң Мәдидің көзінше көңіліңді түсірмейін дедім.*

5. Абстрақтылы зат есім, өткен шақ есімшелер үшін шылауымен тіркесіп (*келгенің үшін риза болды, сөзің үшін ұрысты, т.б.*), себеп пысықтауыш қызметінде жұмсалады.

Құрамындағы жай сөйлемдердің бірі екіншісінде айтылған ойдың болу себебін білдіретін салаластың түрін **себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем** дейміз. Себеп-салдар салаласта бір жай сөйлем екіншісінде айтылған ойдың болу себебін білдірсе, екіншісі білдіретін ой оның салдары болып табылады. Сөйтіп, салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің бірі себеп мәнді де, екіншісі салдар мәнді болады.

Себеп-салдар салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулық шылаулар (*сондықтан, сол себепті, себебі, өйткені*) арқылы да жалғаулықсыз, іргелес тұрып та байланысады. Мысалы: *Мұндай ядролық тәжірибе өте құнды, себебі ол ғылымға жаналық енгізеді. Сынақ зардабынан 500 мыңдай адам азап шекті, сондықтан да одан ары қарай үнсіз қалу мүмкін емес еді.*

**4-тапсырма. Себебі, сондықтан, өйткені жалғаулықтарын пайдаланып, екі жай сөйлемнен құрмалас сөйлем құраңыз.**

1. *Адамның денсаулығына* артық салмақ өте зиян. *Адамның қимыл-қозғалысы* қиындайды. 2. Адамгершілік қасиетке ие адамдар көп ауырмайды. Олар мамандардың айтқанын бұлжытпай орындайды. 3. «Тірі адам түбінде бір ауырмай тұрмайды» деп бабаларымыздың айтқан сөзі рас сияқты. Әрбір адам баласында өзіне тән белгілі бір аурулары бар. 4. Таңертеңгілік жаттығу жасап, спортпен шұғылдану керек. Адамдар әрқашан қимылды қозғалыста жүрсе, біздің ағзамыздағы қан жүрісі де қозғалыста болып жұмысы жақсарады.

**5-тапсырма. Себебі, өйткені, сондықтан шылауларын пайдалана отырып, сөйлемдерді біріктіріңіз.**

Ауруларға қарсы тұра алатын боламыз. Денімізді сақтау үшін зиянды әдеттерден аулақ болу керек. Тиімді тамақтанудың денсаулық үшін маңызы зор. Ет, балық, ұн, сүт тағамдарын көбірек пайдалану керек. Жеміс-жидектерді көбірек жеген жөн. Олардың құрамында адам денсаулығына қажетті дәрумендер өте көп. Адам саналы да жарқын өмір сүруі қажет. Жақсы өмір сүру үшін денсаулық қажет. Денсаулықтың нашарлауын экологиялық жағдайлармен байланыстырады. Ағзадағы йод, темір, сондай-ақ кальцийдің тапшылығына тікелей қатысты.

**6-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен себеп мәнді құрылымды табыңыз да, оларға сұрақ қойыңыз. Қандай тұлғада тұрғанын анықтаңыз.**

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

**7-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдерді оқып, мағынасын түсіндіріңіз.**

Таңғы асты тастама, Кешкі асқа қарама.	Ауырып, ем іздегенше, Ауырмайтын жол ізде.
Тазалық – саулық негізі, Саулық – байлық негізі.	Жан ауырса, тән азады, Қайғы басса, жан азады.

**8-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, сұхбат құрыңыз.**



Денсаулық – адам баласының ең құнды байлығы. Дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі. Халқымыз «дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Денсаулықты сақтау үшін ең бірінші кезекте ойың, ниетің таза болуы керек.

Адамның жан тазалығы денсаулығына әсер етеді. Сабыр мен сенім, мейірімділік пен сүйіспеншілік адам денсаулығын жақсартуға ықпал етеді.

Адамдар әрқашан қимылды қозғалыста жүрсе, біздің ағзамыздағы қан жүрісі де қозғалыста болып жұмысы жақсарады. Ауруларға қарсы тұра алатын боламыз. Денімізді сақтау үшін зиянды әдеттерден аулақ болу керек.

Ғылыми деректерге сүйенсек, елімізде адамдардың 100 және одан да ұзақ өмір сүруге мүмкіндігі бар екен. Өкінішке орай, халықтың көпшілігі ғылым дәлелдеген саламатты өмір салтының ережелерін сақтамайды. Соның салдарынан, халық арасында жұкпалы аурулар мен қатерлі дертке шалдыққандардың саны көп. Оның бірнеше себебі де бар, мысалы, қоршаған ортаның ластануы, халықтың әлеуметтік тұрмыс-жағдайының нашарлауы.

Ғалымдардың пікірінше, адамның өмір сүруі үш түрлі салаға бөлінеді екен. Тіршілік деңгейіне, тіршілік саласына, тіршілік әрекетіне байланысты. Адам денсаулығының 20 % – тұқым қуалауға, 20 % – қоршаған ортаның әсері (экология), 10 % – денсаулық сақтау саласының қызметіне, ал 50 % – адамның өзіне байланысты екен. Бұл – «денсаулық сақтау – өз қолыңда» дегеннің дәлелі.

**9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. «Бірінші байлық – денсаулық» деп неліктен айтылған?
2. Денсаулықты сақтаудың қандай жолдары бар?
3. «Тәні саудың – жаны сау» дегенді қалай түсінесіз?



4. Жан саулығының тән саулығына әсері бар ма?
5. «Денсаулығың өз қолыңда» дегенді қалай түсінесіз?
6. «Сұрап алған ауруға дауа жоқ» дегенді мысалдармен түсіндір.

**10-тапсырма.** Кестеде берілген ойға пікір білдіріңіз (қолдау, қарсылық білдіру, дәлелдеу).

1.	Денсаулықтың 1-күпиясы – денсаулық пен сырқаттың негізі біздің ақыл-ойымызда жатыр.
2.	Денсаулықтың 2-күпиясы – біздің тыныс алуымызда.
3.	Денсаулықтың 3-күпиясы – шынығу әрекеттері күш әкеледі.
4.	Денсаулықтың 4-күпиясы – дұрыс тамақтану күші.
5.	Денсаулықтың 5-күпиясы – күлкі. Күлкі – бұл мәңгілік емші.
6.	Денсаулықтың 6-күпиясы – демалу күші.
7.	Денсаулықтың 7-күпиясы – тұлғаны түзу ұстай білу күші.
8.	Денсаулықтың 8-күпиясы – таза қоршаған ортасыз шынайы денсаулықтың болуы мүмкін емес.
9.	Денсаулықтың 9-күпиясы – сенім күші.
10.	Денсаулықтың 10-күпиясы – сүйіспеншілік күші.

**11-тапсырма.** «Адам денсаулығы – қоғам байлығы» тақырыбына эссе жазыңыз.

**12-тапсырма.** Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 21-САБАҚ

### ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ТАЙҚАЗАНЫ КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР

**1-тапсырма.** Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.

Жыл басы, күн мен түннің теңелуі, жыл санау, діни қағида, табиғат құбылыстары, жыл қайыру, мүшел жасқа кіру, мүшел жастан шығу.

**2-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз. Талдаңыз.

**Қазақша жыл санау және мүшел жас**

Жердің Күнді бір айналып шығуына кететін уақыт «жыл» деп аталады. Жыл он екі айға бөлінеді. Қазақша ай аттары: наурыз, көкек, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан. Жыл басы – наурыз айы. Әрине, бұл ежелгі қазақша жыл санау бойынша. Өйткені, бұл айда күн мен түннің көктемгі теңелуі (21 наурыз) болады. Мұнан әрі күн тез ұзарып, жер беті жылына бастайды, бүкіл жан-жануарлар, өсімдік атаулы, яғни табиғат оянады. Қазақтың халық тәжірибесінде жыл санаудың негізіне мүшел алынады. Бір мүшел 12 жылдан тұрады. Жыл есебін бұлай жүргізу өте ежелгі кезден басталған және ешқандай діни қағидамен байланысты емес. Шамасы, табиғат құбылыстарының қайталама заңдылығына негізделген болу керек. Қазақша мүшелдік жыл санау тышқан жылынан бастау алады. Одан ары қарай кезекпен сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз келіп отырады. Жыл аттары не себепті жануарлардың атымен аталатыны және жыл басы неге тышқаннан басталатыны туралы халық арасында аңыз-ертегі бар. 12 жылдық қайталама негізінде мүшелмен жыл есебін жүргізуді қазақ халқы «жыл қайыру» деп атайды.

Мүшел жасты анықтағанда бір ерекшелікті есте ұстаған жөн. Бала 13 жасқа толғанда бір мүшел деп қайырады да, кейінгілерге 12 жылды қосып отырады. Сонда бір мүшел – 13 жас, екі мүшел – 25, үш мүшел – 37, төрт мүшел – 49, бес мүшел – 61,

алты мүшел – 73, жеті мүшел – 85, сегіз мүшел – 97 деп қайырып, адам жасын оңай шығарады.

### **Жыл санау:**

Тышқан жылы – жыл санау мен жыл қайырудың басы. Тышқан жылын жұрт молшылық пен берекенің, бейбітшілік пен тыныштықтың жылы деп санаған.

Сиыр жылы – халық тарихында көбінесе ауыртпалық, дау-жанжал, қиындықтармен есте қалған.

Барыс жылы – ауыртпалылығы да, жақсылығы да аралас жыл болған.

Қоян жылы – қазақ тарихында жұт, аштық, қиындық жайлаған алмағайып жылдар осы қоян жылы болған.

Ұлу – қояннан кейін келетін бесінші жыл. Бұл жылы молшылық болады деп есептейді.

Жылан жылы – ұлудан кейінгі алтыншы жыл. Қазақ халқы «Жылан жылы жылыс болады, Жылқы жылы ұрыс болады» деп қараған.

Жылқы жылы – жетінші жыл. «Ер қанаты – ат» деп қазақ жылқыны ерекше қадірлегендіктен, бұл жылға да құрметпен қараған.

Қой жылы – халық үлкен үмітпен күтетін жыл. Бұл жыл халыққа жайлы болып, береке мен молшылықтың белгісі іспетті болған.

Мешін жылы – жайсыз оқиғалар көп болатын ауыр жыл деп есептеген. Қазақ тарихындағы ашаршылық жылдары дәл осы жылы болған.

Тауық жылы – бұл жыл да халық есінде қатты, жайсыз, ауыр жыл ретінде қалған.

Ит жылы – он бірінші жыл. «Ит – жеті қазынаның бірі» деп есептеген халық үшін бұл жыл жақсылықтың нышанындай.

Доңыз жылы – жыл санау мен жыл қайырудың соңғы жылы. Бұл жыл тарихта тыныш, жайлы жыл болған.

Жыл қайыру – Тышқаннан басталған жылды Доңызбен аяқтатып, 12 жылдан қайырып отыруды айтамыз.



### **3-тапсырма. Сұрақтарға мәтін бойынша жауап беріңіз.**

1. Мүшел деген не? Алғашқы мүшел қай жастан басталады?
2. Мүшелге келгенде қандай той жасалады?
3. Мүшел неше жыл сайын қайталанады?
4. Мүшелге келгенде қандай ырымдар жасалады?
5. Адам өмірі қандай кезеңдерге бөлінеді?
6. 13-ке келгенде қандай өзгерістер болады?
7. Мүшелге толған достарыңа қандай тілек айтасың?

### **4-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемді толықтырыңыз.**

1. Жердің Күнді бір айналып шығуына \_\_\_\_\_ деп аталады. 2. Қазақтың халық тәжірибесінде \_\_\_\_\_ мүшел алынады. 3. Жыл есебін бұлай жүргізу өте ежелгі кезден басталған \_\_\_\_\_ байланысты емес. 4. Қазақша мүшелдік жыл санау \_\_\_\_\_ бастау алады. 5. Жыл аттары не себепті жануарлардың атымен аталатыны \_\_\_\_\_ аңыз-ертегі бар. 6. Бала 13 жасқа толғанда \_\_\_\_\_ деп қайырады.

### **КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР**

Тіліміздегі бір сөз, негізінде, бір мағынағы ие болады. Әр сөзді сөйлемде өз орнына, өз мағынасында дұрыс қолдану үшін сөздің негізгі мағынасын білу өте қажет. Сөздердің мағынасы сөйлем ішінде белгілі контексте ғана айқындалады. Тілдегі сөздердің барлығы бірдей дербес ұғымды, бір мағыналы болып келмейді. Кейде бір сөздің әр сөйлемде әртүрлі сөздердің тіркесіне қарай беретін мағыналары құбылып, көп мағыналы болып та келеді. Бірнеше мағынада қолданылатын сөздерді **көп мағыналы сөздер** дейді.

Көп мағыналы сөздер көркем шығармаларда жиі қолданылады. Өздерінің шығармаларында ақын-жазушылар кейбір сөзді екі не үш мағынасында қатар алып жұмсай береді.

Көп мағыналы сөздер мен омонимдерді шатастыруға болмайды. Көп мағыналы сөздердің әр мағынасы бір-біріне жақын, бір-бірімен байланысты болса, омоним сөздердің мағыналары бір-бірімен байланысты емес, мағыналары бүтіндей бөлек болады.

Мысалы: Бас (зат есім) – 1) адамның, айуанның, жәндіктің дене мүшесі; 2) шөптің, ағаштың ең жоғарғы жағы; 3) таудың ең үсті, төбесі; 4) өзеннің, бұлақтың басталған жері; 5) таяқтың ұшы; 6) балтаның, шоттың ұшы бар жағы; 7) бір нәрсенің айналасы.

**5-тапсырма.** Төмендегі сөздерді мына үлгі бойынша жазып шығыңыз.

Үлгі: Ата (зат есім) – 1) үлкен әке, әкенің әкесі; 1) ата жолы – ескіден қалған жөн-жоба, әдет-ғұрып; 3) ата жұрт – ежелгі мекен; 4) ата кәсіп – атадан келе жатқан шаруашылық.

1. Жер \_\_\_\_\_.
2. Жұлдыз \_\_\_\_\_.
3. Көз \_\_\_\_\_.

**6-тапсырма.** Мына берілген сөздермен сөйлем құрап, ол сөздердің әр сөйлемде қандай мағынаға ие болып тұрғанын көрсетіңіз.

Жер, жігіт, ай, жұлдыз, бас, көз.

**7-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтіннен көп мағыналы сөздерді теріп жазып, сөйлемдер құраңыз.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_

**8-тапсырма.** Төменде берілген ойға пікір білдіріңіз (қолдау, қарсылық білдіру, дәлелдеу). **Көп мағыналы сөздерді табыңыз.**

Қазақ ұғымында кез келген мүшел жас қатерлі болып саналады. Бұл негізсіз, жай сөз емес. Қазір ғалымдар әрбір он екі жылда адам ағзасында елеулі өзгерістердің болатынын дәлелдеп отыр. Ғылым енді ашқан жаңалықты бабаларымыз қалай білген, қандай түйсікпен сезінген деп таңғаласыз. Мүшел жастың біз сырын әлі жете білмейтін күпиясы бар. Пендешілікпен байқамаймыз, ойланбаймыз, тылсымға сене бермейміз. Байыптап қарасаңыз, мүшел жаста өлім-жітім, апат, қырсық-кедергілер жиі кездеседі. Сол үшін бұрынғылар мүшел жаста құдайы беріп, дастарқан жайған. Обалды түсініп, сауап жасауға тырысқан. Кісі ақысын жемей, арамға қол созбай, өтірік-өсектен аулақ болуды парыз санаған. «Құдайы» дегенді талай адамдар тек Құран оқып, бет сипаумен байланыстырады. Шындап келгенде, бұл – әрбір адамның, ең алдымен, өз ар-ұятының алдында өзіне есеп беруі, тәубеге келуі мен азға да, көпке де қанағатты болып, шүкіршілік етуі деп түсінген жөн. Кейбіреулер «әйтеуір

қайыр-садақа берсем, мүшелден кедергісіз өтемін» деп ойлайды. Егер адамның ішкі жан дүниесі тазармаса, күншілдік, менмендік, мақтаншақтық, жалқаулық сияқты жаман әдеттерінен құтылмаса, басынан кесек алтын айналдырып садақа берсе де, көкірегі көр күйі қала береді. Өз басым осыны естен шығармаған жөн дер ем...

**9-тапсырма. Мүшел жасты кім қалай түсінеді? Ерекшеліктері жайлы сұқбат құрыңыз.**

1. Ұлы адамдар өмірінен естелік келтіріңіз:

- А) Қазыбек би
- Ә) Ағыбай батыр
- Б) Жақия

**10-тапсырма. Аңызды оқып, түсінгеніңізді баяндаңыз.**

Ертеде түркі қағандарының бірі өзінен бірнеше жыл бұрын өткен атышулы бір соғыстың тәсілін үйренбекші болады. Бірақ ол соғыс қай жылы өткенін білмей әбден шатасады. Сонда қаған өзінің қауымына былай депті: «Біз тарихымызды анықтауда көп жаңылыстық, ал бұдан кейінгілер бұданда жаман жаңылысады. Біз енді жылдарға ат қояйық. Бұл біздің кейінгілерге қалдырған ескерткішіміз болсын». Сөйтіп Іле өзенінің екінші басына ау құрғызып, жабайы хайуандарды өзенге қарай қууға бұйрық береді.

Нөкерлер хайуандарды қаумалап, үркіте бастайды. Бәрі бірдей өте алмай, он екісі ғана судан аман шыққан екен. Ең алдымен судан өткен тышқан болыпты. Осыдан жыл басы Тышқан аталыпты. Одан кейін судан сиыр, сосын барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз өтіпті. Сөйтіп әрқайсысы бір-бір жылдың атын алыпты. Осылай он екі жыл бір айналып шықса, бір мүшел жас, екі айналып шықса, екі мүшел жас болыпты.

**11-тапсырма. Мына өлең жолдарын түсініп оқып, жаттап алыңыз.**

Адамзат туған анадан,  
Ақылы іске жараған.  
Адамның жасын атаулы,

Мүшелге бөліп балаған.  
 Көркейер көңіл батадан,  
 Үлгі алып өссең атадан.  
 Он үшке толсаң, қазақта,  
 Бір мүшел жас деп атаған.  
 Өнеге қалса данадан,  
 Өсиеті елге тараған.  
 Бір мүшел жасты халқымыз,  
 Есейген шақ деп санаған.

**12-тапсырма.** «Мүшел жас – мерейлі жас» тақырыбында шағын мәтін құрастырыңыз.

**13-тапсырма.** Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 22-САБАҚ

### ҰМЫТЫЛА БАСТАҒАН ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ КІРМЕ СӨЗДЕР

**1-тапсырма.** Берілген сөздердің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.

Асар, ерулік беру, енші беру, байғазы беру, аунату, көрші-қолаң, шөп шабу, қонақасы, салт-дәстүр, сыйлы азамат, кіндік қаны тамған жер, бойжеткен, бозбала, мұра, мал сою, қымыз құю, ас әзірлеу.

**2-тапсырма.** Мәтінді оқып, баяндаңыз.



Салт-дәстүрлеріміздің кейбірі халық арасында кеңінен пайдаланылып жүрген болса (асар, ерулік, енші, байғазы және т.б.), кейбірі ұмыт қалып барады. Әсіресе жастарымыз біле бермейтін салт-дәстүрлеріміз жетерлік. Ата-бабаларымыздан мұра боп қалған салт-дәстүрлер әрдайым игі мақсаттар үшін қолданыста болған. Сол себепті оларды біле жүру, кей-кейде өмірде іске асыру да артық етпес.

**Асар.** Бір отбасының қолынан келмейтін жұмысты атқару үшін ауылдың адамдары асарға шақырылады. Мысалы: үй көтергенде, шөп шапқанда, тағы сол сияқты көлемді, ауыр жұмыстарға. Асарға (көмекке) келген адамдар еңбегі үшін ақша талап етпейді. Ал асарға шақырған жанұя көмекке келгендерге мал сойып, қымыз құйып, жақсы ас әзірлеп, тамаққа тойғызады.



Асар – қазақ елінің ұжымдық топта істеуінің бір көрінісі. Мұндай дәстүр ауылдық жерде әлі де бар.

**Ерулік беру.** Ауылға басқа жақтан бір үй көшіп келсе, бауырларының бірі туған-туыстарына жапсарлас келіп қонса, көрші-қолаң немесе жақындары жаңа үйге «ерулік» деп ас пісіреді, табақ тартып, қонақасы береді. Осылайша қазақтар танысын, танымасын бір-бірін бөтенсімей, өз ортасына тарта білген.

**Аунату.** Қазақтар үйіне келіп қонақ болған, қонып кеткен адамдардың отырған, жатқан жеріне «баламыз осы атасына тартсын, бойына осы атасының қасиеттері қонсын» деп балаларын аунатып алатын болған. Елге, ағайынға сыйлы азамат кіндік қаны тамған туған жеріне келгенінде халық, туған-туыстары, дос жарандары оны сол жердің топырағына аунатып алған. Шыңғыс Айтматов үйіне Мұхтар Әуезов келгенінде, ол отырған орындыққа ұлын аунатып алған көрінеді.

**Байғазы беру.** Үлкеннің кішіге, яғни балаға беретін сыйы. Жас ұл-қыз, бойжеткен, бозбала жаңа киім кигенде, жаңа зат алғанда аға, апа, ата-әжесінен, туған-туыстарынан оған байғазы сұрайды. Олар байғазыға ақша, мал, мүлік, әйтеуір бір зат беріп, құтты болсын айтады.

**Енші беру.** Ата-анасы баласы балалы болғаннан кейін «енді өз күндерін өздері көре алады» деген сенімге келіп, отау тігіп, бөлек шығарады. Сонда малынан – мал, мүлкінен – мүлік бөліп береді, ыдыс-аяқ сыйлайды. Оған келіннің төркінінен келген дүниесі қосылып, жас жұбайлар жеке шаңырақ болып шыға келеді. Мұны енші беру деп атайды. Ата-анасы қайтыс болса, олардың малы мен дүние-мүлкі қалған ағасы інісіне еншібас беруге тиіс.

**Жылу жинау.** Бір бақытсыздыққа ұшырағанында, үй мүлкі, малынан айырылғанында ауыл тұрғындары, көрші-көлемі, туған-туыстары мал, дүние, ақшалай көмек көрсетеді. Мұны олардың ортасынан бір адам ұйымдастырады. Бұл жәрдем – жылу жинау деп аталады. Арам жолмен шығынға ұшырағандарға жылу жиналмайды. Олар: дүние-мүлкін қартаға салып ұтқызып жібергендер, зинақорлыққа салғандар, ішімдікке салғандар, қоғамның, мемлекеттің дүние-мүлкін жеп қойғандар.

**3-тапсырма. Мәтін бойынша берілген сұрақтарды топ болып талқылаңыз.**

1. Асар деген не?
2. Бұл дәстүр қазір бар ма?
3. Байғазы кімдерге беріледі?
4. Ерулік не үшін беріледі?
5. Жылу жинау дегенді қалай түсінесіз?
6. Енші беру дегенді білесіз бе?
7. Аунату дегенді естіп көрдіңіз бе?
8. Көмекке келгендерге қандай құрмет көрсетіледі?

**4-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. Бір отбасының қолынан келмейтін жұмысты атқару үшін \_\_\_\_\_ .
2. Ауылға басқа жақтан бір үй көшіп келсе, \_\_\_\_\_ .
3. Қазақтар үйіне келіп қонақ болған, \_\_\_\_\_ .
4. Үлкеннің кішіге, \_\_\_\_\_ .
5. Ата-анасы баласы балалы болғаннан кейін \_\_\_\_\_ .
6. Үй мүлкі, малынан айырылғанында ауыл тұрғындары, \_\_\_\_\_ .

**5-тапсырма. Мына берілген сөздермен сөйлем құраңыз.**

Енші, асар, жылу, қонақ, ауыл, жәрдем, мүлік, отау, көрімдік.

#### КІРМЕ СӨЗДЕР

Қай тілдің болса да, сөздік құрамы өзінің даму барысында басқа тілдерден енген сөздермен де толысып отырады. Бір тілден екінші тілге сөз ену тарихи жағдайға және экономикалық, сауда, саяси немесе мәдени қатынастарға байланысты болады. Мұндай мемлекетаралық қатынастар халықтардың бір-біріне зат алмастыруымен қатар, ол заттардың атауларында ауыстыруға мүмкіндік береді. Қазақ тіліне араб, парсы, монғол және орыс тілдерінен көптеген сөздер кірген. Мысалы, *Араб-парсы тілдерінен енген сөздер*: айна, таға, орамал, перде, базар, таразы, мектеп, мереке, емтихан, ғылым, ғалым, пән, медресе, мағлұмат, молда, мешіт, дәріс, мұғалім, дәлел, қағида, мәселе, жауап, қате, шәкірт, хат, әліппе, қалам, кітап, дәптер, мақала, мәтін, абырой, ақыл, мейір, парыз, қадір, құрмет, сахара, мекен, тағам. *Монғол тілінен қазақ тіліне енген сөздер*: хан, ұлыс, нөкер, жасақ, аймақ, жарлық т.б. *Орыс тілінен енген сөздер*: болыс, сот, жәшік, кереует, бөтелке, кәмпит, сөмке, телефон, кірпіш, самауыр, шөйнек, бөтенке т.б.

**6-тапсырма. Кестедегі сөздерді сәйкестендіріңіз.**

емле	монғол тілінен
базар	араб тілінен
шәйнек	орыс тілінен
бұқа	монғол тілінен
мақта	араб тілінен
аймақ	монғол тілінен
ораза	араб тілінен
бөтелке	орыс тілінен
сот	орыс тілінен
жәшік	орыс тілінен

**7-тапсырма. Мына кірме сөздердің қазақ тіліндегі синонимдерін тауып, көшіріп жазыңыз.**

- Пұл –
- Пешене –
- Ғибрат –
- Сарбаз –

**Керекті сөздер:** жазмыш, тағдыр, жасақшы, қол, әскер, ақша, қаржы, үлгі, өнеге.

**8-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен басқа тілден енген сөздерді тауып, көшіріп жазыңыз.**

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

**9-тапсырма. Төмендегі мақалдың мазмұнын аша отырып, досыңызбен сұқбат құрыңыз.**

«Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа».

**10-тапсырма. Өз туған өлкеңдегі ерекше аталып өтетін салт-дәстүр туралы шағын мәтін құрастырып, баяндаңыз.**

**11-тапсырма.** Мына төмендегі әннің сөзі мен әнін жаттап алыңыз.

### **Қазағымның дәстүрлері-ай**

Қайта оралды қазағыма бүгін дәстүрлері-ай.  
Көптен күткен халқымыздың асығып арман еді-ай  
Берекелі қазақ жері – ел мерекелі  
Дәстүрлерін жоғалтпаған қазағымның бұл ежелгі.

Шілдехана, бесік той,  
Тұсау кесер, сүндет той,  
Ай, шіркін-ай.  
Құда түсіп, сырға салу,  
Беташарым-ай.  
Алтыбақан аясында сұлу бойжеткен,  
Қыз-бозбала кең даланы  
Әнімен елітіп тербеткен.

Ер жігітке жарасады озып шықса бәйгеден,  
Қыз балаға жарасады алқа, шашбау, сәукеле.  
Жоғалмасын дәстүріміз, ұмытылмасын,  
Ата-баба көзіндегі қылып сақтайық қазақ дәстүрін.

**12-тапсырма.** Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.

<b>V</b>	<b>+</b>	<b>!</b>	<b>?</b>
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 23-САБАҚ

### НАУРЫЗ – ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСІ

**1-тапсырма.** Берілген сұрақтарды топ болып талқылаңыз.

1. Наурыз айында қандай мерекелер бар?
2. Наурыз мерекесі туралы не білесіз?
3. Аналар мерекесі қашан мерекеленеді?
4. Мерекеде анаңызға не тарту еттіңіз?
5. Анаңыздың қандай ерекше қасиеті ұнайды?
6. Махаббат күні туралы не білесіз?

**2-тапсырма.** Берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.

Көне, теңелу, араздық, татуласу, сыбаға, сусын, тары, қоспа, ірімшік, құрт, қатық (сүзбе), қымыз, шұбат, наурыз көже, бидай көже, көктің шығуы, жент жасау, Самарханның көк тасы да жібиді, сыйлы қонақ, сыбағалы мүше, ауызы аққа тию, сүр ет.

**3-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз. Талдаңыз.

Наурыз – өте көнеден келе жатқан мейрам. Наурыз – парсы сөзі, қазақшасы «Жаңа жыл», «күн» деген ұғымды білдіреді. 22 наурыз – бүкіл Шығыс халықтарының мерекесі. Бұл – күн мен түннің теңелетін, қардың еріп, көктің шыға бастайтын кезі. Наурыз күнін адамдар жаңа жылдың басы – «Ұлыстың ұлы күні» деп атап, зор қуанышпен қарсы алған. Наурыз күні халық таза киініп, бірін-бірі құттықтап, қуаныш дастарқанын барынша мол жаяды.



Наурыз – діни мейрам емес, жалпы халықтық мереке. Наурыз – табиғат мейрамы, аса зор салтанат, ұлы жиын. Адамдар бұл күні: «Бәріміз де табиғат перзентіміз, оны аялайық, бергеніне риза болайық», – дейді.

Бұл күні қандай күнә болса да, кешірілуге тиіс, жеке адамдар арасындағы бас араздықтар да кешірілуге тиіс. Ерте кезде Орта Азия өкілдері: «Бұл күні Самарханның көк тасы да жібиді» деп, зынданда жатқан тұтқындардың қол аяғын босатып, кешірім берген.

Бұл күні адамдар бірін-бірі мынадай сөздермен құттықтаған: «Ұлыс құтты болсын!», «Ақ мол болсын!», «Төрт түлік ақты болсын!», «Ұлыс береке берсін!», «Бәле жала жерге енсін!» Сөйтіп адамдар бір-бірінің қатесін кешіріп, татуласады, оның аяғы ойын-сауық, ән күйге жалғасады. Халқымызда бұл күнге арналған «Наурыз тойы», «Наурыз жыры», «Наурыз көже», «Наурыз батасы» сияқты салт дәстүрлері бар.

Наурыз көже азықтың жеті түрінен жасалады. Бұл қазақ тіліндегі «жеті» сөзімен байланысты шыққан. Қазақстанның әр жерінде көженің құрамына салынатын азық-түлік әртүрлі болғанымен, жетіден аспауы керек.

Наурыз көженің құрамына негізінен бидай, тары, күріш, ет, тұз, сүт, су, т.б. қосылу керек. Бұған қыстан шыққан қазы, шұжық, сүт, ет сияқты сыйлы, сыбағалы мүшелер де қосылады. Осыдан кейін әр отбасы ағайын, туған-туыстарына, көршілеріне де татырады.

Наурыз мерекесін Кеңес өкіметі діни салт деп қарап, 70 жыл бойы тойлатпай келді. Еліміз егемендік алғаннан бері «Наурыз» күні қайта тойлана бастады.

**4-тапсырма. Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

- 1) Наурыз қандай мереке?
- 2) Наурызды халқымыз қалай қарсы алған?
- 3) Наурыз күні қандай баталар беріледі?
- 4) Қазір Қазақстанда Наурыз қалай тойланады?
- 5) Наурызды кеңес үкіметі неге тойлатпады?

- 6) Өз үйіңізде жасалып жүрген наурыз көже туралы әңгіме-леңіз.
- 7) Наурызда «Самарқанның көк тасы жібиді» дегенді не үшін айтқан?

**5-тапсырма. Мәтін бойынша сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. 22 наурыз – бүкіл Шығыс халықтарының ... . 2. Бұл – күн мен түннің теңелетін, қардың еріп, ... . 3. Наурыз күнін жылдың басы – «Ұлыстың ұлы күні» ... . 4. Наурыз күні халық таза киініп, бірін-бірі құттықтап, ... . 5. Наурыз – ... . 6. «Бұл күні Самарқанның көк тасы да жібиді» ... . 7. Адамдар бір-бірінің қатесін кешіріп, татуласады, ... . 8. Наурыз көже – азықтың ... . 9. Қазақстанның әр жерінде көженің құрамына салынатын азық-түлік ... .

**6-тапсырма. Мына сұрақтардың төңірегінде көршіңізбен сұқбат құрыңыз.**

- 1) Наурыз мерекесінің басты тағамы қандай?
- 2) Наурыз күні дастарқанда қандай тағамдар қойылады?
- 3) Жыл басының алғашқы сүті қалай аталады?
- 4) Көже ішілгеннен кейін не айтылады?
- 5) Ертеде жеті жігіт жеті шырақ жағып, ауылды аралайды екен. Неліктен?
- 6) Наурызнама деген не?
- 7) Ұлттық ойындарды білесіз бе?
- 8) «Ас – адамның арқауы» дегенді қалай түсіндіре аласыз?

**ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСІ**

Тіл арқылы қатынас жасағанда, сөздер дара күйінде емес, бір-бірімен тіркесіп қолданылады. Тіркес екі түрлі болады.

Құрамындағы сөздердің орнын өзгертуге немесе басқа сөздермен алмастыруға бола беретін еркін тіркес. Мысалы: диктант жазу дегеннің орнына шығарма жазу, хат жазу, мазмұндама жазу десе де болады. Мұндай еркін тіркестер *сөз тіркесі* деп аталады. Еркін сөз тіркесінің беретін мағынасы сол тіркесті құрайтын сөздердің мағыналарымен байланысты болады.

Мағынасы біртұтас, құрамын өзгертуге, басқа сөзбен алмастыруға болмайтын, бір сөздің орнына ғана жұмсалатын да тіркестер бар. Мысалы: *қой аузынан шөп алмас, ит жанды, таяқ тастам жер, көзді ашып жұмғанша*, т.б. *Қой аузынан шөп алмас* дегеннің орнына – *түйе аузынан шөп алмас, ит жанды* дегеннің орнына *мысық жанды* деп өзгертіп айтуға болмайды.

Сондай-ақ мұндай тіркес көркем, бейнелі бір ұғымды білдіреді; *қой аузынан шөп алмас – жуас, ит жанды – көнбіс, таяқ тастам – жақын, көзді ашып-жұмғанша – лезде деген мағыналарды білдіріп, бір сөздің орнына қолданылады. Сондықтан мұндай тіркестерді тұрақты тіркестер* дейді. Тұрақты тіркестің мағынасы оның құрамындағы сөздердің мағыналарынан тұмайды, басқа бір мағынаны білдіреді. Мысалы: *қабырғаңмен кеңес – ойлан, бесіктен белі шықпай – ерте, қас пен көздің арасында – шапшаң мағыналарын* білдіреді.

Неше сөзден құралса да, тұрақты тіркес бір ғана ұғымды білдіреді. Сөйлем ішінде бір ғана мүшенің қызметін атқарады. Мысалы: *Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар елге қызмет етеді.* Осы сөйлемдегі *көзі ашық, көкірегі ояу* тұрақты тіркестің сұрағы қандай? Саналы деген бір мағынаны білдіреді, анықтауыштық қызмет атқарады.

Орын жағынан әбден қалыптасқан, құрамы өзгертуге келмейтін, бәрі тұтасып бір мағынаны білдіретін, бір ғана сөйлем мүшесі ретінде қолданылатын тіркесті **тұрақты тіркес** дейміз. Тұрақты тіркестер ғылым тілінде фразеология, фразеологизм деп те аталады.

### **7-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, тұрақты тіркестерді табыңыз.**

Үшақ аспанға көтерілгенде, ауыл алақанға салғандай болып көрінеді. Наурыз мерекесіне қатысуға жан-жақтан ағаштан түйін түйетіндер жиналды. Екі елдің балалары тонның ішкі бауындай күй кешті. Олар көптен бері ат ізін салмай кетті. Айнала тайға таңба басқандай көрініп тұрды. Бүгінгі марапат төбемді көкке жеткізгендей болды. Балалар да көзді ашып жұмғанша келіп қалды.

### **8-тапсырма. Тұрақты тіркестердің мағыналарын балама сөздермен ашыңыз.**

**Үлгі:** көзге ілмеу – назар аудармау.

Төбесі көкке жету, қабағынан қар жауған, ат төбеліндей халық, шөп басын сындыру, аспан айналып жерге түскендей, қара аспанды төндіру, астына көпшік қою, ала көзімен ату, жүрегіннің түгі бар, ауыз-мұрны қисаймай, маңдайы тасқа тию, жонынан таспа тілу, тасы өрге домалау, табанынан таусылу, жаны мұрнының ұшына келу, төбе шашы тік тұру.



**9-тапсырма.** Өз қалауыңыз бойынша тұрақты сөз тіркестерін қатыстырып, сұқбат құрыңыз.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

**10-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтіннен тұрақты сөз тіркестерін тауып, мағынасын түсіндіріңіз.

**11-тапсырма.** Кестедегі сұрақтардың дұрыс жауабын тауып, сәйкестендіріңіз.

Наурыз төл дегенді қалай түсінесің?	бәйшешек
Наурыз көже қалай жасалады?	құрт, ірімшік, қатық, қаймақ т.б
Наурызша деген қандай мағына береді?	Наурызкөк
Сүттен жасалатын тағам	наурыз төлі
Наурыз айында бірінші өсетін өсімдік?	наурыз айында жұп-жұқа қиықша қырбық жауған қар
Наурыз айында ұшып келетін көктем құсы қалай аталады?	7 немесе 9 тағам түрі

**12-тапсырма.** Мына төмендегі мақал-мәтелдерді толықтырып, мағынасын түсіндіріңіз.

1. \_\_\_\_\_ баққанға бітер.
2. Ер қанаты – \_\_\_\_\_
3. Жаман сыйлағанды білмейді.
4. \_\_\_\_\_ сипағанды білмейді,
5. \_\_\_\_\_ сүті – тілінде.
6. Күшіңе сенбе, \_\_\_\_\_
7. Ашу дұшпан, \_\_\_\_\_
8. Жаман бала – күйік, \_\_\_\_\_
9. Іздеген \_\_\_\_\_ жетеді.

**13-тапсырма.** Берілген батаны оқып, жаттап алыңыз. Мағынасын түсіндіріңіз.

Қарық қып құтты Наурыз,	Толтырып ішкей кесеңе.
Қазанға толсын сары уыз.	Ұлыстың ұлы күнінде,
Қайнасын наурыз көже де,	Көппенен бірге күлімде.

Көбейсін жаңа достарың, Молайсын елге қосқаның. Жарасып көңіл хоштығы, Бекісін халық достығы. Ішінде жүрсе азғана, Шайылсын өкпе, наз-нала. Алдыға сыймай сәбилер, Құшағын жайсын жаңа үйлер.	Жастардың самсап отауы, Мейірім төксін Отаны. Әспеттеп ата дәстүрін, Әсем боп өссін жас буын. Кірбің тартпасын кәрілер, Барыңның дәмді нәрін бер! Дүрлеген Қазақстанға Таңғалсын дос та, дұшпан да!
--	--

*(М. Әлімбаев)*

**14-тапсырма.** Наурыз мерекесімен ата-анаңызды, достарыңызды құттықтаңыз.

**15-тапсырма.** «Наурыз – ұлыстың ұлы күні» тақырыбына эссе жазыңыз.

**16-тапсырма.** Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыз.

Шығармай жүретұғын халқым естен,  
Көктеммен келді оралып  
Салтым өткен,  
Сал-серілер аспандап ән шырқатса,  
Арулар!  
Аққу сынды қалқып өткен.  
Өнердің тасқындаған арнасында,  
Жұртымның үні бірге жалғасуда.  
Жанарын менен алмай осы бір сәт,  
Тұрғандай бақыт құсым,  
Дәл басымда.  
Шегі жоқ шаттығымның жүзімді өпкен,  
Толқимын іштей ғана күбірлеп мен.  
Түндігі Алатаудың желпілдейді,  
Тұлпарлар тұяғынан  
Дүбірлеткен!

Жапырағында тұратын шайқап орман.  
Көл еді,  
Көкіректегі айтар арман.  
Қуанышқа ортақпын,

Елі-жұртым;  
Құтты болсын наурызың,  
Қайта оралған!..

*(М. Айтхожина)*

- 1) Өлеңнің мазмұны бойынша 5 сұрақ ойластырыңыз.  
Оларға жауап дайындаңыз.
- 2) Өлеңнің 1 шумағын көшіріп жазыңыз.


**17-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.**

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 24-САБАҚ

### ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

**1-тапсырма.** Берілген тақырып бойынша кластерді толықтырыңыз, әр бөлікке түсіндірме беріңіз.



**2-тапсырма.** Берілген сөздердің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.

Саркылдатып, шымырлатып, шыжғырып, дәмі, жұғымды, тоңазып, ұсақтап, аршыған, қос табақ, соғым қуырдағы, сый табақ, бал қуырдақ.

**3-тапсырма.** Мәтінді оқып, баяндаңыз.

*Қазақша ет* асқанда ең алдымен жіліктеп бұзылған етті адам санына қарай мөлшерлейді. Тойға немесе қонақасыға көбінесе қой сойылады. Қой еті жіліктегенде 13 мүшеге бөлінеді. Олар жамбас – 2, ортан жілік – 2, асықты жілік – 2, бел омыртқа

– 1, сүбе – 2, қабырға – 2, төс – 1, омыртқа – 1, жауырын – 2, тоқпан жілік – 2, кәрі жілік – 2, бұғана – 1, мойын – 1.

Асуға дайындалған етті жуып, қазанға салады да, ет батып тұратындай етіп суық су құяды. Қазанды қатты жанған отқа қойып, сарқылдатып қайнатады. Бетіне шыққан қанды көбігін алып тастап, шамалап тұз салып, отын басады да, 1-2 сағат ет піскенше шымырлатып қайнатады. Ет піскен соң, табаққа сорпасынан бөлек алып, тартылатын табақтың санына қарай мөлшерлеп тұздық әзірлейді. Ол үшін сорпаға қара бұрыш, пияз, лавр жапырағын салып, ыдыстың бетін жауып, бұқтырып қояды. Ет туралып болған соң, тұздықты еттің үстіне құяды.



Сыйлы қонақтарға кәделі жіліктермен бірге малдың басын, ірі қараның шекесін, қазы, қарта, жал-жаяны табаққа бірге салып береді. Сонымен бірге қазақша етке қамыр, картоп қосуға да болады.

*Қуырдақ* – жаңа сойылған малдың өкпе бауырынан, мойын, төстік етінен, жүрек бүйрегінен, сондай-ақ ішек-қарнынан ұсақтап турап әзірлейді. Ол үшін қазанға құйрық майды турап салып шығғырып алады да, алдымен үстіне туралған өкпе, жүректі, ішек-қарынды, мойын, төстік еттерін салып, қазанның отын қатты жағып, 15-20 минут қуырады. Содан кейін бауырды салып, үстіне бұрыш, пияз қосып, әбден піскенше қуырады. Тұзды татымына қарай салады.

*Бал қуырдақ* – көбінесе жас малдың жұмсақ етінен даярланады. Басқа қуырдақтан мұның ерекшелігі – етті майға емес пісірілген сүттің бетінен түскен қаймаққа ғана қуырылуында. Қуырдақтың бұл түрін көбіне қарт кісілерге, сыйлы қонақтарға беретін болған.

*Жоңқа қуырдақ* – тоңазып қатып тұрған соғым етінен дайындалатын қуырдақ. Мұның жоңқа қуырдақ деп аталуының себебі, пышақпен не балтамен қырмап жонғанда ет ағаштың жоңқасы сияқты жұп-жұқа болып туралады. Қуырдақтың бұл түрінде суға қайнатпай-ақ майға қуырып әзірлеуге болады.

*Картоп қосқан қуырдақ* – сиыр етін ұсақтап турап, тұз, пияз салып, сырты қызарғанша қуырады. Содан кейін үн сеуіп қыз-

дырады да, томат ботқасын қосады. Бұрыш, лавр жапырағын, бұршақ, ақжелкен, ашкөк салып, әбден піскенше бұқтырып қояды. Дастарқанға қоярда түрлі көкөніспен сәндейді.

*Қара қуырдақ* – кілең өкпе мен бауырдан, жүрек пен бүйректен әзірленеді. Бауыр тез пісетін болғандықтан, кешірек салынады. Мұның қара қуырдақ деп аталатын себебі, бауырдың қаны майға қуырғанда қуырдақтың өңін қарайтып жібереді.

*Соғым қуырдағы* – ет піскенге дейін соғым сойылған, ішек-қарын аршыған адамдарды тамақтандыру үшін дайындалады. Қуырдаққа көбінесе ірі қараның мойын еті, мүшеленген кезде түсетін ойынды, қиынды еті, аздап өкпесі мен бауыры қосылады. Соғым қуырдағы соғым сойған малдың өз майына қуырылады. Оны дәмдендіре түсу үшін оған татымына қарай тұз, бұрыш, пияз салады.

Соғым қуырдағын дастарқанға шаймен бірге қояды.

*Табақ тарту.* Қазақта қонақтарға тартылатын табақтардың түрлері көп. Олардың ең негізгілері: бас табақ, қос табақ, сый табақ, күйеу табағы, келін табағы, жастар табағы, жай табақ.

*Бас табақ* – жасы үлкен қарттарға, аса сыйлы қонақтарға тартылады. Оған салынатын кәделі мүшелері: бас, жамбас, ортан жілік, белдеме, сүбе қабырға, қойдың ұлтабары, жылқы етінен – қазы, қарта, жал, жая.

*Жай табаққа* – орган жілік бастаған жауырын мен тоқпан жілік, қабырға, омыртқа салынады.

*Жастар табағының* – ең кәделі жілігі – асықты жілік пен төс. Асықты жілікті әдетте күйеудің жолдасы не қыздың жеңгесі кеседі. Күйеу төсті кесуге тиіс.

*Қос табақ* – құда, құдағиларға тартылатын арнаулы табақ. Оның қос табақ деп аталатын себебі, ол құда, құдағидың көпшілікпен бірге жеген, екінші тоқпан жілік болуынан.

*Сый табақ* – құда-жекжаттың қатынасы болмаса да ерекше сый-құрметке лайықты адамдарға тартылатын қосалқы табақ.

*Бас табақ, қос табақ, сый табақтарға* жауырын, тоқпан жілік сияқты кәдесіз жіліктерді араластыруға болмайды.

#### **4-тапсырма. Берілген сұрақтарды топ болып талқылаңыз.**

1. Қой еті қанша мүшеге бөлінеді?
2. Етті пісіруге қанша уақыт керек?

3. «Қазақша ет» деген не?
4. Қуырдақты қалай дайындайды?
5. Қуырдақтың қандай түрлері бар?
6. Табақтың түрлері қандай?

**5-тапсырма.** Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Қазақша ет асқанда \_\_\_\_\_ мөлшерлейді. 2. Тойға \_\_\_\_\_ қой сойылады. 3. Қой еті \_\_\_\_\_ бөлінеді. 4. Асуға дайындалған етті \_\_\_\_\_ суық су құяды. 5. Қазанды отқа қойып, \_\_\_\_\_ шымырлатып қайнатады. 6. Ет піскен соң, \_\_\_\_\_ тұздық әзірлейді. 7. Сорпаға қара бұрыш \_\_\_\_\_ бұқтырып қояды. 8. Кәделі жіліктермен бірге \_\_\_\_\_ салып береді. 9. Етке қамыр, \_\_\_\_\_ болады. 10. Қуырдақты \_\_\_\_\_ ұсақтап турап әзірлейді. 11. Қазанға \_\_\_\_\_ қуырады. 12. Тұзды \_\_\_\_\_ салады.

**6-тапсырма.** Кестеде берілген сөздердің мағынасын сәйкестендіріңіз. Сөйлем құраңыз.

1	аршыған	1)	дөмі
2	кәдімгі	2)	бұрқылдатып
3	шыжғырып	3)	майдалап
4	татымы	4)	күйдіріп, қуырып
5	жұғымды	5)	тазалаған, қабығын алған
6	тоңазып	6)	сыздатып, әсер етіп
7	ұсақтап	7)	мұздап
8	сарқылдатып	8)	сыйлы, негізгі
9	шымырлатып	9)	сінімді, жағымды

**7-тапсырма.** «Қонаққа ас әзірлей білесіз бе?» тақырыбына сұхбат құрыңыз.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

## МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Мақал-мәтелдер – талай замандар бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келген халықтық мұра. Мақал-мәтелдерден халықтың ақыл-ой, даналығы мен тапқырлығын көреміз. Олардың көбі – өмір шындығының қорытындысы. Мақал-мәтелдер әрі ықшам, әрі көркем түрде жасалып, терең ой, кең мазмұнды қамтиды.

Мақалдарда ой тұжырымдалып, түйінді пікір түрінде айтылады. Мысалы, *кең болсаң, кем болмайсың; өзіл айтсаң да, әділ айт; бидайдың кеудесін көтергені – дақылы жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені – ақылы жоқтығы; түз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді.*

Мәтелдерде ой-пікір мақалдағыдай, тікелей кесіп айту түрінде емес, жанамалап нұсқай салу (ишара) түрінде айтылады. Мысалы, *айдағаның екі-ақ ешкі, ысқырығың жер жарады; баяғы жартас – бір жартас; сөзіңді біреу сөйлесе, аузың қышып бара ма; ит ашуын тырнадан алады.*

Мақал-мәтелдердің ішінде тура мағынасында ұғынылатыны да, астарлы, келтірінді мағынасында ұғынылатыны да бар. Мысалы, *олақтан салақ жаман; жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме* деген мақалдарды тікелей, тура мағынасында ұғынамыз. Ал *болат пышақ қын түбінде жатпайды; қалауын тапса, қар жанар* деген мақалдарды келтірінді мағынасында қабылдап түсінеміз. Мұның алдыңғысы «асыл нәрсе қашан да жарық көреді, ол үнемі жасырын күйінде қалмайды, қалай да бір жарқ етіп шығады» дегенді, ал соңғысы «ретін тапса, қолдан келмейтін іс болмайды» дегенді білдіреді.

Мақал-мәтелдердің көпшілігі образды, бейнелі түрде келіп, астарлы, ауыспалы мағынасында ұғынылады. Мысалы: *темірді қызған кезде соқ; қолы қимылдағанның аузы қимылдар; шабан үйрек бұрын ұшар; сырын білмес аттың сыртынан жүрме.*

**8-тапсырма.** Берілген мақал-мәтелдерді толықтырып, мағынасын түсіндіріңіз.

1. ... , дәстүрін ел бұзбас, уәде сертін ер бұзбас. 2. Әр нәрсеге ... болғанша, бір нәрсеге машық бол. 3. ... ұяда не көрсе, үшқанда соны алады. 4. ... бүлдіргі керек, балаға өнеге керек. 5. ... мінезді келсін, ұлы өнерлі келсін. 6. Қарағайға қарап ... өсер, қатарына қарап бала өсер. 7. ... ойнама, батарсың, отпен ойнама, жанарсың. 8. Атбегі көрген ... таныр, ұстаз көрген хат таныр.

**9-тапсырма.** Мына төменде берілген мақал-мәтелдерді пайдаланып, сөйлемдер құраңыз.

«Ас адамның арқауы», «Ет етке, сорпа бетке», «Басы аманның малы түгел».

1. \_\_\_\_\_



2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

**10-тапсырма. Тапсырмаларды орынданыз.**

1) Жоғарыдағы мәтінді пайдаланып, мақал-мәтелдерді кірістіре бірнеше сөйлем құраңыз; 2) Табақ тарту рәсімінің біріне мысал келтіріңіз; 3) Жақын, сыйлы қонағыңызға қандай тағам түрін әзірлеп бересіз?

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

**11-тапсырма. Төменде берілген қазақтың ұлттық тағамдары мен сусындарына сипаттама жазыңыз.**

Бауырсақ, шелпек, жент, қазы, қымыз, шұбат, күрт, айран, сүзбе, ірімшік, шұжық, сүр ет.

**12-тапсырма. Мына төмендегі ұлттық ұғымдарды түсініп оқып, есте сақтаңыз.**

1. Дастарқанды, тамақты баспа.
2. Малды, ыдысты, тамақты теппе.
3. Көкті жұлма, шашыңды жұлма.
4. Босағаны керме.
5. Итке ожаумен ас құйма.
6. Үлкендердің жолын кеспе, сөзін бөлме.
7. Жұлдызды, адамды санама.
8. Тұзды, күлді баспа.
9. Отпен ойнама, оттан аттама, отқа түкірме.
10. Нанды жерге тастама, үстіне басқа зат қойма.
11. Кісі айыбын бетіне баспа.
12. Баланы басқа ұрма.
13. Нанды бір қолыңмен үзбе.
14. Асты үрлеме, асты жамандама.
15. Тамақты сораптап ішпе.
16. Түрегеп тұрып немесе жатып ішпе.
17. Үлкеннен бұрын тамақ жеме.
18. Асты қорлама.
19. Сол қолмен тамақ ішпе.

**13-тапсырма. Өленді мәнерлеп оқып, не туралы айтылатынын түсіндіріңіз.**

Бұл қымыз жаңа ашыған құлын қымыз,  
Осындай ішіппеңіз бұрын қымыз.  
Қымыздың үш-төрт кесе желігімен,  
Жел сөзбен келіп отыр ұрынғымыз.  
Ішеміз бұйырса ертең тай қымызды,  
Тай қымыз ұмыттырар қайғыңызды.  
Қонақжай өзінің кең пейіліне  
Қазекен тапқан ғой бұл сай қымызды.

Сауыны биелердің келген сайын,  
Басында бие баудың болсам дайын.  
Сауысып биелерді, құлын ұстап,  
Қолдасып шелегіңе, жабысайын.

Кеш болса гүмпілдетіп саба пісіп,  
Тараса саумал иісі далаға ұшып.  
Қалқыған қара майы ақ қымызды  
Бәстесек сәске сайын санап ішіп.

**14-тапсырма. Мәтіннен түсінгеніңізді әңгімеленіз.**

Төменгі класта оқып жүрген кезім. Бірде әкем қой сойып жатты. Ағаларым да қойдың сирақтарын ұстап, әкеме болысып, қасында жүр. Бос тұрған маған әкем: «Қызым, қуырдаққа ет турай бер», – деп қолыма бір кесек етті ұстата салды. Етті ет турайтын тақтайға қойып, қолыма пышақ алып, енді турай берейін деп оқталып барып тоқтап қалдым. Қараймын, ет жаны бар зат сияқты дір-дір етіп қимылдайтындай. Етті ұстауға қолым бармады. «Мыңнан бір мезеттен» түрлі оқиғаларды оқып қалатын едік, ойыма әр нәрсе түсіп кетті. Көзім бақырайып, әкемнің қасына жетіп бардым:

– Әке-е-е, қозғалып жатыр...

Алғашында түкке түсінбей, маған қарап қалған әкем сәл-пәлден кейін күліп:

– Е... ол жаңа сойылғандықтан, еттің қаны тартылып жатыр ғой, – деді.

Әлі де сенбей тұрған маған ағаларым:  
– Не, ет тірі ме екен? – деді қулана.


**15-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.**

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 25-САБАҚ

### ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ БӨГДЕ СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

**1-тапсырма.** Мына төмендегі кластерді толтырып, өз ойыңызды дамытып айтыңыз.



**2-тапсырма.** Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.

Ұлттық ерекшелік, тұрмыстық, рухани мәдениет, дәстүр, сәндік киімдер, той-думандар, жібек мата, киіз, аң терісі, құлан, ақбөкен, жолбарыс, бұлғын, тон, ішік, барқыт, пүліш, ешкі терісі, кимешек, жаулық, сәукеле, тақия, камзол, кебіс-мәсі, тымақ, бөрік, саптама.

**3-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз. Талдаңыз.

Қазақ халқының киім-кешегі – ұлттық, тұрмыстық және рухани мәдениеттің бағалы ескерткіштерінің бірі. Одан қазақ-

тардың ұлттық ерекшеліктері, мәдени дәстүрлері, эстетикалық талғамы анық байқалады. Киімнің тігілуінен халық тұрмысының жай-күйі, мәдениетінің қалыптасуы, ғасырлар бойы жинаған еңбек тәжірибесі көрінеді. «Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі» дегендей, ұлттық киімдер сәндеп кестеленеді, зергерлік және басқа әшекей заттармен әдіптеледі. Қазақ халқында «Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек» деген сөз бекер айтылмаса керек.

Қазақ халқының ұлттық киімдері – ішкі, сырттық, біркиер, сәндік киімдер деп бөлінеді. Біркиер киім деп қымбат маталардан әшекейлеп тігілген, той-думандарға киетін сәнді киімдерді атаған. Киім жүн және жібек матадан, киізден, аң терісінен тігіледі. Қазақтар құланның, акбөкеннің, жолбарыстың, жанаттың, бұлғынның терілерін ерекше қымбат бағалайды. Бұл аңдардың терілерінен тондар тігіледі. Астарына құнды аң терісі салынған тон – ішік деп аталды. Осы аң терісіне сәйкес *бұлғын ішік*, *қасқыр ішік*, *күзен ішік* болып бөлінеді. Ішіктердің сыртын бағалы маталармен тыстаған. Ал қазақ шапандары көбінесе етек-жеңдері ұзын, әшекейлі келеді. Шалбарды барқыт, пүліш сияқты маталардан, қой, ешкі терілерінен тіккен. Шалбар атқа мініп-түсуге ыңғайлы, кең балақ болып келеді. Осыған орай, «Кенесті хан азбайды, кең киім тозбайды» дегенді айтқан халық данышпан ғой.

Қазақ әйелдерінің ұлттық киімі, негізінен, көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, тақия, камзол, кебіс-мәсіден тұрады. Әшекей, ажар жағынан төрт топқа арналып тігіледі. Олар: қыздар киімдері, келіншек киімдері, орта жастағы әйелдер мен бәйбішелердің киімдері.

Қазақ халқының ұлттық киімдерінде аймақтық ерекшеліктер болған. Мысалы, *адай* бөрік, *арғын* тымақ, *қыпшақ* тымақ, *найман* тымақ, тобықты тымағы болған. Ер мен әйелдің бас киімі әртүрлілігімен ерекшеленді. Ерлердің дәстүрлі баскиімі – қалпақ, жүқа ақ киізден тігіледі. Көктем мен күзде қазақтар дөңгелек пішінді, төбесі биік, міндетті түрде аң терісімен жиектелген бөрік киген. Қыста киетін баскиім «*тымақ*» деп аталды.

Қыздардың бөріктері құндыз, кәмшат терісімен жиектеліп және төбесіне үкінің қауырсыны тағылып сәндендіріледі. Жаз-

дық жеңіл баскиім – «*тақия*» үкінің қауырсынымен, күміс және алтын кестелермен әшекейленді. Ең ерекше қыздардың тұрмысқа шығардағы бас киімі – *сәукеле* болды. Алғашқы нәрестесі дүниеге келісімен жас әйел ақ матадан тігілетін баскиім – *кимешек* киген. Қыста киетін баскиімдер қымбат, қалың матамен тысталады.

Қазақ халқының ұлттық киімдерінің ішінде аяқкиім, соның ішінде саптама, мәсі, сырма киіз және т.б. түрлері таралған. Орта Азия және Қытаймен арадағы сауда-саттықтың нәтижесінде қымбат бағалы жібек, мақта-маталары алынып, киім тігуге қолданылды. «Киім пішсең, кең піш, ісің бітеді» дегендей, торғын, шағи, атлас, шәйі тәрізді маталардан желбіршекті жұқа көйлектер тігілді.

Қазақ халқының ұлттық киімдері үлгілерінің көшпелі тұрмыс пен құбылмалы ауа райына бейімделіп дамығаны, көрші халықтармен арадағы мәдени, шаруашылық байланыстар әсер еткендігі сөзсіз.

#### **4-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап жазыңыз.**

1. Ұлттық киім түрлері неше топқа бөлінеді?
2. Әйелдердің қандай ұлттық киім түрлері бар?
3. Ерлердің қандай ұлттық киім түрлерін білесіз?
4. Ұлттық киімнің бүгінгі күн үшін қандай мәні бар?
5. Ұлттық киімнің аймақтық қандай ерекшеліктері бар?
6. Бір адамның басында неше киім түрлерін көруге болады?
7. Ұлттық киімдердің қайсысы бүгінгі күнде пайдаланылады?

#### **5-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. Қазақ халқының киім-кешегі – ... . 2. Ұлттық киімдер сәндеп кестеленеді, ... . 3. Киім жүн және жібек матадан ... . 4. Астарына құнды аң терісі салынған тон – ... . 5. Аң терісіне сәйкес ... . 6. Ішіктердің сыртын ... . 7. Қазақ шапандары ... . 8. Шалбарды барқыт, пүліш сияқты маталардан, ... . 9. Шалбар атқа мініп-түсуге ыңғайлы, ... . 10. Қазақ әйелдерінің ұлттық киімі, ... түрады.

**6-тапсырма.** Мәтінді пайдаланып, суреттегі киімдерді сипаттаңыз.



**7-тапсырма.** Досыңызбен ақылдаса отырып, өз пікіріңізді ортаға салыңыз.

- Ұлттық киімдер осы заманда киюге ыңғайлы ма?
- Олар әдемі ме?
- Сіздер оны қандай кезде киесіздер?

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

## БӨГДЕ СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

**Бөгде сөз** – сөйлегенде не жазғанда баяндап отырған мәселеге байланысты келтірілген басқа біреудің сөзі, пікірі. Бөгде сөзді қолданудың негізгі мақсаты – баяндап отырған мәселе жөнінде автордың өз пікірі, пайымдауларының дұрыстығын дәлелдеу, соны кеңейтіп көрсету. Бөгде сөзді қолдану тәсілі әртүрлі: көп жағдайда басқа біреудің сөзі, пікірі ешқандай өзгеріссіз, түпнұсқасы сақталып, төл сөз түрінде, кейде басқа біреудің пікірі ғана сақталып, түгелдей автордың өз сөзімен берілген төлеу сөз түрінде де қолданылады.

**Төлеу сөз** – бөгде сөздің өзгеріске ұшырап, тек мазмұны сақталған түрі. Автордың өзге біреудің сөзін өз тарапынан өзгертіп беруін **төлеу сөз** дейміз. Мұндайда біреудің сөзінің не туралы айтқаны, негізгі ойы сақталады да, оған тән басқа ерекшеліктер: ритмика-интонациялық бояуы мен кей сөздердің грамматикалық тұлғалары өзгертіліп пайдаланылады. Төлеу сөзде бөгде сөздің тұрлаулы мүшелері жойылып, автор сөзінің тұрлаусыз мүшелеріне, яғни бастауышы ілік септікті анықтауышқа, баяндауышы табыс не барыс септікті толықтауышқа айналады. Сонымен қатар жақ өзгеріске ұшырап, бір жақтың орнына басқа бір жақ қолданылады. Автор сөзіндегі «де» етістігі түсіп қалып, оның орнына басқа етістіктер қолданылады. Мысалы, *Әлі бұл өңірде көктің шабан тебіндеп келе жатқанын, қыс ызғарының әлі түгел айығып болмағанын әңгіме қып отырды* (М. Әуезов). *Елеусіз көлдің не себепті Қызылкен атанғанын сұрады*.

**Төл сөз** – бөгде сөздің еш өзгеріссіз, түпнұсқасы сақтала отырып қолданылған түрі. Сөйлемде басқа біреудің сөзі *төл сөз* болады да, сөйлеуші не жазушы адамның сөзі *автор сөзі* болады. Төл сөз құрамы жағынан әртүрлі болып келеді, оның жеке сөз не сөйлем болуы да, сондай-ақ бірнеше сөйлемдер тізбегінен құралған тұтас бір мәтін болуы да мүмкін. Төл сөз қандай құрамда, қай мағынада айтылса да, автор сөзімен байланыста болады. Екеуара байланыс төл сөздің бастапқы құрылымына ешқандай өзгеріс енгізбей, өз дербестігін толық сақтаған жағдайда, **де** көмекші етістігі арқылы жүзеге асады. Төл сөз автор сөзінен өзіндік интонация арқылы ерекшеленеді, сөздердің орын тәртібі еркін болады. Мысалы, *Құнанбай тыңдап болды да: Жарайды, айтам деп келгенің екен. Бірталай жерге жеткізіп айттың. Енді осымен тоқталайық! – деді*. (М. Әуезов).

### Сызба кесте:

«—————», -..... .
..... : «—————».
«—————, - ..... —————»
..... : « —————, » —
..... .
..... : «—————, - ..... , — ———
—————» .



**8-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бере отырып, тірек-сызба бойынша сөйлем құраңыз.

1. Төл сөз дегеніміз не? Автор сөзі дегеніміз не?
2. Төл сөзді төлеу сөзге қалай айналдыруға болады?
3. Төл сөзге қандай тыныс белгілері қойылады?
4. Төл сөз бен автор сөзінің айырмашылығы неде?
5. «Де» етістігі қалай түрленеді?
6. Біреудің сөзі қалай беріледі?

**9-тапсырма.** Төл сөз бен автор сөзінің ара жігін ажыратып, тиісті тыныс белгісін қойыңыз.

1. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында «Ақылбайдың ер-тұрманы қалың күміс. Басында күндыз бөркі бар, үстінде көк мауыты бешпент, омыраулары толған күміс түйме. Белінде алтын жалатқан, қымбат тасты, көмәр белдік».
2. М. Әуезов «Базаралы бөлме ішін енді барып қараса елден келген болыс-билердің саптама етіктері, қасқыр ішіктері, жалпақ төбелі үлкен тымақтары осында бір қабырғада үюлі, сүйеулі тұр» депті.
3. Этнограф-ғалым Ө. Жәнібеков ұлттық киімімізге Қазақы киім – өзіне тән ерекшеліктерін сақтап бізге жеткен заттық-тұрмыстық мәдениеттің бірден-бір көрінісі деп баға берді.

**10-тапсырма.** Төл сөзді төлеу сөзге айналдырыңыз.

1. «Қазақтың әнін, ұлттық киімі мен салт-дәстүрін өмір бойы серік еттім», – деді Роза Бағланова.
2. «Қазақ әйелдерінің киген киіміне қарап-ақ олардың қандай халық болғанын тануға болады. Бұл киім байлық пен талғамды аңғартады», – деді Елизавета патшайым (Ұлыбритания).
3. Әбубәкір Кердері: «Тар шалбар, бешпент шықты қынамалы, жігітке шапан киген ұнамады».
4. «Олардың барлық заты алтын мен мыстан жасалған», – деді Геродот.

**11-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтінді пайдаланып, төл сөз, төлеу сөзге бірнеше сөйлем құраңыз.

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- 3) \_\_\_\_\_
- 4) \_\_\_\_\_
- 5) \_\_\_\_\_

**12-тапсырма.** Киімге қатысты тыйымдар мен ырымдарды оқып, мағынасын түсіндіріңіз.

1. Киім кию оң қолдан басталады.
2. Киімді желбегей жамылып жүруге болмайды.
3. Көпшілік алдында жалаңаш-жалпы жүруге болмайды.
4. Өте ұзын немесе өте қысқа киім киюге болмайды.
5. Киім киюдiң алдында оны сiлкy керек.
6. Қыздарға ер баланың киiмiн киюге болмайды.
7. Шалбарды және етiктi отырып киедi.
8. Киiмнiң жағасын басуға болмайды.
9. Жастық орнына шалбарды жастауға болмайды.
10. Баскиiмдi тебуге, лақтыруға, терiс киюге болмайды.
11. Баскиiмдi босағаға емес, төрге iлiп қояды.
12. Аяқкиiмдi төңкерiп қоюға, терiс киюге болмайды.

**13-тапсырма.** «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» тақырыбына эссе жазыңыз.

---

---

---

---

---

**14-тапсырма.** Оқыңыз. Талдаңыз.

Ұлы бабаларымыз ежелден киімге ерекше көңіл бөлген. Хан мен уәзірдің, бай мен манаптың, қыз бен келіншектің, тіпті малшы мен жалшының күнделікті және тойға, салтанатқа киетін киімдері болған. Қолы ұзын ауқатты адамдар атақты тігіншілерді іздеп келіп, қымбаттығына қарамай ердің құнын төлеп киім

тіктірген. Ертеде Келес өңірінде бір бай қызын ұзатарда кигізетін сәукелесіне бір үйір жылқы бергізіпті.

Қазақтың ұлттық киім үлгілеріне қоршаған орта, табиғат жағдайлары, шаруашылық кәсібі, әдет-ғұрпы үлкен әсер еткен.

Әр адам өзінің ерекшелігін ескеріп, барын көрсетіп, жоғын жасырып, талғаммен киінсе, оған кім сүйсініп қарамайды дейсің. Талғам екінің бірінде бола бермейтін, ананың сүтімен сіңетін күйшілік, ақындық сияқты қасиет. Мысалы, Ақан серіні алайықшы. Ақан – ән-жырымен, ешкімге ұқсамайтын тағдырымен ғана емес, киімінің ерекшелігімен дараланған тұлға. Ақын өмір сүрген заманда сән орталығы болмаған. Сонда Сері елде жоқ киімдер үлгісін қайдан алған деп ойлайсың? Өзі ойлап тапқан. Тәуелсіздікке қол жетіп, салт-дәстүрлер қайта оралған заманда халқымыздың ұлттық ерекшелігі, баға жетпес байлығы, мақтанышы ұлттық киімдеріміз, үкілі көмшат, бүрмелі көйлек өз мәніне ие болып отыр.

### **15-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Киімді бағасына қарай таңдайсыз ба, әлде үйлесімділігіне мән бересіз бе?
2. Алатын киіміңіз өзіңізге үйлесіп тұр, бірақ сапасы өте нашар. Не істейсіз?
3. Киім тіккенде «Сән» журналын пайдаланасыз ба, әлде өз факторияңызға сүйенесіз бе?
4. Сіз сахнада немесе шағын дастарқанда, құдалықты басқаруда киімді қалай киінуім керек деп ойланасыз ба, әлде барымен базар боласыз ба?
5. Сән үлгісіне байланысты қандай бағдарламаларды білесіз?

### **16-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.**

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 26-САБАҚ

### ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕГІ КӘСІБИ ЛЕКСИКА

**1-тапсырма.** Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.

Қазба жұмыстары, құмыра, ыдыстағы өрнек, тау-тасқа бейнеленген сурет, ұлттық қолтаңба, саятшылық, жануартекес, өсімдіктекес, аспан әлемі текес, аңдар, құстар, жауқазын, қызғалдақ, шырмауық, жұлдызша, кестелеу, гүлдей жайнау, өсу, өну, байлық, молшылық.

**2-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз. Талдаңыз.



Қазақ ою-өрнегінің өзіне тән даму жолы мен тарихы бар. Ою-өрнектің атауы мен түрлері өте көп. Ғалымдар бүгінге дейін 200-дей түрін анықтаған. Қазақ халқының алғашқы ою-өрнектерінің тарихы сонау көне замандардан, сак, андронов мәдениетінен басталады. Мысал ретінде, қазба жұмыстарынан табылған құмыра мен ыдыстардағы өрнектер, тау-тасқа бейнеленген суреттер, сәулет өнерінде қолданған өрнектерді айтуға болады.



Қазақта ою-өрнектер төрт топқа бөлінеді:

1. Өсімдіктекес.
2. Жануартекес.
3. Геометриялық фигуралар текес.
4. Ғарыш әлеміне байланысты.

Ою-өрнек өнері белгілі бір халықтың ұлттық қолтаңбаларымен байланысты. Мысалы, саз балшықтан жасалған құмыра-

ларда, кілемде, ағаш пен тастан өңделген бұйымдарда геометриялы ою-өрнектермен бейнеленген. Ою-өрнектерді тұрмыс-тіршілікте қолданылатын барлық заттарға композиция құру барысында пайдаланады.

Ертеректе өмір сүрген ата-бабаларымыздың тұрмыстық кәсіптерінің бірі саятшылық болғаны мәлім. Олардың киімдеріне түйенің, ешкінің суреттері, жануартекес ою-өрнектер салынған. Мысалы, ұл балаға түйе табан өрісін салған, бұл жолы ашық болсын деген мағынаны білдіреді. Ал қыз балаларға көбінесе өсімдіктекес гүл, жауқазын, қызғалдақ, шырмауық және геометриялық ою-өрнектер жұлдызша, ай ою-өрнегін киіміне кестелеп тіккен. Ол гүлдей жайнап жүрсін, өссін, өнсін деген мағынаны білдіреді.

Әр ою-өрнектің астарында мағына болады. Мысалы: «қошқар мүйіз» оюы байлық пен молшылықты меңзейді, «ағаш» оюы ынтымақ бірлікті, «ирек» оюы адамның өмір жолы, судың белгісі, «шеңбер» оюы жарық өмір жолы дегенді білдіреді. Гүл, күн, ашық аспан – бейбітшілікті білдіреді.

Ою-өрнек сөздері бір мағынаны білдіреді. Бедері түсірілген үлгіні ойып кесіп, қиюластыру ою деп аталады. Ал киім-кешекке, қолөнер бұйымдарына түсірілген түрлі геометриялық бедерлерді өрнек дейді. Сонымен ою және өрнек деген сөзі бірігіп келіп, латынша *«орнамент»* деген ұғымды білдіреді. Бұл сөз көп халықтың тіліне сіңген термин, мағынасы – сәндеу, әсемдеу.

Қазақ қолөнерінде қолданылатын түстердің символдық мәні бар: көк түс – аспанды, жасару, өмір, өсу деген мағынаны білдіреді, қызыл түс – оттың, күннің белгісі, қара түс – жердің түсі, берекенің белгісі, сары түс – ақыл, парасат, байлықтың белгісі, ақ түс – қуаныштың, бақыттың, тазалықтың белгісі, жасыл түс – жастықтың, көктемнің белгісін білдіреді.

### **3-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

1. Қазақ ою-өрнегінің өзіне тән ... .
2. Ою-өрнектің ... .
3. Ғалымдар бүгінге дейін ... .
4. Қазақ халқының алғашқы ою-

өрнектерінің тарихы ... . 5. Ою-өрнек сөздері ... . 6. Киім-кешекке, колөнер бұйымдарына кестелеп бейнеленетін бедер, ... . 7. Өрнекті тасқа, ағашқа ... . 8. Ою және өрнек деген сөзі бірігіп келіп, ... . 9. Халықтың тіліне сіңген термин, ... .

**4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Ою-өрнек дегеніміз не?
2. Орнамент деген сөз нені білдіреді?
3. Қазақ ою-өрнегінің кең тараған түрін атаңыз.
4. Қандай ою-өрнек түрлерін білесіз?
5. Ою-өрнек неше топқа бөлінеді және қандай?
6. Қазақ колөнерінде қолданылатын түстердің қандай мәні бар?

**5-тапсырма. Мәтіннен кәсіби сөздерді тауып, көшіріп жазыңыз.**

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_

**6-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, бағанды сәйкестендіріңіз.**

қызыл түс	жастықтың белгісі
ақ түс	байлықтың белгісі
сары түс	күннің белгісі
жасыл түс	тазалықтың белгісі

**7-тапсырма. Сұхбат құрыңыз. Нақылдың айтар ойы не? Сіз осы пікірмен келісесіз бе?**

1. «Қазақтар ою-өрнек әлемінде өмір сүреді», – деді Әлкей Марғұлан.
2. «Ою-өрнек, құрақ құрау – қазақтың кешегісі, бүгінгісі, ертеңі», – деді Бауыржан Момышұлы.

## КӘСІБИ ЛЕКСИКА

**Кәсіби лексика** – белгілі бір мамандық пен кәсіп түріне байланысты ғана қолданылатын сөздер.

Жалпы халықтық тілде қолданылып, сөздік құрамға енетін сөздер сол тілде сөйлейтін адамдардың бәріне түсінікті болып келеді. Ал кәсіби сөздер белгілі бір мамандыққа кәсіптің түріне ғана байланысты болады да, сол мамандықпен айналысатын адамдарға ғана түсінікті болады. Қазақстанның жері қандай кең, қаншалықты бай болса, мұндағы кәсіп пен шаруашылықтың түрі де соншалықты көп. Халқымыздың ежелден ата кәсібі болған мал мен егінді, дөнді дақылдарды атамағанның өзінде республикамыздың әр аймағы бір-бірінен ерекшеленіп отырады. Соның нәтижесінде кәсіптің әр түріне байланысты әр алуан кәсіби сөздер пайда болған. Кәсіби сөздер белгілі бір аймақты ғана қамтып шектелуі жағынан диалект сөздерге ұқсайды. Алайда диалектизмге жататын сөздердің әдеби тілде белгілі бір балама сөзі – синонимі болады. Ал кәсіби сөздердің әдеби тілде ешқандай баламасы кездеспейді. Осы жағынан қарағанда кәсіби сөздер диалектизмдерден гөрі термин сөздерге жақын. Кәсіби сөздер де негізінен бір мағыналы болады да, шаруашылықтың белгілі бір саласында белгілі бір аймақта ғана қызмет етеді. Қолдану шегі жағынан ғана кәсіби сөздер терминдерден өзгеше. Кәсіби сөздерді белгілі бір аймақты мекендеуші тұрғын халықтың бәрі білсе, терминдерді әр жерде тұратын бір маман ғана қолданады. Сонымен қатар кәсіби сөздер әдеби тілдің құрамына кіреді. Демек, кәсіби сөздердің терминнен де, диалектіден де өзіне тән өзгешеліктері мен ерекшеліктері бар. Сондықтан да бұлар өз алдына жеке лексикалық топ құрайды.

Кәсіби лексика, диалект, архаизмдер ретінде қарастырылып келген араб, парсы сөздері термин жасаушы ішкі лексикалық көздер ретінде қарастырылып келеді. Мұның өзі бұл қабаттардағы араб, парсы сөздерінің өте ертеден келе жатқандығын, олардың әбден игеріліп, өзге тілге тән белгілерін жоғалтқан бірліктер екендігін танытады.

**8-тапсырма.** Төмендегі сөздерді кәсіпке қарай бөліп жазып, сөйлемдер құраңыз.

«Арқар мүйіз» оюы, «сыңар мүйіз» оюы, «ирек» оюы, тү-марша, әңгелек, торлама, жәмше, жылым, қауашақ, қоза, қозапая, шит егу, терімші, атауыз, пышқы, шөктірме, көсектеу, дүмбі, пәшік, атыз, жампоз, қаратұяқ, анырайма.

**9-тапсырма.** Мына сөйлемдерді оқып, кәсіби сөздерді табыңыз. Мағынасын түсіндіріңіз.

Қазба кезінде табылған қазанда «үлу» өрнегі бейнеленген. Құмырада «лотос қауызы» тәріздес өрнектер болған. Мақта шаруашылығын дамыту мақсатында көсектеу әдісі кеңінен қол-

данылады. Құрамында витаминдері және минералды заттары бар күнбағыс пістесі өте пайдалы. Танаптан тамыз айынан қазанға дейін өнім жиналады. Көкөніс, жеміс-жидек тура *танаптан* жәрмеңке сөресіне келіп түседі. Орталық саябаққа ең көп көшет отырғызылды. Астық тұқымдас масақты дәнді дақылдар – бидай, қарабидай, күріш, қарақұмық, жүгері. Дәнді дақылдар – адам үшін негізгі азық, малға жем.

**10-тапсырма.** Берілген мақалдың толықтырып, мағынасын түсіндіріңіз.

1. Ер қадірін ер білер, ... .
2. Ақыл көпке жеткізер, ... .
3. Оюды оя алмаған ... .
4. Ойсыздан ... шықпайды.
5. Өнер сыры ... .
6. Ою ойғанның ....
7. Ою ойған ... да сызады.
8. Үлгісі көптің ... көп,  
Өрнегі көптің ... көп.
9. Өнерсізден ... қашады.

**Керекті сөздер:** өрнекте, құт, ойы ұшқыр, ермегі, оюшы, сызу, өнер көкке жеткізер, ойсыз, зер қадірін зергер білер, өрнегі.

**11-тапсырма.** «Ұлттық қолөнер – бабалар мұрасы» тақырыбында эссе жазыңыз.

**12-тапсырма.** Аңызды оқып, жаңа сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.

### Ою хан мен Жою хан

Ертеде бір әділ хан болыпты. Оның жарлығымен қол астындағы халық үй жиһаздарын, киім-кешек, құрал-саймандарын, қару-жарақтарын ою-өрнектеп әдемілеп ұстайтын болған. Сондықтан оны халық Ою хан атапты. Бір жылдары басқа елдің ханы жаулап алып, Ою ханды зынданға тастапты. Ою ханның орнына хан болып, бұрынғы салт-дәстүрді, ою-өрнекті жойып,



жаңаша құрмақ болады. Жаңа дегендерінің бәрі тез ұмытылады. Оған жөн айтқан адамдардың көзін жоя берген. Сондықтан оны халық Жою хан деп атапты.

Бұл кезде Ою хан зынданда жағдайдың бәрін естіп-біліп жатыпты. Бір күні Жою ханның жалғыз ұлы аңға шығады. Жолдағы аңның бәрін түгел қырып, ойына келгенін істеп келе жатқанда бір үкі мұның бетіне шапшып, екі көзін ойып жібереді. Еш нәрсе көре алмай тентіреп келе жатып, жардан құлап, көлге батып өледі. Жою хан баласына іздеу салады.

– Кімде-кім баламның өлімін естіртер болса, соның басын аламын, – деп жарлық берген соң, ешкімнің батылы бармайды.

Мұны естіген Ою хан баланы іздеуге баратынын хабарлайды. Жою хан оны зынданнан шығарып, жолға салады. Ол дәрі-дәрмегін алып, орманды аралап келе жатса, бір тастың астынан:

– Жойылсын, Жою хан! – деп қиналған дауысты естиді. Тасты көтеріп қараса, жамбасына оқ тиіп, күйреген сұр тышқанды көреді. Оның аяғын таңып, дәрі құйып жөніне жібереді. Осылайша кездескен аң-құстың барлығын емдейді. Ең соңында қанаты сынған үкіні емдеп, «Жою ханның баласын көрдің бе?» деп сұрайды.

– Қатыгез хан баласы жолында кездескен сұр тышқанды, арқарды, бұғыны, жолбарысты жаралап, балықты құрлыққа тастап, қайтып айналып келіп, сойып алмақ болғанда, мен оның екі көзін шығардым. Өйткені бұл аңдардың барлығы Ою хан еккен орманның ең соңғы аңдары еді. Хан баласы қазір көл түбінде өліп жатыр.

Мұның бәрін естіген Ою хан үйіне келіп, ойланып, оқиғаның желісін сырмақтың бетіне ою түрінде түсіріп, Жою ханға алып келеді. Жою хан сырмақтың оюына қарап отырып, оқиғаны былайша тарқатады.


1. Балам, биік-биік тауларды асып,



2. Терең-терең сулардан өтіп,



3. Қалың жыныс орманды аралап,




4. Күндіз де, түнде де талмай жүрген екен.



5. Жүрген жолдарда ол ұшқан құстармен беттесті.



6. Бұғымен кездесті.



7. Тау тағысы арқар да жолығыпты.



8. Жорғалаған тышқандар да қарсы келгенге ұқсайды.




9. Сорлы балам жолбарыспен арпалысыпты



10. Балыққа да ұшырасыпты...



11. Айдын көлге де түсіпті.



12. Қайран ұлым, алып күштің иесі екендігінді аңдарға көрсеткенше, ел ішіндегі дұшпаныңа неге көрсетпедің? Тірімісің, өлімісің?



– Токта, мына ою не деп тұр? Балаң екіге бөлінді, жаны рухта, тәні аруаққа айналды деп тұр ма?

– О, жалған! Менің ұлым шынымен өлгені ме? Өлтірем!!! – деп қылышын суырып Ою ханға төнеді. Ою хан саспастан Жою

ханның өз жарлығын есіне салады. Ханның екі айтқаны өлгені деп, жарлық бойынша өз басын алады. Ою ханды ел-жұрты қайта хан көтереді.

**13-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Ою хан деген кім?
2. Жою хан деген кім?
3. Хан баласының қатігездігі қалай суреттелген?
4. Хан баласының өлгенін Ою хан қалай хабарлайды?
5. Сырмақ оюының құпия сырын қалай түсіндіреді?
6. Жамандықты жақсылық жеңеді дегенге сенесіз бе?

**14-тапсырма. Жоспар құрып, мәтіннің мазмұнын баяндаңыз.**


**15-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.**

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 27-САБАҚ

### ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ ТЕРМИН СӨЗДЕР

**1-тапсырма.** Берілген тақырып бойынша кластерді толықтырыңыз, әр бөлікке түсіндірме беріңіз.



**2-тапсырма.** Берілген сөздерден сөйлем құраңыз.

Жетекші сала, өнеркәсіп, тұтыну, өңдеу, шикізат, дербес, торап, арна, ауылшаруашылығы, егістік көлемі, электр қуаты, кен орындары, мұнай қоры, текше метр, жобалау, жоспарлау, құрылыс жұмыстары, өндіріс көлемі.

**Экономика** – бұл адамның өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ресурстарды қалай бөлетінін зерттейтін ғылым. Қоғам экономикасыз болмайды. Экономиканың негізгі қызметі адамдардың өмір салтын жақсарту, оларға қажетті заттармен қамтамасыз ету болып табылады.

### **3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Талдаңыз.**

Экономиканы табиғатпен салыстыруға болады. Экономика да, табиғат та объективті. Экономика заңдары, табиғат заңдары сияқты объективтік сипат алады. Егер табиғатты түсінбесек, табиғат байлығын игере алмаймыз. Экономика да солай. Егер экономиканы жақсы білсек, ол бізге байлық, пайда әкеледі.



Мамандық таңдар кезде сіз ойланасыз, қай мамандық қоғамға көбірек керек, қай мамандық халыққа көбірек қажет – сіз оны да есептейсіз, күнделікті өмірде қандай мамандарға сұраныс көп, дәрігер ме, экономист пе, заңгер ме, оқытушы ма, инженер ме – мұны білу де – экономика, яғни экономиканы білмесек, тұрмысымыз төмендей береді.

Экономика сіз өмірге келген күннен бастап-ақ сіздің өміріңізге араласа бастайды. Есейесіз, үйленесіз, кішкентай мемлекет пайда болады. Ал кішкентай мемлекетіңіздің шаруашылығын басқару үлкен өнер. Сонымен сіздің күнделікті тұрмысыңыздың бәрі экономикадан тұрады. Ал ұрпақ үшін күрес, ұрпақ үшін еңбек ету, өмір сүру ол да экономика, себебі сіз баланы жеткізу үшін, аяғынан тұрғызу үшін, көп нәрсені есептейсіз, сіз ауырмауды ойлайсыз, шаршамауды ойлайсыз, бала үшін өзіңіздің күшті болуыңызды ойлайсыз, сонымен өзіңізді ойлау, денсаулығыңызды ойлау – бәрі де экономика. Экономика – байлыққа, бақытқа, тыныштыққа барар жол.

Экономиканың жетекші саласы – өнеркәсіп. Бүгінде өнеркәсіп орындары өзінің шикізатын тұтынып, қайта өңдеуге ден қойып отыр. Пайдалы қазбалар өндіру, химия, металлургия өнеркәсіптің ең маңызды саласына айналуға. Сондай-ақ машина жасау, жеңіл және ауыр тамақ өндірісі де өнеркәсіптің маңызды салалары.

Еліміздің ауылшаруашылығына жан-жақты көмек көрсету арқылы оның деңгейін көтеру, егістік көлемін сақтау, малдың санын тұрақтандыру ісін жүзеге асыру көздел-

ген. Қазір ауылдық жерлерде Қазақстан халқының 43 %-ы тұрып жатыр.

Қазақстанға электр қуаты бір-бірінен дербес екі арнамен келеді. Елдің солтүстігіндегі қуат жүйесі Ресей торабымен байланысқан, ал оңтүстік торабы Орта Азия республикаларымен тоғысып жатыр. Бұрын Қазақстан электр қуатын экспортқа шығаратын. Қазір елге қажет электр қуатының 30 % сырттан алынады. Еліміздегі электр қуатының 80 %-дан астамы көмірмен жұмыс істейтін 50 электрстанциялары арқылы өндіріледі. Бес электрстанция газбен жұмыс істейді.

Қазақстанда қазір 2,9 млрд тонна мұнай қоры бар. Бұл қор санаулы ғана кен орындарына шоғырланған, соның аса ірі онында белгілі мұнай қорының 90 %-ы бар. Қазақстан мұнайын әлемдік нарыққа көптеп шығару үшін жобалау, жоспарлау және құрылыс жұмыстарының әртүрлі үлгілері жасалуда.

Қазақстанда газ өнеркәсібінің мүмкіндік құрамы ауқымды. Республика жыл сайын 15-16 млрд текше метр газ тұтынады, ал өзіндегі өндіріс көлемі 7-8 млрд текше метрден аспайды. Қалған газ Өзбекстаннан, Түркіменстаннан және Ресейден алынады. Қазақстанның негізгі кен орны Қарашығанақта. Ол дүниежүзіндегі аса ірі кен орындарының санатына жатады, газ қорының көлемі 566 млрд текше метр деп болжанған.

Инфрақұрылымы. Республика аймағындағы стратегиялық мәні бар кен орындарының орналасуында көлік қатынасы негізгі факторлардың бірі болып табылады. Көлік қатынасында теміржолдың маңызы ерекше зор. Қазіргі кезде Қазақстан теміржолының үлесіне көлік қатынасының барлық түрлері бойынша тасылатын жүктің төрттен үш бөлігі, жол жүретін адамдардың тең жарымына тиеді.

Теміржолдарды техникалық жағынан қамтамасыз ету және жүк тасу жөнінен Қазақстан ТМД елдері арасында Ресей мен Украинадан кейін үшінші орынды алады.

*(Баспасөз материалдарынан ықшамдалып алынды)*

#### **4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

- 1) Экономиканың қандай жетекші салаларын білесіз?
- 2) Елімізде мұнай қоры қанша уақытқа жетеді деп болжанған?

- 3) Еліміздегі электр қуаты туралы не айтасыз?
- 4) Қазақстан инфрақұрылымы жайлы не білесіз?
- 5) Елімізде газ өнеркәсібі қандай жолға қойылған?
- 6) Ауылшаруашылығына қандай көмек көрсетіліп жатыр?

**5-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

Экономиканы табиғатпен \_\_\_\_\_ . Егер табиғатты түсінбесек, \_\_\_\_\_ . Экономиканы жақсы білсек, \_\_\_\_\_ . Экономика сіз өмірге келген күннен \_\_\_\_\_ . Кішкентай мемлекетіңіздің \_\_\_\_\_ . Экономика байлыққа, бақытқа, \_\_\_\_\_ . Экономиканың жетекші саласы – \_\_\_\_\_ . Өнеркәсіп орындары өзінің шикізатын тұтынып, \_\_\_\_\_ . Пайдалы қазбалар өндіру, химия, металлургия өнеркәсіптің \_\_\_\_\_ . Еліміздің ауылшаруашылығына жан-жақты көмек көрсету арқылы оның деңгейін көтеру, \_\_\_\_\_ .

**6-тапсырма. Мына сұрақтар төңірегінде пікір алмасыңыз.**

1. Қалтаңызда ақша ұстап жүресіз бе?
2. Ақшаңызды қайда сақтайсыз?
3. Ай сайынғы табысыңыздың қанша пайызын сақтайсыз?
4. Шығындарыңыз бақылауда бола ма?
5. Ақшаларыңыздың көбеюін қалай қамтамасыз етесіз?
6. Жинаған ақшаңызды босқа шашасыз ба?
7. Сатып алған затыңыз үйіңізге табыс әкеле ме?
8. Болашақта табыс табудың жолдарын білесіз бе?
9. Жоспарды айларға немесе жылдарға жасайсыз ба?
10. Ақшаны үнемдеу жолдары бар ма?

**7-тапсырма. «Егер мен қаржыгер болсам» тақырыбына сұхбат құрыңыз.**

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

## ТЕРМИН

**Термин сөздер** дегеніміз – ғылым, техника, өндіріс және т.б. саласындағы арнаулы ұғымдар мен зат атауларын білдіретін сөздер.

Терминдер жеке бір ұғымды білдіретін болғандықтан, бір мағыналы болып келеді. Терминдердің мағынасы әрқашан тұрақты болады.

Қазақ тіліндегі термин сөздер екі түрлі жолмен жасалады.

1. Басқа тілден енген сөзге қазақ тілінен балама табу:

1) жергілікті және көне сөздерден алынған: кеден – таможня, егемен – суверенитет, әмбебап – универсал, кешен – комплекс, ғарыш – космос.

2) тілімізде бар сөздерді біріктіру арқылы термин жасаған: отбасы – семья, әуежай – аэропорт, төлқұжат – паспорт, мұражай – музей, елтаңба – герб, әнұран – гимн.

2. Тілімізге орыс тілі арқылы келген, қазақша баламалары жоқ интернационалдық терминдер. Мысалы, математика терминдері: квадрат, куб, коэффициент т.б.; химия терминдері: аммиак, азон, дром, гидрат т.б.; лингвистика терминдері: синоним, антоним, дисфемизм, диалект, т.б.

Термин сөздерді өз орнымен дұрыс қолданып сөйлеу әрі білімділікті, әрі тілдің мәдениеттілігін танытады.

**8-тапсырма.** Сөйлемнен термин сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріңіз.

Қазіргі жағдай дүниежүзілік қаржы дағдарысына алып келді. Кәсіпкерлер жеңілдетілген несие алу үшін өз бизнес-жоспарларын ұсынды. Мемлекет салық жүйесіне реформалық өзгерістер жасады. Елімізде тауар айналымы жаңа деңгейге көтерілді. Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман қажет. Ол мәшинесін өз атына рәсімдеп, кепілге қойды. Кәсіпкерлік – ел экономикасының тамырына қан жүгіртетін аса қажетті сала.

**9-тапсырма.** Терминдерді теріп жазып, олардың жасалу жолы туралы айтыңыз.

1. Кәсіпкерлік – ел экономикасының тамырына қан жүгіртетін аса қажетті сала. 2. Халықтың сұранысы мен қызығушылығын анықтап алды. 3. Мемлекеттік саясат жеке тұлғаның әлеуметтік сұранысынан қалыптасады. 4. Кіріс пен шығыс көздері нақты көрсетіледі. 5. Табысы төмен отбасыларына ақшалай көмек көрсетілді.



**10-тапсырма.** Ата-анаңызбен әңгімелесіп, олардың кәсібіне қатысты термин сөздерді жазыңыз.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_

**11-тапсырма.** Кестеде берілген терминдердің мағынасын түсініп, сөйлемдер құраңыз.

Қаржы	Банк	Салық	Пайда	Тауар	Бәсеке	Кәсіпкер	Кепіл	Несие

**12-тапсырма.** Сөйлемді толықтырыңыз.

1. Әр мемлекетте ... қайта бөлумен айналысатын арнаулы мекемелер бар. 2. Оларды ... мекемелер деп атайды. 3. Олардың көпшілікке белгілісі – ... . 4. Банктік қызмет ... дами бастаған күл иеленушілік қоғамда-ақ байқалған. 5. Банктің мақсаты мұқтаж адамдарға ... берілетін ақшаларды сақтау және жинақтау. ... деген ұғым алғаш рет біздің заманымызға дейінгі төртінші ғасырда Аристотельдің еңбектерінде пайда болған.

**13-тапсырма.** Мағынасына қарай екі бағанды сәйкестендіріңіз.

Жеті рет өлшеп,	есесі кетпейді
Теңге	ұстауға тырысады
Көрпене қарай	ақша жасайды
Есептей білгеннің	бір рет кес
Ақшаны табудан	тиыннан құралады
Ақшаны	Көсіл
Ақша кетуге тырысады, Есеп ...	шашу оңай

**14-тапсырма. Еліміздің экономикасы жайлы шағын сараптама жасаңыз.**

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

**15-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.**

<b>V</b>	<b>+</b>	<b>!</b>	<b>?</b>
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 28-САБАҚ

### ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІК СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

**1-тапсырма.** Сұраққа байланысты ойыңызды ортаға салыңыз.

1. Кәсіпкер деген кім?
2. Қандай жаңа кәсіпкерлік түрлерін білесіз?
3. Кәсіпті бастау үшін не керек?

**2-тапсырма.** Берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлемдер құраңыз.

Кәсіпорын салу, жеке кәсіпкерлік, нарық, адам санасы, шеберхана, табысты, ауқатты, дәулетті, бәсекелестік, меншік иесі, үшқыр қиял, дербес, жауапкершілік.

**3-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз. Талдаңыз.



Бала күнімізде әдеби кітаптарды көп оқитын едік. Мектеп қабырғасында бізді ұстаздарымыз көбінесе «Егер мен миллионер болсам», «Егер мен бай болсам», «Егер мен кәсіпкер болсам» деген тақырыптарда шығарма жаздыратын. Сонда бала қиялымызға ерік беріп: «Мен өскенде көп ақша тауып, бай болып, үлкен кәсіпорын саламын» деп жазатынбыз. Қазіргі балалардың да арманы осыған ұқсас. Көпшілігі есейгенде жақсы

мамандық алып, жалақысы көп жерде жұмыс істегісі келетіндерін айтады. Бір қарағанда осындай қиялы бар балаларға қызыға қарауға болады. «Қиял дегеніміз адамның санасында пайда болатын жоспардың шеберханасы іспеттес», – дейді Напалеон Хилл.

Біздің қоғам да нарыққа көшті. Соның арқасында билік халықты дәулетті, табысты болуға шақырып отыр. Ол үшін барлық жағдай жасалған. Ең бастысы, мемлекет қазір әрбір қазақстандыққа бизнесте өзінің бағын сынап көруге үлкен мүмкіндік беріп отыр. Яғни, миллионер боламын деп алдына мақсат қойған адам, түбінде соған қол жеткізеді. «Біз еліміздегі әрбір адам өзінің бизнестегі бағын сынап көруге, қоғамымыздағы жүргізіліп жатқан экономикалық өзгерістердің толыққанды қатысушысы болуына қолайлы жағдай туғызуымыз керек. Әрбір адам өзінің мәселесін мемлекет шешіп береді деп күтіп отырмауы тиіс», – деді мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан 2050» стратегиясында.

«Байлық мұрат емес» дейді қазақ. Алайда, Қазақстан әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіруі үшін, қазақстандықтардың табысты, ауқатты болғаны жөн. Кәсіпкер өз қаржысымен, уақытымен, еңбегімен, тіпті өзінің іскерлік атағымен да тәуекелге барады. Кәсіпкер болу үшін капиталдың иесі болудың қажеті жоқ, оның басты капиталы – үшқыр қиял және тұтынушының психологиясын сезінуі. Нақ осылар ғана кәсіпкерге пайда түсіреді. Кәсіпкер – бұл меншік иесі, әрі ол шаруашылықпен тікелей араласады. Ол – нарыққа өзінің дербес жауапкершілігі арқылы тәуекелге баратын адам. Егер елде кәсіпкерлікпен айналысатын адамдардың саны көбейіп, өзімізге қажетті өнімдер мен тауарларды өзіміз өндіріп жатсақ, ол – дамудың жолы. Осы тұрғыдан алғанда, елімізде бұқаралық кәсіпкерлікті қалыптастыру мемлекеттің ұлттық идеясының бір бөлшегіне айналып отырғанын түсіну қиын емес. Қазірдің өзінде қазақстандықтар табысты кәсіпкерлердің ұлтына айналып келеді. Енді, міне, Үкімет қолға алып жатқан ақша мен мүлікті заңдастыру, жекешелендіру науқаны сияқты шаралар осыны дәлелдеуі тиіс. Әрбір дәулетті қазақстандық шетелден емес, өз елінен кәсіпорын сатып алып, оны өркендетуге бар қажыр-қайратын жұмсауы керек.

Сөзіміздің басында миллионер болу туралы айттық. Айтпақшы, еліміздегі жаңа бизнес саясат осыған зор мүмкіндік беріп отыр. Қалай? Мысалға, «халықтық IPO» бағдарламасы іске асырылғанға дейін кез келген адам ұлттық компаниялар мен холдингтердің активтерін сатып ала алатын ба еді? Әрине, жоқ. 2012-2013 жылдары табысты жүргізілген осы шара биыл да қарқын алады. 2014 жылдың шілде айынан бастап еліміздегі ұлттық компаниялар мен холдингтердің активтері Қаржы министрлігінің бірыңғай электрондық сауда алаңында сатуға шығарылды. Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Ерболат Досаев хабарлағандай, «Самұрық-Қазына» ҰАҚ-ның компаниялар тобынан бәсекелестік ортаға 106 актив, «Бәйтерек» холдингінен 15 актив, «ҚазАгродан» – 32, «Парасаттан» – 8, «Зердеден» – 2 актив сатылымға шығарылады. Бұл шара барынша ашық, жария түрде өтпекші.

(Ә. Әлімжан)

**4-тапсырма. Сұрақтарды топ болып талқылаңыз.**

1. Жеке кәсіпкерлік деген не?
2. Жеке кәсіпкерлікпен кімдер айналыса алады?
3. Жеке кәсіпкерлікпен айналысуға мүмкіндік бар ма?
4. Мемлекет тарапынан қандай жеңілдіктер қарастырылған?
5. Жеке кәсіпкердің кәсібіне несие қанша пайызбен беріледі?

**5-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыз.**

1. Мен өскенде көп ақша тауып, ... деп жазатынбыз.
2. Мемлекет қазір әрбір қазақстандыққа ... мүмкіндік беріп отыр.
3. Біз еліміздегі әрбір адам өзінің бизнестегі бағын сынап көруге, ... жағдай туғызуымыз керек.
4. Қазақстан әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіруі үшін, ... болғаны жөн.
5. Кәсіпкер өз қаржысымен, уақытымен, еңбегімен, ... тәуекелге барады.
6. Кәсіпкер – бұл меншік иесі, ... араласады.
7. Кәсіпкерлікпен айналысатын адамдардың саны көбейіп, ... – дамудың жолы.

## ӘДЕБИ ТІЛ

**Әдеби тіл** деп тұрақты нормалары бар, жалпыға бірдей түсінікті, ортақ тілдің жүйелі түрін айтамыз. Әдеби тіл – жалпы халықтық тілдің бір түрі. Оның өзіне тән белгілері мен сипаттары бар. Халыққа түсініксіз, жат тіл оған қызмет ете алмайды. Әдеби тіл халықтың қоғамдық өмірімен, мәдени тұрмысымен тығыз байланыста болып қызмет етеді, қоғамнан тыс тіл болмайды. Халықтың қоғамдық ой-санасы, мәдени өрісі, рухани байлығы, әдеби тілінен көрініп отырады және олардың өмір сүріп, сақталып, тарамдалып, дамуына әдеби тіл қызмет етеді. Әдеби тіл – әртүрлі әдебиет жанрлары арқылы, халықтың талай ғасырлық сөйлеу тәжірибесі арқылы сұрыпталған, көрікті, икемді тіл.

Қазіргі қазақ әдеби тілі – Қазақстан деген бір мемлекеттің мемлекеттік және қазақ деген халықтың ұлттық тілі. Қазақ тіліндегі жазба әдебиеттің алуан түрі дүниеге келіп, өмір сүріп отыр. Ғылыми және техникалық әдебиеттер, оқу-педагогикалық әдебиеттер, публицистикалық әдебиеттер (газет-журналдар), көркем әдебиеттің неше түрлі жанрлары, ресми іс қағаздары (қаулы-қарарлар, заң жинақтары т.б.) сияқты жазба әдебиеттің түрлері қазақ тілінде дүниеге келіп, өмір сүріп отыруы осының дәлелі болып саналады. Қазақ тілінде ресми жиналыс, конференция, мәжілістің өтуі, радио, теледидар арқылы түрлі хабардың жүргізілуі, орта және жоғары мектептерде оқу-тәрбие ісінің жүруі, ұлттық театрдың болуы – бәрі қазақ әдеби тілінің қоғамдық қызметі жан-жақты әр алуан екенін көрсетеді.

### **6-тапсырма. Тілдік норманы анықтаңыз.**

«Байлық мұрат емес» дейді қазақ. Алайда, Қазақстан әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіруі үшін қазақстандықтардың табысты, ауқатты болғаны жөн. Кәсіпкер өз қаржысымен, уақытымен, еңбегімен, тіпті өзінің іскерлік атағымен де тәуекелге барады. Кәсіпкер болу үшін капиталдың иесі болудың қажеті жоқ, оның басты капиталы – үшқыр қиял және тұтынушының психологиясын сезінуі.

### **7-тапсырма. Төмендегі әдеби тілге жатпайтын сөздердің астын сызыңыз.**

Кәсіп, ауқат, кәзет, біратола, сынаржак, жүйе, жорнал, тұқым, нарық, табыс, бышырлату, кәрлен кесе, шақалак, ада қылу, қауға.

### **8-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен тілдік норманы сақтай отырып, өздерің қалаған тұрақты тіркестерді қатыстырып, бірнеше сөйлем жазыңыз.**

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

**9-тапсырма.** Төменде берілген ойға пікір білдіріңіз (қолдау, қарсылық білдіру, дәлелдеу).

1. Кәсіпкер өзінің мақсатына жету үшін кәсіпкерлікті ұйымдастырудың жаңа формаларын, жаңа технологияларды қолдануға мүдделі болады. Бұл қызмет өнімнің бәсекеге қабілеттілігін және сапасы туралы мәселелерді шешеді. 2. Кәсіпкер минималды шығын жұмсау және максималды пайда табу мақсатымен ең тиімді өндірісті таңдайды. Өндірісті ұйымдастыру кезінде кәсіпкер жер, еңбек, капитал ресурстарын бір үдеріске біріктіреді. 3. Кәсіпкер шаруашылықты жүргізуде негізгі шешімдерді қабылдау инициативасын өз жауапкершілігіне алады: кадр мәселесі, өнімді сатып өткізу, банк жүйесімен байланысты мәселелерді шешеді. 4. Кәсіпкер тәуекелге бару үшін істелетін істің айқындылығын талдап, қорытындысына не болатынын білген жөн. Кәсіпкер тек қана өз уақытын, еңбегін, іс қабілеттілігін тәуекелге салмайды, сонымен бірге өндіріске кеткен өзінің серіктестіктерінің немесе акционерлерінің қаржыларын тәуекелге салады.

**10-тапсырма.** Досыңызбен «Егер мен кәсіп ашсам» тақырыбы төңірегінде сұқбат құрыңыз.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_

**11-тапсырма.** «Егер мен кәсіпкер болсам» тақырыбына эссе жазыңыз.

**12-тапсырма.** Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 29-САБАҚ

### СУ ҚОРЫ – БІЗДІҢ БАЙЛЫҒЫМЫЗ ӘДЕБИ ТІЛДІҢ ҚЫЗМЕТІ

**1-тапсырма.** Берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыз.

Қоршаған орта, ластану, жер қойнауы, шикізат, жел, су тасқыны, зиянды заттар, жер сілкінісі, өндіріс орындары, жол қатынасы, құрылыс салу, егістіктерді суландыру, су диірмендері, жер суару.

**2-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз. Талдаңыз.



Қазіргі кезеңде адам мен оны қоршаған ортаның қарым-қатынасы күрделене түскені мәлім. Жер шарындағы халық санының жедел өсуі мен өндіргіш күштердің күрт дамуы адамның табиғатқа ықпалын күшейтті. Әсіресе, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, адам мен табиғат арасында жаңа жағдай қалыптасты. Адамзат қажетіне керек шикізатқа сұраныс материалдық өндірістің көлемін арттырды, жер қойнауы мен мұхит байлығы жедел игеріле бастады. «Табиғатқа бағынбаймыз, оны өз игілігімізге айналдырып, бермесін тартып аламыз» деген көзқарас қалыптасты. Мұның барлығының жер бетіндегі тіршілікке тигізетін әсері табиғаттың өзіне тән құбылыстардан – табиғи өзгеріс пен жел, су тасқыны, жер сілкінісі әсерінен әлдеқайда асып түсті.

Еліміздегі экологиялық дағдарысқа химия, мұнай, металлургия, отын өнеркәсібінің жедел және көп мөлшерде дамуы да әсерін молайтып отыр. Жыл сайын Қазақстандағы су қоймаларына химиялық қоспалармен ластанған 6 млрд текше метр ағын су құйылады, 3 млн тонна зиянды заттар ауа қабатына сінеді, 200 млн тонна қатты қалдықтар қоқысқа тасталады.



Өнеркәсіптің дамуымен, ең алдымен, су ресурстарының ластану қаупі ұлғаюда. Ең үлкен қауіпті мұнай өнімдері тудырады. Мұнай өнімдерін танкермен тасығанда, мұнай құйылатын ыдыстарды жуғанда, сол ыдыстардың су бетінде жарылуынан, теңіз түбінен мұнай көлемінің көп мөлшерде табылуынан дүниежүзілік мұхиттың мұнай өнімдерімен ластану қаупін ұлғайтады. Сондай-ақ ішкі су қоймаларының мұнай өнімімен ластануы елімізде автокөліктің, маторлы су транспорттарының көбейіп кетуінен де болады. Нәтижесінде балықтар жаппай қырылады және су қоймаларының өздігінен тазалануына кері әсерін тигізеді.

Су экологиясының ең үлкені – ауыз су тазалығы екендігі белгілі. Әр адам тәулігіне 2-4 литрден су қолданса, жылына бір адамға 100 м<sup>2</sup> су қажет екен. Ірі қалаларда әр адамға тәуліктік су сұранысы 0,2-0,3 м<sup>2</sup> болып отыр, ал дүниежүзі бойынша жылдық сұраныс 3500 м<sup>2</sup> және жылдан жылға өсуде. Сонда адамзатқа су жете ме?

Фаламшарымыздың жетпіс пайызын су алып жатыр, ал күніне 25000 адам жер бетінде тұщы судың жетіспеуінен көз жұмды екен. Миллиардтай адам жуынатын, шаруашылыққа және ішер судың тапшылығынан зардап шегуде. Холера, іш сүзегі және жұқпалы гепатит, туляремея, бруцеллез, вирустық аурулардың барлығын, атап айтқанда, сексен пайыз ауруды дәрігерлер адамның ішуге пайдаланылатын суымен байланыстырады. Соңғы кезде республикамыздың әр аймақтарында ғасырлар бойы кездеспей кеткен жұқпалы аурулардың өршіп, қайталануы да осы су мәселесімен тығыз байланысты. Олай болса, Отанымыздың экологиялық тазалығын сақтау еліміздің, халқымыздың денсаулығын сақтау екендігін ұмытпауымыз керек.

Жер – біздің, адамзаттың ортақ үйі. Оны таза, әсем, ұқыпты ұстау – біздің адами борышымыз. Жер-Ана бір күнге қолдана сала, лақтырып тастайтын күнделікті қолданбалы, тастамалы зат емес. Оны мен де, сен де, балаларымыз да, олардың ұрпақтары да пайдалануы тиіс. Жердің, судың, ауаның қожасы жоқ. Ол бүкіл жер шары халықтарына ортақ дүние.

Қысқасы, қазақ даласының табиғатын аялау, күту өзіміз үшін керек. Ол – байлық көзі, ұлттық ұғым-түсінігіміздің, менталитетіміздің негізі.

Ендеше табиғатты сақтау, мәпелеу – біздің ұлттық міндетіміз.

(Б. Құсайынова)

**3-тапсырма.** Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Қазіргі кезеңде адам мен оны қоршаған ортаның \_\_\_\_\_ мәлім. 2. Жер шарындағы халық санының жедел өсуі \_\_\_\_\_ күшейтті. 3. Адамзат қажетіне керек шикізатқа сұраныс \_\_\_\_\_ игеріле бастады. 4. Табиғатқа бағынбаймыз, \_\_\_\_\_ көзқарас қалыптасты. 5. Қазақстандағы су қоймаларына химиялық қоспалармен ластанған \_\_\_\_\_ күйылады. 6. Өнеркәсіптің дамуымен \_\_\_\_\_ қаупі ұлғаюда. 7. Ішкі су қоймаларының мұнай өнімімен ластануы \_\_\_\_\_ болады.

**4-тапсырма.** Тапсырмаларды орындаңыз.

1. Мәтінге жоспар құрыңыз.
2. Мәтінді әңгімелеңіз.
3. Мәтінге сұрақтар қойыңыз.
4. Су қоймаларының неліктен ластанғанын түсіндіріңіз.
5. Өздеріңіз тұратын жердегі өзен, көлдер туралы әңгімелеңіз.

**5-тапсырма.** Мына сұрақтарды топ болып талқылаңыз.

1. Өзен дегеніміз не? Оның бөліктеріне сипаттама беріңіз.
2. Жер бедерінің өзен ағысына қандай әсері бар?
3. Өзен суларының молығу кезеңдерін білесіз бе?
4. Өзен суларының шаруашылық қызметі үшін қандай маңызы бар?

**6-тапсырма.** Мәтін бойынша кестедегі сөздердің мағынасын сәйкестендіріңіз және осы тіркестерді қатыстыра отырып, сөйлем құраңыз.

1	Зардап шегу	1)	Жетіспеушілік
2	Сарқылмас	2)	Жабдықтау
3	Су тапшылығы	3)	Азаптану
4	Мәлімет беру	4)	Таусылмас
5	Қамтамасыз ету	5)	Бекерге, босқа

## ӘДЕБИ ТІЛДІҢ ҚЫЗМЕТІ

Әдеби тіл белгілі қоғамда өмір сүреді де, екі түрлі қызмет атқарады. Әдеби тілдің ең бірінші, басты қызметі – белгілі қоғамдағы адамдар арасындағы қатынас құралы болу. Әдеби тіл арқылы айтушының ойын, пікірін ұғамыз, сұрағына жауап береміз, өзіміздің ойымызды жеткіземіз, тілегімізді білдіреміз. Әдеби тіл арқылы өзіміз көзбен көрмеген оқиға туралы мағлұмат аламыз. Бұны әдеби тілдің коммуникативтік (ағылшынның «мәнді хабар білдіру» деген сөзі) қызметі деп атайды.

Әдеби тіл арқылы белгілі бір оқиғаны оқушыға жеткізіп қана қоймай, оқушының сезіміне әсер етуге де болады. Оқушы белгілі бір шығарманы оқуы арқылы белгілі бір оқиғаны біліп қана қоймай, оған қатты қуанып, шаттануы да немесе күйініп, күйзеліске түсуі де мүмкін. Міне, оқушы сезіміне әдеби тілдің екінші қызметі, экспрессивтік-эстетикалық (ағылшынның «мәнерлі, сәнді» және гректің «сезіну, сезімтал» деген сөздері) қызметі арқылы түрліше әсер етіледі. Ол, әсіресе, көркем шығарманың тілінен анық көрінеді.

**7-тапсырма.** Мына сөйлемдерде әдеби тілдің қызметі қалай берілгенін анықтаңыз. Экспрессивті-эстетикалық қызметі берілген сөздердің астын сызыңыз.

Ғаламшарымыздың жетпіс пайызын су алып жатыр, ал күніне 25000 адам жер бетінде тұшы судың жетіспеуінен көз жұмады екен. Миллиардтай адам жуынатын, шаруашылыққа және ішер судың тапшылығынан зардап шегуде. Холера, іш сүзегі және жұқпалы гепатит, бруцеллез, вирустық аурулардың барлығын, атап айтқанда, сексен пайыз ауруды дәрігерлер адамның ішуге пайдаланылатын суымен байланыстырады. Соңғы кезде республикамыздың әр аймақтарында ғасырлар бойы кездеспей кеткен жұқпалы аурулардың өршіп, қайталануы да осы су мәселесімен тығыз байланысты. Олай болса, Отанымыздың экологиялық тазалығын сақтау еліміздің, халқымыздың денсаулығын сақтау екендігін ұмытпауымыз керек.

**8-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтіннен әдеби тіл арқылы берілген оқушы сезіміне әсер еткен бірнеше сөйлемді көшіріп жазыңыз.

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- 3) \_\_\_\_\_
- 4) \_\_\_\_\_

**9-тапсырма.** Мәтіннен әдеби тілдің коммуникативтік қызметі қалай берілгенін анықтаңыз.

Су біздің планетамыздың жетпіс пайызын алып жатыр. Адам денесінің алпыс бес пайызы судан тұрады. Су теңдесі жоқ табиғи байлық, оны ұқыпты пайдалану қажет.

Қазақ халқы суды қадірлеумен қатар, оны тіршілік нәрі деп түсінген. Жолаушылап келе жатқан адамға сусын берген. Қазақ ырымында түн ішінде су алуға тыйым салынған, ал тіпті, қажет болған жағдайда, су атасы Сүлейменнен рұқсат сұрап жалбарынған. Су болмаса, тірі ағза өледі. Адам тамақсыз бір ай, сусыз үш күн ғана өмір сүреді екен. Ишетін суды лайласақ, өзімізге қиянат жасағанымыз.

**10-тапсырма.** Мына төмендегі сұрақтарды пайдаланып, жазбаша жауап жазыңыз.

1. Су дегеніміз не?
2. Табиғаттағы су қандай күйде кездеседі?
3. Қандай жағдайда су бір күйден екінші күйге ауысады?
4. Жер бетіндегі тіршілік үшін судың маңызы қандай?
5. Неліктен өзендер суы таусылып қалмайды?

**11-тапсырма.** Мәтінді пайдаланып, төменде берілген үш қазына туралы сөйлем құраңыз.

Еліміздің үш қазынасы: таза су, таза ауа, құнарлы топырақ.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

**12-тапсырма.** Қазақ халқының суды бағалап, қастерлеуге байланысты айтылған қандай нақыл сөз, аңыз, ертегісін білесіз?

**13-тапсырма.** «Ауыз су – бізді аландатады» тақырыбына эссе жазыңыз.

**14-тапсырма.** Мына мақал-мәтелдерді толықтырып, мағынасын түсіндіріңіз.

1. Су жүрген жер береке, \_\_\_\_\_

2. Бұлақ көрсен, \_\_\_\_\_
3. Дария басы – \_\_\_\_\_
4. От пен су – \_\_\_\_\_
5. Судың жолын \_\_\_\_\_
6. Су ішкен \_\_\_\_\_
7. Су – ырыстың көзі, \_\_\_\_\_
8. Сасық су да бір, \_\_\_\_\_

**15-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.**

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## 30-САБАҚ

### КАСПИЙ ТАҒДЫРЫ – ӘЛЕМ ТАҒДЫРЫ ӘДЕБИ ТІЛДІҢ СТИЛЬДІК ТАРМАҚТАРЫ

**1-тапсырма.** Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлемдер құраңыз.

Жағалау, мұнай өндіру, зардап шегу, шикізат, бекіре, итбалық, шоқыр, құнды, табиғи қорық, қалдық, ластану, тауқымет, ағынды су, тіршілік иелері.

**2-тапсырма.** Мәтінді оқып, стилін анықтаңыз.



Каспий теңізінің жағалауы мен табанынан мұнай өндірудің жыл сайын үдей түсуі мемлекетаралық әлеуметтік-экологиялық проблемалардың шиеленісіне түсуіне әкеп соғуда. Атап айтқанда, қоршаған ортаның мұнай өнімдерімен ластануы, ауа, су ресурстарының сапасының нашарлауы, фауна мен флораның зардап шегуі мен адам денсаулығының нашарлауы тұрғындарды алаңдатып отыр.

Тұтастай алғанда Каспий теңізінде өсімдіктердің – 500, балық пен жануарлардың 854 түрлері бар. Жағалауға таяу аудандарда көміртегі шикізатын барлау және зерттеудің одан сайын кең қанат жаюы, өзен, өнеркәсіптік, коммуналдық ағындылардың лас ағымының көбеюі, теңіз апаттарының болуы салдарынан мұнай мен мұнай өнімдерінің теңіз бетіне тарауы, т.б. зиянды антропогендік үдерістерді күшейте түсті.

Каспий теңізі солтүстік бөлігі дүниежүзінде сирек кездесетін – бекіре, итбалықтар, шоқыр, қара уылдырық беретін балық-

тар аса құнды табиғи тіршілік иелері екендігі белгілі. Сондықтан бұл аймақ ерекше қорғалатын табиғи қорық деп жарияланған. Алғашқы кездерде шетелдік мұнай компаниялары өздерінің озық технологиялары барын, сондықтан мұнай қалдықтарымен жұмыс жасауға мол тәжірибелері бар екендігін ұсынған.

Соңғы жылдары теңіз астынан мұнай іздеп, бұрғылау кезінде күкірт қышқылы, азот, аммиак және сынаппен ластанған.

Кейінгі кезде Каспийдің итбалықтары қырылу құбылысы енді қызыл балықтарға қаупін төндіруде. Сонымен бірге теңіздің кіші інжу-маржан аралдарынан қорытпа, бекіре, севрюга тәрізді бекіре тұқымдастардың ғана уылдырығымен және шабақ планктондарымен қоректенетін мнемипсис деп аталатын мөлдір денесі іркілдеген теңіз жәндігі – медузаның көп мөлшерде табылғандығы туралы мәліметтер бар. Медуза – мөлдір түсті, денесі іркілдек теңіз жәндігі.

Бұл жәндіктердің ойда жоқта көбейіп кетуін ғалымдар түсіндіре алмай отыр, ал бұл жебір жәндіктер асыл байлығымыз болып табылатын балықтарымызды құртуда. Көпшілік ғалымдар бұл құбылысты теңіздің мұнай қалдықтарымен ластануымен байланыстырып отыр. Әлдебір күдірет Каспийге енді сол тауқыметті тартқызбақ.

Каспий теңізіндегі балықтардың ауруға шалдығуы көптеп кездесіп жүр. Мысалы, зертханалық зерттеулер бекіре ағзасының елеулі түрде сырқатқа шалдыққанын анықтап отыр. Оның уылдырығының сырты былжырап жұқарған. Әсіресе, етінде ауыр металдар – қорғасын, сынап пен калий бар екендігін анықтаған. Бұлардан басқа гербицид, пестицид сияқты улы заттар да табылған. Ал ауру балықтардың уылдырығы болса консервілеуге мүлдем келмейді. Айта берсек, қазіргі кездегі Каспий теңізінің тіршілік көздерінің ластану салдары ұшан теңіз.

Балық – бағалы байлық. Тек Каспий байлығымен қазіргі күні 5 мемлекеттің жүздеген миллион адамдары қоректеніп отыр. Егер осы балық болмаса, осыншама халық қалай күн көрмек.

*(Ж. Шілдебаев)*

### **3-тапсырма. Мына сұрақтарды топ болып талқылаңыз.**

1. Қазақстан Каспий теңізі арқылы қандай мемлекеттермен шектеседі?

2. Каспий теңізінің адамдардың шаруашылық қызметінде қандай маңызы бар?
3. Қандай балық түрлері ауланады?
4. Теңіздің экологиялық жағдайының нашарлауына кім кінәлі?
5. Мемлекет тарапынан қандай іс-шаралар жүргізіліп жатыр?

**4-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыз.**

1. Каспий теңізінің жағалауы мен табанынан мұнай өндірудің ... .
2. Каспий теңізінде өсімдіктердің – ... .
3. Каспий теңізі солтүстік бөлігі дүниежүзінде сирек кездесетін – ... .
4. Каспий теңізіндегі балықтардың ... .
5. Зертханалық зерттеулер бекіре ағзасының ... .
6. Каспий байлығымен қазіргі күні 5 мемлекеттің ... .

**ӘДЕБИ ТІЛДІҢ СТИЛЬДІК ТАРМАҚТАРЫ**

**Әдеби тіл** – жүйелі қалыпқа түскен, стильдік тармақтары бар, қоғамдық қызметі әр алуан тіл. Әдеби тіл жалпы халықтық тілдің ең жоғары формасы болып есептеледі. Қоғамның, мемлекеттің дамуымен байланысты сол мемлекет тілінің байлығы, мәдениеті артып, қолданылу аясы да кеңейе түседі. Мемлекет тілі – көркем әдебиеттің, ғылымның, іс қағаздардың, өнер-білімнің, баспасөздің тілі. Тілдің қалыпқа түсуі, дамуы халықтың жазба мәдениетімен тікелей байланысты. Жазба мәдениет арқылы тіл байлықтары екшеленіп, құрылысы да жүйелі қалыпқа түсіп дамиды. Яғни халықтың жазба мәдениетінің болуы – тілдің әдеби қалыпқа түсуінің негізгі шарттарының бірі.

Әдеби тілдің негізгі белгілерінің бірі – бірізділік. Бұл бірізділік тілдің орфографиясында да, грамматикасында да, терминологиясында да сақталуға тиіс. Яғни тілдегі сөздердің бір ізге түскен айтылу нормасы, жазылу нормасы, қолданылу нормасы болу керек.

Жазба әдеби тіл қоғамның мемлекеттің ресми тілі болғандықтан, оның қызметі де, қолданылу аясы да барынша кең болады. Тіл мемлекетте жүргізілетін іс қағаздарының, әдебиеттің, оқу-ағарту, тәрбие жұмыстарының, саясаттың, өнер-білімнің, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық салаларында қызмет атқарады. Осыған орай тілдің түрлі стильдік тармақтары пайда болады. Қазіргі қазақ әдеби тілінің мынадай стильдік тармақтары бар:

**1. Ресми іс қағаздар стиліне** әртүрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері, кеңсе, ресми қағаздары жатады. Олар: өтініш, сенімхат, қаулы, бұйрық, шешім, анықтама. Ресми іс қағаздары қалыптасқан белгілі бір үлгі, форма бойынша жазылады. Оның бұрыннан жаттанды болған тұрақты қолданылатын сөздері мен сөз тіркестері, сөйлем үлгілері болады.



**2. Публицистикалық стильге** газет-журналдардың, ақпарат құралдарының тілі жатады. Публицистика деп саналатын қоғамдық-саяси әдебиет, газет-журналдар қазіргі кезде қоғамдағы саяси-әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге атсалысатын күнделікті айбынды құралы болып саналады.

**3. Ғылыми стильге** ғылыми шығармалар жатады. Ойды, пікірді ғылыми дәлелді, нақты жеткізу. Ғылыми әдебиеттің лексикалық құрамының, әсіресе терминдік жағынан айырмашылықтарымен бірге онда грамматикалық тұлғалардың, сөз тіркестері мен сөйлем түрлерінің қолданылуында өзіндік ерекшеліктер байқалып отырады.

**4. Көркем әдебиет стиліне** көркем шығармалар жатады. Көркем әдебиет тілі – бейнелі, мәнерлі, түрлі бояулы, сезімге әсер ететін тіл. Онда тіл ерекше экспрессивтік-эстетикалық қызмет атқарады. Оқушының сезіміне әсер ету үшін, ойды образды түрде жеткізу үшін көркем шығармада көбіне сөздер нақтылы тура мағынада емес, ауыспалы мағынада, астарлы түрде қолданылады.

**5. Ауызекі сөйлеу тілі стилі.** Ауызша сөйлеуде еркіндік басым келеді. Сөйлеу лексикасының өзіндік ерекшеліктері бар. Оған қатысты сөздер 1) адамның күнделікті тікелей қарым-қатынасы кезінде, емін-еркін сұхбат әңгіме үстінде қолданылады, 2) алдын ала сұрыпталмай, сөйлеу үстінде әңгіменің желісіне қарай туып отырады, 3) тақырыптың аясы өте кең, яғни тақырып жағынан шек қойылмайды. Сөйлеу стилінің лексикасында тұрмыстық қарапайым лексика да, варваризмдер де, әдеби сөйлеу лексикасына тән сөздер де болады.

### **5-тапсырма. Берілген сөйлемдердің стилін анықтаңыз.**

1. Каспий теңізінен мұнай өндірудің жыл сайын үдей түсуі мемлекетаралық әлеуметтік-экологиялық проблемалардың шиеленісіне түсуіне әкеп соғуда. 2. Елордада бес елдің дипломаттары Каспийдің құқықтық мәртебесі жөніндегі конвенция жобасын талқылады. 3. Біріккен Ұлттар Ұйымы 1982 жылы Теңіз құқығы жөнінде конвенция қабылдады. 4. Бесжақты келісімшартқа қол қойылды. Оны ресми түрде хабарлады. 5. Каспий теңізі солтүстік бөлігінде дүниежүзінде сирек кездесетін – бекіре, итбалықтар, шоқыр, қара уылдырық бар.

### **6-тапсырма. Сөйлемдердің стилін анықтаңыз.**

1. Каспийдің итбалықтары қырылу құбылысы енді қызыл балықтарға қаупін төндіруде. 2. Бекіре тұқымдастардың ғана уылдырығымен қоректенетін теңіз жәндігі – медуза көп мөлшерде табылды. 3. Медуза – мөлдір түсті, денесі іркілдек теңіз жәндігі. 4. Бұл жәндіктердің ойда жоқта көбейіп кетуін ғалымдар түсіндіре алмай отыр. 5. Бұл жебір жәндіктер асыл байлығы-

мыз болып табылатын балықтарымызды құртуда. 6. Көпшілік ғалымдар бұл құбылысты теңіздің мұнай қалдықтарымен ластануымен байланыстырып отыр. 7. Әлдебір күдірет Каспийге енді сол тауқыметті тартқызбақ.

**7-тапсырма. Көшіріп жазып, оның стильдік құрылысын талдаңыз. Осы хатқа ұқсас хат үлгісін жазыңыз.**

*«Бекіре» фирмасының директоры Р. Ғалым мырзаға*

Біз балық өнімдерін өндіруге кірістік. Осы өнімдерді Сіздің ауданыңызда сату мүмкінділігі зерттелген болатын. Сұраныс көп екен. Сіздің фирмаңыздың осы балық өнімдерін өз аудандарыңызда сатуын қалаймыз. Ұсынысымызды қабылдасаңыз хабар беріңіз. Өкілімізді жіберіп, келісімшарт жасаймыз.

*«Шабак» фирмасының бастығы М. Қанат (4.12.17.)*

**8-тапсырма. Төмендегі өлең жолдарында ақын табиғатты қандай образда бейнелейді.**

Табиғаттан бабамыз ала берген секілді,  
Даналықты қазаққа дала берген секілді,  
Еркелікті ерікті желден алған секілді,  
Мөлдірлікті көгілдір көлден алған секілді.

*Қадыр Мырза Әлі*

**9-тапсырма. Өздеріңіз тұратын жерде қандай өзен, көлдер бар? Олардың экологиялық жағдайы қандай?**

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

**10-тапсырма. Сабақ бойынша кестені толтырыңыз.**

V	+	!	?
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Таңғалдырды»	«Келісе алмаймын. Білгім келеді»

## БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 200 б.
2. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
3. Әлкебаева Д.А. Қазақ тілінің функционалды грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы, 2013. – 137 б.
4. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы, 2010. – 718 б.
5. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы: Өнер, 2007. – 207 б.
6. Күзекова З.С. Қазақ тілі / жаратылыстану факультеттері студенттеріне арналған: оқу құралы. – Алматы, 2004.
7. Күзекова З.С., Әбдікүлова Р.М. Қазақ тілі: оқулық. – Алматы, 2001.
8. Сариева К. Қазақ тілі және елтану. – Алматы, 1997.
9. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, 4, 5, 6-т. – Алматы, 2013.
10. Қасиманов С. Қазақтың ұлттық тағамдары. – Алматы: Қайнар, 1977.
11. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы, 1996.
12. Әлижан Тауұлы. Қазақ салт-дәстүрлері. – Алматы: Балауса, 2017.
13. Төлеубаев Ә.Т. Қазақ халқы этнографиясының мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.
14. Тәкежанұлы Қ. Қазақтың ежелгі әдет-ғұрыптары. – Алматы: Казиздат, 2005.
15. География және табиғат / Ғылыми-педагогикалық журнал. – 2008-2010 ж.
16. Есназарова Ү. Қазақстанның физикалық географиясы. – Алматы, 2000.
17. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Алматыкітап, 2007.
18. Қамзебаева Р.Е., Әділбекова А.М. Атадан мирас. – Астана, 2002.
19. Тұрманжанов Ө. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы, 1997.
20. Мәмбетқазиев Е., Сыбанбеков Қ. Табиғат қорғау. – Алматы, 1990.
21. Мерзімді баспасөз материалдары.

## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ .....	3
<i>1-сабақ.</i> Мемлекеттік тіл – ұлт негізі.	
Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық ерекшеліктері .....	5
<i>2-сабақ.</i> Қоғам талабы – білікті маман.	
Сөздердің байланысу тәсілдері .....	13
<i>3-сабақ.</i> ҚазҰУ – қазақ ғылымы мен білімінің қара шаңырағы.	
Сөздердің байланысу түрлері .....	20
<i>4-сабақ.</i> Қазақстан – тәуелсіз мемлекет.	
Субъектілік-предикаттық қатынастың берілуі.....	27
<i>5-сабақ.</i> Астана – Қазақстанның елордасы.	
Анықтауыштық қатынастың берілуі.....	35
<i>6-сабақ.</i> Қазақстанның сәулет өнері және киіз үй.	
Сұрау мәнді құрылымдар.....	42
<i>7-сабақ.</i> Кино өнері мен театр өнерінің дамуы.	
Меншік мәнді құрылымдар .....	50
<i>8-сабақ.</i> «Байқоңыр» ғарыш айлағы. Мекен мәнді құрылымдар .....	58
<i>9-сабақ.</i> Білім кілті – кітапта. Мезгіл ұғымдары.....	67
<i>10-сабақ.</i> Ғылыми кітапхана. Мезгіл мәнді құрылымдар .....	74
<i>11-сабақ.</i> Қазақстан туризмі. Қалау мәнді құрылымдар.....	81
<i>12-сабақ.</i> Қазақстанның көрікті жерлері.	
Болжам мәнді құрылымдар.....	88
<i>13-сабақ.</i> Қазақ елінің тарихи орындары.	
Өтініш, тілек мәнді құрылымдар.....	95
<i>14-сабақ.</i> Көне қалалар сыры.	
Міндеттілік білдіретін құрылымдар.....	103
<i>15-сабақ.</i> Өнегелі ғұмыр: тарихи тұлғалар.	
Мүмкінділік модальдылығы .....	111
<i>16-сабақ.</i> Қазақстанның табиғат байлығы.	
Шартты мәнді құрылымдар .....	122
<i>17-сабақ.</i> Бағалы металдар мен асыл тастар.	
Зергерлік өнер. Мақсат мәнді құрылымдар.....	127
<i>18-сабақ.</i> Қазақстан демографиясы.	
Қарсылықты мәнді құрылымдар .....	135
<i>19-сабақ.</i> Экология – ел тағдыры.	
Салыстырмалы мәнді құрылымдар.....	141
<i>20-сабақ.</i> Ұлт болашағы – ұрпақ денсаулығы.	
Себеп-салдар мәнді құрылымдар .....	148
<i>21-сабақ.</i> Ұлттық дәстүр – ұлттық рухтың тайқазаны.	
Көп мағыналы сөздер .....	154
<i>22-сабақ.</i> Ұмытыла бастаған ежелгі қазақ салт-дәстүрлері.	
Кірме сөздер .....	160
<i>23-сабақ.</i> Наурыз – ұлыстың ұлы күні. Тұрақты сөз тіркесі.....	165

<i>24-сабақ.</i> Қазақтың ұлттық тағамдары. Мақал-мәтелдер .....	172
<i>25-сабақ.</i> Қазақ халқының ұлттық киімдері. Бөгде сөз және оның түрлері .....	180
<i>26-сабақ.</i> Қазақтың ұлттық ою-өрнегі. Кәсіби лексика .....	188
<i>27-сабақ.</i> Қазақстан экономикасы. Термин сөздер .....	196
<i>28-сабақ.</i> Жеке кәсіпкерлік. Стилистика және сөйлеу мәдениеті. Әдеби тіл.....	203
<i>29-сабақ.</i> Су қоры – біздің байлығымыз. Әдеби тілдің қызметі.....	208
<i>30-сабақ.</i> Каспий тағдыры – әлем тағдыры. Әдеби тілдің стильдік тармақтары .....	214
<b>БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ.....</b>	<b>220</b>

Оқу басылымы

Рамазанова Шайгүл Әмірғалиқызы

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

*Оқу құралы*

Екінші басылым

Редакторы *Г. Халлидуллаева*  
Компьютерде беттеген және  
мұқабасын безендірген *Н. Базарбаева*

**ИБ №11600**

Басуға 03.01.2018 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 13,87 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №6.

Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.